ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ **«ҒЫЛЫМҒА ҚҰШТАР ЖАС ҒАЛЫМ»** АТТЫ ДӘСТҮРЛІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
ТРАДИЦИОННОЙ РЕСПУБИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ОБУЧАЮЩИХСЯ «**МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ, УВЛЕЧЕННЫЙ НАУКОЙ»**

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE TRADITIONAL REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF STUDENTS **‘YOUNG SCIENTIST, PASSIONATE ABOUT SCIENCE’**

II том

Шымкент – 2021

ӘОЖ
ББК
Б

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - ОҚМПУ ректоры

Ұйымдастыру алқасы:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы - т.ғ.к., доцент
Бегалиева Рауан Нармаханқызы - п.ғ.к., доцент м.а
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы -т.ғ.к
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы - ф.ғ.к., аға оқытушы
Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы - ф.ғ.к
Ибашова Альмира Байдабековна - п.ғ.к., аға оқытушы
Саулембаев Алтынбай Тагабаевич - г.ғ.к.,аға оқытушы
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы - п.ғ.к., доцент
Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы -п.ғ.к., доцент м.а

Білім алушылардың **«Ғылымға құштар жас ғалым»** атты дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы
- Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ традиционной республиканской научно-практической конференции обучающихся **«Молодой ученый, увлеченный наукой»**
«Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE TRADITIONAL REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF STUDENTS **'YOUNG SCIENTIST, PASSIONATE ABOUT SCIENCE'** Оңтүстік Полиграфия":- Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ӘОЖ
ББК

ISBN

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2021

ПЕДОГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 372.8:51

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ 1-СЫНЫПТА УАҚЫТТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Әметбай Ұ.Д. - к102-16 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байдыбекова Е.И. – п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы изучения временных понятий по обновленнной программе образования в первом классе. Вместе с тем изложена методика обучения по представлению понятий о временных интервалах и по использованию единицы измерения времени с помощью циферблата.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық ғылыми қамтылды, өндірістер мен мекемелер үшін мамандар қорын жасақтауымыз керек. Қазақстан жоғарғы оқу орындары әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру қажет, және жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемге танылуға тиіс. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Олар мұны істеуге міндетті. Бәрі де мектептен басталады» −деген болатын[1,2б].

Сондықтан бүгінде қоғамның дамуында білімнің алатын орны ерекше. Өйткені, елдің халықаралық сахнадағы бәсекелік қабілеті осы ұлттың білімділігі мен кәсібилігінің деңгейімен тығыз байланысты. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік пен қабілеттерін ашу мәселесі туындайды. Онсыз мектептің инновациялық үдеріс сатысынан өтпей дамуы мүмкін емес екеніне көзіміз жетіп отыр. Себебі, мектеп келешек ел басқарар, жер-суына иелік етер, ел-халқын гүлдендірер, мерейін өсірер жасампаз жандарды шыңдайтын бірегей орта, киелі орын екенін білеміз. Еліміздің ертеңгі болашағы − бүгінгі мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы. Оқушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтың оқу − материалдарын терең ұғына білуге баулу, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау − мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, озық ойлы, тапқыр да нәзік, сезімтал, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту − бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі екендігі белгілі.

Сондықтан қазіргі мектеп мұғалімдері алдында тұрған аса маңызды міндет талабы таудай – жеке тұлғаны өсіріп шығару. Ал, мұның негізі бастауыш

сыныптарда қалыптаса бастайтыны белгілі. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда шаманың алатын ролі ерекше. Осыған орай бастауыш сынып математикасын оқытудың ғылыми дәрежесі жоғары болуын, тәрбие жұмысының жақсартылуын қамтамасыз ету барысында әр-алуан шаралар жүзеге асырылуда.

Математика әлем туралы ғылыми көзқарасты негізгі және заманауи мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Математикалық түсінікті дамыту екі бағыттан тұрады: әлем аспектісін түсіну үшін математикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылатынын талдау және ойлау; күнделікті өмірде қажетті математикалық әдістерді құру және қолданумен байланысты аспект[2,97б].

Жаңартылған бағдарлама негізінде «Математика» пәнінің базалық мазмұнының шамалар және өлшем бірліктері бөлімшесі бойынша 1-сыныпта:

уақыт аралықтары туралы (минут, сағат, апта, ай) түсінігі болуы, уақыттың өлшем бірліктерін қолдану; уақытты циферблат арқылы анықтау, сағат т.б. анықтау және іс-әрекетін түсіндіру қарастырылады.

Бастауыш сыныпта қарастырылатын шамалардың бірі – уақыт аралығы.

Уақыт туралы түсінік қалыптастыруда:

а) Дайындық: уақыт жөніндегі алғашқы түсінікті балалар мектепке дейінгі кезеңде бақылау негізінде алады.

Күн мен түннің, жыл мезгілдерінің (қыс, көктем, жаз, күз) ауысуы, режимдік мезеттің қайталамалығы, балалар жиі шатастыратын («Біз бүрсігүні киноға бардық, ал алдыңғы күні паркке барамыз») оқиғалардың ретін анықтау (алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні).

ә) Бірінші сынып оқушыларында уақыт жайлы түсінік практикалық оқу әрекеті барысында қалыптасады: Күн режимін сақтау, табиғат күнделігін жүргізу, дәптерге жұмыс күнін күнделікті жазу.

б) Уақыт тақырыбында уақыт жайында қарапайым түсініктер қалыптасады: бұрын, кейін, алдымен, содан соң, осыдан кейін, оның алдында, басында, аяғында, таңертең, түсте, кешке, түнде және т.б.; салыстырады.

Бірінші сыныпта апта күндерінің атаулары мен олардың ретімен (күнделік толтыру, календарларды қолдану) таныстыру жүзеге асырылад7

Мұнда апта күндері жайлы өлеңді қолдануға болады.

- Бүгін қай күн?
- Дүйсенбі.
- Ертең қай күн?
- Сейсенбі.
- Оят онда Дүйсенді.
- Оят онда Сейсенді.

Сабағынан қалмасын.

- Бүгін қай күн?
- Сәрсенбі.
- Ертең қай күн?

- Бейсенбі.
- Оят онда Бейсенді.
- Оят онда Сәрсенді.
Сабағынан қалмасын.
- Бүгін қай күн?
- Жұма ғой.
- Ертең қай күн?
- Сенбі ғой.
- Тұрсын онда Жұмажан.
- Тұрсын онда Сенбіжан.
- Бүгін қай күн?
- Жексенбі.
- Демалыс та кез келді!
- Оят енді Жексенді, Дүйсен,
Сейсен, Сәрсенді, асыр салып ойнасын.

10 көлеміндегі сандарды оқыту барысында оқушылар уақытты бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауға үйренеді.

Уақыт бірліктерін еңгізуге дайындық ретінде қоршаған орта (тұқымнан жеміске дейінгі өсімдіктің өсуі, күн режимі) өтетін қандай да бір процесті иллюстрациялау арқылы уақыт аралығы жайында ұғым беріледі.

Оқушылар уақыттың үздіксіздігі және шексіздігін сезінеді: өмір түнде де, күндіз де тоқтамайды (түнде адамдар ұйықтайды, пойыздар жүріп жатады, адамдар түнгі ауысымда жұмыс істейді).

Уақыт тақырыбын өтуде балалар оқиғаларды өту кезеңіне қарай орналастырады: ұзақ уақыт аралығындағы оқиғалар (бұрын -кейінірек, алдымен -сосын, ертедежуырда), тәулік ішіндегі оқиғалар (таңертең, күндіз, кешке, түнде).

Балалар кіріспе тапсырманы орындауда сабақтың басында балалармен уақыт туралы сөйлесіп, олардың уақыт туралы түсініктерін анықтау мақсатында әңгіме жүргіземіз. Әңгімені балалардың өзі білетін мәліметтеріден бастаймыз. Балаларға сұрақ қоя отырып, олардың жауабын тыңдаймыз. Олар төмендегіше:

− Анаң саған «Енді кеш!» деді. Сендер «кеш» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

− Таңертең сендер нешеде тұрасыңдар? Мұны сендер қалай біле аласыңдар?

− Сен неше жастасың?

− Сендер қалай ойлайсыңдар, мына ағаш неше жаста? Қазір уақыт туралы қандай да бір оқиғаның ұзақ уақытқа созылатынын немесе тез арада өтетінін уақыт шамасы туралы білетін боласыздар. Бір нәрсені істеу үшін уақыт кетеді. Мысалы, теледидарда бір мультфильм ұзақ болады, ал кейбірі қысқа уақытта аяқталады. Бұл жерде біз мультфильмді көруге кеткен уақыт туралы айтып отырмыз.

− Сендер уақыттарыңның тағы да неге кететінін айта аласыңдар ма? (Мектепке барамыз, сабақ оқимыз, ойнаймыз, жүреміз, ұйықтаймыз.

− Сендер қалай ойлайсыңдар, уақытты өлшеуге бола ма? (Иә.)

− Қалай ойлайсыңдар, анаң кешкі асты дайындап жатқан кезде не істеуге болады?

−Сендер қалай ойлайсыңдар, қайсысына уақыт көп кетеді: көйлекті тігу үшін бе, әлде ағашты өсіру үшін бе?

Балаларға уақытты қалай өлшейтінін және салыстыратынын, ол үшін қандай құрал қолданатынын, сондай-ақ уақыттың өлшем бірліктерімен танысатынын мұғалім хабарлайды. Балалардың жаңа материалды толық түсініп, меңгеруі және сабақ үстінде тірек сөздерді дұрыс қолдануы үшін ойын ойнатамыз. Рөлдер бөліп беріп, балалар өздерін аспаз рөлінде елестетіп, түскі ас мәзірін құрастырады (бірінші, екінші, үшінші тағамдар). Содан соң олар өз жұмыстарын ретімен бөліп алып, алдымен ол не істейтінін, содан кейін нені дайындайтынын т.б. айтады. Мысалы, аспаз алдымен сорпаны, кейін бұқтырылған етті, артынан компотты дайындайды. Компот суығанша, салат әзірлейді. Ойынға керек заттардың суретін, ал уақыт болса, тағамдардың суретін салуды тапсырамыз.

Тапсырманы орындағаннан кейін барлық топ ас мәзірлерін таныстырады. Сабақтағы тірек сөздерді қолданып, оқиғаларды өту кезеңі бойынша орналастыру деген ұғым түсінікті болу үшін алдымен (бұрын), содан кейін (артынан) не болатынын еске түсіріп және қорытынды жасай отырып нәтижесін шығарады. Балалар тапсырманы орындап жатқанда өзіңіздің қандай іс-әрекеттерді орындағанын (бірнеше іс-әрекеттерді) атап беруі тиіс. Осы оқиғалардың барлығына уақыт кетті [4,14б].

1-сурет

Балалармен «Алма қалай өседі?» тапсырманы жалпы сыныппен орындатып, «Алғашында не? Содан кейін ше?» ойынын ойнатып 1-сурет бойынша әңгіме құрастыруы керек.

− … алғашында жидектерді жинайды, сосын тосап қайнатады;

− … алғашында мәшинені оталдырады, сосын оны жүргізеді;

− … алғашында қоршауды тұрғызады, сосын оны сырлайды және т. с. с.
Балаларға оқулықтағы алма ағаштың қалай өсетіні және жеміс беретіні туралы суреттер бойынша әңгіме құратамыз. Оқушылар әңгіме айту барысында тірек сөздерді қолданады. Олардан алманы өсіру үшін қанша уақыт кететінін сұраймыз және олардың ойын, болжамын тыңдаймыз. Нақты қанша жыл кететінін білу шарт емес (шамамен айтса болады).

Уақыт жөнінде түсінікті оқып-үйренуі әлдеқайда күрделірек. Уақыт үздіксіз өтіп жатады. Бұдан уақыт туралы түсінікті ұзақ бақылаулар, өмір тәжірибелерін жинақтау барысында баяу қалыптасады. Бірлік ретінде алынған уақыт аралықтарын тек бір рет қана пайдаланады [5,44б]. Сондықтан уақыт бірқалыпты пайдаланылатын оқиғамен байланысты болуға тиіс. Сондай бірліктер (тәулік, жыл, ай, ғасыр) табиғаттан алынады, ал сағат, минут, секунд сияқты уақыт өлшем бірліктерін адамдар ойлап шығарған.
Сонымен бастауыш сыныпта шамаларды туралы айқын түсініктер қалыптастыру оқушылардың логикалық ойлауын, теорияны практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді, математикалық ұғымдар қалыптасады, яғни балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыдан алғанды маңызды факторлармен танысады. Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және соның барысында алатын білімдерін тәжірибиеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін шамаларды оқытуда уақытты оқып үйрену бұл оқытудың өмірмен байланыс құралдарының бірі, яғни оқушылардың логикалық ой-өрісін дамытады, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Әдебиеттер:

1 «Ұлт жоспары «100 нақты қадам». Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.– Астана: Егеменді Қазақстан, 2015.−3б.
2Кененбаева М.А. Математиканы оқыту теориясы және технологиясы. Оқу құралы.− Павлодар: ПМПИ, 2012.− 156 б.
3 Т.Қ.Оспанов, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаева. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2005. – 135б.
4 Математика. Г.Ш.Жақыпова, Н.В.Орехова, Н.В.Лебедова т.б. 2-бөлім – Алматы: Мектеп, 2016.−14 б.
5 Алиева. К.С., айдыбекова Е. И., Есназар А. Ж. Математиканы оқыту әдістемесі пәнінен лекциялар кешені.− Шымкент: ОҚМПИ, 2013.− 44б.

ӘОЖ 372.8:51

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЕСЕПТІҢ ЖАУАБЫН ТЕКСЕРУДІҢ ТҮРЛЕРІ

Заттыбек З.З. - 102-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Алиева К.С. -аға оқытушы, ҚР білім беру ісінің үздігі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются виды проверки ответа задачи в начальной школе. Изложена методика применения всех 4 видов проверки: составление и решение обратной задачи; установление соответствия между числами, полученными в результате постановки задачи и заданными числами; решение задачи различными способами; и установление границ искомого числа.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтық әлеуметтік, жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екені даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп өркендеуі, әлеуметтік кеңістіктегі орны білімнің бағыт – бағдарына , оның тиімділігіне байланысты болмақ.

Ал, бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Жолдауында білім берудің басымдықтарын атап өтті. Жолдауда: «Барлық дамыған елдерде өзіндік сапалы оқыту жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық сатысында білім сапасын арттыруға біздің міндетте тұр» делінген болатын[1, 2б].

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің, келешек ел болашағы − жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Ендеше саналы, салауатты, ұғымды, халқымыздың барлық дәстүріне де, әлем мәдениетіне де қанық ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу бізге сеніп тапсырылып отыр. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап − оның сапасын арттыру.

Сапалы білім − ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Осыған орай бастауыш сыныпта математиканы оқытуда әр алуан шаралар жүзеге асырылуда. Әрине, оқу үрдісінде есеп шығару математиканы оқытудың мақсаты ретінде де, оны оқыту әдісі ретінде де бой көрсетеді. Есептер шығару арқылы балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыданалғанда маңызды фактілермен танысады. Математикалық есеп оқушылардың ұғымдарды, теорияны және математика әдістерін меңгеруді тиімді де, айырбасталмайтын құралы болып табылады.

Есептер шығарып жұмыс істеу оқушыларды ең әуелі бір түрлі есептерді, содан кейін екінші түрлі есептерді т.с.с. шығаруда үстіртіндік болмауы тиіс. Оның басты мақсаты балаларды өмірде кездесетін түрлі жағдайлардың олардың біртіндеп күрделену жағын ескере отырып берілген және ізделініп отырған мәліметтері арасындағы қандай да бір байланыстарын саналы түрде тағайындауға үйрету. Осыған жету үшін мұғалім есептер шығаруға үйрету әдістемесінде қандай да бір мақсаты бар бір кезеңді ескеруі тиіс [2, 106б]. Олар:

Бірінші кезеңде мұғалім есептердің қарастырылып отырған түрін шығаруға дайындық жасайды, оқушылар осы кезеңде осындай есептерді шығарғанда арифметикалық амалдарды таңдап алатындай байланыстарды игерулерге тиіс.
Екінші кезеңде мұғалім оқушыларды есептердің қарастырылып отырған түрін шығарумен таныстырады. Мұнда балалар берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты тағайындаудағы және осының негізінде арифметикалық амалды таңдап алуға үйренеді. Осындай жұмыстың нәтижесінде оқушылар қарастырылып отырған сияқты есептерді шығару тәсілімен танысады.
Үшінші кезеңде мұғалім қарастырылып отырған түрдегі есептерді шығара білу білігін қалыптастырады. Оқушылар бұл кезеңде нақты мазмұнына қарамастан, қарастырылып отырған түрдегі кез − келген есепті шығара білуге үйренулері тиіс, яғни олар осы түрдегі есептерді шығару тәсілін қорыта білулері керек.
Бастауыш сыныпта математиканы оқыту дәрежесінің жоғары болуының бірден – бір жолы оқушыларды есеп шығаруға үйрету.
Есеп шығаруға балаларды үйрету – берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты тағайындау және оған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алу, содан кейін оны орындау.
Есеп шығаруға оқушылар игеруге тиісті біліктегі негізгі білім берілген мәліметтер мен ізделініп отырған мәліметтер арасындағы байланысты игеру болып табылады. Оқушылардың бұл байланыстарды қаншалықты жақсы игергендігі олардың есеп шығара білу білігіне байланысты.
Математиканы оқыту жүйесінде жай есептер аса маңызды роль атқарады. Жай есептерді шығару арқылы математиканы бастауыш курсының негізгі ұғымдарының бірі – арифметикалық амалдар туралы ұғым қалыптасады. Жай есептерді шығара білу оқушылардың құрама есептерді шығара білуді игеруге дайындық басқышы болып табылады. Өйткені құрама есепті шығару бірқатар жай есептерді шығаруға келіп тіреледі. Жай есептерді шығарғанда есеппен және оның құрамды бөліктерімен алғаш танысу болады. Жай есептерді шығарумен байланысты балалар есепке жүргізілетін негізгі әдістерін игеретін болады. Сондықтан мұғалімнің жай есептердің әр түрімен жұмысты қалай жүргізу керектігінің білуінің маңызы өте зор. [3,205б]
Бастауыш сынып математикасын оқытуда есеппен жұмыс әдістемесінің - төртінші кезеңі есептің шешуін тексеру. Есеп шешуі тексеру дегеніміз оның дұрыс немесе қате екендігін тексеру. Бастауыш сыныпта есептің шешуін тексерудің төрт тәсілі қолданылады:
1**.** Кері есеп құрастыру және шығару.
2. Есепті шығару нәтижесінде алынған сандар мен берілген сандар арасындағы сәйкестікті тағайындау.
3. Есепті әр түрлі тәсілмен шығару.
4**.** Ізделіп отырған санның шекарасын тағайындау.
Енді есеп шешуін тексерудің әр тәсіліне жеке-жеке тоқталайық [4,210б].
Кері есеп құрастыру және шығару.

Бірінші сыныпта оқушылар салыстыру арқылы жай есептердің бірнеше түрлерімен танысады. Есептің әр түрін салыстыру барысында оқушылар олардың ұқсастығын және айырмашылығын анықтайды. Оның үстіне олар есептердің кейбір түрлері бір-бірімен байланысты екендігін байқайды. Бұл есептің арифметикалық амалдармен шығарылатынына байланысты туындайды, ал амалдардың өзара байланысты, мысалы, қосу азайтумен, ал көбейту бөлумен байланысты екендігі белгілі. Осыған орай, «кері және өзара кері есептер» ұғымдары пайда болады.

Бұл жағдайда балаларға берілген есепке кері есеп құрастыру және оны шығару ұсынылады. Егер кері есепті шығарғанда нәтижеде берілген есептегі белгілі сан шығатын болса, онда есепті дұрыс шығарылған деп есептеуге болады[5, 65б].

Бұл тәсіл 1− сыныпта енгізіледі. Оны кез-келген есепке қолдануға болады, тек кері есеп балалардың шама-шарқына сәйкес болатын болсын, сондықтан да мұғалім кері есепте қандай санды ізделінді деп алуға болатынын көрсетуі керек. Барлық есептердің шешуін осы тәсілмен тексеру керек деп ойлаудың қажеті жоқ, өйткені ол мейлінше қиын және күрделі. Мысалы, М-1, 2- бөлім, 66-беттегі есеп: «Дина есеп шығаруға 10 минут, ал сурет салуға 30 минут жұмсады. Дина сабақ оқуға барлығы неше минут жұмсады?» есебіне кері есеп құрастыр.

Шешуі: 10 + 30 = 40 Жауабы: 40 минут жұмсады.

Кері есеп. «Дина 40 минут сабақ оқыды. Ол 30 минут сурет салды, ал қалған уақытты есеп шығаруға жұмсады. Дина есеп шығаруға неше минут жұмсады?»

Шешуі: 40 – 30 = 10 Жауабы: 10 минут жұмсады.

Кері есеп. «Дина 40 минут сабақ оқыды. Ол 10 минут есеп шығарды,ал қалған уақытта сурет салды. Дина сурет салуға неше минут жұмсады?»

Шешуі: 40 – 10 = 30 Жауабы: 30 минут жұмсады.

Сонымен берілген есепке кері есеп құрастырып шығарғанда нәтижеде берілген есептегі белгілі сан шығатын болса, онда есепті дұрыс шығарылған деп есептеуге болады. Ал, бұл есеп жауабын тексерудің бір тәсілі.

Алайда, көп жағдайда жаттығулардың өзі−ақ кері есептерді құру және оны шығаруда өте пайдалы болады, өйткені есепке енген шамалардың арасындағы байланыстарын анықтауға көмектеседі. Сондықтан осы тәсілді барлық жай есептерді, төртінші пропорционал шаманы табуға берілген есептерді, екі көбейтіндінің немесе екі бөліндінің қосындысын, айырмасын немесе бөліндісін табуға берілген есептерді немесе оларға қатысты алғанда кері есептерді, сондай−ақ бірқатар басқа есептерді тексеруге қолданған тиімді.

Есепті шығару нәтижесінде алынған сандар мен берілген сандар аралығындағы сәйкестікті айқындау.

Есептің шешуін осы тәсілмен тексергенде есептің сұрағына жауап беру нәтижесінде алынған сандарға арифметикалық амалдар қолданады; егер мұнда есептің шартында берілген сандар шығатын болса, онда есеп дұрыс шығарылған деп есептеуге болады.

Есеп. «Мектеп оқушылары үш қап картоп жинады, оның жалпы салмағы 153 кг. Олар бірінші және екінші қаптарды таразыға тартқанда салмағы 102 кг болды, екінші үшінші қапты тартқанда 99 кг болды. Әр қапта қанша кг картоп болған?»

Бұл есепті шығару нәтижесінде 1-ші қапта 54 кг, 2-де 48 кг, ал 3-де- 51 кг картоп бар екендігін анықтады. Есеп шешуін тексеру үшін үш қапта 54+48+51 = 153, ал енді 1-ші және 2-ші қапта -102 кг, ал 2-ші және 3-ші қапта – 99 кг картоп болатын – болмайтынын анықтау керек.

54+48=102кг және 48+51=99

Жауабында берілген сандар мен шыққан сандар сәйкес, демек есеп дұрыс шығарылған.

Есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару.

Егер есепті әр түрлі тәсілмен шығаруға болатын болса, онда бірдей нәтиже алу есептің дұрыс шығарылғандығын көрсетеді. Тексерудің бұл тәсілі 4−сыныптан бастап қолданылады. Осы есептің жауабында шыққан сандарға сәйкес амалдар қолдану жолымен есепте берілген сандарды алуға болатындай құрылымды есептерді тексеру үшін қолданған тиімді.

Мысалы: «Екі ауылдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедші шығып, олар 3 сағаттан соң кездеседі. Олардың біреуі сағатына 15 км жылдамдықпен, екіншісі 18 км жылдамдықпен жүрген. Екі ауылдың ара қашықтығы қандай?» есебін әртүрлі тәсілмен шығар.

Талдаудан кейін оқушылар өздері есепті шешудің екі тәсілін табады. Шешулерін түсіндіре отырып, жеке амалдар түрінде, яғни арифметикалық тәсілмен жазуға болады. Бірінші тәсіл:

15 · 3 = 45 (км) – бірінші велосипедшінің жүрген жолы;

18 · 3 = 54 (км) – екінші велосипедшінің жүрген жолы;

45 + 54 = 99 (км) – ауылдардың ара қашықтығы;

Екінші тәсіл:

1) 15 + 18 = 33 (км) – велосипедшілердің бір сағатта біріне-бірінің жақындауы;

2) 33 · 3 = 99 (км) – ауылдардың ара қашықтығы;

Есепті түрлі тәсілмен шығарғанда бірдей нәтиже алдық, демек, есеп дұрыс шығарылған. Егер екі тәсілдің бір−бірінен айырмашылығы амалдарды орындау тәртібінде ғана болса, онда оларды әр түрлі деуге болмайды.

Ізделіп отырған санның шекарасын анықтау (жауабын шамалау).

Бұл тәсілді қолданудың мәнісі мынада: есепті шығарғанға дейін ізделіп отырған санның шекарасы анықталады, яғни ізделіп отырған санның берілген сандардың біреуінен не артық, не кем болатындығы айқындалады. Шығарғаннан кейін алынған нәтиже берілген сандардың біреуімен салыстырылады, егер ол анықталған шекараға сәйкес келмейтін болса, онда есеп дұрыс шығарылмағаны.

Мына есепті шамалау тәсілімен шығару керек болсын: «Арақашықтығы 320 км болатын екі қаладан бір мезгілде бір−біріне қарсы екі автобус шықты. Бірінші автобус сағатына 90 км, жылдамдықпен, ал екіншісі сағатына 70 км

жылдамдықпен жүрді. Кездескенге дейін әр автобус сағатына қанша километр жүрген?»

Есепті шығарғанға дейін әр автобус 320 км -ден кем жол жүргендігі және бірінші пойыз екіншіге қарағанда артық жол жүргендігі анықталады. Егер оқушы қателесіп, жауабында, мысалы, 376 және 560 санын алатын болса, онда ол есептің дұрыс шығарылмағандығын байқайды, өйткені әрбір ізделіп отырған сан 320−дан кем болуы керек.

Сонымен, бұл тәсіл шешудің қате екендігін байқауға көмектеседі, бірақ ол есептің шешуін тексерудің басқа тәсілдерін жоққа шығармайды.

Жауап шекарасын тағайындау тәсілі 1−сыныптан бастап-ақ енгізіледі. Оларды пайдаланып жай, сондай-ақ құрама есептердің шешуін тексереді.

Жаңартылған бағдарлама негізінде есеп жауабын тексеру түрлеріне бірнеше есептер шығарғаннан кейін оқушылардың қызығушылығы артып, өз бетімен іздену жұмысының пайда болғаны айқындалып көрініс табады. Әсіресе, жақсы оқитын оқушылар белсене қатыса бастады. Сабақ кезінде есепті, мысалдарды тез шығарған оқушыларға, әдетте, қосымша тапсырма береміз, ол есепті оқушы ешқандай қиындықсыз шығарып бере салады. Ал, егер шығарып отырған есептің басқа тәсілін іздестірсек, онда балалардың ойлау қабілеті арта түскен болар еді және де бұл оқушылардың есеп шығаруды терең меңгеруіне көп әсер етеді. Әрине, қарастырып отырған есепті әрдайым бірнеше тәсілмен шығару мүмкін емес. Дегенмен ара тура болсын есепті шығарудың мүмкін тәсілдерін іздестіру есеп шешуін тексеруге үйретудің тиімді жолдарының бірі болмақ. Яғни, есеп жауабын тексеру теориялық мәселелерді меңгеруге және оларды практикада қолдана білуге машықтандырылады, яғни балалардың тапқырлығын арттырып, пәнге деген қызығушылық тудырады, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуге жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Жолдауы.− Егеменді Қазақстан, 2014.−2б.

2. Кененбаева М.А. Математиканы оқыту теориясы және технологиясы. Оқу құралы.− Павлодар: ПМПИ, 2012.− 106 б.

3. Қаңлыбаев Қ.И., О.С. Сатыбалдиев, С.А. Джанабердиева. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. -Алматы:Дәуір, 2013.-205б

4. Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың әдістемесі мен технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Б.Р. Қасқатаева.- Алматы: Отан, 2016.- 210б.

5 Алиева. К.С.,Байдыбекова Е. И., Есназар А. Ж. Математика оқыту әдістемесі пәнінен лекциялар кешені.− Шымкент: ОҚМПИ, 2013.− 65б.

ӘӨЖ-808.5:372.461.1

ПАНДЕМИЯ (COVID-19) КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

К.А.Абдирашидова - 119-87 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: С.Ж.Балкыбекова – Ағылшын тілі кафедрасының магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,

Резюме

В статье рассмотрены современные дистанционные обучение во время карантина.

Бүгін біз адам баласына қажетті, заманауи мәселелердің бірі – COVID-19 короновирусы дертімен күресу жайында, аурудан құтылу жайында және ең өзекті тақырып - қашықтықтан оқытумен сіздермен бөлісуді жөн көріп отырмын. Жалпы дертті адам баласы өзіне тілеп алмайды. Ешкім ауру болам деп ауырмайды. Ол келе – келе пайда болатын дерт. Сол себепті еліміздегі қазіргі болып жатқан мәселеге сүйенсек, адам баласы ең алдымен жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау керек және қауіпсіздік шараларын ескере жүруі керек. Мысалы, «Мен бүгінге біраз жұмыстарды бітіруім керек!» деген күйбең тіршілікпен адамдар пандемия ауруының қаншалықты қауіпті екендігін ұмытып жатады. Ал бүгін бітпей қалған жұмыстарымды ертең бітіремін!» — деп әр күні осылай жалғаса берсе, онда еліміздегі COVID-19 короновирусы дерті ушыға береді. Пандемия дертін ушықтырмас үшін сақтық шараларын қатаң түрде сақтауға шақырамын. Қазақта «Сақтансаң, сақтаймын» деген жақсы сөз бар. Бүгінгі таңнын талабы – қашықтықтан оқыту. Жалпы қашықтықтан оқыту дегеніміз - бұл оқу үдерісінің оқытушы мен студенттер арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі. Жоғарғы оқу орындарында қашықтықтан оқытудың 2 технологиясы пайдаланылады:

1) желілік технология- Интернет арқылы оқыту. Университеттің білім беру порталында студенттер электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тасырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды.

2) кейстік технология, студентке оқу-әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, кесте бойынша оқытушыға жіберіп отырады. Қашықтықтан оқыту көп жылдан бері оқу орындарында дәстүрлі түрде өз орнын тауып келген оқытудың бір түрі екендігі бәрімізге мәлім. Дегенмен, қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты бұл оқыту түрінің маңыздылығы арта түсті. Себебі, еліміздегі мектептер, жоғарғы оқу орындары Covid-19-дың таралу қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды, студенттерді қашықтықтан оқытуға кірісті. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Яғни, қашықтықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіншілік туғызып отыр. Барлық орталықтың педагогтары қашықтықтан жұмыс жасауын жалғастырып жатыр. Бәрімізге белгілі қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн және оффлайн, және кең таралған үшінші түрі - вебинар. Қашықтан оқыту барлық курстарда пәндердің кестесі мен тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілуде. Сабақтардың құрылымы

екі бөлімнен тұрады: теориялық және тәжірибелік. Zoom, Microsoft Teams платформаларындағы бейнеконференция режимінде студенттер семинарлық сабақтарды сомдайды. Студенттерді бағалау,бақылау парағында жүзеге асырылып, қорытындысында рөлдік ойын талқыланып, кері байланыс жасалу арқылы баға қойылады. Рөлдік ойындарды, клиникалық жағдайларды қолдану студенттерді жиынтық емтиханға дайындаудың бір кезеңі болып табылады Еліміздегі дертке байланысты медициналық оқу бөлімдерінде оқу үрдісі теориялық және тәжірбиелік бағытта жұмысын жүргізуде. Соның негізінде Ағылшын тілі кафедрасында қашықтықтан білім беру деңгейі жайында қозғағым келіп отыр.

Қашықтықтан оқыту жайында әр тараптың пікірлері: «Бірінші күннің негізгі қорытындысына тоқталғым келеді. Оңай болмаса да, қашықтықтан оқу форматына толық көшіп, бастадық. 3,2 млн. оқушы әртүрлі бағыт бойынша оқуын бастады. Кейбіреуі интернет арқылы, кейбіреуі теледидар арқылы оқуды бастады. Интернет бойынша бірнеше интернет-платформалар арқылы жұмыс жүргізілді», – деп жазды тоқсан басында

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов. Осы орайда, ата-аналардың басым бөлігі сабақ кестесінің нақтыланбағанын, тіпті, оның атымен жоқ екендігіне көңіл аударған еді. Бұған қатысты министр былайша жауап берген болатын: «Қазіргі жүйе – онлайн оқыту емес, қашықтықтан оқыту. Мысалы, онлайн режимінде мұғалім барлық оқушыны бір жүйеге қосып, тікелей байланыспен сабақ өткізсе, онда нақты бір сабақ кестесі болатын еді. Бірақ, қазіргі формат басқаша, қашықтықтан оқыту интернет пен теледидар арқылы жүргізіледі. Ондайда нақты бір сабақ кестесінің қажеттілігі жоқ».

Демек, біз алдымен онлайн оқыту мен қашықтықтан оқытудың айырмашылығын пайымдап алуымыз керек. Онлайн оқыту үлгісінде ұстаз бір мезгілде белгілі бір платформада сыныптағы 25 баланың барлығымен сабақ өткізеді. Ал, біз үшін қазіргі оңтайлы мүмкіндік – қашықтықтан оқыту. бұл – мұғалім бір уақытта барлық балаға тапсырмаларды жібергенімен, оқушылар оны бір мезгілде орындамайтынын білдіреді. – Бұл жүйенің өзіне тән артықшылығы мен кемшілігі бар. Артықшылығы – оқушы өздігімен жұмыс істеуді үйренеді. Тапсырманы орындауға уақыты жеткілікті болады. Интернеттегі түрлі платформаларда жұмыс жасау дағдысы қалыптасады», – дейді Қарағандыдағы Ә.Бөкейхан атындағы №76 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Жібек Кәкімова. – Ал, кемшілігі – көп тапсырмалардың игерілмеуі. Бала ағзасына интернетте шұқшиып көп отыруының кері әсерін де ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ, біздегі интернет провайдерлерінің жылдамдығын да ескерген жөн. Міне, қашықтықтан оқыту жайлы тараптардың ой-пікірлері – осындай. Көпшілікті мектеп жасындағы балғындарға ноутбук пен гаджеттің жетіспеуі, бір-екі бөлмелі пәтерде тұратын көпбалалы отбасыларда балалардың бірбіріне кедергі келтіруі Әрине, кез келген оқыту түрі біржақты бола бермейді. Яғни, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері де болады.

Қашықтықтан оқыту түрінің артықшылықтары:
- еркіндігі мен икемділігі;
- географиялық жағдайға қарамайтын;
- кез-келген тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік тудыруы;
- заман талабына сай ақпараттық-телекоммупикациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- интерактивті әрекеттесу формалары;
- сапалы білім алу;
- уақытты үнемдеу;
- ыңғайлы уақытта оқу;
- территориялық шектеулер жоқ;
- денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

Қашықтықтан оқыту түрінің кемшіліктері: Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде қатысушылардың бір-бірімен жеке байланысы аз болуы, кейде мүлдем жоқ деп те айтуға болады. Сондықтан мұндай оқыту нысаны коммуникабельділік, сенімділік, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін қолайлы емес. Және де қашықтықтан оқыту жүйесі тәжірбие жүзінде практикалық дағдыларды тежейді. Дегенмен, карантин аяқталып, өз жұмыс орнымызға оралған жағдайда дәстүрлі оқыту түрімен қатар қашықтықтан оқыту түрін де бірге ала жүреміз деген ойдамыз. Себебі жаңа ғасыр адамзаттан оның кәсіби қызметіндегі барлық өзгерістерді біліп, үнемі білім деңгейін жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. https://uchitelya.kz/makala-қashyқtan-oқytu-zaman-talaby/
2. https://www.zharar.com/kz/zhospar/qashyqtyk/34348-rol.html
3.https://bilimland.kz/kk/news-articles/articles/ashyqtyqtan-oqytu-kezindemuhalimge-arnalhan-nusqaulyqtar

УДК 736

ИЗ ОПЫТА ПРЕПОДАВАНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННОГО ПОРТАЛА ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ MOODLE

Ю.У.Суннатуллаева – студент группы 1703-49
Научный руководитель: Мейірбек Н.Қ. – магистр преподаватель
Шымкент, Қазақстан

Түйін

Мақалада ағылшын тілін оқытудағы заманауи технологиялар қарастырылған.

Актуальность. На сегодняшний день недостаточно исследованным является вопрос о методически обоснованном использовании системы дистанционного обучения (СДО) Moodle в процессе изучения таких дисциплин как биостатистика, информационно-коммуникационных технологий, информационные системы обучающимися, а также о дисциплинирующем и

мотивирующем влиянии СДО на качество знаний и их применение в профессиональной деятельности будущих педагог-специалистов. Введение. Известно, что Moodle – виртуальная обучающая среда. Moodle –это аббревиатура от английского слова Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment (модульная объектно-ориентированная динамическая обучающая среда) [1,2,5].

Цель. В процессе использования СДО мы выделяем следующие цели:

1. Выработка у обучающихся приемов и навыков использования системы Moodle в процессе изучения дисциплины в учебном процессе.
2. Углубленное изучение теоретического материала, выполнение практических заданий, самостоятельная работа обучающихся, тестовые задания текущего контроля.
3. Подготовка обучающихся к сдаче рубежного контроля и итогового контроля знаний. Материалы и методы. В качестве электронного обучения использовался электронный портал Moodle НАО. В приложений личный кабинет преподавателя «Страницы сайта» – «Мои курсы» – разработаны курсы по дисциплинам «Биостатистика», «Информационно-коммуникационные технологий», «Информационные системы». Для каждого курса имеется учебно-методический комплекс дисциплины (УМКД), тестовые задания, комплекс практических заданий по всем разделам дисциплины и электронные учебники.

Основная часть. На кафедре биостатистики, биоинформатки и информационных технологий для изучения учебного материала при помощи СДО Moodle для студентов созданы соответствующие организационнопедагогические условия, которые способствуют развитию умений и навыков самообразования по дисциплине, оптимизации деятельности обучающихся (развитие внимания, памяти, мышления, воображения и т. д.), правильной интерпретации профессиональной информации с одновременным использованием ИКТ-ресурсов.

Дистанционное обучение Moodle включает в себя силлабусы, лекционный материал и практических занятия с содержанием качественных презентации с использованием слайдов, иллюстраций. На занятиях обучающиеся придерживаются методических принципов, позволяющих эффективно использовать всю информационную технологию а также совмещать компьютерные технологии с традиционными. Использование Moodle на каждом занятии должно быть целесообразным и методически обоснованным. Дистанционное обучение следует использовать лишь в том случае, если оно обеспечивает более высокий уровень образовательного процесса по сравнению с другими методами обучения. В случае применения Moodle компьютер может заменить основную часть наглядных пособий и моделей (порой они слишком объёмны и громоздки, к тому же количество пособий не всегда достаточно для обеспечения студентов).

При организации дистанционного обучения Moodle на практических занятиях компьютер становится весьма эффективным помощником. Для улучшения знания обучающиеся могут использовать электронные учебники, снабженные трёхмерными иллюстрациями, способствующими развитию пространственного и образного мышления. Использование компьютерных моделей способствует лучшему усвоению материала. Компьютерные технологии можно использовать на занятиях при изучении нового материала, при первичном закреплении полученных на занятиях знаний и умений, при отработке умений и навыков (обучающее тестирование), во время проведения практикума, а также при контроле знаний в резюме оценивания преподавателем.

Выполнение и проверка практического задания включают в себя самостоятельное изучение содержания электронного материала. Закрепление материала осуществляется при помощи контрольных вопросов и тестовых заданий. При этом обучающиеся учатся выбирать главное, излагать свою мысль и соответственно получить оценку знания. Для выполнения самостоятельных работ обучающихся (СРО) даются индивидуальные задания, где студенты полностью выполняют работу используя интернет. Среди других видов индивидуальной самостоятельной работы, связанных с использованием информационно-коммуникационных технологий, могут быть создание мультимедийных презентаций к определенной теме. Применение Moodle по СРО позволяет уменьшить время на выполнение заданий, качественно выполнить работу, увеличить количество исследуемых факторов. Поиск, анализ, обработка студентами видеоинформации, её представление перед аудиторией оценивается дополнительными баллами по индивидуальной самостоятельной работе. В процессе изучения дисциплины наиболее распространенным сегодня является использование компьютерного тестирования для контроля знаний студентов.

В Moodle преподавателями разработаны необходимые условия тестирования, что позволяет объективно оценить знания обучающегося, исключая субъективные факторы. При изучении дисциплины, система дистанционного обучения является продуктивным педагогическим фактором для эффективного обучения и развития будущего педагога могло бы стать создание электронной базы знаний по дисциплине на основе собранного материала. Начальная основа этой базы создана преподавателями кафедры в виде электронного учебника, тестового задания, ссылки на литературу к каждой теме. Далее осуществляется пополнение информации этой базы, причем дополнительную информацию могут предоставлять как преподаватели, так и студенты. Доступ к электронной базе знаний осуществляется через Интернет.

Результаты и обсуждения. Результаты нашего исследования подтверждают, что обучающиеся, которые использовали системы дистанционного обучения Moodle в учебном процессе, лучше понимали и усваивали информацию, имели лучший показатель мотивации к изучению дисциплины. Некоторые обучающиеся проявили инициативу к самостоятельному поиску, накоплению и

сохранению информации профессионального направления, стремились делиться информацией и обсуждать ее с другими. Поддержка преподавателем инициативы обучающихся способствует развитию умений и навыков профессионального самообразования будущих педагогов. Направление преподавателем поисковой деятельности обучающихся выводит процесс неосознанного самообразования (получение информации по инициативе обучающегося на основе заинтересованности) на уровень осознанного изучения материала то есть, получение, обработка, представление информации в определенном направлении. Выводы.

Таким образом, наибольший эффект в процессе изучения дисциплины достигается в том случае, когда коммуникационные технологии СДО Moodle используются как преподавателями, так и студентами.

1. Техническая оснащенность кафедры и активность преподавателей и обучающихся в сфере использования системы онлайн обучения Moodle повышает количество и качество учебной информации.

2. Использование онлайн обучения Moodle повышает эффективность деятельности преподавателя и студента (влияние на процесс понимания, восприятия, запоминания студентами материала, уменьшение времени в процессе вычислений результатов исследования, активизация самостоятельного овладения дисциплиной студентом и т. д.).

3. Использование обучающимися портала дистанционного обучения Moodle положительно влияет на повышение уровня знаний и на формирование профессиональных знаний, умений и навыков будущих специалистов.

Литературы.

1. Зеленко О.В., Климанова Е.Ю. Внедрение современных информационных технологий в образовательный процесс/ О.В. Зеленко, Е.Ю. Климанова// Вестник Казан. технол. ун-та.-2012.-Т.15, №24.-С.212-213.

2. Кравченко Г.В., Волженина Н.В. Работа в системе Moodle: руководство пользователя : учебное пособие. — Барнаул, 2012.

3. Зацепина О.В., Лаврентьев Г.В., Лаврентьева Н.Б. Технология организации самостоятельной работы будущих педагогов профессионального обучения : монография. — Барнаул, 2008.

4. Официальный сайт Moodle (https://moodle.org/).

5. Лаврентьев Г.В. Дистанционное обучение: теоретико-методологические основы // Вестник Алтайской академии экономики и права. — 2012. — Вып. 2 (25).

UDK 377.031.4

METHODOLOGY OF FORMING STUDENTS' COMPETENCIES

B. S. Ualikhanova., U.Myrzakul

South Kazakhstan State Pedagogical University

Түйін

Біз жаңа технологиялық тасқынның куәгері болып отырмыз. Қазір ғылыми-техниканың, өркениеттің даму заманы. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді. Ал білім сапасын жоғарылату, құзыретті маман тәрбиелеу– барлық оқытушыларды толғандыратын маңызды мәселе. Мына заманда білім алушылардың да алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде

At present, reforms and policies, changes and innovations in the education system of the country are the basis for the thinking of every teaching community, thinking about the past and present, prospects and prospects, working with new ideas and new systems.

The state mandatory standard of education of the Republic of Kazakhstan clearly states that the main goal of general secondary education at the national level is to promote the formation of a competent person who is ready to actively participate in the social, economic and political life of the country.

Competence – the ability of an individual to use theoretical knowledge and practical experience to perform certain tasks. It is manifested not in the form of lifeless memorized knowledge, but in the activity of the individual's ability to participate in cognition, thinking and action, to propose certain problems, to make solutions, to analyze its progress and results, to constantly make rational adjustments.

Through high-quality education, we can connect students ' theoretical knowledge with practical activities, expand their knowledge of the world, and form a person who has mastered certain competencies. In order to improve the quality of education, there are a lot of methods and techniques that are used today, they increase the interest of students, and new technologies are also growing from year to year. Based on the new technology, the student, first of all, implements work on already familiar models using familiar approaches. Secondly, through cognitive activity, the content of knowledge is focused on the result. Third, it considers ways out of problematic situations in unfamiliar situations through creative activity, differs in the personality of the individual. The student will be able to find solutions to questions by connecting creativity with life practice, using information obtained from information sources in the course of completing tasks.

And the current teacher aims to train students to work independently with proper organization and orientation, as a result of which they will bring new ideas and discoveries, forecasts and results. In the teaching community, students need the ability to teach not only knowledge, but also life.

Entering into relationships with such complex types of activities, it develops its potential on the basis of "competence" in accordance with today's requirements. The law of the Republic of Kazakhstan" on education " establishes the principle of multi-choice in the choice of teaching reform, methods, technologies, which allows teachers to conduct classes in any form. This leads to the need for effective use of new technologies. This set of techniques helps the student to develop himself / herself, comprehensively learn, and self-actualize. At the same time, any research and

educational subjects should be focused on the interaction of students and teachers, their cognitive activities.
Purposeful Organization of a student's activity, leadership, and creating conditions for their active acquisition of knowledge are the main features of new pedagogical technologies. In many years of practice, we were convinced of the effectiveness of V. F. Shatalov's "technology of learning by reference schemes", V. K. Dyachenko's "collective method of learning", K. A. Abdigaliev's "concentrated-intensive learning", zh.a. Karayev's "three-dimensional methodological system of learning", using advanced technologies based on the search of an innovative teacher Kanipa Bitibaeva. Currently, the "modular learning technology" is widely used, which allows you to systematically apply these methods.
Learning with new content helps to form student competencies. Competencies are not a set of subjects, but a newly formed quality that connects the student with the harmonizing characteristics of knowledge, skills and abilities.
"I don't know," he said, " but I'm sure you'll find it interesting." On the basis of knowledge of the state and other languages, communicative competence is formed. A person who has mastered the values of national and world literature is formed. Knows traditions, customs, and National features. After each lesson, students should express and share their thoughts by answering various questions. Through such experiences, the modern teacher reveals the inner capabilities of students, allows them to recognize their creative abilities, to take innovative actions, to feel a lack of knowledge, to solve many life situations, to awaken the desire, the ability to learn new things.
The formation of professional competencies of college students can be determined using the following methods::
1) a system of tasks specifically designed for independent execution;
2) design method;
3) dialogic (Socratic method), problem situations in a small group.
The peculiarity of the Socratic method is that the method is built on the basis of simple life situations. Joint search for truth is the main approach in education. Socrates ' conversation with his students began with traditional topics. By expanding the dialogue, breaking it down into components, each of its discussion sub-sections raises new questions, and the thoughts of those who are ready to think with them lead them on a difficult path to finding the truth. By helping to create a thought, Socrates did not ignore any point of view, did not favor any point of view in advance, engaged the interlocutors in self-denial, thereby teaching them to believe only in facts, not in authority. Socrates believed that the teacher should not form anything, he should create conditions for the emergence of wisdom in other people.
Professional competence is primarily expressed in the ability of students to read information and correctly solve any problem. A student can become a professionally competent specialist only when he / she has accumulated professional knowledge, new technologies, quickly adapts to the environment, has high organizational skills,

extensive experience, etc., constantly improves himself / herself in accordance with the requirements of society.

Used literature.

1.Concept of education development of the Republic of Kazakhstan until 2015. - Law of the Republic of Kazakhstan" on education". - Almaty: Nauka Publ., 2010.
2. Ivanov D. A., Mitrofanov K. G., Sokolova O. V. competence approach in education. Problems, considerations, and tools: educational and methodological support. - M.: Nauka. Apkippro, 2005 – - 182 P.
3. Turganbekova B. A."development of creative potential of teachers in the conditions of professional development: theory and practice". - Almaty: Rauan publ., 2005. - 250 P.
4. Teaching the Kazakh language: achievements and new directions of development / / materials of the Republican scientific and methodological conference. - Almaty: Sanat, 2011. - 245.
5. Directions of innovative activity of teaching in a foreign language audience / / materials of the International Scientific and theoretical conference. - Almaty: Rauan. - 345 P.

UDK 377.031.4

METHODOLOGY OF FORMING STUDENTS' COMPETENCIES

H.K. Abdrahmanova., G.Myrzakul
South Kazakhstan State Pedagogical University

Түйін

Мақалада физика пәні бойынша қолданылатын тиімді әдіспен әдістемелік әдістерді қарастырады. Көптеген классификациялар белгілі әдістердің жүйесімен үйлеседі. Мұның бәрі әр әдістің әмбебаптығы, ондағы әдістердің әртүрлілігі туралы айтады. Дегенмен, бұл әдістердің жалпыдактикалық жүйесі, ол жаттығудағы қызмет нормаларының үлгісі болып табылады. Олар дидактикалық толықтығы мен білімнің негізгі мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан бағалануы мүмкін.

Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның, оқушының бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы [1]. Құзыреттілік – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді, яғни әр пәннің мазмұны арқылы меңгеруі тиіс.

Пәндік құзыреттілік – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, білік, дағдысы мен іс-әрекетінің сапалық жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген, Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында 7 негізгі құзыреттілік белгіленген [2]:

басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);

ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);

коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);

әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);

тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);

азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);

технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі – бұл түлектің әрекеттегі сапалық жеке қабілеттері. Ол түлектің келесі мүмкіндіктері мен біліктіліктерін қамтиды: жоғары кәсіби деңгейде өз бетімен ақпаратты іздеу, жинау, талдау,

көрсету, тасымалдау, объектілер мен үрдістерді, соның ішінде өз жеке әрекеттерін және ұжымның жұмысын модельдеу және жобалау.
Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған мәселелерден педагогтардың шеберлігі, білімділігі өте маңызды екенін түсінеміз. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үш өзара байланысты құрамдас бөліктен: кәсіби білім, кәсіби дағды, мұғалімнің тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерден құралып, педагогикалық қызметте іске асатынын атап өткіміз келеді. Қазіргі білім беру жүйесінің талабы бойынша мұғалім, заман талабына сай жан-жақты дамыған, жеке тұлғамен жұмыс істей алатын, өз білімін жаңа технологиялармен жетілдіріп отыратын, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын толық меңгерген, құзыретті маман иесі бола алады. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлауда, алдымен мұғалімнің құзыреттілік деңгейін көтеру мақсатында жоспарлар құрылып, сапалы білім берудің жолдары ұйымдастырылуы керек деген ой түйіндейміз.

Әдебиеттер:

Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі. Б.Кенжебеков, № 7.— 2004.
«Мектеп информатикасы: іс – тәжірибе, проблемалар және келешегі», Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдар жинағы. 19 – 21 қазан 2005 жыл. Алматы, 2005 ж.

ӘОЖ

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Тойлыбек Г.Б.-123-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әбішева Л.П.- п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются социальные проблемышкольников.

Мектеп оқушыларының қоршаған ортамен байланысын сипатты түрде өзгеру үшін оқу орындарының барлығы әлеуметтік және мәдени тәрбие орындары ретінде қалыптасып, оларда әлеуметтік педагогикаға лайықты түрде жұмыстар атқарылуы тиіс.Осы тұрғыда әлеуметтік педагогика мәселелерін көптеген классик педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци,И.Гербарт, А.Дистерверг, Дж.Локк, К.Д.Ушинский және т.б. ғалымдар қарастырған.Олардың педагогикалық көзқарастарының ықпалымен адам тәрбиесінің қоғамдық - әлеуметтік ортадағы рөлі, тәрбие нәтижесінің қайырымдылықпен, мейірімділікпен айқындалатындығы туралы ой-пікірлер тұжырымдалады.

Әлеуметтік педагогика кешеуілдеп болса да дамып келе жатқан ғылым саласы. Оның маңыздылығы әлі де болса толық ашылып болған жоқ, мүмкіндіктерін де толық пайдалана алмай келеміз. Дегенмен күнделікті тұрмыс көріністері, мектеп орта және жоғары оқу орындарындағы оқып жатқан балалар мен жастар арасындағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің күн сайын

арта түспесе азаймай отырғаны осы ғылым саласының қажеттілігін көрсетіп отыр. Әсіресе бұл мектеп пен ондағы оқушылардың ата-аналарының арасында осы мәндегі жұмыстарды жандандыру және бұрынғыдан басқа арнада жүргізу қажет екендігі белгілі болып отырған жағдайда тағы да айқындала түсті.

Осы тұрғыда әлеуметтік педагогтың Әр түрлі категориядағы балалармен жұмыс бағыттары:

Мүгедек балалрмен жұмыс (мәліметтер банкін құру, оларды жеке оқытуды ұйымдастыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару, оларды оқулықпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру, халықаралық мүгедектер күнін өткізу, әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету, санаториялық-курорттық жолдамалармен қамтамасыз ету);
Қамқорлықтағы балалар және жетім балалармен жұмыс (мәліметтер банкін құру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару, жалпыға білім беру қорынан материялдық көмек көрсету, қамқорлық бойынша инспектормен кездесу, әлеуметтік көмек көрсету, саноториялық-курорттық жолдамалармен қамтамасыз ету, мектепте тегін тамақты ұйымдастыру);
Девиенттық мінез-құлқы бар балалармен жұмыс (мәліметтер банкін құру, баланың үйіне бару, олардың қызығушылығына қарай үйірмелерге тарту, балалар мен олардың ата-аналарымен әңгіме жүргізу, қиын балаларды диагностикалау (қызығушылығы, проблемалары, дау-дамай жағдайлары) сынып жетекшілеріге қиын балалармен жұмыс бойынша психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық кеңес беру, ата-аналар үшінпедагогикалық консилиум өткізу, олардың жазғы демалысы туралы мәлімет жинау, жазғы демалысын ұйымдастыру, КТІЖБ-мен бірлесіп профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру);
Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылармен жұмыс (мәліметтер банкін құру, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына акт құру мақсатында иелеріне бару, мектепте тегін тамақпен қамтамасыз ету, материалдық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету).
Әлеуметтік педагогтың шешетін проблемаларына мына мәселелерді жатқызуға болады:
Әлеуметтік жетім балалар мәселесі;
Жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез құлық;
Қоғамдағы кемтар балалар мәселесі;

Білім алудағы қиыншылықтарды жеңуге оқуларға көмек;

Оқушының болашақ кәсібін таңдауына көмек беру;

Ата-аналарға отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруға көмектесу;

Баланың тұлғалық қалыптасуы мен дамуына көмектесу.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стартегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиеліниіп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп,қоғам дертіне айналып отырған суицид мәселесі, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына кері әсер етуде.

Мектептердегі қазіргі ең өзекті мәселелер қатарына девиантты мінез құлықты балаларды жатқызуға болады.

Әлеуметтік педагогикадағы девиантты мінез - құлық тұжырымдамасын қалыптастырған ең әуелі француз әлеументтанушысы Эмиль Дюркгейм болды. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынған. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы деген мағынаны береді екен. Ал келесі әлеуметтанушы Роберт Мертон болса адам бойындағы мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндірген. Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды жатқызамыз. Мысалы, шу, геомагниттік өзгеріс, таршылық сияқты жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің себебін туындатады.

Білім беру мекемелерін оқушының девианттық мінез-құлқының алдын-алу бойынша жұмысындағы мақсаты - оқушыларды арнайы мекемелерге жіберу емес, керісінше оны дер кезінде тоқтатып, қоғамның толыққанды азаматы етіп тәрбиелеу.

Әлеуметтік педагог пен психологтың басты мақсаты - осы балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы әлеуметтік нормалардың шеңберінен шықпауына, басқалармен қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

Мәліметтерді талдай келе бүгінгі таңдағы жастардың әлеуметтенуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі процесс екендігін байқауға болады. Бұл қиындық алдымен өз болашағы үшін тұлғалық жауапкершілігін сезінуі мен тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы болып табылады. Бүгінгі таңдағы оқушының проблемаларының көзі мектеп болып отыр. Мектепоқушының біршама бөлігі үшін әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасай алмай отыр. Бұл

жерде проблема тек қана оқушының үлгермеушілігінде болып отырған жоқ, мектеп-баланың негізгі өмірлік дағдыларын қалыптастыра алмай отыр.
Қорытындылай келе елімізде әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі-маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының жастар саясатының өзекті проблемаларының өзекті проблемаларының шешілуіне кадрлар сапасының тигізер әсері мол.

Жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының, педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс жасауға мамандалады.

Әдебиеттер.

Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. -А.,2012,-272б.
Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құралы.-А.,2011.

Бабаева С.Б. Кемел адам – тұлға қалыптасуы. Педагогикалық теория негіздері. Монография., 2010.

ӘОЖ 371.134

ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Қуатбек Н.Б -111-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші – Адылбекова Э.Т – п.ғ.к
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается технология проектного обучения и ее эффективность использования в дистанционном обучении.

Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарынын бірі – оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.
Қазіргі таңда жеке адамның жан-жақты дамуына үлкен мән беріліп отыр. Жас жеткіншектердің келешегін оның отбасының материалдық тұрмысы емес, қабілеті, талабы, ерік күші айқындауы керек. Баланың бойына өзіне деген сенімділік, жауапкершілік сезімдерін үйде ата-анасы, мектепте ұстаздар сіңіреді.

Қазақстанда информатиканы жобалау әдісімен оқыту әдістерінің теориялық негіздерін Е.Ы.Бидайбеков, Е.Ө.Медеуов, Т.О.Балықбаев, Ж.К.Нұрбекова, А.Е.Сағымбаева, Г.А.Абдулкаримова және т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген. Нақты тақырыпқа қатысты информатиканың программалау негіздерін жобалау әдісін қолдану әдістемесін жетілдіру мәселесі А.Т.Байбақтинаның зерттеу жұмысында қарастырылған. Бұл жұмыста тек қана программалау негіздерін жобалау әдісі арқылы оқыту мәселесі зерттелген.

Сондықтан зерттеуде жобалау әдісі мәселе ретінде қарастырылып, мектеп информатикасын сапалы оқытуда бұл әдістің тиімділігін анықтау көзделді. Соған орай оқыту үдерісінде базалық-нормативтік құжаттардан бастап оқу-әдістемелік кешендер, оқытудың әдістемелік жүйесі құрауыштары мен әрекет етуші тұлғалар өзара тығыз байланыста басты мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылды [1].

Жобалау әдісінің сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында оқушының информатика тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады [2]. Осы үдерісте оқушының ерік-жігері, жоспарлау қабілеті, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Бұл әдіс информатика пәнін үйренуші оқушының дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде, болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтенуіне қызмет етеді.

Оқу барысында оқушыны өз бетімен іздене отырып, өзіне деген сенімділік күшін тудырып, өз ойын анық жеткізе біліп, дұрыс шешім қабылдауға, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бейімдеу қажет. Дәстүрлі сабақ беру жүйесінде оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауғ а мақсатты, әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда.

Жобалау технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі. Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдісі болып табылады. Жобалау әдісі, ол ынтымақтастықта оқыту, оның түпкі тамыры педагогикалық тұрғыда емес, ең бастысы әлеуметтік тұрғыда, кең түрде адамзат байланысының көкейкестілігін ұғыну, бір проблемаға түрлі көзқараспен қарау, «қажетті» мен «бардың» арасындағы қарама-қайшылықты анықтау.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мекемелерде информатика пәнін жобалау әдісі негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін

танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын - білімдік, тәрбиелік, дамытушылық - қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен оқушы мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады да, игерілген білім құзыреттілікке ауысады.

Әдебиеттер:

Секербекқызы С.Р. Жобалау және кейс технологиясы. “Ұстаз үні”.2007ж.

Информатика сабағын жобалау әдісі арқылы оқытудың тиімділігі //Қазақстан кәсіпкері – Профессионал Казахстана. -2006.-№3 (27). 48-52б.

UDC 37.091.3

THE USE OF GAMES FOR PRESENTING AND REVISING VOCABULARY

Tillabek D.N.- student of M17-03-30 group

Supervisor: Duisenova M.M.- Phd,senior teacher

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақалада балаларға жаңа сөздерді жаттатудағы ойынның маңызды рөлі жайлы баяндалады. Және оқу барысында балалардың қызығушылығын ояту үшін мұғалімнің қызметі жоғары болатындығы, сондай-ақ ерте жастағы балалар үшін сөздік жаттау барысында дидактикалық ойындардың қандай түрлерін қолдануға болатындығы жайлы қысқаша тоқталып өтілген. Сонымен қатар балалар үшін ойын арқылы оқудың маңыздылғы сипатталған.

"Today we need to achieve the provision of high – quality educational services in the country at the level of World Standards," said the head of State, Nursultan Nazarbayev [1- 3p.].

It is our duty to faithfully fulfill the burden of the teacher. First of all, the teacher needs to master his subject thoroughly. To do this, we need to constantly search, improve our skills, and use best practices in accordance with the capabilities of students.

Game is one of the basic activities of children. Through the game, the child receives a lot of information from life, forms his own psychological characteristics, that is, through the game, the child receives knowledge. Carefully organized games that require attention of the child expand his mind, worldview, form his behavior, will. According to the largest psychologists, the child will be at work as soon as he grows up.

The game is the most accessible and interesting type of activity for children, a method of assimilation of impressions received from the surrounding world. Children are united by a common goal, joint efforts to achieve it, and common experiences. Through the game, the child receives a lot of information from life, forms his own psychological characteristics, that is, through the game, the child receives knowledge. Carefully organized games that require attention of the child

expand his mind, worldview, form his behavior.

According to the largest psychologists, the child will be at work as soon as he grows up. The game is the first step in human cognition of life. The life of a young child, knowledge of the environment, attitude to work, psychological characteristics are formed in the game. Children feel free in the game, they are observed through the act of curiosity, ingenuity (feeling, perception, thinking, attention and etc.) Is immersed in the action of various psychological sensations. In the game, the child experiences a sense of joy and resentment, as in the video life itself. "The game is a life experience for a child," M. Zhumabayev noted, for example, in schools with the Kazakh language of instruction, the elements of the game, which are properly used in English lessons, increase students ' motivation, acquire knowledge skills and improve their skills [2-40 p.].

Each method has games and exercises that have been created over the centuries by adults for children, and some by children themselves. For speech development, lexical exercises and all types of game activities are used. In this paper, we describe about didactic games that helps children improve their vocabulary.

Using any kinds of games in the lesson helps in mastering language in an entertaining way, develops memory, intelligence,
attention, and also supports interest in a foreign language.

The didactic game is the first and most necessary element of the
educational game. It is aimed at communication, consolidation, systematization of knowledge, assimilation of ways to solve the problem, the formation of a positive attitude of students to the subject of a foreign language, the development of cognitive activity. The use of a didactic game in the teaching process proof learning a foreign language interesting, exciting and
informative for students.

We must emphasize that today there is a tendency to increase the use of didactic games in school. If earlier in the lesson the central place was given to the teacher, today the first position is occupied by students.

The use of this method allows the teacher not only to build
the lesson is interesting and informative for students, but also to test their knowledge in practice during the game. Didactic games are among the popular teaching methods that are used today in schools, and also occupy one of the first places for use in the classroom foreign language as a generally recognized form of oral development school children.

The term didactic games does not mean a separate type of games, but suggests that the games are mainly aimed at the teaching profession. As the analysis of a number of works concerning pedagogical (didactic) games shows, they deal with imitation games: business, role-playing, psychotechnical or a combination of them. It is the plot of the game, the analysis, the principles and techniques of organizing game classes that ensure the effectiveness of psychological and pedagogical training and retraining of teachers. In contrast to game didactic techniques (quizzes, crosswords, various types of contests of pedagogical content), we call business, role-playing and

psychotechnical game situations imitation didactic games [3-60 p.].
By its psychological nature and the way of organizing training, didactic play is a two-pronged activity, since it is motivated by the desire of participants to achieve two kinds of interrelated goals - game and pedagogical (on the listener's side - educational), with the latter dominating the role (the goals of training and education).
This article explores a special kind of didactic games - games with the use of a picture. Combine didactic game and a work of art allowed the following: the game is a work of art have
a property of conditional permission ("imaginary situation") (Yu. M. Lotman, S. L. Rubinstein, D. B. Elkonin); are the means
knowledge, leisure, realities of culture, cultural values, perform
communicative function; the game is aimed at the development of social experience, art is also a kind of experience, transmission view of reality, perform a huge role in the process of speech activity, because they create a creative environment, interest, form motivation, serve as a stimulus, and contribute to the "arousal" of the emotional state [4-52 p.].
Thus, the work of painting and the game allow "to organize real communication in the educational sphere with the implementation of the students' socio-communicative role in the extralinguistic situation dictated by the picture " (L. A. Khodyakova) [5-61 p.].
Based on the above features of the didactic game, we can say that it implements the following basic psychological and pedagogical principles.
1.The principle of simulation modeling of specific conditions and dynamics of production and game modeling of the content of professional activities of specialists. Thus, the didactic game is a complex symbolic substitution of two realities - production processes ("the sign of the professional environment") and the content of professional work ("the sign of professional activity"). In accordance with this principle, the game developer should create both a simulation model of the lesson and a game model of the professional pedagogical activity of the teachers involved in it. The deployment of these two models in the live educational process creates the subject and social contexts of learning new things, the development of professional competence.
2.The principle of communicative-speech correspondence
3.The principle of ethno-cultural correlation, taking into account the national, cultural, and religious differences of representatives of different nationalities.
4.The principle of the problematic content of the educational business game and the process of its deployment in the cognitive activity of students.
5.The principle of joint activity of participants in the conditions of role interaction, separation and integration of the pedagogical functions of teachers imitated in the game.
6.The principle of dialogical communication and interaction of partners in the game as a necessary condition for solving educational tasks, preparing and making

coordinated decisions, and developing cognitive activity.
7.The principle of two-dimensional game learning activities-the achievement of game goals serves as a means of realizing the goals of the teacher's personal development, the goals of training and education [6-312p.].
The formulated principles that reflect the knowledge of the learning process, its components, logic and internal connections, can be most useful for practice if they are considered in unity. Each of the principles seems to be a continuation and development of the others, and in general they set a certain concept of didactic play - as a form of contextual, sign-contextual learning. These principles, in my opinion, are valid for all game methods, but depending on the specifics of each, the degree of detail and expression of a particular principle may vary.
In conclusion I want to say through the game, the student develops logical thinking, learns to work independently, enriches the vocabulary, develops the language, forms attention, increases observation, teaches mutual respect, teaches discipline, increases trust in each other, increases interest in the lesson.
In the course of my research, I came to the following conclusions:
1.Introducing the didactic game in the system of professional development, it is necessary to proceed from the fact that this game is a planned training - a method of developing the ability to master complex activities, didactic means of developing the creative attitude of a specialist to the theory and practice of their business.
2.The game helps to make effective pedagogical decisions based on the analysis of multifactorial information. Therefore, it reveals, first of all, a good knowledge of the subject laid down in the foundation of training. Hence the methodological requirement: the game should be preceded by a system of classes in which students of advanced training courses get a solid knowledge of the methods, techniques, and technologies of training.
3.The structure of the game as an individual activity includes the following stages: a) goal setting; b) planning; c) goal realization; and d) analysis of the results, in which the individual fully realizes himself as a subject. The motivation of the game activity is provided by its voluntary nature, the possibility of choice and elements of competition, satisfaction of the needs of self-affirmation, self-realization.
4.The structure of the game as a process includes: a) the roles assumed by the players; b) game actions as a means of implementing these roles; c) the game use of objects, i.e. the replacement of real things with game, conditional ones; d) real relations between the players; e) the plot (content) - the area of reality, conditionally reproduced in the game.

References:

Мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі 3 жастан 5жасқа дейінгі балаларға білім беру стандарты. Ресми басылым. Астана. 2007ж
Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991
Активные методы обучения в природоохранном образовании (дискуссии, ролевая и имитационная игра) / Под ред. Д. И. Кавтарадзе. М.: изд-во МГУ, 1982. 52 с.
Кабанова Е.В. Дебрифинг как элемент урока-игры// Исследовательский поиск учёных современной методической науки. (К юбилею профессора Е.Г. Шаговой) - М: МПГУ, 2002,

с. 60 - 62.
Классификация дидактических игр по картине при обучении речевому общению // Сост. проф. АД. Дейкина, проф. Л.А. Ходякова. -М.: МПГУ, 2002, с. 314 - 320.

ӘОЖ 378

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

Кәдірбек А.А. – 1505-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Мұратова М.Ә. магистр - оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

В этой статье говорится об обучении в онлайн формате, который был внедрен в сзязи с пандемии. Также говорится о технологиях которые мы можем использывать во время дистанционного обучения.

Қашықтан оқыту (ҚО) – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беруде қызмет көрсетудің маркетингтік көзқарастарын кеңінен қолданатын ғылыми-технологиялық революцияның жоғары технологиялық өнімі. Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. Заманауи технологиялар мыңдаған километр бөліп турған студенттер мен оқытушы арасын байланыстырушы болып табылады. Оқыту корпоративтік желіде, Интернет желісінде, электрондық пошта арқылы және басқа заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Мақала қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелеріне арналған. Мақалада қашықтықтан оқытудың негізгі бағыттары, қашықтықтан оқыту мен дәстүрлі білім берудің айырмашылықтары көрсетілген. Қашықтықтан оқытудағы оқушылар мен мұғалімдер. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі педагогикалық қолданылуы, және өзектілігі.

Қашықтықтан оқыту көп жылдан бері оқу орындарында дәстүрлі түрде өз орнын тауып келген оқытудың бір түрі екендігі бәрімізге мәлім. Дегенмен, қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты бұл оқыту түрінің маңыздылығы арта түсті. Себебі еліміздегі мектептер Covid-19-дың таралу қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды қашықтықтан оқытуға кірісті. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Яғни, қашықтықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіншілік туғызып отыр.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.
Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.
Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.
Бүгінде білім саласы өзгеріс үстінде тұр. Қашықтан оқыту жағдайында жекелеген мұғалімдер жаңа жұмыс форматына бейімделе алмады, бұл олардың күйзелісі мен түңілуі сияқты жай-күйінің бұзылуына әкеліп соқтырды. Танымал футуролог Элвин Тоффлердің: «XXI ғасырда сауатсыз деп танылатындар жазу мен оқуды білмейтіндер емес, оқып, үйреніп және қайта оқи алмайтындар», – деген пікірі өте өзекті болып тұр.
Қашықтықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындарының барлығы бір бірінен белгілі қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Қашықтықтан білім беру жүйесі дамыған елдер де мемлекет деңгейінде қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда. Мысалы, алпауыт елдердің бірі Америка құрама штаттарында 1995 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарының 58% қашықтықтан оқыту технологиясына тәжірбие жасап, бұл технологияның тиімді екенін алға тартқан. Қазірде коронавирустың кесірінен бұл елде мыңдаған оқу орындары осы технология бойынша жұмыс жасауда.
Қазір дәрістер мен сабақтар онлайн *Zoom* бағдарламасы арқылы өткізіліп жатыр. Zoom ның ерекшелігі – ол онлайн сабақта қанша адам отырғанын білуге, сұрақ қоюға, студенттерді топтарға бөліп дискуссия ұйымдастыруға, пікір білдіруге зор мүмкіндік береді. Профессор сабаққа дейін презентациясын Canvas қа жүктейді, ал онлайн дәріс кезінде Zoom арқылы оны пайдаланып сабақты түсіндіреді. Осылайша профессорлар студенттерге кез келген сәтте қол көтеріп сұрақ қоюға немесе комментарий жасауға мүмкіндік береді.
Қашықтықтан оқытудың оңай немесе қиын деп айта алмаймын. Мен үшін университет қабырғасында оқыған ыңғайлы әрі тиімді. Қашықтықтан оқыту кампустағы студенттерді көптеген мүмкіндіктерден айырады. Атап айтсақ, ең алдымен өзіңді шынымен студент сезіну үшін университет қабырғасында болу

шарт деп ойлаймын. Содан кейін аудиторияда профессордың дәрісін тыңдау, оған сұрақ қою, басқа студенттермен сабақ бойынша мәселелерді талқылау, өз ойыңды білдіру өте маңызды. Бірақ мұны онлайн сабақтарда да жасауға болады, алайда сыныпта өтетін сабақтың артықшылығы айтарлықтай көп. Бұл пікіріммен студенттердің көпшілігі келісетініне сенімдімін. Өйткені сабақ онлайнға өтеді деп алғашқы ақпарат алған кезде көптеген студенттер наразылығын білдіріп жатты, бірқатары өз штаттарына немесе өз елдеріне қайтып кетті.

Екіншіден, кампуста түрлі ғылыми және оқу үрдісіне қатысты іс шаралар, дөңгелек үстелдер, дәрістер мен кездесулер күнде өтіп тұратын. Бұл біліміңді арттыруға, басқа студенттермен және профессорлармен қарым-қатынасты орнатуға, нетворкинг жасауға, ғылыми мәселелерді талқылау сынды керемет мүмкіндіктерге ие боласың. Қазір өкінішке орай бұл мүмкіндіктен уақытша айрылып отырмыз. Үшіншіден, университетте кітапханаларда оқу, принтерді пайдалану, материалдарды сканер және копия жасау, компьютерлерді пайдалану, топ болып дайындалу үшін оқу бөлмелерін пайдалануға болатын. Алайда қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Үйде жіпсіз байланып отырып, Skype, Zoom, What’s App, Messenger сынды бағдарламалар арқылы немесе ұялы телефонмен ғана бір-бірімізбен байланысқа шығып, оқу үрдісін жалғастыруып отырмыз. Төртіншіден, университет қабырғасында оқытушы профессорлармен офис сағатын белгілеу арқылы кездесіп сабақ бойынша түсінбеген жерлерді сұрауға және кеңестер алуға мүмкіндік бар еді.

Қорыта келе, халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Ендеше осындай сын сағатта ел білім-ғылым саласынан береке-бірілік пен сапалы жұмысты күтеді. Цифрлық технологияны меңгерген мамандарымыз ақпараттық жүйедегі білім саласын жаңа деңгейге көтеретініне сенімдіміз.

Қауіпті індет күннен күнге ушығып, әлемнің 150 астам елін шарпыған COVID-19 коронавирусы жаһандық экономикаға да қатты соққы тигізгені бар. Құлдырап бара жатқан экономиканы көтеру болашақ жастардың қолында. Дегемен де, білім жетілген заманда мектеп оқушылары, студенттер немесе магистранттар қашықтан оқытылса да қатардан қалмайды дегенге сенім бар.

Әдебиеттер:

1. Дистанционное образование в период пандемии: сборник статей./ главный редактор Сыдыков Е. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 435 с.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – Б. 18-19; 38-39; 118-119; 460-461.
3. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)
5. Гусев Д.А. Заметки о пользе дистанционного обучения.

ӘӨЖ

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Смаил Д.М. - 123-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қаражігітова К.Н. - п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық унивеситеті, Шымкент.

Резюме

В статье рассматриваются основы формирования самопознания студентов по дисциплину самопознания.

Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясының шешуші басымдықтарының бірі – осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беруді дамыту векторы адам мен адамзаттың толыққанды өмір сүруінің басты шарты ретінде алынған руханилықпен анықталатын өмір сапасын қамтамасыз ету – ғылымның осы аталған қызметін жүзеге асыру философия ғылымының бірсаласы ретінде қалыптасып, зерттеу нысанасын жеке тұлғаның оқу, тәрбие, даму мәселелері деп анықтаған педагогика ғылымының еншісінде. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы, еліміздің Бірінші Ханымы Сара Алпысқызы тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесін көтерді. Рухани-адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдығы туралы сөз қозғауда қазіргі замандағы жаһандық мәселелер, адамзаттың жалпы дүниежүзілік тұтастығы мен рухани-адамгершілік құндылықтардың сипаты жан-жақты қарастырылып, жалпы адамзаттық құндылықтардың мәнін ашу көзделіп отырғаны белгілі.
Оқушының іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушыдан шығармашылық іс-әрекетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оған байланысты оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тақырыбын мәселе етіп таңдап алдым. Бұл мәселені алудағы мақсатым- оқытудың жаңаша әдіс–тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасын қалыптасуына жол ашу шығармашылығын дамыту. «Өзін-өзі тану» пәні адам баласына шынайы бақытқа жетуге, өмірлік жан тыныштығына жетуге мүмкіндіктер тудырады. Сонымен бірге, адам мінезінің кемелденуіне, тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндіктер тудырады. Бүгінгі қоғамның болашағы білім жүйесіне тәуелді деп білеміз, себебі бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел болашағы екендігі анық. Оқушылардың зерттеу іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындауда – адамның өзін-өзі тануы, бақыт пен өмірлік табысқа жету үшін өзінің шексіз мүмкіндіктерін ашаалуына баса назараударылады. Осы орайда, оқушылардың зерттеу мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытуда, дүниетанымын қалыптастырып, салауаттылыққа тәрбиелеуде «Өзін-өзі тану» пәнінің орны ерекше.

Әр адамның рухани әлемі өзіндік локальді жүйе іспетті. Оның қалыптасуында, дамуында өзіндік дербес ерекшеліктер болады. Бұл даралықтың қасиеттерін бедерсіздендіру, унификациялау тоталитарлық қоғамға тән құбылыс. Ал, енді демократияландуға деген бетбұрыс бұл даралықтың қасиеттерін айқындай, айғақтай түсу деген сөз. Сонда ғана жаңа мәдени құндылықтардың пайда болғанына, қалыптаса бастауына куә бола аламыз.

Оқушының зерттеу іс-әрекеті танымдық белсенділікті арттыру, креативтілікті дамыту және белгілі бір тұлғалық қасиеттердің, соның ішінде ұжымда жұмыс жасау білігі, жауапкершілікті өзінеалу білігі, өз әрекеттерін талдау біліктерінің қалыптасуы болып табылады.

Біздің ойымызша, оқушылардааталған зерттеуіс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру үшін әр түрлі инновацялық технологияларды атап айтқанда: ақпараттық-коммуникациялық, денсаулық сақтаушы технологиялар, жобалау әдісі, тұлғаға бағдарланған оқыту технологияларын қолдану қажет. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту – ол зерттеу әдістерін меңгеру жәнеоларды кез-келген оқу пәні материалдарын зерттеуде қолданаалу мүмкіндігі болуы керек. Алған білімдері мен біліктіліктерін әрі қарай өзін-өзіанықтауына ықпал ететіндей қызығушылығын ояту қажет. Мектептегі түрлі ғылыми бағыттар түрліоқу пәндеріарқылы беріледі, тұтастай таным үрдістеріне қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың зерттеу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру үшін қойылған мақсатқа қол жеткізетіндей жағдай жасау және оны орнықтыру керек. Зерттеу іс-әрекетін қалыптастырудың шарттары:

Мотивациялау, қызығушылықты ояту. Оқушыларға өз шығармашылығы бойынша зерттеу іс-әрекетінің маңызын түсінуге, оны жүзеге асыру жолдарын, өз таланты мен мүмкіндіктерін көрсете алуға көмектесу қажет.

Мақсат көздеу және жүйелілік. Зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар сабақ және сабақтан тыс іс-әрекет түрінде өтуі тиіс. Мұғалім әдебиеттік оқу, жаратылыстану, өзін-өзі тану, қазақ тілі, математика т.б пәндердің материалдары негізінде зерттеу іс-әрекетін жүргізуге бағыт бере алады.

Шығармашылық орта құру. Мұғалім оқушылар ұжымымен шығармашылық орта құрып, оны зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын оятып, тақырып таңдап, мәселелерді анықтап, оны шешудің жолдарына бағыт беріп, тапсырмаларды орындаудың жолдарын түсіндіріп, көрсетеді.

Психологиялық жайлылық туындату. Мұғалімнің міндетерінің бірі-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін байқап, оның ұшқындарын көре біліп, зерттеушілік ізденіске ұмтылысын бағалап отыруы керек. Олар қателік жіберуден қорықпағаны маңызды. Әрбір оқушының өз күшін байқап, өзіне -өзі сенімді болуға жағдай жасауы қажет.

Мұғалімнің жеке басынының үлгі болуы. Оқушылардың зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру және оны дамыту үшін мұғалімнің өзі шығармашыл тұлға болуы,

жаңалыққа жаршы болуы, зерттеу жүргізуге арнайы орта құра білетін қабілетінің болуы, білімі мен дайындығы бар мұғалім болуы шарт.
Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруі. Зерттеушілік іс-әрекет оқушылардың қабылдауына, жасына сай, қызықты әрі пайдалы болуы керек. Аталған шарттар орындалған жағдайда зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру үдересін табысты жүзеге асыруға болады деп есептейміз [15].
Ойымызды қорытындылай келе, жоғарыда аталған жағдаяттарды қорытындылай отырып, адамзат баласының өзін-өзі тану бойынша негізгі қажеттілігі адамның туа пайда болған қажеттіліктерінің басты көрінісі деп қорытынды жасауымызға болады. Адам баласы өзін-өзі тану қажеттілігін былай қойып, әлеуметтік ортаны тану қажеттіліктерін қамтамасыз етпей өмір сүре де, дами да алмайтыны анық. Өзін-өзі танудағы негізгі обьективтілік қажеттілік осы екі қажеттіліктерді бірдей қамтамасыз ету болып табылады. «Өзін-өзі» тану пәні оқушының әлеуметтік ортаға бейімделуін де ең маңызды орын алады. «Өзін-өзі» тану пәнін оқушыларға оқыта отырып болашақта жауапкершілігі жоғары, зерттеу іс-әрекетіне бейімі бар тұлғаларды даярлай аламыз.

Әдебиеттер:

Искакова, М.С. Өзін-өзі тану [Мәтін]: оқу құралы / М.С. Искакова, А.Ә. Әкімбаев.- Алматы: Эверо, 2019.- 150б.
Искакова, М.С. Өзін-өзі тану пәнінен методикалық оқулық [Мәтін] / М.С. Искакова [ж.б.].- Алматы: Эверо, 2016.- 150 б.
Байтілен, С.А. Қоғамтану және өзін-өзі тануды [Мәтін] / С.А. Байтілен, Е.С. Байтіленова.- Алматы: Отан, 2016.- 144б.

ӘӨЖ

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Абдуаримова Ж.Е. – 1505-19А тобының студенті
Ғылыми жетекші: Оралбекова А. К. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article addresses questions such as “What is distance learning?”, “What are the types of distance learning?”, “What are the advantages and disadvantages of distance learning?”.

Біздің өміріміздің барлық салаларына әсер еткен Интернеттің пайда болуы мен таралуы білім беру саласына елеулі өзгерістерді ұшыратып қана қоймай, түбегейлі әр түрлі формаларға әкеп соқты. Алайда, «үйрену» сөзі айтылғанда, ассоциативті түрде қандай бейнелер пайда болады? Үстелдер, тақта, бор; жиналыс бөлмесі, магниттік тақта және маркерлер мен оқулықтар. Мұның бәрі бұрын оқығандарға өте жақсы таныс және дәстүрлі білім берудің классикалық элементтері бүгінгі күнге дейін жемісті болғанымен, оқу процесін едәуір оңтайландыратын жаңа технологиялар пайда болады және даму үстінде. [1].

Бұл мақалада біз онлайн-оқытудың негізгі түрлері мен әдістерін, оң және теріс жақтарын қарастырамыз, сонымен қатар «Интернеттегі оқыту дәстүрлі сияқты тиімді бола ала ма?» Деген сұраққа жауап береміз. Алдымен «Интернеттегі оқыту» терминін ашайық. Бартли мен Голектің мұғалім мен оқушының қашықтықтағы қарым-қатынасын және сыныптағы бетпе-бет қарым-қатынасты салыстыру туралы мақаласындағы қысқаша анықтама: «Интернеттегі оқыту - қашықтықтан оқыту түрі». Сонымен, «онлайн»- «қашықтан» дегенді білдіреді [2].

Алайда, бұл форматтың әр түрлі салалары бар, мысалы, қашықтықтан білім беру және бетпе-бет оқыту әдістерін біріктіретін гибридті түрін айтсақ болады. Интернеттегі оқыту дегеніміз таза оқытушы немесе оқушының физикалық қатысуынсыз Интернет арқылы жүзеге асырылатын білім беру қызметі.2020 жылы онлайн-оқытудың қандай тенденциялары басым? EdMarket пікірі бойынша, адаптивті оқыту бірінші орында. Бұл тәсілдің мәні мынада: студент әрбір келесі сабақты алдыңғы сабақтарға қарағанда қалай өткенін біле алады. Осылайша, онлайн-оқыту жүйесі студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделеді. Екінші айқын тенденция - бұл шағын автономды бірліктерге ұзақ жолды бөлуден тұратын микрооқу. Бұл тәсілдің пайдасын біз студенттердің оқудағы мотивацияға жағымды әсер ететін көлемдік курстармен салыстырғанда енгізу мен қабылдаудың едәуір жеңілдігінде көреміз [3].

Көптеген жылдар бойы трендтер тізімінде геймификация жоғары орынға ие болды. Шынында да, ойын элементтері мен технологиялары студенттерді қызықтыруға көмектеседі, сондықтан геймификация танымал. Жаңа трендтердің бірі - чат-боттар немесе дауыстық боттар, олардың басты мақсаты студенттерге жеке қолдау көрсету. Боттардың міндеттері өте алуан түрлі: ақпарат, мазмұн іздеу, нақты тапсырмаларды орындауға көмектесу, техникалық қолдау және т.б. [4].

1-кестеде желілік оқытудың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілген:

Интернеттегі оқытудың артықшылықтары	Интернеттегі оқытудың кемшіліктері
сіз қай жерде және қашан қаласаңыз да оқи аласыз; оқыту үшін сізге тек тұрақты интернет байланысы бар компьютер, ноутбук немесе планшет қажет;	Жеткіліксіз техникалық жабдықтар;
Сізде ақпарат алмасудың алуан түрлі тәсілдері болады (платформалар, бағдарламалар, қосымшалар және т.б.);	Нашар байланыс сапасы және интернет байланысы;
Шалғай аудандарда тұратын немесе мүмкіндігі шектеулі тәрбиешілер жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады;	Белгілі бір платформалармен және қосымшалармен жұмыс істеуді үйрену қажеттілігі;
Шалғай аудандардан келген немесе	Сабақтағы процеске белсенді қатысуға

мүмкіндігі шектеулі оқушылар сапалы білім алуға қол жеткізеді;	кедергі болатын психологиялық блок (оқшаулану сезімі, мысалы, желілік оқыту принципіне деген скептикалық қатынас);
Уақыт үнемдейсің.	Денсаулығын нашарлайды.

1-кестеде көрсетілгендей, онлайн-формат студенттер мен тәрбиешілерге білім алуға (бұл студенттер үшін өте маңызды) және еңбекке ақы төлеуге (мұғалімдер үшін өте маңызды) байланысты артықшылықтар мен кемшіліктер көрсетілген. Сонымен, онлайн білім беру форматы қаншалықты тиімді? Навarро мен етікшіні жүйелі түрде талдаудан, қашықтықтан оқыған студенттер, сайып келгенде, классикалық бетпе-бет оқытуды жақтаушыларға қарағанда жақсы нәтиже көрсеткендігін байқауға болады [5].

Интернеттегі оқытудың тиімділігін қолдайтын ең танымал және ең ауқымды зерттеу - бұл Стэнфорд ғылыми-зерттеу институтында өткізілген мета-талдау. 45 зерттеуді талдаудың нәтижелері бойынша ғалымдар тек қашықтағы өзара әрекеттесу оқу сапасын жақсартады (өте аз болса да), ал гибридті форматта оқыған студенттер жақсы нәтиже көрсетеді екен. Микрооқу, бейне мазмұны және ойын элементтері туралы айтатын болсақ, бұл құралдар белгілі бір мәселелерді шешуге жақсы және жалпы оқытуды ұйымдастыруға жарамсыз. Біздің ойымызша, микрооқу форматы біртұтас макро курста шығарылуы керек, өйткені микроблоктар жүйелік білім мен білімді игеру үшін емес, белгілі бір дағдыларды игеру үшін қолдануға ыңғайлы. Сол сияқты ойындар мен бейнематериалдар практикалық дағдыларды үйрену жағдайында пайдалы.Жүргізілген зерттеулер негізінде Language Profi мектебі нұсқалар да ұсынды. Интерактивті оқыту үшін Edmodo және Quizlet сияқты платформалар белсенді қолданылады, олар оқуда алдын-ала оң нәтиже көрсетеді [6].

Әдебиеттер:

«Желілік білім беру мен білім беру технологияларының ресейлік нарығын зерттеу» жүйелік зерттеулері [Электрондық ресурс] / HSE, IIDF, FOM, comScore, East-West Digital News. 2017 URL: https://www.hse.ru/news/208978600.html (кіру күні 2.04.2019).

Bartley, S. J., Golek, J. H. / Интернеттегі және бетпе-бет нұсқаулардың экономикалық тиімділігін бағалау / S. Дж.Бартли, Дж. Х. Голек // Білім беру технологиялары және қоғам. - 2004 - № 7 (4). - б. 167-175.

Чербаков В. Тиімді микро оқудың 6 қағидасы / В. Чербаков // EdMarket [Электрондық ресурс]. - 2018 URL: https://edmarket.ru/blog/microlearning (кіру күні 2.04.2019).

YouTube-тің мәдени ландшафтқа қосқан үлесі: брендтерге арналған фактілер мен тұжырымдар // Google-мен ойлаңыз [Электрондық ресурс]. - 2018 URL: https://www.thinkwithgoogle.com/intl/ru-ru/ad-solutions/video/youtube-cultural-impact/ (кіру күні 4 мамыр 2019 ж.).

Навarро, П., аяқ киім жасаушы, Дж. / Киберкеңістіктегі қашықтықтан білім алушылардың өнімділігі және қабылдауы / П.Навarро, Дж. Шимейкер // Американдық қашықтықтан оқыту журналы. - 2000 - № 14 (2). - б. 15-35.

Means, B., Тояма, Ю., Мерфи, Р., Бакия, М., Джонс, К. Зерттеулер. Монография »: аналитикалық шолу, қыркүйек, 2010 жыл, Стэнфорд ғылыми-зерттеу институты [Электрондық ресурс]. URL: http://www.ed.gov/about/offices/list/opepd/ppss/reports.html (қол жеткізілген күні 2.04.2019).

ӘӨЖ

ОҚУШЫЛАРҒА «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘҢГІМЕ ӘДІСІНІҢ РӨЛІ

СапаралыА.Ғ. - 123-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қаражігітова К.Н. - п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық унивеситеті, Шымкент.

Резюме

В статье рассматривается роль разговорных методов в формировании духовно-нравственных качеств студентов по дисциплину «Самопознание».

«Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ беруде оқытушылардың басты міндеттерінің бірі – әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алу. Өзін-өзі тану пәнін оқытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабақтын мәнін ашуға, оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Қазіргі заманның талабына сай білім беру үшін бүгінгі таңда оқытудың мазмұнын өзгерту, яғни білім беру сапасын арттыру қажеттілігі туындап отыр. Көптеген педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланып келеді.

Әңгіме – оқытудың диалогтік әдісі, мұнда мұғалім жете ойластырылған сұрақтар жүйесінің қойылуы жолымен оқушылардың жаңа материалды түсінуіне ықпал етеді немесе өткенді меңгеруін тексереді.

Әңгіменің мақсаты – бұрын меңгерген білімді көкейкесті ету, оқушылардың алдағы тұрған міндеттерді шешуі үшін оқу-танымдық іс-әрекетке олардың белсенді қатысуына зейінін, мүмкіндіктерін шоғырландыру. Әңгіме барысында оқушылардың жаңаны тануға дайындығы мен түсіну дәрежесі анықталады.

Әңгімелесу – дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды. Сократ (469-399 б.э.д.) «...Өзін білетін адам, өзі үшін ненің жақсы екенін біледі және не істей алатыны мен қолынан ненің келмейтінін ажырата алады.... Дегенмен, мен сенімен бірге ой жүгіртіп және іздестіргім келеді»,- деген.

М.Монтень (1533-1592) «Мен мұғалімнің әуел бастан балалардың қабілетіне сәйкес талғамын дамыта отырып, өз ойларын ашық айтуға, олардың арасынан таңдау жасауды, ажырата білуді талап еткенін қалаймын»- деген өте тамаша ой» айтқан.

Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде «...Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады»,- деген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)«Оқытудың ең үздік тәсілі – әңгіме, ол мұғалімнің тәлімгерлік шеннен түсіп, оқушылармен тең дәрежеде ақиқат іздеушіге (оқудағы болса да) айналады. Әңгімелесуде басты мәселелер: Отан, адам бойындағы Руханилық пен Адамгершілік туралы ой толғау керек.

Сабақтағы әңгімелер адамның бойындағы адамгершілік құндылықтарды анықтау үшін үлкен рөл атқарады. Өмірден неше түрлі әңгімелер мен оқиғалар алуға

болады. Адамгершілік тақырыптағы көптеген әңгімелер жинағы бар. Өз сабақтарыңызда әңгімелерді, өсиетнамаларды қолдана адамгершілік құндылықтар туралы түсінік беріп, өмірлік тәжірибелерден мысал келтіру арқылы сабақты өте мазмұнды етуге болады. Қазақстан жері түпкі тамырын біздің мәдениетіміз бен салт-дәстүрлерімізден алатын адамгершілік құндылықтарға толы түрлі аңыз, әңгімелер, ертегілер мен өсиеттерге өте бай.

Әрине, бала сөзді түсінген сәтінен бастап оған түрлі әңгімелер айта бастау қажет, бірақ, мәселе оны қай уақыттан бастау емес, оған неден бастап түсіндіруде. Біз ойланбастан ең қарапайым әңгімелерден бастаймыз. Мысалы, баланы қолымызда ұстап тұрып, оған құсты көрсетіп: «Бұл құс, оның екі қанаты, екі аяғы мен тұмсығы бар, ол шықылықтайды» деп түсіндіреміз. Осының өзі қарапайым оқиға негізі болып табылады. Кез- келген балақай барлығын біліп, түсінгісі келеді: балалар табиғатынан тануға деген ықыласы басым болып туады. Міне, сондықтан да ешқашан балаға түсіндіру, әңгіме айту ерте болмайды.

Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе немесе сабақтың тұсаукесерін ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекеттің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады. Әңгімелесу әдісі оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді.

Педагогтар әңгімелер мен оқиғаларды балалардың жас ерекшеліктері мен интеллектуалдық түсініктері мен деңгейлеріне сәйкес таңдауды ұсынады.

Оқиғаны баяндау:

1. Балаларға білім береді.
2. Тыңдау және назар сала білуге үйретеді.
3. Баяндаушы мен тыңдаушы арасында байланыс тудырады.
4. Шығармашылық және елестету қабілеттерін ынталандыруға көмектеседі.
5. Дем алу, жақсы көңіл-күй мен қуаныш сыйлайды.
6. Оқушыға үйреткелі тұрған құндылықты есте сақтау мүмкіндігін береді.
7. Жақсы мінезді қалыптастыруға іспеттеседі.

Яғни, әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

• оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын айтуға үнемі қатыстыру арқылы оқу-танымдық қызметін белсенді етуі;

• басқа оқушылардың түрлі идеяларын тыңдауға үйрену арқылы, оқушылардың өз білімі мен идеяларын бағалай алуы, құрдастарының пікірін құрметтеуге үйрену;

• мұғалім үшін жақсы диагностикалық құрал, әр оқушының білімі мен пайымын байқауға болады;

•құрдастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасқа түсуді үйретететін үлкен тәрбиелік күші бар.

• ес пен тілді дамытады, сабаққа қызығушылығы артады және барлық оқушыны сабаққа тартудағы тиімді әдіс;

“Өзін-өзі тану” бойынша оқулықтарда көптеген мазмұнды әңгімелер мен аңыздар берілсе де, мұғалімде міндетті түрде рухани-адамгершілік мазмұнындағы әдебиеттер жинағы болғаны дұрыс. Өзінің жеке кітапханасындағы аңыз, әңгімелер, ертегілер мен өмірден алған оқиғаларды мұғалім сабақтың құндылық тереңдігін ашу үшін өзінен балаларға сыйлық ретінде ұсына алады. Оқушыларға мұндай ерекше әңгімелер өте ұнайды. Ол оқиғалар газет, журналдардан алған, теледидардан алынған материалдар болуы мүмкін. Бірақ олар міндетті түрде оқушыны адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа, яғни тәрбие беретіндей әсерлі болуы тиіс.

Әдебиеттер:

Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі [Мәтін]: оқу құралы / Ш.Ж. Арзымбетова.- Шымкент, 2014.- 163б.

Байтілен, С.А. Қоғамтану және өзін-өзі тануды [Мәтін] / С.А. Байтілен, Е.С. Байтіленова.- Алматы: Отан, 2016.- 144б.

Өзін-өзі тану KZ [Мәтін] = Самопознание KZ: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.- Алматы.- Жылына 12 рет шығады.

ӘОЖ 057.874

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Орынбасарова А.Ж., Уәлихан Н.Б. – 127-17 тобының студенттері

Ғылыми жетекші – Одаманова Г.П.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article discusses a set of teaching methods and tools for administering learning procedures and providing distance learning based on the use of modern information and telecommunications technologies.

Қазіргі уақытта студенттердің қызметін жандандыру үшін әр түрлі оқыту әдістері мен компьютерлік техниканы пайдалануға негізделген қазіргі заманғы білім беру технологиялары қолданылады. Білім беру мақсаттарында ақпараттық технологияларды игеру оларды желілік нұсқада, соның ішінде мультимедиа жүйесі мен құралдарын, электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беруді дамытуды көздейді. Білім беру процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасудың жаңа техникалық құралдарының пайда болуы және дамуы білім алушының негізгі сабағынан қол үзбей және тұрғылықты жерін ауыстырусыз білім алуға жағдай жасады. Олардың таралуымен университеттерде, біліктілікті арттыру жүйесінде, мектептерде оқытудың жаңа түрін қарқынды енгізу жүріп жатыр.

«Электрондық оқыту» ұғымы бүгінде «қашықтықтан оқыту» терминімен қатар қолданылады. Бұл АКТ негізінде оқытудың әртүрлі формалары мен тәсілдерін білдіретін кең ұғым. Бұл ұғымдарды толығырақ қарастырайық.

Электрондық оқыту (ЭО) - бұл білімді ұсыну және жеткізу, білім алушы мен білім алушының өзара іс-қимылын қолдау, сондай-ақ білімді бақылау үшін есептеу техникасы құралдарын және деректерді беру жүйелерін пайдалануға негізделген оқыту технологиясы. Бұл төмен шығындар кезінде жоғары деңгейді

оқыту, оқитындардың уәждемесін арттыру және процестің барлық қатысушыларына оның барлық кезеңдерінде нақты бақылау жасау. Қазіргі заманғы тез өзгеретін ортада жүйенің қызметкерлері үшін бұл өзгерістерді енгізетін ұйымдар өзгерістерге қорықпауы мүмкін. Оның үстіне, өзгерістер олардың артықшылығына айналады. Соңғы жылдары бұл қызметкерлердің қажетті біліктілік деңгейін қолдау проблемасын шешудегі рөлі айтарлықтай өсті. Бұл оқытудың қажетті көлемінің айтарлықтай өсуіне, оқытудың ұжымдық режимін қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне, білім алушылар мен білім алушылардың жедел өзара іс-қимылына (оның ішінде нақты уақыт режимінде), қашықтықтан оқыту курстары нарығының дамуына және басқа да факторларға байланысты.

Қазіргі кезеңде қашықтықтан оқыту технологиясы (білім беру процесі) - бұл қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде қашықтықтан оқу процесін жүргізуді қамтамасыз ететін оқу процедураларын әкімшілендіру және оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығы [4].

Қазіргі жағдайда білім беру сапасы ұсынылатын ақпарат жеткізу тәсілдерінің санына, кітапханалардың ақпараттық желілеріне, кәсіби қауымдастықтарға, ақпараттық арналарға қосылуына байланысты.

Оқытудың барлық нысандарында қашықтықтан оқыту технологиясы элементтерін толық масштабты іске асырудың дайындығын айқындайтын таңбалы элементтердің болуын мойындау керек:

интернетке кең жолақты шығатын жергілікті желі;

электрондық құжат айналымы жүйесі;

электрондық оқу-әдістемелік кешендер жүйесі оқу құралдары, тестілеу, автоматтандыру және статистика жүйелері бар;

аралық және қорытынды тестілеу жүйесі, барлық оқу пәндері бойынша тест базалары мен практикалық тапсырмалар;

-маманның кәсіби қызметінің электрондық тренажерлары және виртуалды зертханалық жұмыстардың электрондық тренажерлары;

-білім беру процесінің барлық субъектілерінің виртуалды интерактивті өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін жүйелер [1].

Қашықтықтан оқыту жүйесінің қажетті бөлігі - өзін-өзі оқыту. Дәстүрлі оқыту келесідей жүргізіледі: тыңдаушы дәріске келеді, теориялық материал алады, содан кейін семинарларда белгілі практикалық дағдыларды жетілдіреді. Қашықтықтан оқыту оқу құралының тақырыптарын өз бетінше оқу, бақылау тапсырмаларын орындау және оқытушымен сұхбат немесе видеоконференция арқылы кеңес беру болып табылады. Мұндай оқыту кезінде оқытушының оқушылармен тікелей, көзбе-көз байланысы жоқ.

Қашықтықтан оқыту өз сипаттамалары бойынша дәстүрлі курстардан өте өзгеше болып келеді, бұл қашықтықтан оқыту курстарын сәтті құру және пайдалану оқу мақсаттарын, жаңа технологиялардың дидактикалық

мүмкіндіктерін, оқу ақпаратын беруді, қашықтықтан оқыту технологияларына қойылатын талаптарды терең талдаудан басталуы тиіс.
Е. И. Машбиц, Б. С. Гершунский, М. Демаковтың көзқарасы бойынша білім берудегі қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану білім алу тәсілдерінің вариативтілік мүмкіндігін арттырады, оқытушылар мен студенттердің ақпаратына қолжетімділікті жеңілдетеді, олардың өзара іс-қимылын жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді, студенттің танымдық дербестігін дамытуға ықпал етеді [2].
А. А. Андреев қашықтықтан білім берудің негізгі ерекшеліктері:
- икемділік: қашықтықтан білім берудің білім беретін жүйелері, негізінен дәрістер мен семинарлар түрінде тұрақты сабақтарға қатыспайды, ал өзіне ыңғайлы уақытта ыңғайлы жерде және ыңғайлы қарқынмен жұмыс істейді, бұл өзінің қалыпты өмір сүру тәртібін тоқтатқысы келмейтін немесе тоқтатқысы келмейтін адамдар үшін үлкен артықшылық береді; оқуға түсу үшін оқушыға формальды түрде қандай да бір білім беру бағасы талап етілмейді; әркім пәнді меңгеру және таңдаған курстар бойынша қажетті сынақтар алу үшін;
- модульдік: қашықтықтан білім беру бағдарламаларының негізіне модульдік принцип қойылады; әрбір жеке курс белгілі бір пән саласы туралы тұтас түсінік жасайды; бұл тәуелсіз курс-модульдер жиынтығынан жеке немесе топтық қажеттіліктерге (мысалы, жеке фирманың персоналы үшін) жауап беретін оқу бағдарламасын қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- параллельдік: қашықтықтан білім беру жұмысынан қол үзбей өтуі мүмкін;
- әрекет ұзақтығы: білім алушы оқу орнынан алыс болуы мүмкін, бірақ оқу сапасы-жақсы байланыс жағдайында-бұдан зардап шекпейді;
- аумақтық қамту: қашықтықтан оқыту қызметтерінің желісі үлкен аумақты жабуы мүмкін, яғни білім алушылар саны сыни емес;
- рентабельділік: қашықтықтан білім беру дәстүрлі экономикалық жағынан тиімді: оқу және қосалқы үй-жайларды, көлік шығындарын үнемдеу; электрондық кітапханаларға қашықтықтан қол жеткізу кезінде білім алушыларды оқу құралдарымен қамтамасыз ету ресурстары үнемделеді және т.б. [1]
Қазіргі уақытта "кейс-технологиялар" және АКТ құралдары негізіндегі курстар, интернет-курстар сияқты оқыту түрлері кеңінен таралған болып табылады. Бұл технология салыстырмалы түрде қымбат емес болып табылады, бірақ сонымен қатар бірқатар артықшылықтарға ие, олар ретінде кез келген көлемдегі және түрдегі ақпаратты кез келген қашықтықтарға жедел беруді бөліп көрсетуге болады; Электрондық поштаның көмегімен компьютердің жадында ақпаратты ұзақ сақтау; ақпаратты редакциялау, басып шығару және т. б. мүмкіндігі.; Интернет жүйесі арқылы әртүрлі ақпарат көздеріне (қашықтағы деректер базасына, көптеген конференцияларға және т. б.) қол жеткізу мүмкіндігі; оқытушымен немесе оқыту курсының басқа қатысушыларымен диалог барысында интерактивтілік және жедел кері байланыс мүмкіндігі;

телекоммуникациялық жобаларды, конференцияларды ұйымдастыру мүмкіндігі.

Аталған ұйымдық нысандар қашықтықтан оқытудың барлық ұйымдастырушылық-педагогикалық әлеуетін толық қамтымайды. Бүгінгі таңда қашықтықтан педагогикалық өзара іс-қимылды ұйымдастырудың жаңа формалары, студент пен оқушыны интернет желісінде ақпаратты өз бетінше іздеу және өңдеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайтын оқу тапсырмаларының жаңа түрлері пайда болған.

Әдебиеттер

Белозубов, А.В. Система дистанционного обучения Moodle: учебно-методическое пособие / А.В. Белозубов, Д.Г. Николаев, 2007 г.

Богомолов, В.А. Обзор бесплатных систем управления обучением/ В.А.Богомолов. Educational Technology & Society, 2007г.

Гильмутдинов, А.Х., Электронное образование на платформе Moodle/ А.Х.Гильмутдинов, Р.А.Ибрагимов, И.В.Цивильский. - Казань: КГУ, 2008г.

Клейносова, Н.П. Дистанционное обучение в среде Moodle/ Н.П. Клейносова, Э.А. Кадырова, И.А. Телков, О.М. Баскакова, Р.В. Хруничев – Рязань, Рязан. гос. радиотехн. ун-т, 2011г.

ӘОЖ 057.874

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Мейрбекова Н. – 127-17 тобының студенті

Ғылыми жетекші – Одаманова Г.П.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article discusses ways to ensure the effective use of digital technology tools and the process of modern education with quality electronic materials.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Білім беру мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік прогресс факторларының бірі болып табылады және жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауға бағытталған болуы керек. Сондықтан, қазіргі заманғы мектептің басты міндеттерінің бірі - бітірушінің білімдердің күрделі жүйесін сапалы игеруін ғана емес, сонымен қатар дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы оқыту жағдайларын жасау.

Білім беруді жан-жақты ақпараттандыру жағдайында техникалық жабдықтауды ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (АКТ) қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар толыққанды цифрлық білім беру ресурстарына ие болу маңызды.

Заманауи білім беру үдерісін сапалы электрондық материалдармен қамтамасыз етусіз елестету қиын. Жақында олардың түр құрамы электронды оқу құралдары, компьютерлік модельдеу құралдары, интернет сайттар, тренажерлар, оқыту бағдарламалары және басқа білім беру ресурстарымен жабдықталған ең жаңа білім беру бағдарламалық құралдарымен толықтырылды.

Оқу ақпаратын сандық формада ұсынудың арқасында студентке кешенді әсер етіледі, оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, оның білім шеңбері кеңейеді, оқытудың сапасы жақсарады, сонымен қатар бұл студенттер арасындағы кері байланысты жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру проблемаларының бірі: білім беру мекемелерінің едәуір бөлігін инновациялық даму процестеріне қосудың болмауы, сонымен қатар қоғамның ақпараттық кеңістігінде және заманауи білім беру технологияларын жеткіліксіз пайдалану және т.б.

Цифрлық білім беру ресурстың мақсаты - ақпараттық қоғамдағы оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін нығайту және білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқыту сапасын арттыру.

Л.Л. Босова берген анықтаманы қарастырайық. «Цифрлық білім беру ресурсы - білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті және цифрлық түрде ұсынылған ресурстар, атап айтқанда: фотосуреттер, бейнеклиптер, статикалық және динамикалық модельдер, рөлдік ойындар, виртуалды шындық объектілері және интерактивті модельдеу, картографиялық материалдар, дыбыстық жазбалар, нақты оқулықтың мазмұнына сәйкес таңдалған, сабақты жоспарлауға «байланған» және қажетті әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етілген символдық нысандар мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және басқа оқу материалдары». Бұл анықтама қазіргі уақытта ең дәл болып табылады.

Сандық технологиялар сабақтарды тиімді, тартымды және оқушылар үшін есте қаларлықтай ете алады, демек, оқуға деген қызығушылықты арттырады. Балалар жоба бойынша бірлесіп жұмыс істей алады. Интернет қызметтері мұғалімге оқуда шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік береді. Сандық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану - бұл оқу үдерісін оңтайландыру, оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттыру, білім беруді дамыту идеяларын жүзеге асыру, сабақ қарқынын арттыру және өзіндік жұмыс көлемін арттыру құралы [2]. Қазіргі әлемде мұғалім оқушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталуы керек.

Информатика мен АКТ базалық курсын оқып-үйрену кезінде көптеген бағдарламалар қарастырылып, игеріледі. Олардың көпшілігінде Интернет қызметтерінің аналогтары бар, олар Интернетке қосылу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру процесінің қатысушысы қай жерде болмасын, кез-келген жерде қол жетімді. Информатика кабинетінде мектеп компьютерінің бағдарламалық жасақтамасын толықтай алмастыра алатын Интернет-қызметтерді қарастырыңыз. Пәнді зерттеудің кез келген кезеңінде қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы Интернет қызметтерімен алмастыруға болады.

Бөлімдерді оқуға арналған интернет-қызметтер.

Мысалы, «Ақпараттық және ақпараттық процестер» бөлімі. Мектептегі компьютерлік бағдарламалық жасақтама: Stamina, BabyType 2000, Microsoft Office Word, OpenOffice Writer, Microsoft Power Point, OpenOffice Impress, Windows Media Player Google Docs, аналогы - prezi.com, youtube Plus:

Орнатудың қажеті жоқ, қол жетімділік, ыңғайлы және әдемі интерфейс, көріну. Минус: Тіркеу, поштаның электрондық поштасының қажеттілігі.
«Алгоритмдер және орындаушылар» бөлімі Кумир, Перволого, Ктюртл, блок-схема конструкторы, PascalABC Draw.io, pascalabc.net Plus: Қарапайым тіркеу, компьютерде орнатуды қажет етпейді, Draw.io мүмкіндіктерінің кең ауқымы Минус: жоқ блок-схеманы бастаңыз.
«Паскаль тіліндегі бағдарламалау негіздері» бөлімі, блок-схема конструкторы, PascalABC Draw.io pascalabc.net Plus: Қарапайым тіркеу, компьютерде орнатуды, Draw.io мүмкіндіктерінің кең ауқымын қажет етпейді. Минус: блок-схеманы іске қоспайды.
«Мәтіндік ақпарат және компьютер» бөлімі. Блокнот, WordPad, Microsoft Office Word, OpenOffice Writer Google Docs, DocMe, On Text. Артықшылықтары: бұлтты деректерді сақтау, құжаттарды бірлесіп редакциялау, жұмыс үстелінің бағдарламалық жасақтамасының барлық мүмкіндіктерінің болуы, қол жетімділік. Минус: Тіркелу.
«Ақпараттық модельдеу» бөлімі LibreCad, Draw, Paint, Adobe Flash, Geogebra, MapKit, XMind, Cmap құралдары, Microsoft Office Word, OpenOffice Writer Мапс.google, maps.yandex Тегін қол жетімділік, объектілерді визуалдау мүмкіндігі, орнатуды қажет етпейді компьютер, ыңғайлы және әдемі интерфейс.
Microsoft Access, OpenOffice Base MyTaskHelper.ru Plus: «Деректер базасында ақпаратты сақтау және өңдеу» бөлімі: деректерді бұлтты сақтау, бірлесіп редакциялау, негізгі функцияларға еркін қол жетімділік, визуалды Минус: Тіркеуді қажет етеді.
«Компьютердегі кестелер» бөлімі Microsoft Office Excel бағдарламалық жасақтамасы, OpenOffice Calc Google Docs Plus: Деректерді бұлтты сақтау, бірлескен құжаттар, жұмыс үстелінің бағдарламалық жасақтамасының барлық функцияларының болуы, ақысыз қол жетімділік.
Microsoft Power Point, OpenOffice Impress, Adobe Flash, Movie Maker, Windows Live Film Studios, Pinnacle Studio, Windows «Sound Recording» аналогы Prezi.com, Zoho Show, VideoToolbox, Xtranormal, AudioExpert, Myna «Мультимедиялық және компьютерлік презентациялар» бөлімі. Плюс: Деректерді бұлтты сақтау, құжаттарды бірлесіп редакциялау, жұмыс үстелінің бағдарламалық жасақтамасының барлық функциялары, қол жетімділік, әдемі және ыңғайлы интерфейс. Минус: тіркеуді және пошта жәшігін қажет етеді.
Қорыта айтқанда сандық технологиялардың әртүрлілігі информатика мұғаліміне әр түрлі бағдарламалық жасақтама орталарын оқуда өзін және оқушыларын шектемеуге мүмкіндік береді. Веб-технологияларды пайдалану бұрын болмаған бағдарламаларды оқып-үйрену мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл біздің заманымыз үшін оқытудың ең тиімді әдісі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Бем, Н.А. Жалпы білім берудің жаңа федералды мемлекеттік білім беру стандарттарына көшу жағдайында электрондық білім беру ресурстарын пайдалану [Мәтін]: Н.А. Бем // Информатика және білім. - 2013. - №7. - S. 20 - 23.

2. Босова, Л.Л. 7-9 сыныптарға арналған «Информатика» академиялық пәні бойынша бағдарлама [Мәтін]: Л.Л. Босова, А.Ю.Босова - Мәскеу: БИНОМ. Білім зертханасы, 2013 ж.
3. Бұлтты технологиялар [Электрондық ресурс] // Википедия. - Кіру режимі: https://ru.wikipedia.org/wiki/Cloud computing / Сейсенбі, 12 желтоқсан 2018 жыл 14:21:44.
4. Зверева Ю.С. Жоғары білім беруді ақпараттандыру // Жаңа ғылым: мәселелері мен болашағы. 2016. No 6-2 (85). S. 63–66.
5. Карпутина А.Ю.Оқу робототехникасы // Заманауи зерттеулер мен инновациялар. 2016. № 12. URL: http://web.snauka.ru/issues/2016/12/74896

ӘОЖ 371.134

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Құдайбергенова М.Қ. - 111-27А тобының студенті:
Ғылыми жетекші – Адылбекова.Э.Т. – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье описан выбор методов, эффективных для повышения уровня знаний учащихся, улучшения их компьютерных навыков из различных технологических подходов, используемых в обучении информатике.

Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны – жас ұрпақтың дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай – ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отыр.

Елбасының халыққа жолдауындағы алтыншы міндеті де осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлауды, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыруды, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалануды, инновациялық экономиканы дамытуды қарастырады.

Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады.

Әрбір оқушы табиғатынан таныс еместің барлығын білуге құмар және оқуға деген ынтасы зор екені белгілі, сол себепті де ол оқытудың бастауыш сатысында шығармашылыққа, таным мен белсенді әрекетке ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу әрекетшілдігі қоршаған орта туралы оқушының танымын кеңейтудің ең басты тәсілдерінің бірі болып келеді.

Біздің заманымыз өміріміздің барлық салаларын қарқынды жетілдіре отырып үнемі өзгеріске ұшырап отырады, соның ішінде білім беру жүйесі де. Соған сәйкес, мектеп оқушылары төмендегідей сипаттарға ие болуы тиіс:

- білуге құштар, өмірді белсенді және қызыға танушы;
- оқу біліктері негізін меңгерген, өзінің іс – әрекеттерін ұйымдастыра алатын қабілеттерге ие;
- мейірімді, сұхбаттасушыны тыңдап, есті алатын, өзінің ұстанымдарын негіздей алатын, өз пікірін білдіре алатын.

Жалпыға бірдей білім берудегі мектептегі оқытудың мемлекеттік білім стандарты келесі мақсаттарды қамтамасыз ететін, жеке тұлғаға бағытталған жалпы көпшілік бастауыш сыныптардың жеке тұлғаға бағытталған сапалы дамытушы моделін анықтады.

- оқушының жеке тұлғасын, оның шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген қызығушылықтарын дамыту, оқу ынтасы мен дағдысын қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие;
- білім, білік және дағды жүйесін, әртүрлі әрекет түрлерін жүзеге асыру тәжірибелерін меңгеру;
- оқушылардың физиологиялық және психологиялық денсаулықтарын нығайту және сақтау;
- оқушының даралығын сақтау және қолдау.

Мектепте жалпыға бірдей білім берудің ары қарай оқытудың нәтижелігін анықтауда меңгеру деңгейі неғұрлым әсер ететін жалпы білік пен дағдыны қалыптастырудың басымды бағытымен айқындалған. Білімнің негізгі нәтижесі оқушының әрекеттердің әмбебап тәсілдерімен қатар, оқылып жатқан пәндерге тән дамудың жаңа деңгейлерін меңгеру ретінде әрекеттік бағыттар негізінде қарастырылады. Бұл жаңа оқу стандарттарының тағы да ерекше жақтары. Оқу үдерісіндегі осынау ерекшеліктерді жүзеге асыру мұғалім мен оқушы арасында бірігіп жасаған әрекеттерді жоспарлау негізінде жаңа ұйымдастыруды талап етеді.

Бүкіл осы үрдіс – белсенді бала жаратылысына жауап беретін үрдіс екендігі өте маңызды, ол оңды эмоционалдық бояулармен беріледі. Екеуін де салыстырып жалпылаған кезде деректердің) мықты негізін береді. Ол оқушылардың қоршаған ортаға біртіндеп бейімделуіне негіз болады, өзінің санасында әлемнің ғылыми сипаты туралы өзіндік білім мен жасампаздық ғимаратын салуға мықты негізін береді.

Мектеп ұйымдарында оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттыру мақсатында жұмыс жүргізу.

Мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда зерттеу, іс – тәжірибеде жүзеге асыру.

Егер, мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда зерттеліп, мектеп жасындағы оқушылар бойында зерттеу дағдыларын қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық ерекшеліктері анықталса, сабақта бағытты – практикалық, мектеп оқушыларының зертеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары сараланса, онда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру деңгейі жоғарылар еді.

Оқытудағы зерттеу әдісі - оқушыларды айналадағы құбылыстарды бақылап, ондағы заңдылықтарды тануға, өздігінен қорытынды жасай білуге үйретуде зерттеу элементін қолдану. Оқушының белсенділігін, қызығушылығын қалыптастырып, оның ойын дамытуға, өздігінен ізденуге бағытталады. Оқытудағы индукция – оқу барысында ой тұжырымын

пайдалануда ойдың өрбуінің жалқыдан жалпыға қарай ілгерілеуі. Бірақ индукциялық әдіс жаңа ұғымды қалыптастыруда едәуір уақытты талап етеді.

Жалпы ұлттық деңгейдегі 12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындау. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға деп өмірдің қай саласында болмасын еркін де нақты, жауапкершілікпен ойлайтын, әр түрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптасқан тұлғаны айтамыз.

Ғылымның жедел түрде дамуы, техникалық прогресс, қазіргі заман талабы кіші мектеп оқушыларының жан – жақты терең ойлау дағдыларын арттырып отыр. Сондықтан бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін зерттеу – ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан бастау қажет. 12 жылдық білім берудің басты мақсатының бірі – құзыретті тұлғаны дамыту болса, күтілетін нәтиженің бірі – мәдениетттанымдық құзырет. Ол дегеніміз – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзінің халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну [1].

«Зерттеу» мен «зерттеушілік дағдылары» ұғымына не кіреді екен? Өзінің «Кіші мектеп оқушыларын зерттеу әдістеріне оқыту» кітабында А.И.Савенков келесі анықтаманы береді: «Зерттеу – бұл белгісіздікті іздеудің шығармашылық үдерісі» [2]. Өз кезегінде зерттеушілік дағдыны жалпы жеке тұлғаны дамытуда қарау және көру, бақылау қабілеттерін дамыту шартары деп анықтауға болады.

Зерттеушілік дағдыларға негізінде төмендегі көрсеткіштер жатады:

- оқушылардың танымдық білік пен дағдыларын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағыт ала білу;
- өз білімін өздігінен құрай алу дағдысы;
- ғылымның әралуан саласындағы білімдерін кіріктіре алу дағдылары;
- сыни тұрғыдан ойлай білу дағдысы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, зерттеушілік дағдылардың келесі міндеттерін анықтауға болады:

- Білімділік: белгілі бір тақырыпты зерделеу барысында оқушылардың алған білімдерін белсендіру және өзекті ету; көрінеу мектеп бағдарламасы аясынан тыс материалдар кешенімен танысу.

- Дамытушылық: зерттелініп жатқан тақырып аясында ойлау дағдысын дамыту, талдау жасау, салыстыру, өзіндік қорытындылар жасай білу; материалды іріктей білу және жүйелеу; жүргізілген зерттеуді рәсімдеу барысында ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдана білу; зерттеу қорытындыларын көпшілік алдына ұсыну.

- Тәрбиелік: өзгелердің қызығушылығын тудырып, қажетті болатын өнімді шығару [3].

XXI ғасыр адамзаттың индустриялық кезеңнен ақпараттық кезеңге өтуімен ерекшеленеді. Осыған байланысты ақпаратты ала білу, оны өңдеу және күнделікті істе пайдалану өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады. Сондықтан да, оқушылардың ақпараттық қоғамдағы өмір талаптарына сай дайындауда - мектептерде информатика пәні үлкен роль атқарып келеді. Алайда, жаңа ақпараттық технологиялардың өте шапшаң даму қарқыны бұл пәнге деген көзқарасты түбегейлі өзгертті.

Қазіргі заман талабына сай оқушылардың компьютерлік технологиямен жұмыс істеуге деген ынтасы, талпынысы, ізденісі өте жоғары. Сондықтан да, информатика сабақтарына оқушылар құлшыныспен, бір нәрсені еркін меңгерсем деген ниетпен қатынасады. Бірақ, осындай оқушылардың көпшілігінде информатика пәнінен білімді, яғни теориялық білімді меңгермей-ақ, компьютермен жұмыс істеуді үйренсем, болды деген пікір қалыптасқан. Сондықтан да, оқушылардағы мұндай жалған пікірді болдырмау үшін, оқушылардың теориялық білімді меңгеріп оны компьютерде орындағанда, яғни практикада ұштастырғанда ғана, әртүрлі программалық пакеттер құра білгенде, компьютерлік технологиялардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін игергенде ғана нақты жұмыс істеуге үйреніп, компьютерде жұмыс істеу сауаттылықтарының, шеберліктерінің артатынын дәлелдеу керек.

Ол үшін информатика пәнін оқытуда педагогикада қолданылатын әртүрлі технологиялық тәсілдердің ішінен оқушылардың білім жетілдіру, олардың компьютерлік шеберліктерін арттыруда ұтымды болатын әдіс-тәсілдерді таңдап сабақ өткізу – пән мұғалімдеріне жүктелер міндет болып табылады.

Зерттеушілік әдіс. Қойылған мәселені шешіп, әдістемелік нұсқаулар мен қосымша материалдарды талдаған соң оқушы өз бетінше әдебиеттерді оқып, байқаулар мен салыстырулар т.б. ізденушілік, іс әрекеттер арқылы орындайды. Бұл көбінесе зерттеу жұмыстарында қолданылады. Бұл аталған әдістердің қайсысын қолдану жөнінде Ю.К. Бабанский ұсынған «оқыту әдісін тиімді таңдау алгоритмі» бар. Ол негізгі жеті қадамнан тұрады:

1. Қарастырылатын материалдарды оқушы өз бетінше немесе педагогтың көмегімен меңгеретіндігін анықтау.
2. Репродуктивті (қайта жаңғырту) және продуктивті (шығармашылық) әдістердің өзара салыстырмалы қатынасын анықтау.
3. Танымның аналитикалық және синтетикалық жолдарын, индуктивті және дедуктивті логикалардың салыстырмалы қатынасын анықтау;
4. Егер, дедукцияның эмпирикалық қоры дайындалған болса, онда дедуктивті және синтетикалық әдістер үлкен адамдар үшін жарамды.
5. Сөздік, бейнелік, практикалық әдістердің үйлесімілдік мөлшері мен тәсілдері
6. Оқушының іс әрекеттерін ынталандыру тәсілдерін қолдану қажеттілігі туралы шешім қабылдау.

7. Қанша уақыттан соң бақылау жүргізілетіндігін және бақылау түрін анықтау; Нақты үдеріс барысында жоспарланған оқыту үдерісінен ауытқу болған жағдайда орындалған нұсқасын құру.

Жоғарыда аталғандармен қатар, мәліметтер қорын оқытуда қолданылып жүрген әдістерді жекелеп атар болсақ:

- Орындау әдісі;
- Бағдарламаны ашып көрсету әдісі;
- Оқыту әдісі;
- Демонстрациялық мысалдар әдісі;

Сабақ түрі заман талабына сай, өзгеріп, педагогикалық ғылыми әдістемелік тұрғыдан жаңарып отырса, білім беру сапасы артатыны белгілі болып отыр. Сондықтан, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу - оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып ғана қоймайды, яғни, оқушының мемлекеттік стандарт аясында ғана білім алумен шектелмей білімін әрі қарай өз қалауымен дамыту мүмкіндігін иеленетіні айтылып жүр. Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың қолдануды, бағалаудың жүйелі әдісі адамдардың техникалық ресурстарды білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа технологиялар түрлері көбеюде.

Жаңа педагогикалық технологиялар ішінен тиімді деген ұйғарымын жасап, қажеттісін таңдап алу – әр оқушыдан үлкен жауапкершілік пен іскерлікті талап етеді. Оқыту технологиясы оқу үдерісіне қажетті әдіс-тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Қазірде зерттелініп қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияларға ынтымақтастық педагогикасы білім беруді ізгілендіру технологиясы тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы түсіндіре басқарып, оза оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы және жобалау арқылы оқыту технологиясы кіреді.

В.Крутецский өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде: «Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады», - деп тұжырымдады.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдары да бар.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы.

Талант-қабілеттіліктің ең жоғары деңгейі.

Данышпандық-қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйелі дайындалып берген білімді, дағдылары меңгеретін шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар алатын, бір тума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға

қалыптастыру бұл әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың маңызы мәселе екендігін дәлелдейді. В.В. Давидо «Жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жады: жеке тұлғаның маңызы жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттігіне байланысты» деп есептеген. Б,Элькони шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалынған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сопылығымен, бір тумалығымен ерекшеленетін болса, онда бұл нәрсені туғызатын шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады.

Әдебиеттер

1. Т.С. Сыдықов, А.Е. Әбілқасымова, «Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері» Алматы,2008 жыл,журнал
2. Қазақстан мектебі «Дарынды бала ұғымы» №12, 2006жыл
3. Халықова К.З Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2000.

УДК

АББРЕВИАТУРЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ПРИОБЩЕНИЙ В ИНТЕРНЕТЕ

Ахметова Н.Қ.-Студентка группы 119-48

Научный руководитель: Абдукаримова А.А.- к.п.н., магистр

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Әр түрлі веб-сайттарға, чаттарға, электронды пошта арқылы сөйлескен кезде біз виртуалды кеңістікте сөздер көбінесе ережелерге сәйкес қолданылмайтынын байқаймыз. Зерттей пайдалану, қысқартулар әлеуметтік желілерде біз анықтадық, бұл употребляя олардың, жасөспірімдер әрқашан дәл біледі, олардың мәні мен мақсаты, бірақ бастан ниет құзыретті болуы керек бұл мәселеге. Виртуалды қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттеп, қысқартуларды интернеттегі қарым-қатынастың типтік белгісі ретінде талдай отырып, біз ағылшын және орыс спикерлері қолданатын қысқартуларды қалыптастыруда заңдылықтарды орнаттық. Виртуалды байланыс процесінде қолданылатын ең көп таралған қысқартулардың сөздігі жасалды. Біз мәтіндік хабарламаларды жазу кезінде ағылшын және орыс сөздерін қысқартудың белгілі бір әдістері бар деген гипотезаны растадық. Сауалнаманы талдау негізінде ағылшын және орыс тілдерінің проблемалары бар және дамып келе жатқандығы анықталды. Жасөспірімдер теру уақытын үнемдеуге тырысып, қысқартылған сөз нұсқаларын басып шығарады, бұл сауаттылықтың нашарлауына әкеледі.

Причины создания аббревиатуры при виртуальном общении

Начало истории языка аббревиатур следует отнести к моменту появления телеграфа. Телеграфисты первыми при передаче сообщений стали опускать гласные буквы в словах. Правда, они ограничились лишь служебными словами, введя в письменную речь «тчк», «зпт», «скб», «квч», «двтч», «вскл». В настоящее время данный способ сокращений, называемый в словообразовании «беглость гласных», получил свое развитие в специфической терминологии: (msg-message, pls-please,adds-address, gds-goods, acct-account, exx-examples, expsexpenses, rwy-railway, mdnt-midnight, bldg-building, bkg-banking, blvd-boulevard, scr pt-scripture).

Далее идея нашла свое продолжение в азбуке Морзе, где радисты вместо целого слова использовали его начальные слоги.
Сокращения в письменной речи является очень популярным явлением и в наши дни. Общаясь в социальных сетях, мы нередко используем формы кратких слов. "Аббревиатурный взрыв" наступил под влиянием экстралингвистических факторов, таких как ускоренный ритм жизни и его следствия - экономии языковых усилий.
В настоящее время вследствие ускорения темпа жизни становится важной передача максимального объема информации в единицу времени. В результате этого одной из наиболее характерных черт развития языка на современном этапе стал бурный рост количества сокращений.
Наиболее наглядными примерами применения принципа экономии речевых усилий являются язык Интернета, чатов, форумов, конференций, блогов и электронной почты, где необходимо быстро фиксировать нужную информацию, ценя при этом время других людей.
Основной причиной возникновения сокращений является специфика общения в Интернете и необходимость экономить свое и чужое время. Сокращения в социальных сетях так же идентифицируют людей с теми группами людей, 13 которые разделяют общие интересы и отсеивают тех, кто не вписывается в круг их общения.
Участники виртуальной коммуникации используют большое количество сокращенных единиц не только для того, чтобы уменьшить объем текста. Тяготение к необычности и нестандартности формы общения является еще одной причиной распространения сокращений и аббревиатур в чатах.
Словесные новшества рождаются в непринужденной речи, в узкой социальной среде, чаще всего среди молодежи как сознательное нарушение нормы, протест против нее, когда известное, часто употребляемое слово приобретает общую экспрессивность и новизну. [5]
Однако объяснение аббревиации "экономией усилий" неполно и недостаточно.

Сокращения и способы их образования

Основным этапом исследования сокращений слов английского и русского языков стало изучение содержания текстов с употреблением этих сокращений. Материалом для исследования, послужили личные SMS- сообщения, обсуждения на форумах и общение в чатах. Поиск информации производился в мобильной сети и сети Internet.
При сравнении сокращений и полных форм выяснили, что существуют разновидности приемов сокращений. Например:
–doc- doctor (слово сократилось за счет усечения финальной части исходного слова)
–cos- because (слово сократилось за счет усечения первой части исходного слова, а также изменения и сокращения (по звучанию) оставшейся части)
–IMHO - In My Humble Opinion (слова сократились посредством сокращения

по первым буквам слов выражения)
–CU- see you (слова сократились посредством замены слов похоже звучащими буквами)
–Gr8 – great (слово сократилось за счет замены части слов цифрами)
–:) – smile (замена слов символами и смайлами6)
–pls – please (усечение гласных в слове) –Теперь обратимся к популярным сокращениям русских слов:
–прив – привет (слово сократилось за счет усечения финальной части исходного слова) –ща – сейчас (слово сократилось за счет усечения первой части исходного слова, а также изменения и сокращения (по звучанию) оставшейся части)
–пасиб - спасибо (слово сократилось путем усечения букв в начале и в конце слова)
–6кола – школа (время написания слова сократилось за счет замены части слов цифрами)
–ПРМН- перемена (слово сократилось посредством усечения гласных)
–сонце- солнце (сокращение за счет пренебрежения правилами орфографии)
–плиз - please (сокращение за счет записи слов буквами другого языка) Итак, в ходе исследования были выявлены следующие грамматические особенности сокращений слов английского и русского языков: – Усечение финальной части исходного слова; – Усечение первой части исходного слова; – Усечение первой части исходного слова + изменение и сокращение (по звучанию) оставшейся части; – Усечение обоих слогов в начале и в конце слова; – Сокращение по первым буквам слов выражения; – Замена слов похоже звучащими буквами; – Замена слов или части слов цифрами; – Замена слов символами и «смайлами».

Литература

1. Алексеев Д.И. // Развитие словообразования современного русского языка.3 изд.М., 1977.
2. Борисов В.В. Аббревиация и акронимия / В.В. Борисов. - М., 1972. 3. Будагов, Р.А. Язык, история и современность. М., 1971. 4. Войскунский А.Е. Развитие речевого общения как результат применения Интернета Режим доступа: http://hr-portal.ru/article/razvitie-rechevogoobshcheniya-kak-rezultat-primeneniya-interne

ӘОЖ 37.013:001.895(075.8)

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ САНДЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Оңғарбай А.Е. – 1301-29 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Тілеуова С.С. – п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article deals with the theoretical aspects of educational field. They form students' personality by a means of educational process' informatization at schools in condition of educational informatization.

Қазіргі уақыт - қоғамдық даму деңгейінің, экономикалық қуаттылықтың және елдің ұлттық қауіпсіздігінің белгісі ретіндегі адами ресурстардың, білім беру жүйесінің рөлі мен маңыздылығы артып отырған кезең. Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басым бағыты болып табылады.

Бүкіл әлемдік білім беру жүйесінде әр жыл сайын инновациялар, соның ішінде, ақпараттық қарым-қатынастық технологиялардың қарқынды таралуы мен пайдаланылуы күн сайын артып келеді. Сандық білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиалық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. СБР құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде [1]. Сандық білім беру ресурстары үй тапсырмаларын орындау кезінде және сабақ барысында материалды толық түсіну мен есте сақтауға көмектеседі.

Сандық білім беру ресурстарын қолдану сабақтарды түрлендіруге, оны мазмұны жағынан қанықтыра түсуге, оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуге, сабақтың тиімділігін арттыруға, оқуға деген уәждемені туындатуға, оқушылардың дербес жұмыстарын жаңа ұйымдастырушылық деңгейде басқаруға, оқытудың дараландырылуын арттыруға; оқушылардың жұмыс нәтижелерін компьютерлік тестілеудің көмегімен бағалауға, жауаптарды тексеру үдерісін автоматтандыруға, мұғалімнің субъективті пікірін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Өйткені, сандық білім беру ресурстарының интерактивтілігі оқу үдерісін жақсарту, сабақтардың тиімділігін арттыру, барынша оңтайландыру мүмкіндігін көздейді. Сандық білім беру ресурсы материалдарының гипермәтіндік белгілерінің болуы оқушыларға өздерінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне, дайындық деңгейіне қарай оқу материалының көлемін, зерттеу қарқынын, оқу қызметінің режимін және т.с.с. өз еркімен реттеуге мүмкіндік ашады. Бұл, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды, өйткені балалардың даму деңгейлері осы уақытта байқалып, қалыптасуы дәл осы кезеңде қуатты түрде жүреді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында өз бетімен білім алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу талабы қойылған. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға да тікелей байланысты. Бұған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беруді дамыту үшін оқытудың озық жүйелері мен технологияларын әзірлеу және енгізу талап етіліп отырғандығы дәлел. Осыған орай білім беруді

ақпараттандыру үрдісін жетілдірудің басты мәселесі қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалануда мұғалімдердің білікті болуы. Мұғалім, әдеттегідей, білім беру процесінің басты фигурасы болып қала береді, бірақ оның қызметі біраз өзгереді. Енді ол оқушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының ұйымдастырушысы болып табылады. Әр мұғалім кез келген оқу пәнінен сандық оқу қорларын пайдалана отырып сабақ даярлап және оны өткізе алуы керек. Сондықтан АКТ саласындағы құзырлық, кәсіби педагогикалық қызметтің басты шарты болып табылады. Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Яғни, компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Сандық білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ педагогикалық қызметтің сипатын түбегейлі өзгерте алады. В.А.Исаевтың пікірі бойынша, сапалы сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқу қызметінің, соның ішінде ақпараттарды тіркеу, жинақтау, сақтау, өңдеу, интерактивті диалог, нысандарды, үдерістерді, құбылыстарды модельдеу сияқты әралуан түрлерін орындау барысында, заманауи ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік ашады [2].

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының білім алуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіншілік бола бермейді. Осы жағдайда көмекке компьютер келеді, яғни компьютер мұғалімге де, оқушыға да қажетті көмек көрсете алады және көмектесуі қажет. Сондықтан, мұғалім іс - әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білумен қатар, кәсіби іс - әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды да нақтылау қажет. Мұғалімде Интернет ресурспен жұмыс жасай білу үшін қажетті қолданушылық технологиялық білік болуы керек, яғни интернетпен жұмыс жасаудың кеңінен таралған бағдарламалық құралдарымен жұмыс жасау, мысалы, Internet Explorer, Netscape Navigator, Outlook Express, іздеу жүйелері және каталогтармен жұмыс жасай білуі. Қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда мұғалімдердің кәсіптік қызметінде Интернет ресурстарды қолданудың маңызы зор. Осыған байланысты бүгінде бүкіл әлемдік педагогикалық қалың көпшіліктің назары материалдық негізін қолданбалы бағдарламалық өнімдер (ҚБӨ) құрайтын оқытудың жаңа электрондық түріне көңіл бөліп отырғаны белгілі. Электрондық оқыту құралдары интерактивті тақталар, мультимедиалық лингофондық кабинеттер (МЛК), интерактивті пәндік кабинеттер, электронды оқу залдары, үйдегі дербес компьютерлер болып табылады. Қазақстан Республикасы білім берудің ұлттық моделін

жетілдіруде білім беру саласын ақпараттандырудың Мемлекеттік саясаты және де білім саласының субъектілерінің инновацияларды қолдана білу, пайдалана білу іскерліктерін қалыптастыруда халықаралық бәсеке индекстеріне сәйкестендіру маңызды әлеуметтік педагогикалық міндет болып табылады. Қоғам азаматтардың білімі мен біліктілігінің арқасында ғана алға жылжиды, жоғары да сапалы білімді мамандары бар ел ғана үлкен табыстарға қол жеткізеді деген қағидат күн тәртібінен берік орын алған. Осы орайда, білім сапасын арттыру мақсатында түрлі шаралар іске асырылып, бағдарламалар қабылданып жатыр. Жалпы білімді болашақ қалыптастыруда мұғалім дайындайтын шәкірттердің халықаралық стандарттарға сай білімді болуы заңды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Педагог мамандығының қажеттілігін арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту» деп міндеттелген. Бұдан шығатын қорытынды, жаңа технологиялар мен инновацияларды пайдалана отырып, жас ұрпаққа білім, тәрбие беруде мұғалімнің өзі де осы тұрғыдан сауатты болуы тиіс екендігі басты талап [3].

Қорытындылай келе, СБР арқылы оқыту – өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Е.Т. Конюхова, сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың жеке дербес қызметін жүзеге асыруы үшін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдайлар тудыра алатынын атап өтеді [4].

Әдебиеттер:

1. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар,–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.
2. Исаева В.А. О концептуальной модели системы анализа качества информационно-образовательной среды (ИОС) системы открытого образования// Материалы X симпозиума «Квалиметрия в образовании: методолгия и практика». –М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2002.- С.173-183.
3. Аяшев О., Қадірбаева Р., Тілеуова С. «Жас ұстазға – 100 бағдар»- Астана, Фолиант, 2016
4. Конюхова Е.Т., Конюхова Т.В. Инновационные технологии и проблема успешности будущего специалиста// Философия образования. 2009.-№2 (27).

UDC 811.111:811.113

THE LATIN LANGUAGE IN SCIENTIFIC COMMUNICATION

Канапьянова Г.Е - студент группы М1703-80
Научный руководитель :Суюбердиева А.А - к. п. н, старший преподаватель
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме:

Некоторые люди убеждены, что латынь перестала существовать много веков назад, вернее, язык, который умер. Так ли это на самом деле? Общепризнано, что латынь

относится к числу мертвых языков. На самом деле это верно, если иметь в виду классическую латынь, которой когда-то пользовались врачи, ученые и до сих пор пользуется духовенство в Ватикане.Роль классических языков в формировании современного языка науки никогда не подвергалась сомнению. Много исследований посвящено латинскому языку в терминологии. На протяжении тысячелетий латынь была языком письменности и культуры, а также единственным языком науки и философии. Основы научной терминологии во всех дисциплинах были заложены на латыни.Даже со временем, после того как другие языки вытеснили его из научной литературы, он долгое время оставался основным языком для некоторых отраслей знания. В данной статье рассматриваются аспекты многообразия функций, которые латинский язык выполняет как в науке в целом, так и в языке отдельных наук.

реактивностью. Обдумывание своих реплик и вопросов происходит одновременно с восприятием чужой речи. Следовательно, диалогическая речь трактуется отечественными методистами и учеными как процесс непосредственного общения, который нельзя «запрограммировать», где каждый из участников выступает в роли говорящего и слушающего.

По М. А. Василику существуют следующие типы диалога:

- информативный;
- прескриптивный;
-праздноречивый, внутри которого выделяются в качестве подтипов эмоциональный, артистический и интеллектуальный [4].

Информативный диалог, как правило, состоит из пар «вопрос-ответ». Помимо того данный тип диалога может включать в себя свернутый монолог или риторический вопрос. Целью информативного диалога является процесс обмена информацией.

Прескриптивный диалог содержит просьбу, приказ и обещание или отказ выполнить предлагаемое действие. Прескриптивный диалог подразумевает, что говорящий выдает программу действий, а слушающий берется за ее исполнение.

Диалог - обмен мнениями представляет собой дискуссию или спор. Собеседники выступают в роли экспертов в обсуждаемом вопросе. Для данного типа диалога характерно тематическое единство при различных взглядах собеседников на проблему.

Следует отметить, что диалог, ведущийся в целях установления или регулирования межличностных отношений, подразделяется на диалог - унисон, содержанием которого являются искренние признания, и диалог-диссонанс, содержание которого - взаимное выяснение отношений.

Праздноречивый диалог направлен; на эмоциональное общение (жалобы, хвастовство, восхищение, опасение, страх); на артистичные жанры (мини-рассказ, шутка, острота, анекдот); либо же на информационно бесцельный, но интеллектуальный разговор.

Рассмотрим различные типы диалогических построений в зависимости от целей речевого общения. Коммуникативные цели реализуются в таких функциональных типах диалога, как: диалог-запрос информации, диалог-сообщение информации, диалог-побуждение, диалог-расспрос. Эти функциональные типы диалога требуют проявления общих коммуникативных умений, связанных с анализом и оценкой речевых ситуаций, с использованием как вербальных, так и невербальных средств общения.

Диалог-запрос информации: умение ставить и задавать вопрос; умение правильно интонировать высказывание; умение уместно использовать разнообразие реплики – стимулы; умение правильно употреблять паузы в речи; умение запросить дополнительную информацию.

Диалог-сообщение информации: умение построить информативно значимый текст; умение логически мыслить и правильно реализовывать свой

замысел на произносительном уровне; умение привлечь и удержать внимание, правильно обратиться к собеседнику.

Диалог-побуждение: умение правильно сформулировать и соответствующим тоном произнести просьбу, приказ; умение уместно употреблять побудительные предложения в реплике – стимуле; умение уточнить задание.

Диалог-расспрос: умение самоопределяться по поводу получаемой информации; умение формулировать проблемные вопросы, поддерживающие диалог; умение построить коммуникативно-целесообразную стратегию и тактику речевого поведения.

Вместе с тем построение каждого типа диалога предполагает наличие не только частных коммуникативных умений, но и соответствие определенным законам. Так, Ю. В. Рождественский приводит ряд законов, по которым строятся диалоги:

- закон времени;
- закон аудитории;
- закон компетентности аудитории;
- закон уместности [5].

Согласно данным законам, бесконечное продолжение диалога, бесконечное расширение аудитории в одном виде словесности, организация диалога по месту, времени и участникам, не учитывающая интереса последних к предмету диалога, а также слабые знания аудитории по предмету речи значительно снижают информационную ценность диалога.

В плане языкового оформления для диалогической речи характерна большая роль интонации, эллиптичность, использование речевых клише, присутствие модальных слов, междометий, общий разговорный стиль. С методической точки зрения различаются диалогическое единство, микродиалог и макродиалог. Единицей обучения диалогической речи является диалогическое единство, образуемое парой реплик, одна из которых – реплика-стимул, другая – реплика-реакция. Способы сочетания реплик могут быть различны, они лежат в основе функциональной типологии диалогических единств:

-вопрос – ответ
-вопрос – контрвопрос
-сообщение – вопрос
-сообщение – ответное сообщение
-приглашение (просьба) – согласие (несогласие)
-сообщение (приказ, просьба) – эмоциональная реакция
-просьба – сообщение
-сообщение – просьба.

Самая крупная структурная единица диалогической речи – тематический макродиалог, включающий в себя несколько микродиалогов, объединенных одной ситуацией общения.

Высший уровень владения диалогической речью предполагает ведение относительно непринужденной и разнообразной в структурном отношении беседы, парной или групповой.

Таким образом, диалог является сложно организованной целостной структурой, которая представляет собой продукт совместной деятельности коммуникаторов. Использование различных форм диалога в учебном процессе способствует развитию диалогического, критического мышления, формированию высокого уровня познавательной активности обучающихся.

Литература

1.Педагогическая риторика в вопросах и ответах. Учебное пособие./Под ред. Ипполитовой Н.А. – М.,2011.
2.Шатилов С. Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе: учеб. пособие. – М.: Просвещение, 1986.
3.Г.В.Рогова,Ф.М. Рабинович, Т.Е. Сахарова. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1991.
4.Василик М.А. Основы теории коммуникации.– М., 1998.
5. Рождественский Ю.В.Теория риторики. – М., 1997.

ӘОЖ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейтжаппар А.Е.-123-17тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әбішева Л.П.-п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается специфика роли социальных педагогов в инклюзивном образовании. В частности, история инклюзивного образования в Казахстане, необходимость в нем, профессия социального педагога, роль социального педагога в инклюзивном образовании.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деп тілге тиек еткен болатын.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде

мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепте дені сау балалармен қатар білім алуына жағдай жасайды.Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзін-өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады.Оқытудың бұл түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі баланың өз қабілетіне сай, ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алуына жағдай жасайды. Қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата-анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады. Инклюзивті білім беру барысында мүмкіндігі шектеулі баланың өздерін басқалардан кемсінбей, өзге дені сау балалармен тең құқылы екенін сезінеді. Инклюзивті білім ала отырып, балалар өздерінің қандай да кемістіктерін түзетеді, білімін жетілдіреді.

Инклюзивті білім беретін мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір – бірімен қарым – қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр.Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі мекемелерде, мектепте және колледж, жоғары оқу орындарының өмірлерінде белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар

Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми дерек Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді.

Инклюзивті білім беруге жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік педагог, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды.Мүмкіндігі шектеулі баланың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуін қалыптастыру жолында әлеуметтік педагогтың алатын орны ерекше.

Қазақстанда «әлеуметтік педагог» мамандығы ресми түрде 1991жылы жария құжаттарда тіркелген. Алайда, әлеуметтік педагогтың жұмысы шамамен 2000жылдың соңына таман пайда болды.

Әлеуметтік педагог-бұл балалар мен жасөспірімдерге қоғамда әлеуметтенуіне, дербес тұлға бола отырып, онда өз орындарын табуға көмектесетін маман. Әлеуметтік педагог қызметінің объекті-әлеуметтену барысында көмекке мұқтаж балалар мен жасөспірімдер болып табылады. Бұл санатқа толыққанды әлеуметтік тәрбиенің тапшылығы салдарынан туындаған интеллектуалды, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік ауытқулары бар балалар, сондай-ақ, физикалық, псхикалық немесе интеллектуалды дамуында бұзылыстары бар балалардың көп бөлігі жатады.

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог даму мүмкіндігі шектеулі балалармен көптеген жұмыстар жасайды. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту, өздерінің қабілетіне қарай түрлі конкурстарға қатыстыру әлеуметтік педагогпен әрбір мұғалімнің міндеті.

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар.Ендеше бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап,олардың болашағына жол ашуға көмектесейік. Әрине бұны жеңіл деп айта алмаймын. Бірақ бір сәт даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орнында болып көрейікші,бізге қандай ауыр болса,оларға бізден аса ауыр. Сондықтан,даму мүмкіндігі шектеулі балалардың, мүгедек балалардың толық көлемде өмір сүруі үшін біздің еңбектенуіміз керек.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әрбір адамға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие, сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке,

қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз деп ойлаймын.«Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім – барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Әдебиеттер:

[1.Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.]
[2.Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану.Республикалық педагогикалық – әдістемелік журнал,№4,2015.]
[3.2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана 2010.]
[4.Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Алматы, 2012.]

ӘӨЖ

АТА-АНАСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалтай А..-1213-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ортаева А.С.-PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассказывается о детях-сиротах в целом, об условиях их социализации, а также об их важном месте в обществе.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында адами капиталдың сапалы дамуына баса назар аударылып, оқыту процесіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, педагогтар сапасын көтеру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және тәрбие мәселесін күшейту бағыттары нақты қарастырылды. Ел ертеңінің сәулеленіп, Қазақстанның тәуелсіздік тұғырында нық орнауы да оның болашағын сомдайтын бүгінгі жас өркен - ертеңгі біртуар тұлғаны тәрбиелеу негізінің мықты болуында деп көрсетті. Жетім – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты, ата-анасы қайтыс болған бала болып табылады. Сондай-ақ ата-ана құқықтарының шектелуі немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз басты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала. Жетім балаларды өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезімдіру бүгінгі күннің басты мәселесіне айналып отыр. Балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан балалар үлкен өмірге мүлде дайын болмай шығады. Өйткені, оларда ешбір тәжірибе жоқ. Кейбір балалар өздерінің тамағын жасап, киімін жөндеп киюге де дағдыланбаған. Міне, мұндай балалар қылмыстық істерге бейім келеді. Сол

себепті, балалар үйінен шыққан балаларды әлеуметтендіру мақсатында оларға экономикалық тәуелсіздік беріледі. Қазіргі кездегі жетім балаларды қабылдайтын кәсіптік мектептер мен колледждер қысқаруына байланысты жағдай біраз қиындады. Тұл жетім ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасының біреуінің қайтыс болуы тұл жетім деп аталады. Қазіргі таңда әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80 пайызды құрап отыр. Қалған пайызы ғана тұл жетімдер. Жетім балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың педагогикалық-психологиялық даму өзгешеліктерін шетелдік ғалымдар Е.М.Рыбиновский, И.В.Дубровина, С.А.Беличева, Ю.В.Василькова және т.б. ғалымдар қарастырды. Жетім балаларды тәрбиелеудегі дене мәдениетінің мәнін Н.И.Пономарев, И.М.Воронцов, О.Ю.Фадеева және т.б. өзіндік тұрғыдан ашқан. Бұл мәселені зерттеуде А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых және О.Ажнина отбасында және отбасынан тыс тәрбиеленетін жасөспірімдердің психикалық дамуындағы ерекшеліктерін қарастырған. М.В.Осорина жетім баланың жеке дамуын және даму барысындағы өзгерістер байланысын зерттеген. Әлеуметтік жағынан ешбір қиындық көрмей, жан – жақты қорғалған балалардың білім сапасы жоғары болып келеді. Яғни, балалар үйінің тәрбиесі мен білім сапасының жоғары болуы сол жерде тәрбиеленіп жатқан балалардың тұрмыс жағдайының жақсы екендігін көрсетеді. Балалар үйі, мектеп- интернаттар, сәбилер үйлерінде баланың жан-жақты дамуы үшін мынадай жайттарды негізге алады. Балалар үйіндегі ұжым мен басқа қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдар арасында ашық та терең қарым-қатынас орнату. Балалардың мәдени, рухани даму деңгейіне сай өзін-өзі басқару қабілеттерін дамыту. Басқа ұйымдармен қарым-қатынасқа түсу оқушылардың өмірдегі қиындықтарға дайын болуға шыңдайды. Ал, ол еңбек пен оқу процестері барысында жүзеге асады. Мектеп интернатта басты назарға балалардың жеке бас ерекшеліктерін есепке ала отырып, соған сай әрекет жасайтын практикалық психология мен педагогиканың принциптері маңызды болып табылады. Осы ретте, бірінші тәрбиеленушілердің 48 жігерлілігін шыңдай түсетін іс - әрекетке бағыттау. Ал, жігерлілік олардың келешегіне керекті бірден бір қасиет болып саналады. Жетім балалар мен балалар үйінің, мектеп-интернаттағы тәрбиеленушілердің қоғамдық өмірге бейімделу үшін әлеуметтік педагогтың әрекеті:

- еңбекке баулу арқылы балалар бойында түрлі дағдылар мен қабілеттер қалыптасу нарық заманында оларды бәсекеге түсе алатындай маман етіп шығару;
- баланы белгілі бір іс - әрекет, еңбек арқылы өзін - өзі жақсы сезініп, өз бағасын өзі бере алатындай етіп тәрбиелеу, жеке тұлға етіп қалыптастыру;
- әрбір жетім балалар тәрбиелейтін мекемелерде өзіндік жеке бағдарламасы бойынша жұмыс ұйымдастыру;
- интернат тектес мекемелердің «ашық түрде» дамуына жол ашу, көмек көрсету;

• асыранды ұл – қыздар мен асырап алушыларды үнемі құттықтап, құрмет көрсету. Мұндай жайт, келешекте асырап алушылардың санын көбейтуге оң ықпалын тигізеді. Жетім балаларды әлеуметтендіру дегеніміз олардың әлеуметтік қасиеттерді,тәжірибені меңгеру барысында өздері әлеуметтік тәжірибеге ене отырып, өзіндік жеке өмірде әрекет етуге бағытталған көпқырлы күрделі үдеріс. Жетім балаларды әлеуметтендірудің негізгі міндеттері:
-Жауапкершілікке тәрбиелеу
-Мәдениеттілікке тәрбиелелу
-Кез-келген ортаға қалыптасу қабілеттерін дамыту
-Өзін-өзі тануын жетілдіру
-Ортақ өмір сүру дағдыларын қалыптастыру
-Мәселе шешу қабілеттерін дамыту
-Қоғам жайлы сын-пікір айтуға даярлау. Жетім баланың бойында ұлттық сана-сезімді, қадір-қасиеттерді, руханиқұндылықтарды, мақсат-мұраттарды, жөн-жоралғыларды, ұлттық өзіндік шаруашылық жүргізу машықтарын,мәдениетті, өнерді және іскерлікті дарытудың таптырмайтын құралы халықтық педагогика арқылы жоғарыдағыдай құндылықтарды жасөспірімдер бойына қалыптастыру болып табылады. Қазіргі таңда жетім балалардың барлығы дерлік балалар үйінде тәрбиеленетіні барлығына мәлім. Жалпы балалар үйі жағдайындағы жетім балаларды әлеуметтендіріп, жаңа қоғам өміріне қосу үшін, келесідей шарттар орындалуы қажет: оларға өмір бойы қызмет ететін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға және ғылымның негізгі байлықтарын, ұлттық, жалпыадамзаттық мәдениетті игеруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ, өскелең ұрпақтың өздігінен ойлау қабілетін дамытуға, алда тұрған өмірлік, бағыт-бағдарлық және өндірістік міндеттерді өз беттерімен шешуге, жағдайдың өзгеруіне байланысты тез бейімдеуді, алған білімдерін нарықтық кезеңдегі өмірде қолдана білуді қажет ететін қазіргі заманғы күрделі техникамен және технологиямен байланысты алдағы еңбек жолында керек болатын білім негіздерімен, дағды іскерліктерімен және біліктілікпен қаруландыруға үйрету; оқу үрдісін барынша ізгілендіру мен гуманитарландыру принциптерін басшылыққа ала отырып, тәрбиеленушілерге жалпы адамзаттың қол жеткен игіліктері мен ұлттық мәдениет, ғылым, тіл, өнермен ұштастырыла тәрбиелеудің негізінде жеке тұлғаны ана тілі мен ұлтаралық қатынас тілдерін, өзінің және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін білетін әрі қастерлейтін адамгершілігі мен мінез-құлық мәдениеті жоғары адамзат ретінде тәрбиелеуге үйрету; білім берудің басты принципі жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және жетілдіріп дамыту қағидасын басшылыққа ала отырып, оқытудың барлық сатылары мен деңгейлерінде жетім балалардың жеке тұлғасын қалыптастырып, одан әрі дамытып отыру үшін даралап және саралап оқытуға, оқыту үрдісінде үнемі жаңадан жетілдірілген әдістерді және ақпараттық технологияны мүмкіндігінше пайдалануға, оқытуды политехникалық бағыты бар түрлі еңбек іс-әрекетімен ұштастыруға, олардың өздігінен денсаулығын нығайтуына, эстетикалық талғамын қалыптастыруға,

сөйтіп, қоғамдық өмірде үнемі белсенділік көрсететіндей, нарықтық қатынастар жағдайындағы әр қилы өмірде өз бетімен өзін асырай алатындай етіп, тәрбиелеу; - ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, ұлттық психо- логия мен этиканың, өнердің компоненттерін барлық пәндердің мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижесінде өз ұлтына тән ұлттық қадір-қасиеттерді, ұлттық сана сезімді, мінез-құлықты, түйсік-түсінікті, көңіл- күйді, ұлттық сезімді, эмоциялық шымырқануды, ұлттық мақтанышты, ұлттық талғамды, ұлттық материалдық және рухани құндылықтарды, ұлттық мүдделерді, мақсат-мұраттарды, ұлттық өзіндік шаруашылық жүргізу машық- тарын, іскерлік пен тәжірибені, өнерді меңгерту болып табылады; - жетім балалардың бойында ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыруға, олардың санасында өзге ұлт өкілдеріне құрмет пен сыйластық, достық пен ынтымақтастық сезімдерін сіңдіруге, оларға азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім принциптерін үнемі түсіндіріп отыруға міндетті. Сонымен қатар, біз дені сау бала яғни, қоғамға қажетті қоғам мүшесін қалыптасыруға жағдай жасауымыз керек екенін әрқашан есте ұстаймыз. Дені сау өмір салтын қалыптастыру келесідей бағыттарға негізделген: еңбек және дем алу уақытын дұрыс қолдану, физикалық белсенділік, ағзаға зиянды заттардың кері әсерін түсіндіру – ішімдіктерді пайдалануды, темекі шегу, нашақорлық және токсикомания, травматизмнің алдын алу және жеке бас гигиенасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Ақажанова А. Т., Омарбекова М. К. Арнайы мекемелеріндегі әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық - педагогикалық мазмұны. - А., 2010.
2. Кащенко В.П. Педагогическая коррекция: М, Просвещение, 2003г.
3.Комплексное сопровождение детей-сирот./ Под науч. ред. Л.М.Шипицыной. Материалы научно-практической конференции. СПБ., 2003г.

ОӘЖ 2304

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Еркінбек Д. Ә.-123-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ортаева А.С.-PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы по воспитанию молодежы национальным ценностям.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайрымдылық, яғни адамгершілік құнды

қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан, ол үлкендердің, ата-аналардың педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыруда, адамгершілік ықпалдын әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек. Жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді. Олар: Қазақстан Республикасының барлық азаматының білім алуға тең құқығылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейін кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидакикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды және жалпы адамзатық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелер. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенін де мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген. Олай болса, қазіргі кезеңдегі білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие жұмыстарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың рухани адамгершілік құндылық қасиетін қалыптастыра аламыз. Жас ұрпақтың жалпы рухани - адамгершілік қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілдік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшелінеді.

Атақты педагог В.А.Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейрімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік,

қайрымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы.
Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан да ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.
Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.
Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу-бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:
-тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
-жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;
-жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін

тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймыз.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар –ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайрымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адалдығымен, қайрымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана даритын құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен жас ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да еңбегінің жемісі зор болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана 2010

2.А.Өтешова. Адамгершілік- рухан тәрбиенің маңыздылығы. www.45 minut.rz

3.Б. Баймұратова. Отбасындағы баланы мектепке дайындау Алматы: 2000ж.

УДК 013.42

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ЖАСАУДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Ерназар А.А..-123-16 оқу тобының студенті, 5 курс

Ғылыми жетекшісі: Ортаева А.С.-PhD, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article deals with the work of a social teacher in caring for children in single-parent families.

Отбасы – бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің негізгі құралы болып келеді. Сондықтан ол – адам үшін ең үлкен орта. Отбасы – әртүрлі халықтардың дәстүрлерін, мұраларын, жағымды өнегелерін сақтаушысы. Онда бала алғаш рет моральдік нормаларын игереді, өмірлік жолымен танысады. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің кепілі. Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Себебі

мектепте және отбасында бала тәрбиесінің нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделген. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата – аналардың борышы. Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Баланың тіршілік әрекеттеріне оның міндеттері, оқу-әрекеті, күн ырғағы, қойылған талаптары, үй еңбегіне қатысуы, бос уақытын ұйымдастыруы жатады. Оқушылырдың ата-аналарымен жұмыс істеудің маңызына В. А. Сухомлинский ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», – деп айтқан болатын. Демек, баланың тәрбиелік ортасына тұтастай негізгі ықпал ететін факторларын отбасы мен мектеп бірге жасайды. Сондықтан педагогикалық әрекетте мектептің жалпы міндеттерінің көптігіне қарамастан, ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше орын алуы тиіс. Бала үшін әлем бейнесін сипаттаушы модель ол – отбасындағы қарым-қатынас. Бірақ та осы модельде қақтығыстар жиі кездеседі. Отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауы және ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстардың болуы әсіресе ажырасу статистикасынан анық байқалады. Ажырасу – бұл отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауының, ұрыс-керіс, жиналған ашу-ыза, реніш және келеңсіздіктердің ұзақ уақытқа созылуының мәресі. Ең алғашқы ажырасудың мотивтері мен себептерінің классификациясын ұсынған Н.Я. Соловьева болды. Ол келесідей себептерді ажыратқан: 1. ерлі-зайыптылардың біреуінің ауруы; 2. баланың болмауы; 3. мәжбүрлі айырылысу; 4. өгей балалардың болуы; 5. физикалық күш көрсету; 6. көзге шөп салу, басқа отбасының болуы; 15 7. маскүнемдік; 8. мінездердің сай келмеуі; 9. басқа біреуді жақсы көріп қалу; 10. дін, әлеуметтік жағдайлардың сәйкессіздігі және т.б. Қазіргі кезде әлемдік актуалды мәселелерінің бірі ол – ажырасу, себебі көптеген елдерде соңғы кездері ажырасу статистикасы күрт жоғарылаған болатын. Отбасындағы ажырасу жағдайы тек ерлі-зайыптылардың ғана эмоционалды- тұлғалық сферасына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, олардың балаларының, әсіресе, жасөспірімдік шақтағы балаларының эмоционалды-тұлғалық сферасының бұзылуын да қамтиды. Осыдан әлеуметтік педагог баланың ата-анасының ажырасуынқалай қабылдайды, қандай реакцилар болады немесе осы жағдайда балада қандай күйзелістер туындайтынын болжап,түсіну керек. Өте жиі ата-аналар баланың ажырасуға деген реакциясын дұрыс түсінбейді, олар баланың күйзелістік жағдайдан шығуға мүмкіншілік бермейді. Ата-аналар баланың мінез-құлқындағы өзгерістері, жан айқайы олардың ажырасуымен байланысты екендігін жиі түсінбейді. Бала көмекке сенгеннің орнына, одан сайын өзін жалғыз сезініп, ажырасу жағдайына тән аффектілер мен қорқыныштар одан сайын күшейе түседі. Нәтижесінде ата-аналары ажырасқан отбасындағы баланың бойында әртүрлі жағымсыз тұлғалық сапалар, қасиеттер, әдет-дағдылар қалыптасуы мүмкін. Балалардың бақылаусыздығы мен қараусыз қалуы – мектеп және әлеуметтік педагогтың өзекті проблемеларының бірі болып табылады. Аталған жағдайдың себебінің бірі ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа

байланысты. Отбасы мен мектептің арасындағы ынтымақтастық – бұл ортақ мақсатқа негізделген және ұзақ нәтижесі болып табылады. Бұл жұмыс ең алдымен отбасы тәрбиесін ерекшеліктері мен жағдайын ескеруден, отбасын жүйелі, әрі жан-жақты зерттеуден басталады. Бүгінгі таңда отбасылық тәрбие жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Ажырасу салдарынан болатын психологиялық-педагогикалық мәселелер педагогтардың ерекше назарында. Осындай мәселелер ретінде келесілерді атап өтуге болады:

- баланың әлеуметтік ортаға енуінің күрделенуі және деформациялануы, күнделікті өмірге әлеуметтік бейімделудің бұзылуы;
- оң әріптестік тәжірибенің, өзара жол беру және шешім қабылдаудың қалыптаспауы мінез және адамгершілік дамудағы кемшіліктерді қалыптастырады;
- әкесінің немесе анасының жоқтығына байланысты әлеуметтік дискриминация;
- ажырасу барысындағы қақтығыстық отбасындағы, ажырасу процедурасындағы жағдайлар, сонымен қатар өзінің жаңа ерекше әлеуметтік статусы әлеуметтік қарсы реакциялардың туындауының тәуекелдігін молайтады;
- балалардың қараусыздығы. Ажырасқан отбасындағы баланың жан дүниесі жарақаттанады. Үлкендер жағы өздерінің қателіктерін мойындаумен қоса, баланы тыныш қалпында қалдырғаннан артық шара жоқ. Демек анасы да, әкесі де баламен достасуды ойлау керек. Осының бәрін табиғи қалыпта дамытуды ескерген жөн. Ата-аналар баланы міндетті түрде тәрбиелеу қажет. Баланың келешегіне керек ендігі тәрбие:

• ешқандай күш көрсету тәлімін жүргізуге болмайды. Бұл – баланың келешігін сындырады және де құртады;

• үлкендердің қатаңдығы мен қатыгездігі арқылы баланы жөндеймін деп ойлау, кателік. Тек қана мейірімділік пен сүйіспеншілік екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін бірден ұғу керек;

• психологиялық түзету жүргізетін кезеңдердің бәрінде де, басынан бастап, тек қана төзімділік керек. Тәрбиелік іс-әрекет үстінде – сабырлы ілтипат, салқынқандылық, ұстамдылық қажет;

• баланың саналы түсінгендігіне сенім көрсете отырып, өзара қарым-қатынастың жетістігі дәлелді де, мазмұнды болғаны жөн. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғанымен, тым асыра мадақтаудың да орын алмауын қадағалау есте сақтау жөн. Артық айтқан мақтау сөз, ешқандай жақсылық әкелмейді. Отбасы ажырасқан жағдайларда балалармен келесі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүзеге асырылады: - өзара түсінбеушілікті, өнімсіз отбасылық әрекетті, өзара қатынастардағы қақтығыстарды жою мақсатындағы әлеуметтік-психологиялық кеңес; - отбасына әлеуметтік ортамен өзара қатынаста өз құқықтарын саналауға және қорғауға мүмкіндік беретін әлеуметтік-құқықтық кеңес; - баланың тәрбиесі және әлеуметтенуінде күрделіліктерді жеңуге әрекет ететін педагогикалық кеңес; - ажырасудың баланың сонымен қатар ересектердің денсаулықтарына қаншалықты зиян екенін, оның алдын алу және

терапия әдістері жайлы ақпараттайтын медициналық әлеуметтік кеңес; - түзету және терапия – ажырасу факторы бойынша «тәуекел топтағы» отбасылармен ағарту кезеңінде қолданылуы технологиялық әлеуметтік процедуралармен тығыз байланысты. Сонымен қатар ата-ана ажырасуынан деструктивті салдарының біршама төмендеуіне, тіпті жойылуына мүмкіндік беретін әдістерге әлеуметтік терапиялар, делдалдық, әлеуметтік диагностика, әлеуметтік кеңес, әлеуметтік бейімделуді салауатты және кешенді түрде қолдану, әлеуметтік ағарту. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялаймын... Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау - ерекше мәселе» және «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек», - деп көрсеткен болатын. Қорыта келгенде, отбасындағы ажырасу жағдайы отбасы мүшелерінің барлығына, соның ішінде, жасөспірімдік шақтағы балаларының енді ғана дамып келе жатқан тұлғалық, эмоционалды, қарым-қатынас және т. б. сфераларына айтарлықтай зардабын әкеледі. Сондықтан да, отбасында ажырасуды болдырмау, олардың алдын-алу жолдарын қарастыру әлеуметтік педагог мамандарының ғана емес, сонымен қатар, жалпы қоғам алдында тұрған үлкен міндет деп санаймын. Ажырасудың бала психологиясына әсер ауыр болатыны сөзсіз. Ол болашақ тұлғаның дамуына кедергі келтіріп, әрі болашақта сол баланың отбасын құруға деген қорқынышына әкеп соғуы мүмкін. Егер баланың санасын таза кітапқа теңесек, оның авторы – ата-ана, редакторы – психолог пен әлеуметтік педагог, көмекші редакторы – достары мен қатарластары. Отбасылық өмірге аяқ басқан ерлі-зайыптылар, бір-бірі үшін және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілігі барын сезініп, балаларына үлгі-өнеге көрсете отырып, отбасын өміріндегі бар байлығы, құндылығы ретінде қабылдаса, болашақ ұрпақ та, қоғам да жақсарады деп сенемін. Өмірді жақсы жағына өзгерткің келсе, онда өзіңнен баста!

Әдебиеттері:

1. Балалар психологиясы., Ж. Қ. Дүйсенова, Қ. Н. Нығметова, Алматы 2012
2. http://netref.ru/azirgi-kezdegi-psihologiyada-adamni-iinjafimsiz-sini-jafdajlar.html 17

ӘОЖ:7.07-077

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛЬДЫ-ҚҰНДЫЛЫҚ МӘДЕНИ КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қосжан Мөлдір Маханбетқызы 120-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы
Райхан Жансая-магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования эмоционально-ценностного культурного отношения учащихся

Адамдар санасының өзгеру, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару үдерісінің күрделі сипатын ашып көрсете отырып, ел Президенті бұл үдерістің қазіргі таңда қалай жүріп жатқанына да баға берді. «Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді, бірақ мемлекет өзгерістер үдерісін, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен, жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымын қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады» - дейді Президент Н.Ә.Назарбаев [1].

Абай Құнанбаев [2], Шәкәрім Құдайбердиев [3], М.Әуезов [4] мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Егер Абай мен Шәкәрім қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл құдіретті бейнені романист қаламымен қайта тіріліткен Мұхтар Әуезовтің өзі жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды. Зеңгір аспандағы бір-бірімен біте қайнасқан ұлттың аса көрнекті үш алып тұлғасының, былайша ғажайып түрде тұтасып және тілдесіп кетуі – бүкіл дүниежүзілік көркем ойдағы өзіндік бір ерекше құбылыс. Осы кемеңгерлердің шығармаларындағы сабақтастық үндестігін, жас ұрпаққа берер өнегесі мен ұлттық тәлім-тәрбиесі мол екендігін ескеріп, біз оларды эмоциональды-құндылық мәдениеттің негізі ретінде санаймыз.Біздіңше, бұл отандық педагогиканың теориясын, практикасын жаңа идея, тың пікірмен байытпақ. «Эмоциональды-құндылық мәдениет»ұғымы субъективті факторының маңызды қатарында – тәрбиешінің жеке басы болып табылады. Шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз жақсы болмай, қоғамның келешегін құрушы азамат тәрбиелеу ісін жолға қою мүмкін емес. Олай болса ел болам десек, тәрбиені бесігімізден түзеуден бастауымыз керек. Бесікті түзейтін мектеп пен ұстаздар қауымы. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». «Ұстаз қандай болса, шәкірт сондай болмақ» деп халқымыз текке айтпаған.

«Эмоциональды-құндылық мәдениетке» көзқарас адам қоғымымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи-құбылыс. Оның шығуының қайнар көзі - өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы. Қоршаған дүние жайлы көзқарастың қалыптасуы-танымға байланысты. Кез келген тарихи кезеңдерде тәрбие, табиғат оның түрлі құбылыстары туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болады.

«Эмоциональды-құндылық мәдениетке» көзқарас - адамзат санасының дүниетанымының қажетті бөлігі. Отандық философ М. Орынбеков [5] «Эмоциональды-құндылық мәдениет жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады», - дейді.

Тәрбиенің басты категориясы ретінде «табиғат» және «адам» алынады. Тәрбие адам санасының қоғам, табиғат құбылыстарының ғылыми түсінігін қамтиды.Тәрбиеге көзқарас - жеке адамның, әлеуметтік топтың, топтың немесе тұтас қоғамның қызметінің бағыты және шындыққа деген қатынасын айқындайтын ұстанымдардың, көзқарастардың мақсат-міндеттер мен сенімдердің жүйесі.

Кейбір жағдайда эмоциональды-құндылық мәдениет тылсым жұмбақ болып көрінеді де, адам санасына елеулі әсер етеді. Адам тосын бір жағдайға тап болса, немесе өзіне беймәлім нәрсе көрсе, көпшілік жағдайда оны ойға салып қорытындыламай, сезім жетегіне еріп кетеді. «Эмоциональды-құндылық мәдениетке» терең үңілуде адамзат баласы талай-талай жолдардан өтеді. Бай тәжірибе жинақтайды. Дегенмен, адамның ақыл-ойы, өрісі жете бермейтін құбылыстар аз емес. Түрлі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ойындар тағы басқа халықтың рухани сезімін, адамгершілік қасиетін, мінез-құлқын ғана қалыптастырып қоймай, тәлім-тәрбиені кеңейтіп, түрлі білімдер негізінен мағлұматтар береді. Бізге келіп жеткен салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың өзінен қазақ халқының асқан даналығы мен ғажап зердесі тәрбие арқылы адамгершілік көзқарастары аңғарылады.

Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар «мәдениет» ұғымының бейнесі тым көп екендігін көрсетеді. Біз «мәдениет» дәрежесін талдаймыз. Алайда, шешімін іздеп отырған мәселеге байланысты біз мәдениеттанымдылық білімдерді ортаға саламыз немесе тікелей пайдаланамыз. «Мәдениет» ұғымын анықтайтын көптеген анықтамалардан біз, біріншіден зерттеу нысынына сәйкестерін, екіншіден адамның субъективті жасампаздық қызметін өзекті ететінін таңдадық.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау нәтижесінен біз келесі қорытынды жасадық, біздің зерттеу нысанымызға лайық В.А.Қоневтің «мәдениет» ұғымына берген анықтамасын: «Мәдениет – бұл адамды қалыптастыру арқылы осы іс-әрекетті қайта өңдеуге қажетті оның жинақтаған тәжірибесі» басшылыққа алдық.

Мәдениет ұғымын танып білуде болашақта мәдени іс–шаралардың жаңа үлгісін жасайтын және өзі меңгерген мәдени әлеуметтік тәжірибені қайта өңдеуге қабілетті жастарды тәрбиелейтін іс-шараларға бағытталған бейнені алады. Біз мәдениет ұғымын әлеуметтік қызметтің субъектісі ретінде дамыған адаммен байланыстырамыз, яғни адам өз әлеуметтілігін іске асыру арқылы қызмет субъектісіне өтеді. «Мәдениет» деген термин Цицеронның еңбектерінде «Жанды жетілдіру» деген ұғыммен байланысты қарастырылды. Кейінірек еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Уақыт өте келе, тәрбиелеу, оқыту деген ұғыммен қатар, кең мағынада білім беру, ағартушылық деген мағыналарда да қолданылған. Демек, бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры сонау көне заманнан бастау алады. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, олай болса, білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады.

Мәдениеттің мәні әрбір ғасырда әр түрде дамып отырады. XIX ғасырдың аяғы дүрбелеңдер мен төңкерістерге толып, тобырлар дәуірінің басталуымен ерекшеленді. XX ғасыр басында сол тобыр алып бір елдің басқару ісіне араласты. Ғасырдың екінші бөлігінде білім нақты жеңіске жетті, сол жетілген

білімнің кейбір нәтижелері өзін ойлап тапқан адамзаттың тағдырына қауіп төндіруге айналды. Ғасыр аяғы, сонымен бірге, жаһандық ақпараттың жүзеге асуын және «homo globalis» - «жаһандық адамды» дүниеге әкелді.

Жаңа XXI ғасырға аяқ бастық. Бұл дәуірде заман жаңаша дамиды, алдағы уақыт - білім мен біліктің дәуірі. Жаңа диктаторлар болмайды, ескіден қалғандары да ойына не келсе, соны жасай алмай қалады, яғни, шексіз билік болмайды. Соғыс бола қалса, ол – идеялар соғысы болады. Жалпы, адамзат дамуының түбіне жететін нәрсе - өркениеттер қақтығысы. Экономикалық тоқыраулар мен саяси катаклизмдер онымен салыстырғанда жолда қалады.

Нағыз адамды елеусіз жүргендердің арасынан іздеген жөн. Бұрын да солай еді, қазір бұл мінез-құлық тіпті бағалы. Елеусіз болуды мінез ете алу - ұлылықтың белгісі. Нағыз еңбек адамдары осылар және өзінің парызын да өзгелерден жоғарырақ сезінетіндер солар. Әлемнің тұтқасы да осы адамдар.

«Ешқандай *құндылықты* мойындамайтын, ешқандай ақиқатқа нағыз адамды елеусіз жүргендердің арасынан іздеген жөн. Бұрын да солай еді, қазір бұл мінез-құлық тіпті бағалы. Елеусіз болуды мінез ете алу - ұлылықтың белгісі. Нағыз еңбек адамдары осылар және өзінің парызын да өзгелерден жоғарырақ сезінетіндер солар. Әлемнің тұтқасы да осы адамдар.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
3.Шәкәрім Құдайбердиев Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2015 ISBN 9965-26-095-8
4.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2017 жыл. ISBN 978-601-282-175-8
5. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 2016. - 168 б

ӘОЖ 371:373.01

ҚАРҚЫНДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Бекболатова З.- 120-17тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева А.Е..-п.ғ.к., доцентм.а.
Полатбек. Л. - магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article discusses approaches to improving students ' knowledge through learning technologies

Қазір білім беру стандарты талаптарына сай көркем еңбек пәнінің оқытылуына, ерекше жауапкершілік пен міндет жүктелді. Өйткені жас ұрпақтың бойына ұлтық салт дәстүрларді дүниетаным қалыптастыруда көркем

еңбек пәні басты рөл атқарады.

Оқыту мен оқу әрекетінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, баланың ақыл-ойының дамуында зор рөл атқаратындығы белгілі. Ал оқыту барысында ақыл-ойдың интеллектінің дамуы, «оқи алуға үйрену» бүгінгі күннің басты талабы. Оқушылардың оқу әрекеті – ол орындайтын әрекеттердің жетекшісі, негізгісі. Оқу әрекеті арқылы осы кезеңге тән психологиялық жаңа құрылымдар теориялық сана және ойлау қалыптасады. Олармен байланысты рефлексия, талдау, жинақтау сияқты психикалық қабілеттер дамиды.

Мектепте бұл қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкіндігі мол. Енді ол мұғалімнің басшылығымен әр түрлі тапсырмаларды шеше отырып, қарапайым теориялық білімдерді меңгере бастайды.

Осылайша оқу әрекетінің мазмұны болып табылатын теориялық ілім, оқушының қажеттілігіне айналады. Ал қажеттіліктерді өтеу мотивтермен байланысты. Тапсырманы табысты орындап шығуға басшылық ететін ынта-ықылас, ішкі түрткілер пайда болады. Сананы билеген ішкі күштерәрекеттің амалдарын, орындаудың құралдарын белгіледі, таңдауды талап етеді

Профессор Б.Д. Эльконин пікірі бойынша «дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге деген көзқарастары терең және көріп білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни, дүние және адам тану үрдісі баланың сол үрдіспен толық шұғылдану және қызығушылық таныту жағдаятында пайда болады. Қазіргі заманғы жаңашыл жағдайларда жаңашыл міндеттер туа бастайды, соның негізгісі – дамыта оқыту педагогикасын қалыптастыру, яғни, дамыта оқытудың педагогикалық не балалық психологиясын емес, дамытушы ағартудың түзудің, білім берудің жүйесін қалыптастыру».

1990 жылдардың бас кезінде пайда болған компьютерлік оқыту технологиясының жаңа бағыттарының бірі – интеллектуалдық оқыту жүйелерін құрудың және оны пайдаланудың мәселелерімен, автоматтан-дырылған оқыту жүйелерінің көмегімен оқыту үдерісін жақсартудың мәселелерімен С.Ю. Карпова, Л.В. Корчагина айналысты [13,14].

Оқу үрдісін қарқындату технологиясының теориялық тұжырымдамасын жасаудың әдіснамалық негізі диалектикалық әдіс қабылдаған. Оны қазіргі заманғы нақтылануына жүйелілік тәсілімен алынған Оқу үрдісін қарқындатуды сапалы өткізудің күрделі екендігі даусыз. Алайда, жан - жақты даярланған білікті маман қажет. Келесі оқу- әдістемелік құралдар, ақытудың материялдық техникалық базасы, қазіргі заманғы компютерлік – техникалық құралдар, электронды оқулықтар, интернет жүйесіне жалғану, онлайн жүйесі бойынша интерактивті сабақтар өткізу. Әрине, оқу орнының арнаулы материялдық техникалық базасы қазіргі XXI ғасырға тән оқу кабинеттері, арнаулы жабдықталған мультимедиялық кабинеттері арнаулы компютері, мультимедиялық лингафоны, интернет класс кабинеттері қажет. Сонымен бірге, әрине диапазитив, диафльм, транспорант, дискеттер, кинофильмдер, телефильмдер мультимедиялық видио - анимациялық фильмдер және фрагменттер, компакт дискеттер, флештер, сонымен қатар қазіргі заман

талабын қанағаттандыратын қондырғылар. Ең бастысы білім алушылармен өз дәрежесінде жұмыс істей алатын кәсіби мамандар қажет.

Қарқындату дегеніміз – тұтасымен алғанда, - оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыру, жаңа технологиялармен оқыту, оқытудың техникалық және көрнекті құралдарын орынды пайдалану есебінен, компьютерлік техниканы ұғымды қолдану арқылы, арнайы жабдықталған мультимедиа кабинеттерінде сабақ өту.

Оқу үрдісін қарқындату технологиясының теориясына негізделеді. Оның іргелі даму принциптері заңдылықтарын, әдістерін, құралдарын дамытады. Сондай-ақ, мазмұнын дамытушы - қарқынды жетілген үлгілері қолданыс табады. М.Ә. Құдайқұлов[20] пікірі бойынша, оқу орындарының маңызды міндеттері – салыстырмалы түрде сапалы оқытуға, міндетті шығармашылық оқуға көшу, білім көлемі мен мазмұнын, әдістемесін, оқу құралдарын толық жүйелеу қажеттігін, жетілдіруді барлық бағыттарда жүргізуді қажет дейді.

М.Ә. Құдайқұлов оқу үрдісін қарқындату технологиясын, өзара байланысқан екі міндетті шешумен байланыстырады оқыту сапасын арттыру және уақыт шығындарын бір мезгілде кеміту арқылы . Сонымен, уақытты ақыл-ойға салып үнемдеу білім мен тәрбие алушыларды жан – жақты дамытуда және күйін , нәтижелілігін жақсартуды – дейді, В.С. Леднев, себептері:

- Зерттеулердің күрделігінен ;

Оның мәні мазмұнын жеткілікті дәрежеде зерделенбегендіктен.

Сонымен, еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторы \жағдаяты\- ол қарқындату. Ғылымды дамыту үшін, экономикалық тұрғыдан және қоғамдық қатынастар бойынша есептеулер жүргізіледі Ғылымды және ғылыми қызметтің өзін қарқындатудың өзі мәнді Г.А. Несветайловтың [22], пікірі бойынша, ғылымның қарқынды даму жолы «ғылымның бірлік ресурстарына есептегенде алынған нәтижесінің саны мен сапасы ғылыми қызметтерді ұйымдастыруды жетілдіруі және жақсарту есебінен». Ал, мұғалімдерге қатысты оқу үрдісін қарқындату дегеніміз, ол:

Олардың жұмыстарының жаңаша сабақ берулерінің, оқу үрдісінің тиімділігін және сапасын арттыру;

- Жұмыс уақыттарын үнемді пайдаланып, ресурстарды сапалы, үлкен пайдалы әсер коэфицентімен \тұрақтысын\ пайдалану;

- әрбір қызметтің нәтижесін көріп, диагностикалап оған қатысты корректировкалау \түзетулер ендіру\ арқылы еңбек ету;

- оқу үрдісіне қарқынды оқыту технологияларын ендіру;

- оқу үрдісін, талаптарға сай сапа менеджменті жүйесіне қатысты барлық талаптарды жүзеге асыру т.б.

Әдебиеттер

1 Құдиярова Р. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану арқылы сабақты жоспарлау және басқару // Мектеп. – 2005.- № 8. - 9 б.

2 Құдайқұлов М.А. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. - Алматы, 1972. -21 б

1 Бейсенбаева А.А. Оқыту процесін пән аралық байланыс негізінде ұйымдастыру.

А.Мектеп 1993.

ӘОЖ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Төлеқожа Ұ. С.. – 120-17 тобының студенті
Қосдәулетова Б. 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Пошаев д.Қ.- п.ғ.к., проф м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Ответственным вопросом является вооруженность учащихся знаниями основ профессионального самоопределения с учетом их интересов, склонностей и способностей к определенному профилю профессии в одной из областей знаний или в сфере общественного производства и общения.

Оқушылардың білім салаларының бірінде немесе қоғамдық өндіріс пен қарым-қатынас саласында мамандықтың белгілі бір профиліне қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, кәсіби өзін-өзі анықтау негіздерін білумен қаруландыруға жауапты мәселе болып табылады.

Күнделікті өмір бізді бүгінгі таңда белгілі бір адамның кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асырудағы қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру шешуші болатынына сендіреді. Бұл жағдайда мамандықтың ықтимал өзгеруін алдын-ала болжау, еңбек нарығындағы қатаң бәсекелестік пен жұмыссыздық жағдайында стресске төзімділікті сақтау маңызды.

Адамға қанағат пен қуаныш әкелетін мамандықты қалай анықтауға болады? Бұл сұраққа жауап оқушының дұрыс таңдау жасауы үшін оның қызығушылықтарын, бейімділіктерін және көптеген мамандық түрлерінің біріне қабілеттерін анықтау керек.

Зерттеу барысында , оқушыларға өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтау бағытын қалыптастыруға және білім беруді жалғастыру үшін оқу профилін және оқу орнының түрін таңдауға, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өмірлік және кәсіби жоспарларды жүзеге асыруға дайындығын анықтауға мүмкіндік беретін , денсаулық жағдайы, жалпы білім беру деңгейі және еңбек нарығының мамандарға қажеттілігін анықтау керек болды. Осы мақсатта, әлеуметтік өндіріс құрылымы, мамандықтардың жіктелуі, оқушыларға қол жетімді және бейімделген тесттер мен сауалнамалар туралы материалдарды жасау қажеттігі туындады. Олар белгілі бір ретпен орналастырылған: өндіріс пен басқарудың негізгі салалары, кәсіптердің жіктелуі, жеке тұлғаның өзін -өзі бағалауы- қызығушылықтар, мотивтер және бейімділік -темперамент-қабілеттер (назар, есте сақтау, қиял, ойлау және т.б.), жүйке жүйесінің қасиеттері, кәсіби таңдау мәселелерін қамтыды[1].

Тесттермен және сауалнамалармен жұмыс белгілі бір сенімділікпен танымдық қызығушылықтарды, мамандық таңдау мотивтерін анықтауға және өзін-өзі жақсы зерттеуге, сонымен қатар өзін-өзі тану, интроспекция әдістерін

игеруге, маңызды жеке қасиеттерді анықтауға, кәсіби таңдауға, белгілі бір мансапқа жетуге ықпал ететін жеке ерекшеліктерді бағалауға мүмкіндік береді.

Тестілеу барысында келесі шарттарды сақтау маңызды. Тесттермен және сауалнамалармен жұмыс істеу, жұмысымызда көрсетілгендей, белгілі бір реттілікті қажет етеді. Зерттеу барысында оқушыларға мүмкіндігінше тезірек және тез жауап беру ұсынылады, сонымен қатар, зерттеуде оқушылардың ұсынылған сұрақтарға алғашқы реакция назарға алу маңызды. Кейбір сұрақтарға жауап беру қиын болуғанымен н. Оған қажет қонымды жауаптарды беру алға тартылды. Сұрақтарға жауап бере отырып, оқушы үшін жағымды немесе пайдалы әсер қалдыруға тырыспауды назарға алдық.

Сондықтан да, кейбір сынақтар мен сауалнамаларда нәтижелер қанағаттанарлық болмаса, оқушының ренжімеуін ескертіп отырдық. Алынған мәліметтер өмірдің белгілі бір кезеңінде қызығушылықтың, бейімділіктің және қабілеттің даму деңгейінің болуын ғана растайтынын ескерттік.

Тестілеу негізгі тақырыптар мен мәселелер бойынша құрастырылған және "Кәсіби өзін-өзі анықтау" элективті курсының мазмұнына кіретін маңызды элементтерді тексеруге бағытталды.

Оқушыларға әрқайсысы 47 тапсырмадан, оның ішінде 1 - бөлімде (А1 – А40) жауапты таңдаумен, қысқа таңдаумен және 2 - бөлімде (В1-В5) жауапты жазумен 5 тапсырмадан және 3-бөлімде толық жауаппен (С1-С2)
2 тапсырмадан нұсқалар ұсынылады. Жауап таңдауы бар 40 тапсырманың ішінде Қазақстанның өндіріс салалары және кәсіптерді жіктеу бойынша 15 тапсырма, өзін-өзі бағалау, кәсіби мүдделер, жеке тұлғаның бейімділігі мен қабілеттері бойынша 6 тапсырма, жүйке жүйесінің табиғи қасиеттері бойынша 4 тапсырма, психикалық процестер бойынша 8 тапсырма және олардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы рөлі, денсаулық, кеңес беру, таңдау, бейімдеу және басқару мәселелері бойынша 7 тапсырма өзін-өзі анықтау бюойынша қарастырылды.

Екінші бөлімнің (В1 - В5) тапсырмаларын таңдау негізінен жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктерінің деңгейін анықтауға қатысты әртүрлі күрделіліктегі тапсырмалар болып табылады. Элективті курсты жасауға арналған әртүрлі бөлімдерінен білімді синтездеуді талап ететін тапсырмалар 3 - бөлімнің (С1-С2) тапсырмаларында берілген.

Ұсынылған міндеттерді шешу кезінде "Мамандықтар әлемінде" (Пошаев Д.ұсынған) қосымшасын пайдалдық.

Аттестаттау 100 балдық шкала бойынша бағаланады (бірінші бөліктің әрбір тапсырмасы 2 балл, барлығы 80 балл; екінші бөліктің тапсырмалары әрқайсысы 2 балл, барлығы 10 балл; үшінші бөліктің тапсырмалары-5 балл, барлығы 10 балл) егер аттестаттау бес балдық жүйе бойынша өткізілсе, онда нұсқа орындалғаннан кейін нақты алынған баллдар мен 100 балдық шкала мен 5 балдық мектеп бағасы арасындағы сәйкестік анықталады: 80-90 балл — "бес", 60-79 балл-"жақсы", 40-59 балл-"үш", 40 балдан — "екі".

Сынақ жүйесі кезінде 40 және одан да көп балл бақылау материалдарын орындау кезінде аттестаттау оң болып табылады[2].

Бақылау-өлшеу материалдарын орындау оқушыларға өз білімдерінің сапасы туралы өз бетінше білуге, сондай-ақ нақты тапсырманы орындамағандарға емес, байқағыштық, зейін, есте сақтау, ойлау және т.б. деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, нұсқаларды білу "жауаптар"бөлімінде дайын түрде хабарланады.

Жауаптарды іздестіруде орын алатын қыйындықтар және оларды жеңу оқушыларға терең танымдық қанағат сезімін ғана емес, сонымен бірге үлкен қуаныш әкелетінін ескертіп отырдық.

Зерттеу барысындағы. кәсіптік бағдар берудегі маңызды мәселе "мамандық", "мамандық", "лауазым" ұғымдарын, олардың құрамы мен қоғамдық өндірістің негізгі салаларындағы мақсатын ашу болып табылады.

Қарапайым қоғамда мамандық таңдау проблемасы болған жоқ, өйткені адам өмір сүру үшін күресте бәрін жасай білуі керек: тамақ, от, киім жасау, тұрғын үй салу, қауіптен қорғану және т.б. қоғамның және адамдардың дамуымен біртіндеп еңбек бөлінісі басталды. Бұл бағыттағы алғашқы қадам екі кәсіптің пайда болуы болды - мал шаруашылығы және егіншілік, бұл айырбастау процесі мен оның аралық құралы - ақша тудырды.

Кейінірек қоғамдық еңбек бөлінісінде жаңа сала пайда болды - қолөнер. Қолөнер негізінде кейіннен пайда болды өнеркәсіп. Айырбастау нысандары мен құралдарының дамуына байланысты саудагерлер, көпестер, қораптар сияқты мамандар пайда болды.

Бұл мәселелер зерттеу барысындағы жауап берілетін нысан ретінде қарастырылды.

Әдебиеттер

1. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері. Оқу құралы, Шымкент ОҚМУ, 2007 -84 б
2. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдаудың психологиялық-педагогикалық негіздері// М.Әуезов атындағы Оңтүстік қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 17-ші студенттік ғылыми конференцияның еңбектері, Том 4. Шымкент, 2014- Б. 97- 98.

ӘОЖ 371.134

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ӘР ТҮРЛІ ЖҮЙЕЛЕРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Султанов М.М.– 111-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші – Адылбекова Э.Т. – п.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются организация процесса дистанционного обучения в различных электронных системах и пути формирования профессиональной компетенций будущих учителей в условия дистанционного обучения

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытуды ұйымдастырудың дамыған жүйесі. Осы замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар жаңа оқыту түрінің барлық құндылықтарын ұстап отырып, кемшіліктерімен күресуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту технологиясы – оқу барысында оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өз беттерінше оқытылып, керек материалдарды жеткізу мүмкіншілігі, пайдаланылған материалдарды оқып меңгеру бойынша, әрі білім алу барысында оқу жүйесін меңгеруге арналған ақпараттық технология [1].

Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құрал-жабдықтары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдаланылатын, күндізгі және сырттай білім алу түрінде білімді игеру болып табылады [2].

Қашықтан оқыту кезіндегі өзіне қолайлы орында білім алуға мүмкіншілігі бола отырып, электронды пошталар, мобильді байланыстар арқылы оқытушымен байланыса отырып, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі бар, оқып үйренушінің міндетке бағытталып және бақыланатын өзіндік әрекетіне де байланысты болады.

Қашықтықтан білім беру үдерісін әр түрлі жүйелерде ұйымдастыруымызға болады.

Жүйелер дегеніміз не? Жүйе – бір-бірімен байланыс жасау және қарым-қатынасты ұйымдастыру. Яғни қашықтан білім беру немесе білім алу барысында әр түрлі жүйелерді пайдалана отырып оқу үдерісін тиімді және көлемді ақпараттармен бөлісу. Тақырыптың негізгі мақсаты білім алушыларды қашықтан оқыту үдерісінде әр түрлі жүйелерді ұйымдастырып, жаңа заманға сай білім алуды үйрете білу. Қазіргі жағдайларға (COVID-19, пандемия) байланысты ең маңызды және ауқымды тақырыптардың бірі болып отырғаны рас. Осы мәселеге байланысты болашақта кеңінен пайдалану, әрі білім беруші мен білім алушының өзіне қолайлы жағдайда қашықтан білім беру икемдірек.

Қашықтан білім берудің үдерісін әр түрлі жүйелерде ұйымдастырудың негізгі міндеті – білім беруші және білім алушының интернетке қосылған гаджеттерді әр түрлі жүйелерде талқылап сапалы және қолайлы білім алу. Жүйелерді қолдану барысында: дәріс оқып тыңдау, тапсырмаларды орындау, білім берушімен ақылдасу және әр түрлі жүйелер арқылы білім алушылар өзара бір-бірімен ақпарттар алмасуға өте тиімді. Сонымен бірге нәтижелі түрде білім алу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей алады. Бұл білім беруші және білім алуға өте тиімді.

Қашықтан оқыту барысында жүйелерді ұйымдастырудың тиімді тәсілдеріне келетін болсақ, жүйелермен әр түрлі ойындар ұйымдастыруға, топтық жұмыстар жасауға, білім алушының білімін тексеру мақсатында сұрақ-

жауаптар, тесттік тапсырмалар, т.б қосымшаларды қолдануға өте тиімді. Мысал ретінде алатын болсақ, «ActivInspire» бағдарламасын пайдаланып білім алушыны білім алуына қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі ойындар дайындау, «Kahoot» бағдарламасы арқылы қашықтан тест сұрақтарына білім алушының жауап беруіне, тіпті ол бағдарлама арқылы топтық тест сұрақтарын тапсыруға, «Powerpoint» бағдарламасымен слайдтар арқылы білім алушыға түсінідірме жұмыстарын дайындауға, оның ішінде түрлі ойындар дайындау, тест сұрақтарын дайындауға өте қолайлы. Міне қашықтан білім беру кезінде әр түрлі жүйелерді қолдану өте қолайлы.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беруші мен білім алышуға электронды платформаларға кіруге мүмкіндіктер жасалды. Оқыту құралы ретінде видео-сабақтар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар қолданылды. Бізде "Bilimland", "Google Classroom", "MOODLE", "Univer", "Platonus", "Canvas", "Daryn.online" сынды пайдалы жүйелер бар және тегін ұсынылды және "ZOOM" оқыту барысында сервисті тегін пайдалануға жағдай жасады.

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі – бұл түлектің әрекеттегі сапалық жеке қабілеттері. Ол түлектің келесі мүмкіндіктері мен біліктіліктерін қамтиды: жоғары кәсіби деңгейде өз бетімен ақпаратты іздеу, жинау, талдау, көрсету, тасымалдау, объектілер мен үрдістерді, соның ішінде өз жеке әрекеттерін және ұжымның жұмысын модельдеу және жобалау.

Қорытындылай келе, соңғы жылдарда дүние жүзінде болып жатқан жағдайларға байланысты оның ішінде Қазақстан Республикасында да қашықтан білім беру және білім алу өте қолайлы болып отыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарынын бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғызудан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер:

1. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі. Б.Кенжебеков, № 7.— 2004.
2. «Мектеп информатикасы: іс – тәжірибе, проблемалар және келешегі», Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдар жинағы. 19 – 21 қазан 2005 жыл. Алматы, 2005 ж.

ӘОЖ 364.044.43

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІ

Сматуллаева М.С. – К123-16 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әбішева Л.П. - п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған[1,2].

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иә, бұның бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады[2].

Қазіргі жағдайда рухани-азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

- Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
- Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;
- Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;
- Халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі;

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани– азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады[3,4].

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы - ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуна, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;

- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі да-мытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау,бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани –азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Қазіргі заман жастарының қоғамдағы жағдайын әлеуметтік депривациялық жағдай ретінде, яғни олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті т өмірде жастар ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде. Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжіңді, қолайсыз, бейморалды отбасылар көбеюде. Балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да әлеуметтік депривцияға түсуде. Қазіргі таңда сапалы білім алу тікелей отбасының материалдық жағдайына, байланысты болып отыр. Әлеуметтік қатынаста депривациялық фактор әлеуметтік жіктелудің күннен күнге тереңдеуіне және қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа байланысты болып отыр.

Талдау жасай келе бүгінгі таңдағы жастардың әлеуметтенуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі процесс екендігін байқауға болады. Бұл қиындық алдымен өз болашағы үшін тұлғалық жауапкершілігін сезінуі мен тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы болып табылады. Бүгінгі таңдағы оқушының прроблемаларының көзі мектеп болып отыр. Мектеп-оқушының біршама бөлігі үшін әлеуметтік бейімделіне жағдай жасай алмай отыр. Бұл жерде проблема тек қана оқушының үлгермеушілігінде болып отырған жоқ, мектеп-баланың негізгі өмірлік дағдыларын қалыптастыра алмай отыр.

Бұл мамандықтың иесі гуманист, діни рухани және жалпы мәдениеті педагог болуы тиіс, педагог және әлеуметтік қызыметткер бола білу, баланың білім алуына, тәрбиесіне бамуына байланысты оны қорғауда өзінің белсенді

роль атқаратынын түсіне алу тиіс, тұрақты адамгершілік қағидасы ұстанымы болуы тиіс.

Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғалық қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындау. Қазіргі кезде тәрбиеге қойылатны талаптардың бірі- басқа адамдарды қолдануға дайын тұратын, қарым- қатынасты бағалай алатын яғни, коммуникативті қабілеті дамыған тұлғаны қалыптастыру болса, бұл жұмысқа әлеуметтік педагог та өз үлесін қоса алады деп ойлаймын. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Әдебиеттер

1. Болашаққа бағдар "Рухани Жаңғыру" мақаласы (infourok.ru)
2. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан — 2030» Ел басының Қазақстан халқына жолдаған стратегиялық бағдарламасы. – Алматы: Білім, 1997. -256 б.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Санат 1995. 81 б.
4. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234 б.
5. Сыныптан тыс тәрбие журналы №5,2007 жыл

ОӘЖ 2304

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІГІ

Адамбаева Х.Н.-123-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ортаева А.С.-PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article deals with questions about the influence of the pedagogical works of Altynsarin for students on righteous behaviour.

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында «Білім берудің басты мақсаттарының бірі – жеке адамды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық негізінде, білім алуды, дамытуды, қалыптастыруды қамтамасыз етуге жағдай жасау» деп атап көрсетілді.

Сондықтан, осындай талаптарға сай білім беру саласының көп варианттық және көп деңгейлік ерекшеліктеріне орай, білім беру жүйесінің сапалық артуын, Қазақстан педагогика тарихының ұлттық даму мұрасын зерттей отырып қолдануды талап етеді. Осы орайда ұлттық тарих, мәдени мұра мәселелерін тілге тиек еткенде, білім беру саласы, мектептері ең басты өзекті мәселенің негізі ретінде көрініс береді.

Себебі, қазіргі әлеуметтік - экономикалық жағдай аймақтық білім беру саласының барлық бағыт – бағдарларын, құрылымын, өткені мен бүгінгісін және болашағын айқындап алмайынша, білім беру жүйесін, оның ішінде аймақтық білім

жүйесін ізгілендіру, әлемдік өркениет талаптарына жауап беру, табиғи, мәдени үйлесімді жеке адамды қалыптастыру,оны бүгінгі қоғамға бейімдеу, оқу - тәрбие жұмысының тиімді түрлері мен әдістеріне таңдау жасамай, оны енгізу мүмкін емес екендігін танытып отыр.

Өзінің педагогикалық еңбектерінде жас жеткіншектерді адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлгендердің бірі – Ы.Алтынсарин.

Ағартушы-педагогтың адамгершілік тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектері болмағанмен, оның адамгершілік көзқарастары педагогикалық қызметінен көрініс тапқан. «Қазақ хрестоматиясына» енгізілген ауыз әдебиетінен жинаған материалдарының мазмұны танымдық, адамгершілік, өнегелік сипатта. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болып өсуге, зиянды іс-әрекеттерден, жалқаулық, еріншектік, сұғанақтық сияқты жаман әдет, жат мінезден аулақ болуға шақырды.

Ы.Алтынсариннің хрестоматияға енгізілген қайсыбір шығармасын алмайық, бәрі дерлік адамгершілік тәрбиеге бағытталған. Автор жас жеткіншектерді достыққа, шыншылдыққа, ұстамдылыққа, адал еңбек етуге, туған жерін, елін сүюге, ата-ананың ақыл-кеңесін тыңдай білуге, үлкендерді сыйлап, кішілерге көмектесуге шақырады.

Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келді. Бұл істі жүзеге асыру процесі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбне мақсаты - әрбір тұлғаны әр жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам-жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекетімен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс-әрекеті мен қарым-қатынас иесі.

Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған коғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады.

Адам бойындағы мыңдаған қасиеттердің ішінде негізгі орын алатын қасиет – адамгершілік қасиет.

Адамгершілік – қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі. Ол қоғамдағы адамдардың әрекетін нормативті реттеу қызметін атқарады.

Алтынсарин әңгімелері мен өлеңдерінде ұзақ сонар уағыз айту жат. Автордың жағымды кейіпкерлері аңғарғыш, табиғатынан зерек, тапқыр болып келеді, оларды әр уақытта еңбекші халық ортасынан келтіреді. Басты кейіпкерлердің аузына өткір, дәлелді сөз салады. Алтынсарин мектебінің білім беру мақсаты өмірдің талабынан, көпшілік халықтың мұқтажынан туған. Оның алға қойған мақсаты бойынша мектеп баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім беруі керек.

Алтынсариннің түсінігі бойынша, мектептің алдына қойған мақсатының жан-жақтылығы сонша, кейде оның нұсқауымен мектептің оқу процесі мен кластан тыс жұмыстың дағдылы шегі мұғалімдердің есінен шығып кететін. Жұмыстың соңғы

түрін ол оқушылармен әңгімелесу деп атайды. Оның бұл түсінігі бойынша, мектептің алдына қойған мақсатына оқу жоспарының «динамикалығы» мен мектепке арналған программа себепші болды. Балаларға «жан-жақты және кең көлемде білім беруге» — тырысушылығын жоғарыда біз айтып өткенбіз, мұның өзі бастауыш халық училищесінің программасының көлемінен асып жатқанын дәлелдейді.

Алтынсариннің кейбір пікірлерінде «адамгершілікке» тәрбиелеу идеясы анық айтылған. Бұл пікірлер оның шығармаларында терең көрсетіледі.

Адамгершілік жөнінде Алтынсариннің айтқандары өз халқына, балаларға деген шын сүйіспеншілігінен туған. Бұл жағынан алғанда ол революциялық демократтар мен орыс педагогикасының классиктерінің негізгі идеяларын терең игерді.

Алтынсарин ғылыми-жаратылыс жайлы дүние тану мәселесіне яғни өз борышын және адамның қоғамдағы мәртебесіне қатысты міндеттемелерді яғни дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға зор көңіл бөледі.

Дұрыс әрекет – қайрат пен табандылық, адалдық, шешім қабылдауда батылдық, ынталылық.

Адам баласы өзінің таза жүрегінде, бұзылмаған ар-ожданына бір сәт назар аударса, оның бастауы тәрбиеге деген бейімділік екенін ұғады. Бала көзін ашқаннан бері жан-жағындағы барлық жаратылыстың адамға қызмет етіп тұрғанын және айналасындағы әр түрлі ғажайып істердің атқарылып жатқанын таза жүрекпен, кірленбеген ар-ожданмен сезінуі тәрбие бастауының дұрыстығынан екенін Алтынсарин олардың өтірікке толы, балалардың басын қатырып, ақылын топастандыратын кітаби оқуларын әшкерелеп наразылық білдіреді.

Тәрбие тек адамның сапасын өсіріп қана қоймайды, оған белгілі көлемде мағлұматта береді, еңбексіз қадір, бақытта болмайтыны сезініп, еңбекке елеулі құштарлықты туғызу керек».

Алтынсарин қазақ балаларын дарынды, туысынан зерек етіп бейнелейді. Өмірдің қатал тағдыры еңбекші семьяда өскен қазақ балаларының ақыл – ойына әсер етті, тапқырлығы, білуге құмарлығы жетілді.Қазақ балалары қызық әңгімелерді, егер онда өте маңызды, не шиеленіскен қисынды немесе юмордың қунақылықты элементі болса, немесе күшті қарама – қарсылық болса, - міне осындай мазмұндағы әңгімелерді жақсы көрді. Қарапайымдылық, дәлдік, жинақтылық, кейіпкерлердің басындағы күйініш – сүйініш мұндай әңгімелерінде талапты ақыл мен жігерлілікпен, алға қойған мақсатын жеңіп шығу жолында дұрыс әрекетке тән қасиеттерді сипаттайды.

Дұрыс әрекетке тән қасиеттер

- Әдет – өзінің шынайы болмысын түсінуге негізделген. Дұрыс әрекет адам өмірінің негізі болуы керек. Тіпті күн сайын, апта сайын бірнеше рет жасалатын шағын істердің өзі әдептен орныгады.
- Қанағат – тілек-қалау адамды әрекет етуге итермелейді және оның өмірдегі амал-әрекетіне себепші болады. Тек тілек-қалауын тыйғанда ғана адам еркіндікке қол жеткізеді.

- Ынтымақтастық – жастары, әлеуметтік және экономикалық жағдайлары әр түрлі адамдармен бірге өмір сүруге үйрену үшін оқушылар мектепте тәртіпке, өзара сыйластыққа, ынтымақтастыққа үйренеді.
- Тәртіп – адам іс-әрекетіндегі жетістігінің негізі. Бұл қасиет баланың бойына сәби кезінен бастап даруы керек.
- Парыз бен ризашылық – әр адамның өз отбасы, өзі өмір сүретін қоғамы мен елі алдындағы парыздары мен міндеттері бар.
- Дұрыс ой – адамның Дұрыс әрекетке бастайтын таза және асқақ ойы болуы керек.
- Дұрыс сөз – тіл-бұл шынайы тәрбиеліктің көрсеткіші. Айқайлап, сауатсыз сөйлеу, ашу мен ызаға толы сөз- адам денсаулығына кері әсер етеді.

Дұрыс әрекет – жүректен шығып,сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық.

Ақиқаттан туындағанның бәрі – дұрыс әрекет.

Көптеген шығарманың мазмұны балаларды дұрыс әрекетке дағдыландырады, оларды байқағыштыққа үйретеді, ойларын дамытады.

Осындай дұрыс әрекет құндылықтарын қалыптастыратын шығармаларына мыналар жатуға тиіс: «Әке мен бала» (жалқаулықты сынайды), «Асыл шөп» (сабырлылықты, төзімділікті көрсетеді), «Шеше мен бала» (қайырымдылықты), «Кіші пейілділік», «Түлкі мен ешкі» (өтірікшілікті), «Жаман жолдас» (жолдасты бағаламау, қара басының ғана қамын ойлаушылықты), «Баланың айласы», «Алтын шеттеуік» (момындықты), «Қисық ағаш» (қыңырлықты), «Бір уыс мақта» (сараңдық пен ұқыптылықты), «Таза бұлақ» (адалдықты уағыздайды).

Халық мақалдарынан да хрестоматияға біраз орын берілген. Олардың бірқатары белгілі тәрбиелік мәні бар, балалардың өзін қоршаған айналасына, өмірге, адамдармен қарым-қатысын, мінез-құлқын дұрыс бағыттауға ұмтылдырады.

Сол *мақалдарды*ң кейбіреулерінен мысал келтірейік:

1. Еңбексіз бақыт жоқ.
2. Ерте тұрғанның ырысы артық.
3. Жығылып жатып, сүрінгенге күлме.
5. Ұят, өлімнен де күшті.
6. Талаптыға нұр жауар.
7. Отпен ойнама күйесің, Қоянмен ойнама қалжырайсың.
10. Ащы менен тұщыны татқан білер.
    Алыс пен жақынды жортқан білер.
11. Көп жасаған көп білмейді.
    Көп оқыған көп біледі.
12. Кім жүгірсе, сол озады.
    Жатқанға жан жуымас.
13. Қолыңды қусырып жатпа.
14. Еңбексіз дән өспес.
15. Қасқырдан қорыққан Орманға бармас.
16. Еңбегі ештің — күні кеш.
17. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,

Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.

18. Кісі елінде сұлтан болғанша, Өз еліңде ұлтан бол.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектері іс−әрекетінің құндылық бағыты қандай да бір құбылыстардың әлеуметтік мәнін ұғыну болып табылады.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінің негізгі арқауы – жеке адам тәрбиелеу жолын іздеу. Сыртқы ортада болып жатқан түрлі оқиғалар ықпалында емес, адамның ішкі дүниесінде өтетін сапалық өзгерістердің мәнін ашып, айқындау арқылы адами әлем жасау – Ыбырай еңбектерінің негізгі ерекшелігі. Сол арқылы ұлтын, жерін, жалпы адамзатты сүйген адам тұлғасының дамуына әсер ету үшін әңгімені, өлеңді, сөзді, педагогикалық істі қару ету міндетін көздеген. Ыбырай мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп-өнген қазақ жұртының халықтық рухын, санасын, мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған. Ыбырай адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді. Міне, осыдан, Ыбырай ісінің мәні мен мағынасына, бүкіл қоғамдық сапасына аса үлкен талап қойған, өзі де сол талап деңгейінен табыла білген.

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының «Білім»Заңы, 2007

2 Қоңыратбай Т., Шайхыұлы Е. Алтынсарин Ы. 2 том шығармалар жинағы Алматы,Қазығұрт 2003

3 Әбілдина Е., Жанаев Т. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. Алматы, Мектеп, 1988.

4 Малайсарин Ж.Қ. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, Ана тілі, 2005

ӘОЖ 372.8:502

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТА ОТЫРЫП ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫН ЖАЗУҒА ДАЯРЛАУ

Абилова М.А М 1301-10 тобының магистранты, №85 жом мұғалімі

Ғылыми жетекші: Таутаева Г.Б п.ғ.к

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме:

Бұл мақалада Ы.Алтынсарин шығармаларын түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқыта отырып, білім алушыларды ғылыми зерттеу жобаларын жазуға даярлауға болатындығы баяндалады.

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беруді қолдауға қойылатын талаптар құрамында оқу, жобалау, зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі туралы талап қамтылған. Бұл ретте негізгі орта білім беру мазмұнын «оқу, жобалау және зерттеу қызметін бір бағытта ұйымдастырылған тәрбие жұмысымен ұштастыру арқылы іске асыру оқушылардың дербестігін дамыту

мен рухани адамгершілік тәрбиесі интеграциялау негізінде жүзеге асады. Яғни, менің ғылыми зерттеу жұмысымның өзектілігі нормативтік құжаттардан келіп туындап отыр.

Білім алушылардың оқу үдерісіндегі оқу мазмұнына сәйкес жүргізетін микрозерттеулері өзіндік жүргізетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуға дайындық ретінде болуы керек. Яғни, балалар нені және қалай зерттеу керек екендігін түсінуіне жол ашылу керек. Ол үш оқулықтағы қарапайым шығармаларды зерттеуге бағыттай отырып оқыту маңызды рольге ие..

Түрлі тақырыпты қамтитын, рухани адамгершілік тәрбиесіне толы өлең, әңгімелер тізбесін бастауыш сынып оқулығында Ы. Алтынсарин шығармалары қамтиды. Ыбырай Алтынсарин шығармалары қашанда бастауыш сынып оқушыларына арналған «әдебиеттік оқу» пәнінің базалық мазмұнына еніп отырған. Оның бірден –бір себебі шығармаларының тақырыбы қызықты және тәрбиелік мәні өте зор.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық мазмұнында Ы.Алтынсариннің шығармалары орын алған.Оның шығармалары бастауыш сыныптарда балалардың жас ерекшелігіне және бөлім атауларының тақырыптарына сәйкес төмендегі кесте бойынша орын алған:

	Сыныбы	**Пәні**	**Бөлім атауы**	**Шығарма атауы**
1	1-сынып	Сауат ашу	Өзім туралы	Кел, балалар, оқылық!
2	2-сынып	Әдебиеттік оқу	Дені саудың-жаны сау	Салақтық
3	2-сынып	Әдебиеттік оқу	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Бұл кім?
4	2-сынып	Әдебиеттік оқу	Саяхат	Досыма хат
5	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Баланың айласы
6	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Малды пайдаға жарату
7	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Уақыт	Бақыт құсы
8	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Өнер	Өнер-білім бар жұрттар
9	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Су-тіршілік көзі	Өзен
10	3-сынып	Әдебиеттік оқу	Су-тіршілік көзі	Таза бұлақ

Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар,оқылық!» өлеңін және «Салақтық» шығармасын В.Ф.Шаталовтың тірек-сызба әдісі арқылы оқыту өте тиімді. Бұл оқыту тірек схемалар арқылы жүзеге асады. Өлеңнің алғашқы шумағы тірек схемада берілу түрі төмендегіше:

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Бұл бөлімде әріптер әлі өтілмегендіктен, әріп танып, оқи алатын бала саны өте аз. Шығармадағы сөздер санын анықтауда және сол сызбаға сәйкес өлең жолдарын табуда тірек сызбалардың алатын орны ерекше. Бұл тірек сызбалар уақытты ұтымды пайдалануға да септігін тигізеді, оқушылардың ойлау жүйесін арттырады. Мәселен, мына тірек сызбаны беру арқылы

, , ! Ы.Алтынсарин шығармасының қай жолы беріліп тұрғанын анықтауға болады. Бұл, әрине «Кел, балалар, оқылық!» жолы. Бұл тірек сызбалар оқушыларға шапшаң ой шақырады. Яғни, тірек сызба арқылы кодталған материалды дыбыстандыру, құпия кілтін ашу және логикалық байланысын анықтау болып табылады. Сызба арқылы әрекет ету баланы өлеңді есте сақтауға, қайталауға және талдай білуге үйретеді.

Ыбырай Алтынсарин «Салақтық» шығармасын оқытуда да тірек сызбаны пайдаланудың маңызы зор. Алдын ала берілген тірек сызбалар арқылы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау және сол бөліктердегі негізгі ойды табу білім алушы үшін жеңілдік туындатады. Мысалы,



Тірек сызбада мәтіндер бөліктерге бөлінген және негізгі ой көрсетіліп қойған. Бұл сызба мәтін желісіндегі жағдайлардың негізгі құрылымдық сипаттарын және олардың арасындағы маңызды қатынастарды көрсетеді. Тірек сызбадағы мәтін бөліктері нұсқама арқылы келесіге бағытталғанын көрсетеді. Бұл ретте білім алушының ғылыми зерттеу жобасы құрылымы негізге алынады. Жобаның құрылымындағы кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлім таныстырылады. Балалар ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуға кірісер алдында оның бөлімдері мен ондағы атқарылатын қызметтерден хабардар болуы керек.

Ы.Алтынсариннің «Бұл кім?» шығармасы бар жоғы бір ғана шумақтан тұрады. Осы сұрақтың жауабын табу арқылы жұмбақтың шешуіндегі сөзді жан-жақты талдауымызға мүмкіндік аламыз. Оны «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы жүзеге асыруымызға болады. Ақын бұл бір шумақ өлең арқылы ананың бойындағы барлық қасиеттерді көрсеткісі келді.

Ойлаудың алты қалпағы әдісі- ойлау кезінде белгілі бір принципті пайдалану:кенеттен ойлаудың түрлі аспектілеріне бөлек-бөлек назар аударуды үйрену талпынысы. Нәтижесінде осы әртүрлі аспектілердің үйлесімділігі толық көлемде ойлатады. Алты ойлау қалпақтары бағалау және талдамалық ойлауды толықтыра түсетін шығармашылық және ойлау үшін арналады.



Бұл әдіс арқылы ананы тек бір қырынан емес, алуан түрлі қырынан көруімізге болады. Бұл алынып отырған объектіні толықтай қарастыруға мүмкіндік береді.

«Фишбоун» әдісі ақынның «Таза бұлақ» шығармасын оқытуда қолдануға тиімді. Бұл әдіс жапондық профессор Каора Исикава бойынша түсіндіріледі. Мәтіндегі басты проблема –тақырып, оның неліктен «Таза бұлақ» атануы? Проблемалық сұрақ ортаға тасталған соң енді оның себептері мен салдарын анықтауға кірісеміз. Ол балық денесінің жоғары және төменгі қанаттарына орналастырылады. Ал түйінді ой ең соңынан жазылады.

Балаларды «Таза бұлақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйретеді. Әңгіме кейіпкерлерінің көзқарастары мен танымын түсіну, бірінен-бірінің ерекшелігін ажырату көзделеді.Сонымен қатар, Фишбоун әдісі арқылы зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту арқылы адамгершілік тақырыбындағы шығармаларға қызығушылықты қалыптастыруға болады. Балалардың оқу қызметінде белсендігін арттырып, ізденімпаздық қырын танытуға мүмкіндік береді.



Бұл стратегия – проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру моделі болып табылады.Бұл сызбаны алғаш болып Каора Исикава ұсынған. Оқыту процесінде бұл әдіс оқушылардың проблеманы талқылауына септігін тигізеді.Бұл балық сүйектерін тігінен және көлденең орналастыруға болады.Жазылым қысқаша жазылуы тиіс.

Ақынның «Өзен» өлеңін оқытуда балалардың зерттеу жұмысына бет бұруы, оларды пәнге қызықтырып, оқуға жетелейді. Зерттеу жұмыстарын жүргізу білім алушыларды жоспарлауға, талқылауға, болжауға, ой бөлісуге, сұрақ қоюға және қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңінде балаларды ізденіске бағыттап, мәтіннен маңызды жағдайларды түртіп алу ұсынылады.

Сыныптағы оқушыларды төрт топқа бөліп, әрбір топқа проблемалық сұрақтар береміз.

1-топ	**2-топ**
Өзеннің қалай пайда болуы мүмкін?	**Өзен суы қаншалықты қажет?**
Өзен –бір арнамен ағатын табиғи су. Өзен таулардан бастау алады. Ол тау мен тасты аралап ағады. Оған жаңбыр суы да қосылады. Ол белгілі бір қалыппен , яғни арнамен ағады.	Өзеннен мал , жан-жануарлар су, ішіп, өсімдіктер нәр алғанымен, су лайланып кетпейді. Себебі оған бұлақтар құйылып, су үздіксіз ағу үстінде болады. Өзен жағасында халық тіршілік етеді. Олар өзеннің балығын азық етеді.
3-топ	**4-топ**
Өзеннен келетін қауіп қатер қандай?	**Өзеннің денсаулыққа пайдасы бар ма?**
Өзеннің суы жаңбыр көп жауғанда, қар бірден еріп кеткенде тасуы мүмкін. Тасып кеткен жағдайда сай – саланы алып, адамдардың өміріне қауіп қатер келтіреді.	Егіншілікпен айналысады. Өзеннің суы адамның көңілің ашып, денесіндегі ауруларына шипа болады. Өзенге бұлақ суы қосылады. Бұлақ суының емдік қасиеті мол.

Сұрақ қою арқылы ізденіске бағыттауға болады. Кейде сұрақтар келесі сабатарда жүргізетін зерттеулерге негіз болуы мүмкін немесе табан асты туындаған ойды бөлісуге, интернетті немесе басқа ақпарат көздерін пайдалануға жетелеуі ықтимал. Мысалы, тосыннан қойылған «Өзен ағысы қай бағытта болады?» сұрағына жауап іздеу мақсатында таудың макетін жасап, өзеннің таудан бастау алатын тәжіриебе арқылы көрсеттік. Зерттеу жұмысы Ы.Алтынсарин шығармасындағы ғылыми негізі бар екенін көрсетеді. Себебі, тәжірибеде су жоғарыдан төмен қарай ағатынын дәлелдеп, судың сай-сала арқылы ағатынын көрсетсе, ақын оны өлеңнің «Тасыса, су бармаған сай қалмайды» жолында-ақ дәлелдеп беріп кеткен. Оқу үдерісінде мұндай микро зерттеулерді жүргізу білім алушыларды мәтінмен, еңбектермен танысу барысында талдауды дұрыс жүргізуге ықпал ететін болады. Пәнаралық байланысты орната отырып сабақты жоспарлау қашанда тартымды болмақ.

Қазақ халқына әділетті қоғам, өркениетті ел мен дамыған орта туралы түсінік жат емес. Қай заманда болсын халқының әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігін жақсартып, жайлы өмір сүруін аңсаған тұлғалар аз болған жоқ.

Ы.Алтынсариннің «Өнер –білім бар жұрттар» шығармасы оның көрегендігін танытатын шығарма. Бұл шығармада ақын бүгінгі XXI ғасырдағы адамдардың қол жеткізген жаңашылдығын болжап айтқан. Сол себепті ақынның болжаған асқақ арманын «Болжау» әдісі арқылы жүзеге асыруға болады. Болжау әдісінде баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу жүзеге асырылады.

Проблемалық сұрақтар:

1. Қалай ойлайсыңдар әңгіме не туралы болуы мүмкін?
2. Олай ойлауыңа не себеп болды?
3. Нені негізге алып отырсың?

	Өлең жолдары	**Проблемалық сұрақтар**	**Ақынның болжамы қандай болуы мүмкін?**
1	Өнер білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды.	Бүгінгі таңдағы құрылысқа пайдаланып жүрген қандай тастарды атай аласыз?	Мәрмәр, гранит
2	Айшылық алыс жерлерден Жылдам хабар алғызды.	Хабарды қарқынды жеткізетін қандай сандық ресурстарды білесіз?	Интернет желісі
3	Аты жоқ құр арбаны Мың шақырым жерлерге Күн жарымда барғызды.	Аты жоқ арба не болуы мүмкін?	Пойыз
4	Адамды құстай ұшырды	Адамның ұшуы үшін не керек?	Ұшақ, парашют, тікұшақ
5	Отынсыз тамақ пісірді	Отын жақпай тамақты қалайша пісіруге болады?	Көгілдір отын (газ)
6	Сусыздан сусын ішірді.	Сусынды неден алуға болады?	Жемістердің шырыны
7	Теңізде жүзді балықтай, Дүниені кезді жалықпай.	Дүниеге саяхат жасау үшін теңізде қалай жүзуге болады?	Кеме, сүңгуір қайық

Ыбырай Алтынсариннің кезінде «Өнер-білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызды, Айшылық алыс жерлерден, Жылдам хабар алғызды...» деп сипаттаған қоғамы бүгінде ғылым мен технологияның қыр-сырын меңгеріп, адам баласы сенгісіз жетістіктерге жетті. Ұлы бабалардың аманатын арқалаған қазіргі ұрпақ Қазақстанды әлемнің ең озық елдерінің біріне айналдыратына шүбәсіз сену аздық етеді, бұл жолда әр адам өзін дамыту арқылы ортақ мұратқа титтей де болсын үлесін қоса алады. Ол үшін «өнер-білім бар жұрттардың» өнегесін жүзеге асырған абзал. Ол үшін іздену жұмыстарына бет бұрып, зерттеуді бастауыш сыныптардан бастаған жөн.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныпта Ы.Алтынсарин шығармаларын оқыту арқылы білім алушыларды ізденуге, шағын зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлауға болады. Бұл зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану өте маңызды. Әдістерді қолдану арқылы берілген тақырыпты жан-жақты зерттеп, көптеген ақпараттар ала отырып білім алушы тілді қолдануға үйренеді. Бұл зерттеу жұмыстары ақын-жазушылардың шығармасына деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Шығармаларды талқылауға, болжауға ой бөлісуге, сұрақ қоюға және құрытынды жасауына мүмкіндік береді және тәжірибе жұмыстарын жасап, шығармашылыққа баулиды.

Әдебиеттер:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2018ж №604

2.Рассел Григг «Бастауыш мектеп мұғалімі» Нұр-Сұлтан 2020
3. Стив Бартлет , Диана Бертон «Білім берудегі зерттеулер» 2020
4.egemen.kz: https://egemen.kz/article/269515-oner-bilim-bar-dgurttar
5. Бастауыш сынып оқулықтары
6.Лазарев В.С. Проектная деятельность в школе. Учебное пособие для учащихся 7-11 классов. – Сургут, РИО СурГПУ, 2014. – 135 с.

ӘОЖ 37.016

“TESTMOZ” ҚАРАПАЙЫМ СЫНАҚ ГЕНЕРАТОРЫ

Жолтай Г. – 125-18а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Битемирова А.Е. – х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены методы и приемы, которые можно использовать в условиях онлайн обучения-использование всех возможностей генератора тестов Testmoz. Объясняется эффективность генератора тестов Testmoz, объясняется, как с ним работать, показаны типы тестов, которые проходят ученики.

“Testmoz” қарапайым сынақ генераторын оқытуда қолдануға болатын ең тиімді тест жасау формаларының бірі ретінде көрсеткім келеді. Әрине, бұл форма Қазақстанда әлі белгілі бола қоймаған, және де ағылшын тілінде ғана жұмыс жасайды. Дегенмен, ел басымыз «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблея-сында XII құрылтайында жария еткеннен кейін қазірде кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту қолға алынып жатыр. Онымен қоса ЖОО-да да осы идеяға сай болашақ мұғалімдер тәрбиеленіп жатыр. Олардың қатарында мен де бармын. Соған сәйкес өз ізденісімнің осы бір оқытуда тиімді болатын тәсілімен бөліскім келеді. “Testmoz” сынақ генераторын тегін қолдануға болады, бірақ шектеулі. Яғни, 50 сұрақ жасай аласыз және оған жауап берушілер саны 100-ден аспайтын болады [1]. Ал егер шексіз пайдаланғыларыңыз келсе жылына 50$ яғни, теңгеге шаққанда 21000 теңге көлемінде ақы төлейсіздер.

Testmoz еркін таратылады және сізден (немесе оқушылардан) тіркеуді талап етпейді. Ал ақылы нұсқада кейбір мүмкіндіктердің құлпын ашу

мүмкіндігі бар. Бірақ тегін режимде де жұмыс жасау оңай. Тест жасауды бастау үшін ең алдымен жоғарыдағы суретте көрсетілген «Make a Test»батырмасын басып, тест үлгілері бар бетке кіреміз. Тесттің атауын жазып, оған құпия сөз арнаймыз. Яғни, тестті тапсыру үшін оқушылар осы құпия сөзді теріп тапсыра алады.

Құпия сөзді таңдағаннан кейін «Create Test»батырмасын басып, мәзірдегі «Questions-ге»кіріп, тест жасауды бастаймыз.

Бұл тесттердің төрт түрін құру және басқару үшін өте қарапайым қызметтер:

- Шындық және жалған
- Бір дұрыс жауаппен
- Бірнеше дұрыс жауапты таңдау
- Мәтін жолын енгізумен

Мысалы:



Тестті жасау барысында «Settings» бөлімінен тесттің түсін, атауын, құпия сөзін өзгертіп, сіздің жасаған тестіңізді кім ала алатынына бақылау жасай аласыз. Тестті жасағаннан кейін сіз оқушыларға жібере алатын ерекше сілтеме аласыз. Ол сілтемені кез келген платформаларға жібере аласыз. Оны қалай іске айырамыз? Ең алдымен «Publish» батырмасын басып, сілтемені аламыз. Ол сілтемені көшіріп, қалаған платформамызға жібереміз

Сол сілтемеден сіз парольді көрсете отырып, әкімші ретінде кіре аласыз. Тест әкімшісі ретінде сіз тестті кім шешкенін және қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін тез көре аласыз.Тест нәтижелерін Excel бағдарламасына жүктеуге болады.



Name	Score	Started On	Finished On	Time	1 100%	2 100%	3 100%	4 88%	5 75%	6 100%	7 100%	8 0%
Ayan	100% (6/6)	2021-03-18 10:49 AM	2021-03-18 10:50 AM	0:00:38	✓	✓	✓	✓	✓	✓		
DIN	100% (6/6)	2021-03-18 10:49 AM	2021-03-18 10:51 AM	0:01:35	✓	✓	✓	✓	✓	✓		
Ergashev A	83% (5/6)	2021-03-18 10:49 AM	2021-03-18 10:50 AM	0:00:53	✓	✓	✓	✓	✗	✓		
Jandarbek S	100% (6/6)	2021-03-18 10:53 AM	2021-03-18 10:54 AM	0:00:18	✓	✓	✓	✓	✓	✓		
Shalpan	91% (6.40/7)	2021-03-18 10:53 AM	2021-03-18 10:56 AM	0:02:38	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	
БАЛЗИЯ	100% (6/6)	2021-03-18 10:49 AM	2021-03-18 10:52 AM	0:02:44	✓	✓	✓	✓	✓	✓		
Гульназ	88% (7/8)	2021-04-03 8:05 PM	2021-04-03 8:07 PM	0:01:58	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Диана	67% (4/6)	2021-03-18 10:49 AM	2021-03-18 10:52 AM	0:02:23	✓	✓	✓	✗	✗	✓		

Және де ең бастысы тест аяқталғаннан кейін оқушылар оның нәтижесімен танысып, қателіктерін көре алады.



Көріп отырғанымыздай «Testmoz» көп нәрсеге қабілетті. Әсіресе, қазіргі кезде болып жатқан пандемияға байланысты еліміздегі оқушылардың басым көпшілігі онлайн оқуға мәжбүр болып отыр. Бұл форма елімізде қашықтықтан оқытудың дамуына бір үлескер болады. Және де мұғалімдерге сабағының жоғарғы деңгейде өтілуіне, оқушылардың жаңа тақырыпты оңай әрі жақсы игерулеріне тигізер көмегі мол.

Әдебиеттер

1.https://www.google.com/url?

ӘОЖ 372.853

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Оралбек А.Қ. Райым Ж.А. - 110-28А тобының студенті.
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова Х.К. - х.ғ.к., аға оқ.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – заман талабы. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Яғни, оқушының дарындылығын

айқындау, шығармашылық дарындылығын зерттеу, анықтау, белгілі бір бағыт – бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай . Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы, білімді адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады.

«Дарындылық» - бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. Әлі күнге дейін дарындылықтың тура анықтамасы жоқ екендігін атап кеткен дұрыс. Қәзіргі таңда, құрдастарына қарағанда оқуға деген жоғары зеректігі, анық байқалатын ерекше шығармашылық қабілеті бар бала «дарынды бала» саналады.

Дарынды балалар - Қазақстанның стратегиялық болашағы, сондықтан бүкіл ғаламшардың өмір сүру жағдайы мен болашағын жақсартуға деген үлкен үміт, шығармашылық ойлайтын жас балалармен байланысты екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Сондықтан мектепте физиканың әр түрлі салаларына қызығушылық танытатындардың барлығын анықтау, оқушыларды ғылымда, технологияда, өмірде іздеу жолына түсіру, олардың қабілеттерін толық ашуға көмектесу өте маңызды.

Дарынды балаларды айрықша оқшауландыратын ерекшеліктер – ақыл-ой еңбегіне бейімділік, жоғары зерттеушілік қабілеті мен танымдық мотивация, білімді, жаңа хабарды ұдайы қабылдауға ұмтылыс, яғни, танымдық қажеттілік.
Дарындылық белгілерінің ең өзектісі – оқу бағдарламасын табысты меңгеру және шығармашылық қабілет. Дарынды балаларға табандылық және үлкен еңбексүйгіштікпен бірге жүретін сурет салу, музыка, техника және т.б. арнаулы сабақтармен ерте әуестену тән.
Дарындылықты анықтағанда төмендегі факторларды ескеру керек:

- Жас ерекшелігі
- Тұлғалық ерекшелігі.
- Зертеушінің тұлғалық ерекшелігі.

Баланың бойында күш қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне сендіру – ұстаз бойындағы құдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді. Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не? Оқушы дарындылығын, қабілетін қалай анықтауға болады? Неліктен кейбір адамдардың (Паскаль, Моцарт, Гете, Архимед) қабілеті ерте жасында байқалады? Ал кейбір адамдардың (Ньютон, Дарвин, Менделеев) ересек жасында пайда болады? Осы сұрақты талмай іздеп таба білген ұстаз ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жүргізе алады. Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет-ақ.

Әрбір талантты бала еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға

байланысты. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаз – теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінде жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын, шығарамшылық ізденістегі адам. Дарындылықтыданышпандылыққа айналдыру үшін қажымай-талмай еңбектену қажет. Әр ұстаз алдында отырған шәкіртінің табиғи дарынын танып, оны одан әрі дамытуға күш жұмсауы керек.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауды мынандай жұмыс түрлерін қолдандық:

1. Дарынды оқушылардың қызығушылығын анықтау;
2. Дарынды оқушылардың қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру;
3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;
4. Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу;
5. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыру;
6. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілтін жұмыстарға – пәндік олимиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы түрде жүргізу.

7-сыныпта физиканы оқу басталған кезде жоғарыда аталған әдістеме бойынша сұрақтар енгізіп, оқушылардың қызығушылықтарын анықтап оны тереңдетуге және қабілетті және дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту – сабақ оқу барысында және сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Дарынды балаларға жиі шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қолдап және оқушылардың табиғи бейімділігін дамыту керек:

1.Белгілі бір құбылыс туралы материал жинау (Сұйық, қатты және газ тәрізді денелердің қысымында қандай айырмашылық және жалпы түсінік)

2.Пәнаралық байланыстарды көрсету (мысалы, адамның құрылымы физика заңдарымен түсіндіріледі – мұнда тұтқалар, диффузия, жарықтың сынуы және дыбыс).

3.Оқушыларға физика білімі барлық адамдарға, кез-келген жұмыста, мамандандыруда қажет екенін көрсету. (Ол үшін балалармен сөйлесу әңгімелесу арқылы, нақты мысалдарды, эксперименттерді, сапалы тапсырмаларды қолдану).

Дарынды балалармен әрі қарай жұмыс жасау кезінде физиканы оқыту үшін барлық логикалық деңгейлерге әсер ететін күнделікті тәжірибенің табиғи механизмдері мен стратегияларын қолдану қажет. Балаларды диаграммалар мен кестелер құра отырып, суреттерді ұсына отырып, шартты белгілер мен заңдылықтарды айта білуге, зертханалық жұмыстар жасауға, логикалық - құрылымдық мазмұндама жасауға, ерекше маңызды тақырыптардың

конспектілерін, тірек конспектілері - диаграммаларды құра білуге, білім беру викториналарына, байқауларға қатысуға және ғылыми және жаһандық мәселелер бойынша ғылыми – практикалық конференциялар өткізуге үйрету қажет. Мысалы, "қоршаған ортаның радиоактивті ластануын зерттеу", "Жердің магнит өрісі және адам денсаулығы". Оқу материалының зерттелген элементтері бір негізгі тақырып төңірегінде арнайы шығармашылық үйлесім мен үндестіктің жарасым табуын әрбір ұстаз өзі бағыттап отыруы қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлықтың, биік ізгіліктің бірінші кілті – мыңды жығатын білімде бола отырып, оны дамытуды ұстаздардың дұрыс үйлестіре білуі басты мәселелердің бірі ретінде алға шығады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі - білімде» - деп айқындап көрсетті. Ал, біз, ұстаздар қауымы, осы қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай білімді де білікті, әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақты оқытып, тәрбиелеуіміз керек. Қорыта айтқанда, оқушының мектеп қабырғасында алған білімі оған қызмет жасайтындай дәрежеге жеткізуге ұмтылуымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Физиканы оқыту теориясы мен әдістемелік негіздері Б. Е. Акитай. – Алматы 2017
2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Орал, 2012
3. Федотова, Н. К. Из опыта работы с одаренными детьми / Н. К. Федотова // Вестник НГУ. Серия: Педагогика / Новосиб. гос. ун-т. – 2008. – Т. 9, вып. 1. — С. 53 — 56.
4. Необычные учебные материалы по физике: задачи, тесты, практические работы, книжка для чтения и раздумий / Сост. Э. М. Браверман. – М.: Школа-Пресс. 2000. 80с. (Библиотека журнала «Физика в школе». Вып. 16)
5. https://stud.kz/referat/show/76150

УДК 377.031.4

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Б.С. Уалиханова, А.Ахмет

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Summary

The main tool for studying the real world through physics is mathematical models, the use of which allows students to demonstrate the versatility of the mathematical apparatus as a means of describing various phenomena and processes.

Қазіргі қоғам орта жалпы білім беретін мектеп түлектерін даярлауға жаңа талаптар қояды. Инновацияларды дамыту жағдайында танымдық, оқу-зерттеу және жобалық іс-әрекет дағдылары, практикалық міндеттерді шешу әдістерін өз бетінше іздеуге, танымның әртүрлі әдістерін қолдануға қабілеті мен дайындығы бар жалпы білім беру мекемелерінің түлектері сұранысқа ие. Оқыту

нәтижелеріне қойылатын талаптар жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттері блогында ұсынылған және жеке жобалық-зерттеу қызметін дамыту қажеттілігін анықтайды.

Жеке жобалық қызметін дамыту әртүрлі мектеп пәндерін, соның ішінде Математиканы оқыту процесінде жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер, физиканы оқыту практикасы, диагностикалық бақылау жұмыстарының және бірыңғай мемлекеттік емтиханның нәтижелері оқушылардың оқу-зерттеу және жобалау қызметін жүзеге асыруда, практикалық есептерді шешудің әдістерін өз бетінше іздеуде және әртүрлі тану әдістерін қолдануда қиындықтар туындайтынын көрсетеді. Бұл қиындықтар математиканы оқытуда 10-11 сынып оқушыларында кездеседі.

. Мектепте оқытудың негізгі мақсаты түлектің жеке қасиеттерін дамыту болды. Олар мемлекеттік білім беру стандартында тұжырымдалған орта жалпы білім беру [1] және "мектеп түлегінің портреті" болып табылады, оған сәйкес қазіргі он бірінші сынып түлегі креативті және сыни тұрғыдан ойлайтын, әлемді белсенді және мақсатты түрде білетін, оқу-зерттеу, жобалау және ақпараттық іс-әрекеттерді жүзеге асыра алатын, өмір бойы білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге негізделген болуы керек. Оқытудың нәтижесі ретінде стандартта әмбебап оқу іс-әрекеттері ұсынылған, бұл әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес [3] субъектінің саналы және белсенді жаңа әлеуметтік тәжірибені игеру арқылы өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті түсініледі. Оқу іс-әрекеттерінің әмбебап сипаты олардың Мета-пәндік сипатта болатындығында, жеке тұлғаның жалпы мәдени, жеке және танымдық қалыптасуының тұтастығын қамтамасыз етеді, білім беру процесінің барлық кезеңдерінің сабақтастығын қамтиды және оқушының кез-келген іс-әрекетін оның арнайы пәндік мазмұнына қарамастан ұйымдастыру мен реттеудің негізін құрайды. А. Г. Асмолов [13] әмбебап оқу әрекеттерін төрт байланысты топқа бөледі: жеке, реттеуші, танымдық және коммуникативті. Танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттері блогында жобалық іс-әрекет қарастырылады, оны дамыту қажеттілігі "біздің жаңа мектеп" Ұлттық білім беру бастамасында мемлекеттік деңгейде бекітілген. Құжатта "балалар ғылыми жобалар мен шығармашылық іс-шараларға жаңа нәрселерді ойлап табуға, түсінуге және игеруге, өз ойларын білдіруге, шешім қабылдауға және бір-біріне көмектесуге, қызығушылықтарын қалыптастыруға және мүмкіндіктер туралы білуге үйренеді" делінген [3]. Оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастырудың маңыздылығын Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы дәлелдейді. Онда "білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жасына сәйкес және білім беру мекемесінде жүзеге асырылатын негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын ескере отырып, жобалық-зерттеу қызметін ұйымдастыру" туралы айтылады [6]. 2018-2020 жылдарға арналған "білім беруді дамыту "мемлекеттік бағдарламасында [4] жоғары сыныптарда білім беру нәтижелерінің арасында жеке білім беру траекториясын құру қабілеті, оқу-

зерттеу және жобалық қызмет дағдылары орталық орынға ие екендігі атап өтілді.

Оқушылардың жобалық іс-әрекетін дамыту МЖМБС іске асырудың жетекші бағыттарының бірі болып табылады, оны мектептің барлық оқу пәндерінде, оның ішінде физикада да жүзеге асыру қажет.

А.Г. Мордковичтің пікірінше [13], мектептегі физика негізінен жаратылыстану пәні болып табылады, ал автор физиканың жалпы мәдени сипатын атап өтеді, бұл субъектіге қоршаған шындықты дұрыс басқаруға және "ақыл –ойды тәртіпке келтіруге" мүмкіндік береді. А.Г. Мордковичтің [12] еңбектерінде физика– бұл белгілі бір тілде сипатталған математикалық модельдер туралы ғылым және оның ішкі табиғаты оқушылардың ойлауы мен мінезін тәрбиелеудің бай мүмкіндіктеріне ие екендігі баса айтылған. Физиканы оқыту процесінде оқушылардың логикалық, алгоритмдік және математикалық ойлауының дамуы жүреді, ол тұжырымдардың дәлдігі мен нақтылығын қалыптастырады, гипотезаларды құруға және дәлелдеуге, қорытынды жасауға, оқушылардың сөйлеуін және физика арқылы әлемнің құбылыстарын зерттеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Физиканы оқыту процесінде зерттеу қызметін дамытудың маңыздылығын негіздей отырып, В.А. Далингер [5] оқушылардың оны орындау процесінде математикаға тән ойлау әдістері мен стилін игеру, өз тәжірибесін саналы түрде қолдану, шығармашылық қызметке тән қасиеттерді қалыптастыру және физиканың әртүрлі аспектілеріне танымдық қызығушылық бар екенін атап өтті.

Физика арқылы нақты әлемді зерттеудің негізгі құралы математикалық модельдер болып табылады, оларды қолдану оқушыларға әртүрлі құбылыстар мен процестерді сипаттау құралы ретінде математикалық аппараттың әмбебаптығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Жоба әдісі - өмірді білім беру және білім беру мақсаттары үшін пайдаланудың нақты мүмкіндіктерінің бірі. Сондықтан жобалық әдіс педагогикалық теория мен практикадағы көкжиектерді кеңейтеді деп айтуға болады. Ол ауызша тәрбиеден өмірдің өзінде және өмірдің өзінде тәрбиеге қалай өту керектігін көрсететін жол ашады.

Сонымен, жоба әдісін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық даму ықтималдығы артады; теория мен практиканың үйлесімі табиғи түрде жүреді, бұл теорияны қызықты әрі нақты етеді; оқушылардың белсенділігі дамиды, бұл оларды үлкен тәуелсіздікке әкеледі; әлеуметтік жауапкершілік сезімі күшейеді, сонымен қатар сабақтардағы балалар шынайы қуанышты сезінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдулов, Р. М Использование интерактивных средств в процессе развития исследовательских умений учащихся при обучении физике [Текст]: автореф. дис. … канд. пед. наук: 13.00.02 / Абдулов Рашид Миниахметович.– Екатеринбург, 2013.– 24 с.

2. Алексеев, Н. Г. Проектирование и рефлексивное мышление [Текст] / Н. Г. Алексеев // Развитие личности. – 2002, № 2. – С.92-116.

3. Антонова, Е. И Методика формирования проектной деятельности учащихся при изучении геометрии в профильных классах [Текст]: автореф. дис. … канд. пед. наук: 13.00.02 / Антонова Елена Ивановна. – М., 2007. – 20 с.
4. Белова, Т. Г. Исследовательская и проектная деятельность учащихся в совре-менном образовании / Т. Г. Белова // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2008. –№76-2.
5. Беспалько, В. П. Педагогические и прогрессивные технологии обучения [Текст] / В. П. Беспалько. – М.: ИПРО, 1995. – 336 с.

ӘОЖ 81' 373.611

БАСТАУЫШТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бектурова А.Е. -102-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байымбетова Ж.А. - ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
ф.ғ.к., доцент Байымбетова Ж.А.
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются формирование творчества учащихся на начальном этапе

Қазіргі технологияларды қолдана отырып бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру бүгінгі күннің басты мәселесі.

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру),таным заңдылығы мен пәндік амал-тәсілдердің неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерерахиясы қарастырылған. Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарын барынша ескеруге мүмкіндік беру, бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы көзделген.Бастауышта оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру балаға мақсат көздей ықпал етіп, оның айналадағы дүниені шынайы ақиқаттық тұрғыда танып білуін қамтамасыз ету, табиғатқа, қоғамға, адамдарға дұрыс қарым- қатынасын қалыптастыру.

Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі. Тек ақылды адам ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінген. Ақыл-ойдың дамуы – тұлғаның жан-жақты дамуының негізі. Ақыл-ой дамуының өнімділігін арттыруға, еңбектің шығармашылығына зор ықпал жасайды. Ақыл-ойдың дамуынсыз дүниеге адамгершілікті көзқарас, саналы сезім, тәртіп және дұрыс мінез-құлық, еңбек, қоғам құбылысы, тіршілік ету ортасы мәселелерін шешу мүмкін емес[1,118].

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыруда жаңартылған бағдарламалар шеңберіндегі заманауи технологиялардың алатын орны ерекше және ол өзінің нәтежиесін береді. Заманауи технологияларды жаңа

сабақта тиімді қолдану әрекетерінде оқушылардың танымдық қабілеттері, ақыл-ой әрекеттері, жеке шығармашылықпен жеке ой қалыптасу, сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері мен ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіреді. Бастауыш сынып оқушыларының бір ерекше қасиеті ақыл-ойы мен зейіні тұрақсыз болып келеді, бұл көрініс көбіне бірінші сынып оқушыларында кездеседі[2,53].Заманауи технологияларды тиімді қолдану ақыл-ойдың, зейіннің дамуына өз ықпалын тигізіп, оның таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Жаңа бағдарламалар шеңберіндегі заманауи технологияны тиімді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады, сол арқылы оқушылардың таным және ақыл-ой қабілеттерінің дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Жаңа бағдарламалар шеңберіндегі заманауи технологияларды технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 - астам түрлері бар.

Оқушы тұлғасының дамуына, ойлау, ақыл-ой қабілетінің артуына жаңа бағдарламалар шеңберіндегі заманауи технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз, себебі бұл технологиялар әр оқушымен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып, деңгейлік тапсырмалардың берілуіне де себеп болады. Сонымен қатар бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт.Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр[3].

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең.Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп,мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті-оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге

талдау жасауға талпыныс беру. Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

Жаңа бағдарламалар шеңберіндегі заманауи технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, ақыл-ойын қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін дұрыс қалыптасуына, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді[3,69]

Оқушылардың шығармашылығын, ақыл-ойын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Қандай заманауи технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа заманауи технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа заманауи технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын. [4,112]

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды.

Білім беру саласының дербестігін жақсарту , білім беру ісін басқаруды демократияландыру еліміздің мектептерінде оқытудың белсеңді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиымды пайдалануды қажет етеді. Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де , мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді . Білім беру жүйесіндегі өзгерістер: «педагогикалық технологиялар», «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең менгеруге оқып – үйренуге жетелейді. Бүгінгі таңда, бастауыш сыныптағы пәндер дүниетану , әдебиет сабақтарына; топқа бөліп оқыту , рөлдік ойын элементтерін, пікір сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері , оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Оның барысында білім алушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады. Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісінің соңғы мақсаты мен негізгі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды. Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді:

- коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, білім алушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі;
- ақпараттық міндеттерді шешеді, себебі білім алушыларды бірлескен әрекетті онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді,командада жұмыс істеуге, басқаның пікіріне құлақ түруге үйрететін болғандықтан, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Оның барысында білім алушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады. Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісінің соңғы мақсаты мен негізгі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды. Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді:

- коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, білім алушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі;
- ақпараттық міндеттерді шешеді, себебі білім алушыларды бірлескен әрекетті онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді;
- командада жұмыс істеуге, басқаның пікіріне құлақ түруге үйрететін болғандықтан, тәрбиелік мақсатты қамтамасыз етеді.

Интербелсенді оқыту мынадай маңызды мәселелерді шешеді.Ол жүйке жүйесінің жүктемесін азайтуға, зейінді басқа жаққа аударуға, әрекет формаларын ауыстыруға мүмкіндік береді. Бенджамин Блум таксономиясы мақсаттар жобасы немесе Бенджамин Блум таксономиясы *танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік үш аймақ* бойынша олау дағдыларының иерархиялық модел блып табылады.

Бенджамин Блум таксономиясы білім алушылардың *танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік үш аймақтарын* бірдей қолдана отырып, оқудың тұтас нысанын құруды көздейді.

Бүгінгі таңда case-study әдісі білім беру жүйесінде үздік орынға ие, шет елдің бизнес оқыту тәжірибесінде қарқынды түрде қолданады және студенттердің қарапайым мәселенің шешімін табуға деген дағдысын дамытып, оқытуға арналған ең тиімді тәсілдердің бірі болып саналады. Осылайша Гарвардтық бизнес оқу уақытының 90 % -дан астам бөлігін нақты кейстерді талқылауға береді, бизнес оқытудағы кейс-стади әдісінің маңызды мазмұнын сақтайды.

1.*Кейс технологиясын* қолдану келесідей себептерге байланысты маңызды:
оқыту дайын білімді емес, білімді құрауға негізделген;
2.Оқыту мәселені шешуге деген нақты тәжірибе ұсынады, шынайы өмірде теория мен тұжырымдаманы қолдануға мүмкіндік береді;
3.Оқытуда талқылауептілігін, топпен жұмыс істей алу дағдысын дамытады;
4.Оқыту ақпаратты табу, таңдау және өндіру епті лігін дамытады.
5. Оқыту саналы түрде ойлау, сұрақты дұрыс құру, дәлелмен жауап беру, өз бетінше нәтиже шығару, өз пікірінді қорғай алу епті лігін дамытады.

Мәтінге сұрақтар

- Жағдайат немен бекітіледі?
-Мемлекет оны қалай шешеді?
- Сіз қандай тәсілдер арқылы мәселені шешуді ұсынасыз?
- Екінші кезеңде оқушы жеке немесе топпен жағдайаттан шығуды ұсынады.
- Үшінші кезеңде алынған нәтижелермен пікір алмасады.

*Ахуалды талдау әдісі.*Мәтінді шешуді қажет ететін міндет ұсынылады.

Әдебиеттер:

1Селевко Г. К. Авторские программы, педагогические технологии, инновацио-нные школы. – Ярославль: Изд-во ИПК ПиРРО, 1997. [12, б.192]
2 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. – 125 стр.
3 Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2005. – 138 стр.
4 Педагогические технологии: Методические рекомендации Сост. А. П. Черняв-ская. – Ярославль: изд-во ЯГПУ им. К.Д.Ушинского, 2002. –165 стр.
5 Тұрдалиева Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Астана, Фолиант, 2012. – 253.

ӘОЖ (378:372.8:811.111)

THE BENEFITS OF INCLUSIVE EDUCATION

Butaeva K., Zhaksylik D.– 123-18 group students
Scientific adviser: Kiyassova K.K. – Candidate of Pedagogical Science,
Acting Associate professor
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақалада инклюзивті білім беруді дамыту мүмкіндігі шектеулі балаларға өз құрдастарымен бірге білім алуға мүмкіндік беретіндігі туралы айтылады.

What is inclusive learning? And to date, questions are still being considered whether it is necessary to introduce inclusive learning in the educational process.

Inclusion in Latin means "Inclusion" (inclusion). Inclusion is the process of full inclusion of all children in the general education process, regardless of their gender, ethnic and religious affiliation, educational achievements, health status, level of development, socio-economic status of parents and other differences, i.e. a state policy aimed at effective education, which preserves the quality of general education.

Inclusive education is a state policy aimed at the full inclusion of all children in general education processes and social adaptation, the elimination of barriers that distinguish children, regardless of age, gender, origin, religion, economic status; active involvement of family members, special support for the correctional, pedagogical and social needs of the child, adaptation of the environment, and not the child to the individual and educational needs of children, i.e. effective training while maintaining the quality of general education. He sees the problem not in the child, but in the system. This type of training involves the flexibility of the curriculum and methodology of the education system, taking into account the needs of each child.

Inclusive education is an integrated educational process that involves the development of children with developmental disabilities for various needs of preschool age, access to the receipt and development of preschool education.

Inclusive education is based on the ideology of non-discrimination of children's rights, ensuring equal treatment of all people, as well as the formation of special conditions for children with special educational needs.

Basic principles of inclusive education:

1. The value of a person does not depend on his abilities and achievements.
2. Everyone is able to think and feel.
3. Everyone has the right to communicate.
4. All people need each other.
5. Fundamental knowledge is realized on the basis of real relationships.
6. All people need the support of each other, the friendship of their peers.
7. Diversity expands the scope of human development.
8. Achieving success for each student is the implementation of actions that he can perform at his own discretion.
9. Versatility expands the scope of human life development.

General education schools should become an institution for the education of "life compensation" for children with disabilities. Teaching him to read, write, count,

work, it is important to form a cohesive communication, the assimilation of the rules of cultural behavior, skills in various activities.

To determine the child's readiness for school, before teaching him to write, draw, read, it is necessary to trace his personality, psychological training according to his abilities. Well-known psychologists D.V.Elkonin, V.V.Davydov, R.S.Nemov note that special attention should be paid to the psychological preparation of the child for systematic learning. Now the schools have started to hold remedial classes. The very word "Correction" means "correction". The main purpose of this is to correct the shortcomings in the child, in his life. This means that the child must: 1) trust; 2) convince; 3) consult; 4) psychoanalysis; 5) logo therapy; 6) auto-training. A teacher teaching a child from home must first determine the stability of play, imagination, and attention through tests that determine the specifics of the child's development. To do this, using tests such as "circular cropping", "maze", "vision method", "auditory method", the child can determine the value. Special attention in the course of classes should be paid to the development of the child's speech, movements of the joints of the hands, motor skills of the fingers. In this direction, Kazakh folk pedagogy occupies a special place. The Kazakh people, thanks to their skills, riddles, and delusions, revealed the child's desire and ability to speak. In the coherent speech of the child, many poems, poetic fairy tales about animals and their cubs were used.

Inclusive education - the development of a general educational process that takes into account the needs of all children, ensuring that children with special needs receive education. Inclusive learning meets the needs of children in the learning process and seeks to develop a new direction of learning and teaching.

Inclusive education requires different training, high specialization, creativity and experience from the teacher of a comprehensive school. After all, an illiterate approach to the problem of a child's mental development can provoke the appearance of additional shortcomings in his personality. Therefore, inclusive education will be effective only if there is special training and retraining of teachers of secondary schools. The purpose of such training is to master the teacher of a general school or kindergarten the basic methods of teaching and upbringing that provide a full-fledged education for children with disabilities in physical and mental development.

Inclusive education for children with disabilities and developmental disabilities should be gradually integrated into practice with the training of specialized specialists, the creation of conditions for their education in general institutions and the change in the attitude of society towards children with disabilities.

The essence of the fundamental principle of the school is that, where possible, all children should learn together, despite the possible difficulties and differences that they may have. Inclusive schools should be able to meet the diverse needs of their students, using different learning styles and criteria, and providing quality education for all through a decent curriculum, organizational arrangements, learning strategies, resource use, and community partnerships. Ongoing support and services should be provided to meet the specific needs that each school faces.

Thus, the successful implementation of continuity between the child-parent-teacher, family and educational organizations will become one of the conditions for social adaptation of the individual. We must create such conditions for children that the child feels a sense of belonging and the need for their actions. Given that every citizen of our state is our national values, every child is the future of our country, our task is to create conditions for every child with disabilities to receive a quality education and become a citizen. Inclusive education-defines the equal rights of children with disabilities and allows them to develop the skills necessary to participate in the activities of the team, to communicate with people. By introducing this direction into the education system, we can educate children in morality, kindness, and charity. In addition, the process of inclusive education will be the beginning of the education of tolerance in children. "I don't want you to be the way I am. But this, of course, is not enough in such a situation, still there is something to think about. I believe that for people with disabilities in development, the help and care from the country is not limited. These souls cannot choose such a life.

Who guarantees that children with disabilities will not become conscious citizens in the future? Despite the fact that the possibilities of movement of people with disabilities are limited, it is not only the task of certain organizations, but also the main duty of the environment and the broad masses to prevent the narrowing and depressing state of the sphere of life. What is being done in the country recently is the basis for creating an inclusive education system. A young child, being healthy, brings great joy and happiness to the family. In order to create a civilized society in the country, it is necessary to educate healthy citizens.

Literature:

1. Development of education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020
of the state program for years. - Astana, 2008.

2. Semago M.M., Semago N.Ya.//Inclusive education: from a methodological model to practice./Moscow, 2011

3. What is inclusive education?. Inclusive education Electronic resource. http://www.znaem-mozhem.ru/node/l171/

4. Yarskaya-Smirnova E.R. Additional education of young people with disabilities in the context of priorities of socio-economic development/ scientific reports: "Economic analysis", No.196. Moscow: MONF, TSSPGI, 2007. - 256 p.

ӘОЖ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Нұрбек С. – М1201-19 тобының магистраны
Ғылыми жетекшісі: Масалиева Ж.А. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесін базалық және қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде ұйымдастырудың тиімділігіне әсер етуші фактор ретіндегі

мүмкіндіктері оқу-тәрбие процесіндегі маңызды педагогикалық шарттылық ретінде ұсынылады. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылатын мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламалары еліміздегі білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының басым бағыттарының шешуші кілті болып табылады.

Қазіргі мектепке дейінгі қызмет салалары мен түрлерінің әртүрлілігі оның жұмыс істеуі мен дамуын басқарудың тұжырымдамалық және сонымен бірге құрылымдық негізін құруды қажет етеді. Бұл қызметті МДҰ-ның жұмыс істеуі мен дамуының мазмұны мен тетіктерін ашатын білім беру бағдарламасы сияқты интеграциялық құжат орындай алады. Баланы қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тануға, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру қажеттілігін айқындайтын білім беру бағдарламалары нормативті-құқықтық құжат ретінде өз өзектілігін жойған емес.

Мекеменің білім беру бағдарламасы қойылған мақсаттарға және жобаланған нәтижелерге қол жеткізуде білім беру процесінің барлық қатысушыларының тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін әдістер кешені ретінде әрекет етеді. Бұл – нормативтік-басқару құжаты, оның функциялары білім беру мекемесінің барлық құрылымдарының тұтастығын, ерекшелігін, артуын және дамуын ұйымдастырумен байланысты.

Қазіргі педагогика ғылымында білім беру бағдарламасын педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін дамыту құралы ретінде қалай қолдану керектігі туралы білім дамымаған десек, артық айтқанымыз емес. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына [1] сәйкес көрсетілгендей, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағды алу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді.

Білім беру бағдарламасы, тәжірибені зерттеу көрсеткендей, әрқашан ұжымның, бірыңғай білім беру қоғамдастығының шығармашылық және жауапты жұмысының, балалар мен ата-аналардың нақты білім беру қажеттіліктері мен талаптарын ескеруге, оларды өз қызметіне қосуға, оларға жауап беруге, сондай-ақ «түлек бейнесін» жобалау арқылы өз мекемесінің болашағын болжауға деген ұмтылысының нәтижесі болып табылады [2,117 б.].

Мекеменің білім беру бағдарламасын әрқашан ерекше және қайталанбас авторлық деп атауға болады. Осыған байланысты педагогтерді мекеменің білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру процесіне қосу мәселелерін зерттеу талап етіледі. Оқу орнының миссиясы, әдетте, белгілі бір оқу орнына тән мақсаттар мен байланысты сенімдер, принциптер, қатынастар мен қызмет бағыттарының жиынтығы ретінде ұсынылады. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім берудің негізгі базалық [3] және көптеген вариативті бағдарламалары [4] бар. Білім берудің алдында қазіргі жағдайда МДҰ жұмысында қандай бағыттар басым болуы керек деген сұрақ жиі туындайды.

Көрсетілген қарама-қайшылықтар білім беру мекемесінің жұмыс істеуі мен дамуын басқару жүйесіндегі ерекше құрал ретінде білім беру бағдарламасының орны мен рөлін зерттеу проблемасын анықтауға мүмкіндік берді. Адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ететін кез келді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында халықаралық зерттеулер сараптамаларына сүйене отырып, мектепке дейінгі ұйымға бару және мектептегі білім жетістіктерінің нәтижелері арасындағы оң байланыс анықталды [5]. Білім берудің алғашқы сатысы болып табылатын «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) 4-деңгейіне [6], педагогтің кәсіби стандартындағы оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік еңбек қызметіне [7] сәйкестендіріліп дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады. «Педагог» мамандығының карточкасы СБШ бойынша 4-8 біліктілік деңгейлерінің «Педагог. Мектепке дейінгі білім ұйымының тәрбиешісі» мамандық карточкасына сай ұсынылды.

PISA зерттеуі ЭЫДҰ елдерінде кемінде бір жыл балабақшаға барған бала мектепте өз құрдастарынан 1,5 жылға (PISA-2015: +50 балл) алда болатынын көрсетеді. Қазақстанда бұл көрсеткіш екі жарым есе төмен (+20 балл), бұл мектепке дейінгі білім беру сапасының төмендігін куәландырады. Мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасы да ата-аналар тарапынан көптеген шағымдар тудырады (ЭЫДҰ, 2018). ЭЫДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан сәби жасындағы балаларға ерекше назар аударуы және 3 жасқа толмаған балаларға арналған мектепке дейінгі білім беруді белсенді түрде ілгерілетуі қажет. Сондықтан 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз ету талап етіледі: «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады» [5, 27 б.] деген үміт негізінде де білімді ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігі басымдық танытады.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция кезеңінде ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларына өзгеріс ендіруде. Өйткені қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да жетіліп, өзгеруде. Білімнің мазмұны дидактиканың негізгі ұғымдарының бірі ретінде балаларға «Нені оқыту керек?» деген сауал аясында жұмыс жасайды. Өйткені бала тағдыры көбіне оның білімінің саны мен сапасына байланысты, яғни білімнің мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамытуға бағытталған жағдайда

ғана нәтижелі боладыады. «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» [8] мен мектепке дейінгі білім берудің базалық компоненті мектеп жасына дейінгі баланың ішкі жан дүниесі мен мүмкіндіктерін, яғни өзіндік ерекшеліктері мен қабілетін, физикалық және эмоционалдық тұрғыдағы танымдық процесін әр қырынан қарастыратын мәселелерді қамтиды.

Жалпы білім беру жүйесі робототехника, құрастыру, бағдарламалау, үлгілеу, 3D жобалау сынды балаларды қызықтыратын, жаңаша бағыттағы пәндермен толығуда. Балалар қажеттілігін қанағаттандыру, олардың бойында замана талаптарына сай іздене зерттеу, өзіндік ой-пікірін қалыптастыру, ойлап шығару дағдысын меңгерту қажеттілігі туындады. Оның шешімі ретінде STEM оқытудың біріктірілген тәсіліндегі бағдарламалар қолданысқа енуде. «STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009)» [9]. STEM зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейтуге, инновациялық және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу, коммуникация және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа пәнаралық және жобалық тәсілі ретінде енгізілуде.

Еліміздегі білім беру жүйесіндегі білім және білік сапасының көрсеткішін функционалдық сауаттылық деңгейінде халықаралық PISA, TIMSS және PIRLS салыстырмалы зерттеулері арқылы сараптай келе, Қазақстандық білім алушылардың нәтижесі функционалдық сауаттылықтың қажетті деңгейде қалыптаспағанын көрсетіп берді [10, 23 б.]. Функционалдық сауаттылық тұлғаның білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Қорытындылай келе, білім жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі ретінде орын ала отырып, ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауына айналатындығын байқаймыз. Демек, отандық білім жүйесі өз қызметін «білім беруге салынған бүгінгі инвестиция – мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйеніп жұмыс жасау керек деген сөз. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеп, оқыту барысында бүлдіршіндердің қарым-қатынас құралдарын және үлкендермен және құрдастарымен өзара іс-қимыл әдістерін меңгеруге, жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдылар қалыптасады. Жалпы балабақшаны білім бастауы, оның қайнар көзі деп нық сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 04 шілдедегі № 171-VI Заңымен өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы
2 Образовательная программа дошкольного образования «Развитие». Под рук. Л.А. Венгера и др. – Москва: НОУ «УЦ им. Л.А.Венгера «Развитие», 2016
3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» // Қолжетімді түзім: http://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=1%0
бірде-бірі себепсіз шықпаған. Күй аңыздары өзінің нақтылы өмірді арқау етуімен халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады. Қазақ халқы жантүршігерлік тарихи қаралы күндерді басынан өткізді. Б.з. III ғ. араб халифаттарының дін жорығы, XIII ғ. Шыңғысханның шапқыншылық соғысы, одан соңғы жоңғарлардың толассыз тағылық шапқыншылығы, Шығыста Қытай империясының тынымсыз қоқан-лоққысы, Батыста патша империясының отарлау саясаты, көршілес Бұхара, Хиуа хандықтарының мазасыздығы, өз ішіндегі ұлт мүддесін мансап үшін сатудан тайынбаған қазақ бай феодалдарының салған лаңы аз болмады. Міне, осының барлығы қазақ халқының тағдырына жойқын қатер төндірген ауыр тарихи сызық болды. Бұл ауыр кезеңді бір кезде қазақ ақындары былайша суреттеген еді: «Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ, Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ. Алды ор, арт жағы қар, жан-жағы жау, Қаңғырған қазақ енді қайда бармақ?». Тарихтың осындай ауыр сынынан қазақ халқы қайыспады, төзімділік көрсетті. Ұлттық тәуелсіздік жолында жан аямай күресті. Сансыз құрбандықтарға ұшырады, бірақ, азаттық жолындағы күрестен тайынбады. Тарихтың тауқыметін тартқан қазақ халқы қайткенмен өзінің қажымас қайратын, елін, жерін шексіз сүйетіндігін, азаттық жолындағы табанды күрескер екендігін тарих алдында көрсете білді. Халқымыздың осындай тамаша қасиеттері өз тарихының айқын куәсі халықтық ән-күйлерде қалтқысыз бейнеленген. Белгілі бір дәуірдің рәміздік белгісіндей болып кеткен әндер де баршылық. Солардың ішінде «Елім-ай» әнінің орны ерекше. Ол «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қазақ халқының басына қанды қырғын, алапат босқындық әкелген сұрапыл кезеңнің рәміздік белгісіндей болып халық жадында берік сақталған ән. «Елім-ай» әнінде: Мына заман қай заман қысқан заман, Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман. Шұбырғанда ізіңнен қар борайды, Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман» десе, «Жетісу жерім-ай» әнінде: «Жетісу жүруші ем саласында, Өр киік ойнақтатып даласында. «Шұбырынды ақтабан» заман туды, Қалмақтарға ана болып қаласың ба?» – деп мұңын шаққан халық зары бұл екі әнде нақты бейнеленген. Бұл әндер адамға ешқашан өшпейтін, халық тарихынан хабар беріп отыратын мәңгілік ескерткіш болып табылады. Музыкалық дарыны мол халық өз өнерін әріден жасап, сақтап, өңдеп бізге жеткізген. Олар жыршы, жырау, әнші, өлеңшілер еді. Көшпенді күн көрістегі сауаты кем қазақ арасында әнші, жырау, жыршылар зор әлеуметтік қызмет атқарды. Жалпақ жұртшылық ортасында олар өз әлінше ағартушы, тәрбиеші адамдар секілді еді. Тума таланттар әдетте суырып салма ақын, сегіз қырлы, бір сырлы, тапқыр шешен, әзілқой шебер әртіс, әсерлі әнші болып танылды. Олардың ой-өрісі өзгелерден озық, алғыр болды. Сондықтан, олар халық құрметіне бөленді. Еркімен көсіліп жатқан марғау даланың мимырт тіршілігіндегі сал-серілердің өнерпаздық болмысы – қазақ халқының тағдырындағы күрделі кезеңмен тұстас келді. Сал-серілер, ақын жыраулардың өнегесі озық қасиеттерін жалғастырушы, жаңа жағдайда қалыптасқан өнер иелері. Көшпелі тұрмыстың сәнін кіргізген, салтанатына айналған сал-серілік кейінірек, бірте-бірте ұмытылып, қазақ жадында тек Ақан

сері, Біржан сал, Дәурен сал секілді ел қадір тұтқан талантты өнерпаздардың есімі ғана сақталып қалды. Бір кезде сал-серілік жеке адамдар үшін өмірлік идеал ғана емес, ұзақ уақыттар бойы көшпелі қазақ қоғамы үшін мәдени этникалық және эстетикалық мәні бар құбылыс болып келді. Көшпелі өмір салтындағы қазақ өнері мен мифологиясы нақтылы оқиғаларға негізделген немесе тарихта болған адамдардың есімдерімен байланысты.

Әдебиеттер:

1. Асафьев Б.В. О казахской народной музыке. -Алматы, 2018.
2. Брусиловский Е.Г. Дүйім дүлдүлдер. -Алматы, 1999.

ӘОЖ 319

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ.

Тұрмахан Нұрдәулет-1402-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Сералиева У.О.-п.ғ.м., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Изучение физического воспитания, передового опыта по новым технологиям и обновленным программам в сочетании с принципами национальной и общечеловеческой ценности является одной из задач педагогической науки.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен жаңартылған бағдарлама бойынша озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Ғылым, техника, мәдениет және білім дамуының өзара байланыстылығы мен өзара сабақтастығы тарихи сипатта екендігін ескере отырып, жүргізген теориялық зерттеулеріміз қорытындылары, озат тәжірибелерді оқып үйрену мен жүйелеу, көп жылдық тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін сапалы даярлауда олардың болашақ кәсіби әрекетінде оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларына баулу, дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру мәселесін теориялық талдау мен дене тәрбиесіндегі тәжірибелерді объективті тұрғыда талдаудың жаңартлыған бағдарлама бойынша маңыздылығы өте жоғары екендігі айқындалды.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, жаңартылған бағдарлама бойынша қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман дайындаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке даярлауға қызмет етеді.

Демек, жоғары оқу орындарына болашақ мамандарды кәсіби дайындау денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, алуан түрлі дене және ақыл-ой еңбектерін тәрбиелеуге қабілетті ұрпақты даярлау жөніндегі мемлекеттік қажеттілік талаптарына байланысты жүргізілетін іс. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының алға қойып отырған басты міндеттерінің бірі-халықаралық білім жүйесіне ену[2].

Жоғары білімді дамытудың жаңа ұлттық тұжырымдамасы мен бағдарламасына, жоғары білімдегі құрылымдық өзгерістерге байланысты білім мазмұнына оның жаңаша педагогикалық негіздерін енгізу қажеттігі туды, біздің зерттеуіміз дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісі тұрғысынан қарастырылды.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды даярлаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік даярлығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді дайындау ісін кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек[3]. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Қазіргі кезде дене тәрбиесі мұғалімі биологиялық (физиология, анатомия, биохимия, спорттық метрология т.б.), педагогикалық (педагогика, психология, дене мәдениетінің ілімі, спорттық жаттығу негіздері, дидактика т.б.) пәндерді философия, әлеуметтану, медицина, математика ғылымдарын және басқару мен ұйымдастыруды жете меңгеруі қажеттігін ескерсек, дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруда педагог кадрлар даярлау мәселесінің өзектілігі айқындалып, оның түрлі бағыттары бойынша ауқымды зерттеулердің қажеттілігі байқалады.

Бүгінгі таңда болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруды ескере отырып дайындаудың қажеттігі мен бұл мәселенің ғылыми-теориялық тұрғыда талданбауы және болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ғылыми - әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету сұранысы мен осы уақытқа дейін педагогика ілімінде аталған мәселенің арнайы жүйе ретінде қарастырылмауы арасында *қарама-қайшылықтар* орын алып отырғаны байқалады.

Біздер дене тәрбиесі мамандары кәсіби қызығушылығын *басқару бағдарламасын* жасадық.

Бағдарламаның негізгі бағыттары келесідей:

1) белгілі бір нәтижелерге жеткен кезде және сәтсіздіктер пайда болғанда, эмоциялық жағынан нығайту психологиялық басқару ерекшеліктері;

2) кәсіби шеберліктің жетілдірілуі, оның диагностикасы мен нәтижелерін жас маманның назарына іліктіру, талдау және сараптау;

3) өз еңбегінің нәтижелеріне жауапты көзқарасты қалыптастыру;

4) кәсіби тұрғыда өзін-өзі тәрбиелеу, білімі мен біліктерін жетілдіру;

5) жас мамандарға жаттықтырушы мамандығының шынайы құндылықтарын сіңіру;

6) жас мамандардың жаңа әлеуметтік рөлі мен ортасына жемісті де уақытылы бейімделуін қамтамасыз етілуі.

Осы бағыттар бойынша жас мамандармен жұмысты өрбіту үшін, қазіргі педагогикада белгілі түрліше іс-шараларды, құралдар мен әдістерді пайдалану ұсынылады. Сонымен қоса, мамандардың жеке ерекшеліктерін де зерттеу мен ескеру маңызды.

Осылайша, дене тәрбиесі жоғары оқу орындары студенттері мен жас мамандардың бойында кәсіби қызығушылығын қалыптастыру бағытындағы мақсатты жұмыстың ұйымдастырылуы, оның тұрақтылық деңгейін көтеруге

мүмкіндік берді, бұл жасалған бағдарламалардың жеткілікті түрдегі жоғары тиімділігін көрсетеді, әрі бұларда жоғары оқу орындары мен спорт мектептерінің жұмысына енгізілуін ұсынуға мүмкіндік береді.

Кәсіби қызығушылығын қалыптастырудағы айтарлықтай ілгерілеушіліктер, педагогикалық қызметке бейімділігі, тиісті қызметке кәсіби дайындықтың басты детерминанты деп есептеуге мүмкіндік береді. Сонымен жалпы бұл бөлімді қорытындылау мәселесі қалды. Зерттеу жұмысында мектеп мұғалімі қызметінің сапалы жүзеге асуы мақсатында педагогика, психология ғылымдарының тұжырымдамасы бойынша дене тәрбиесі мұғалімі тұлғасы қасиеттерінің жиынтығы педагогикалық қызмет құрамына толық көрініс беретіні анықталды. Мұндай мұғалім тұлғасы қасиеттерінің жиынтығы оның педагогикалық қызметке даярлығы болып табылады.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметке дайындау үрдісінде мынадай мәселелерге ерекше назар аударылу қажет деп есептейміз:

- педагогикалық қызметке қажетті білім, шеберлік кешені болашақ мұғалім бойына қалыптасқанға дейін мектеп түлегінің болашақта маман болу тілегінен басталатын тұлғаның интеллектуалды қасиеті;
- нысанды шарт тәрізді тәжірибелі маман ретіндегі жас мұғалімнің кәсіби қалыптасуы; себепші бағыттаушы, операциялық, ерікті, бағалаушы кешендерден құралған күрделі психологиялық қалыптастырушы ретінде;
- кәсіби-педагогикалық қызметке бағыттаушы тұлғаның интегралдық қасиеті ретінде;
- тұлғалық және іс жүргізуші кешендердің бірлігі ретінде (тұлғалық кешенге педагогикалық қызмет мақсаттары, іс жүргізуші педагогикалық шеберлік жатады);

Дене тәрбиесі мұғалімінің педагогикалық шеберлігін дамытудың жолдары мынадай:

- мазмұндық тәсіл, мұнда педагогикалық шеберлік педагогтардың жеке әдіс түрлерінің мазмұны негізінде зерттеледі (балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізу, зерттеу қызметі);
- мұғалімнің мамандандырылуы – болашақ педагогқа оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруға қажетті теориялық білімнің мазмұндық жүйесімен, педагогтық шеберлік пен кәсіби біліктілігі арқылы анықталады;
- қызметтік тәсіл, мұғалімнің әлеуметтік, педагогикалық және әдістемелік қызметтерін кәсіби іске асыру қажеттілігін негіздейді.

Болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруге даярлығын қалыптастыру үшін жоғары оқу орнының оқу тәрбие процесінде мектеп оқушыларына дене тәрбиесін берудің мақсаты мен мазмұнын нақты ұғыну қажет. Осы тұрғыда мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беру мақсатында ғылыми - зерттеу жүргізілу мәселесі талап етіледі.

Мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беру теориялық қана емес, сондай-ақ практикалық бағыттауда қарастырылу керек. Себебі, студенттің кәсіби тұлғалық білім мен шеберлік қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал етуі

тиіс. Сондықтан оқушы жастардың дене тәрбиесі процесі педагогикалық қызмет саласындағы жасөспірім үшін болашақта жеке тұлғаның қарым-қатынас мәдениетінде көрініс алады және де жастарға дене тәрбиесін беруші оқытушылардың рухани санасы мен дене мәдениеті жоғары талапқа сай болуы тиіс деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер:

1.Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Р.Р. Аманбаев.- Алматы, 2015.- 146б.
2. Дене дайындығының негіздері [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Е.С. Хамзин.- Қарағанды: Ақ Нұр, 2018.- 122б.
3. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері Ботағариев Т.Ә. /Ботагариев/, Кубиева С.С. 2019
4. Дене тәрбиесі (1,2, 3, 4 том) Тайжанов С., Қарақов А. 2019

ӘОЖ 796

СПОРТШЫЛАРДЫҢ БҰЛШЫҚЕТТЕРІНІҢ ДАМУ ЖҮЙЕСІ

Әліп Д.М. 1402-19 оқу тобының студенті.
Ғылыми жетекшісі: Жуматаев О.К. магистер оқытушы.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

У человека, занимающегося спортом, здоровье будет крепким, сам терпеливым. Наши предки не зря говорят:" в здоровом теле – Здоровый дух". В каком виде спорта зависит от способностей человека

Адам ағзасы үшін спорттық жаттығулардың маңызы зор. Өйткені спорт дегеніміздің өзі – өмір. Кез келген физикалық жаттығу жасау барысында миға миллиондаған жүйке импульстері барады. Осыдан кейін ми өз кезегінде ішкі ағзалардың жұмысын реттейді. Өзіміздің төзімділігімізді тексерген кезде жүрек-қан тамырлар жүйесі жақсы жұмыс істейді. Бұдан өзге бір сағат бойы жаттығу жасау арқылы шамамен 300- 600 калорийден арылуға болады. Спорт жаттығуларын жасап салауатты өмір салтын қалыптастырып қана қоймаймыз, мұнымен қатар артық салмақ жинаудан сақ боламыз.

Адам дене жаттығулары арқылы шыныға түседі. Дегенмен 15 градустан төмен температурада жүгіру, велосипед айдау сияқты белсенді әрекеттер жасалмауы керек, одан өкпе «күйеді». Мұндайда жылы киініп, серуен құрған пайдалы. ... Бірер сағат серуен құрсаңыз, оның салмақ тастауға пайдасы бар. (Дегенмен майды «көп жұмсамау» жағын да ойлап қою керек. Өйткені ол жылуды жақсы өткізеді, жаурап қалғанда тез жылыну үшін де керек). Аяз ағзада «бақыт гормонының» (серото-нин) көп түзілуіне жол ашады. Ол вегетативті жүйенің жұмысын жақсартып, сол себепті адамның стреске төзімділігі артады, ол ашушаңдықтан арылады, өзіне көңілі толып жүредіДене шынықтыру жаттығулары адамның әр түрлі қозғалу әрекеттері ретінде дене тәрбиесінің мәселесін шешуге көмектеседі. Қазіргі уақытта физикалық жаттығулардың түрі өте көп. Оларға басшылық ету үшін дене тәрбиесінің жалпы және нақты мәселелерін шешу үшін оларды дұрыс таңдау маңызды,

олардың мазмұнының негізгі мәнін түсіну маңызды. Дене жаттығуларының мазмұны оларға енгізілген іс-әрекеттер, сондайақ дене жаттығуларында (психикалық, физиологиялық, биохимиялық және т.б.) жүрген процестер болып табылады. Еркін қозғалыстар ретінде физикалық жаттығулар адамның санасына негізделеді және кейбір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Жаттығу назар аудару, ойлау, күш-жігер жұмсаумен байланысты. Дене жаттығуларын орындау кезінде адам ағзасының әр түрлі жүйелерін жетілдіру және жақсарту функционалдық өзгерістер орын алады.

Дене дайындығы, спортшының жан-жақты және дене мүмкін-шілігінің дамуы болып табылады. Осыған байланысты ол жалпы және арнайы деп бөлінеді. Жалпы спортшы өз денесін үйлесімді жетілдіруге ағзаның қозғайтын бұлшық еттерді дамытуға, организмнің барлық мүшелері мен жүйелерін нығайтуға, функционалды және үйлесімді қозғалыстарды жақсартуға, күшті, жылдамдықты, шыдамдылықты, икемділікті және иілгіштікті өсіруге бағытталған. Осы міндөттерді шешу көп жағдайда дененің жан-жақты дамуы мен денсаулық деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етеді. Арнайы дене дайындығы спорттың маманданып жатқан түрінің талаптарына сәйкес спортшы ағзасы мүмкіндіктерінің, барлық дене мүшелері мен жүйелерін жоғары деңгейде дамытуға бағытталған. Жалпы денені дамытатын және арнайы дайындықта пайдаланылатын сан-салалы жаттығулар түрлі тәсілдермен орындалады.

Күш қабілеттері – бұл осылардың негізінде «күш» түсінігі жатқан, адамның белгілі бір қозғалыс әрекетіндегі алуан түрлі көріністерінің кешені. Күш адамның бұлшық еттеріне күш салудың есебінен сыртқы кедергіні жеңе білу немесе оған қарсы әрекет жасау қабілеті ретінде анықталады. Іс жүзінде спорттың барлық түрлеріндегі жетістіктер күш қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болып келеді. Алайда спорттың әр түрі және нақтылы спорт түрі күштің динамометриялық көрсеткіштерімен, көрініс табатын күш салулардың қуатымен, жарыс әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті күш салуды ұстап тұру уақытымен сипатталатын жекелеген күш қабілеттерінің дамуындағы белгілі бір ара қатынасты да талап етеді. Күш қабілеттерін өзіндік күш-тік, жылдамдық-күштік және күштік төзімділік етіп бөлу қабылданған. Кейбір авторлар күштікептілікті де бөліп көрсетеді

Спортшының оның жылдамдық қабілеттерін тікелей анықтайтын дене қасиеттерін сипаттау үшін негізінен алғанда жалпылаушы «жылдамдық» термині қолданылады. Соңғы онжылдықтарда «жылдамдық қабілеттері» термині жиірек қолданыла бастады. Бұл жылдамдықтың көрініс табуының нақтылы түрлерін зерттеулердің олардың айтарлықтай айырмашылықтарын тауып отырғандығымен түсіндіріледі.

Жылдамдық – бұл адамның қозғалудың жылдамдық сипаттамаларын, сонымен қатар, қозғалу реакцияларының уақытын тікелей анықтайтын морфофункционалдық қасиеттерінің кешені.Әртүрлі спорттық жаттығулар-дың нәтижелілігін анықтайтын жылдамдық қасиеттері келесі көрсеткіштер-дің

көмегімен бағалана алады: пецификалық реакциялардың уақыты; арнайы-даярлық немесе жарыс жаттығуларындағы максималды жылдам-дыққа қол жеткізу уақыты; дәл осы жаттығулардағы максималды жылдамдықтардың деңгейі. Волей-болда жылдамдық қасиеттерінің тежелу жылдамдығы секілді спецификалы көрініс табуы қолданылады, бұл лезде тоқтау және қозғалысты басқа бағытта бастау қажеттігімен байланысты болып келеді. Спортшылардың дене қабілеті даярлығы жүйесінде төзімділік өзінің құрылымы, өлшеу тәсілі және даму әдістемесі бойынша адамның өзге де қимыл-қозғалыс қабілеттерімен салыс-тырғанда ең көп құрамдас бөлікті болып табылады.Төзімділіктің жоғары деңгейі іс жүзінде бір старт, жүгіру немесе ойын процесінде де, спорттың жекелеген түрлерінде ұзақ уақыт жалғасатын барлық жарыс процесінде де жоғары спецификалы жұмысқа қабілеттілікті сақтау үшін, сонымен қатар ұзақтығы бойынша алуан түрлі циклдарда тұтас жаттықтыру процесін тиімді жүргізу мақсатында жоғары жұмысқа қабілеттілікті сақтап қалу үшін де жоғары спецификалы жұмысқа қабілеттілікті сақтап қалу үшін спорттың барлық түрлерінде қажет.Жаттығу және жарысу қызметіндегі, әрекетіндегі төзімділіктің жоғары деңгейі арта түсетін шаршап-шалдығуды жеңіп шығуға ықпал етеді. Спортшының арнайы төзімділігі осылардың ара қатынасы әртүрлі спорт түрлерінде, оның ішінде волейболда да спецификалы болып келетін, жекеле-ген құрамдас бөліктерден тұратын, құрылымы бойынша күрделі қимыл-қозғалыс қасиеті болып табылады.Сондықтан спортшының арнайы төзімді-лігі спорттың таңдап алынған түрінде нәтижеге қол жеткізу үшін функцио-налдық мүмкіндіктерді максималды шоғырландырған кезде, спецификалы жарыс әрекеті жағдайларында шаршап-шалдығуға қарсы тұру қабілеті болып табылады. Алайда, әсіресе ұзаққа созылатын жаттығу әрекеттері жағдай-ларында, негізгі бұлшық ет топтарының көпшілігі көбінесе майлардың ыдырауы есебінен өтетін аэробты энергиямен қамтамасыз етілу режимінде әрекет жасаған кезде, жоғары жұмысқа қабілеттілікке қол жеткізу мақсатын-да спортшылар жалпы төзімділік деп аталатынға ие болуға тиіс.

Қорыта айтқанда, өмір өлшемі — салауаттық, салауаттық - өмір заңы. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріңе қажетті нәрсені ала алмайсың. Адам баласының жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін біздің елде барлық жағдай жасалған. Өнердің, спорттың сан - салалы түрімен айналысуға болады ғой. Олардың қайсысынан болса да жан дүниең ләззат тауып, сезіміңе әдемі түйсік алады емессің бе Одан өмірің мәнді, мазмұнды бола түседі емес пе? Олай болса, арақсыз, есірткісіз, темекісіз әрі мазмұнды, әрі сәнді өмір сүруге болады. Алдамшы құмарлықтан бас тартып, өзін - өзі билей білу — адам бойындағы ізгі қасиет, үлкен парасаттылық.

Біздің Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев салауатты өмір сүрудің арқасында жас жігітше таудың шыңына шығып, шаңғы теуіп, теннис ойнап, суға шомы-лып, атпен серуендеп, ауырмай өмір сүрудің үлгісін көрсетуде. Ендеше, Абай атамыз айтпақшы, «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегендей, еңбексіз, белсенді дене қозғалысынсыз мықты денсаулық, бақытты өмір жоқ.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұзақ үрдіс, бірақ бұл нағыз денсаулықты сақтайтын және нығайтатын жолдардың бірі. Ол оқушылардың өз денсаулығын сақтауға жауапкершілігін едәуір дәрежеде арттырады. Әр халықтың өз ұрпағын өмірге әзірлеуде, баулып тәрбиелеуде өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктері ең алдымен сол халықтың әдет - ғұрпын, салт - санасы тұрмысы мен дәстүрлеріне байланысты қалыптасады. Сондықтан осы ұғымды өз бойына жинаған барлық тәрбие құралдарын біз бүгінде халық педагогикасы деп атаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ энциклопедиясы II том
2. Астранд П.О. Факторы,обусловливающиевыносливость спортсмена Наука в олимпийском спорте. – 1994.
3. Бальсевич В.К., Запорожанов В.А. Физическая активность человека. – Киев: Здоров’я, 1997. – 224 с

ӘОЖ 372.8:796

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Лес Қ.А. – 1509-19а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жуматаев О.К. магистр-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Уроки физкультуры в начальной школе направлены на улучшение физических качеств, таких как координация движений, ловкость, гибкость, выносливость. Учебник важен для развития навыков, направленных на укрепление здоровья учащихся и адаптацию к здоровому образу жизни.

Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі сабағының мазмұны негізінен қозғалмалы ойындардан тұрады. Қозғалмалы ойындарды өткізу күрделі педагогикалық процесс екенін ескере отырып, олардың өту барысын мынадай үш кезеңге бөлуге болады:

1) ойынды өткізер алдындағы даярлық жұмысы,
2) ойынның басталуы мен ойналу барысы,
3) ойынның аяқталуы.

Қимыл-қозғалыс ойындары ұлттық ойындардың негізінде пайда болып қалыптасқан. Олардың спорттық ойындар сияқты ережесі болады. Бірақ қимыл қозғалыс ойындарының ережесі спорттық ойындарға қарағанда қарапайым әрі жеңіл болады. Және спорт құрал-жабдықтарын көп қажет етпейді.

Төменде әрқандай ұлтардың қимыл-қозғалыс ойындарының үлгілері берілді.

«КӨТЕРІП КЕТ»

(Қазақ халқының ойыны)

Ойыншылар екі-екіден арқаларын бір-біріне тақап жүрелеп отырып, қолдарын шынтақтан айқастырып ұстайды. Мұғалім: «1,2,3, ауылым менің жайлауға көш» дегенде, екеуі де алға қарай еңкейіп, бірін-бірі жерден көтеріп тұрып кетуге тырысады. Қарсыласын көтеріп кеткен ойыншы жеңген болып есетеледі.

(Беларус халқының ойыны)

Ойыншылар екі-екіден қол ұстасып шеңбер жасап тұрады. Ойын жүргізуші Бір жұпқа келіп, «Қайырлы күн!» -дейді. «Алтын дән», -деп жауап береді ойыншылар. «Оның бағасы қанша?»- дейді ойын жүргізуші. Ойыншылар «Тау-тау» қар мен көлдің суы» деген бетке екеуі қарама- қарсы бағыт ұстап шеңберді айнала жүгіреді. Ойын бастаушы сол босаған орында тұрып қалады. Бірінші болып қайтып оралған ойыншы ойын бастаушымен жұп құрып, екіншісі ойынды әрі қарай жалғастырады.

Жеңіл атлетикаға арналған ойындар

«МЫСЫҚ ПЕН ТЫШҚАНДАР»

(Секіруге арналған ойын)

Ойыншылар санамақ арқылы «мысық» сайлап алады. Қалғандары тышқан болып, үлкен етіп сызылған бір шеңбердің бойында дөңгелене тұрып, сызықтың іші мен сыртына кезекпен қос аяқтап секіре бастайды. Мысық шеңбердің ортасында жүгіріп жүріп, сызықтың ішіне секіріп кірген тышқандардың біріне қолын тигізсе, екеуі орын ауыстырып ойнайды.

«АЙГӨЛЕК»

Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі.Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де,арасы 15−20 метрдей жерде қол ұстасып қарама−қарсы тізбек құрып тұрады.Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді.Олар барлығы қосылып,төмендегі өлеңді айтады:

Айгөлек−ау,айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Теміршіден дем шығар,
Үзеңгіден тер шығар.
Ақ терек пен көк терек,
Бізден сізге кім керек?

Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді:

Айгөлек−ау,айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Теміршіден дем шығар,
Үзеңгіден тер шығар.
Ақ терек пен көк терек,
Шолпан атты қыз керек,−дейді.

Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті.Егерде үзе алмаса,ол сол топта қалып қояды.Ал үзсе,онда өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады.Ойыншылар түгел шақырылып болған соң,екі жақтың ойыншылары саналады.Қой топтың саны көп болса,сол топ ұтқан болып есептеледі.

Төменгі сынып оқушылары көрген, естіген, бақылағандарының бәрін айқын түрде қабылдайды, жақсы меңгереді. Алайда бұл жаста баланың бейнелік, заттық ойлауы біртіндеп ұғыммен ауысады. Балалар ойын әрекетінде үлкен саналылық танытады, өз әсерімен бөлісу, бақылағандарын салыстыру,

безбендеу дағдысы пайда болады. Олар ойындағы жолдастарының әрекетіне неғұрлым сыни тұрғыдан қарай бастайды. Абстрактілі, сыни тұрғыда ойлау қабілетінің пайда болуы, қозғалысты саналы түрде бақылау ойынның күрделі ережелерін сәтті түрде игеруге, жетекшілердің түсіндірген және көрсеткен әрекеттерін орындауға мүмкіндік береді.

Мұғалім ойын ережесін қысқа түрде баяндауға тиіс, өйткені балалар баяндалғандардың бәрін әрекет түрінде тез көрсетуге ұмтылады.

Мысалы, ойынды ертегі нысанында әңгімелеу үлкен қызығушылықпен қабылданады және ондағы рөлдердің шығармашылықпен орындалуына ықпал етеді. Бұл тәсілді ойынды жақсы игеру үшін, балалардың назары төмен немесе физикалық күш жұмсалғаннан кейін демалыс керек болғанда пайдалануға болады.

1–3 сынып оқушылары өте белсенді, бірақ өз мүмкіндіктерін есептей алмайды. Бәрінің жүргізуші болғысы келеді, сондықтан олардың өз қабілеттеріне сәйкестіктерін мұғалімнің өзі тағайындағаны дұрыс. Жүргізуші ретінде алдындағы ойында жеңіске жеткен ойыншыны тағайындауға болады, оны ешкім ұстай алмағандығы, тапсырмаларды басқалардан жақсы орындағаны, ойында ең әдемі қалыпты қабылдағаны үшін мақтап қойған орынды.

Қорытынды.Бастауыш сынып оқушысы әлі-де қалыптасу үстінде. Шеміршек жасушалар тобының елеулі қабаты сүйектердің, әсіресе омыртқаның айтарлықтай иілгіштігіне себепші болады.

Бұлшық еттер салыстырмалы түрде әлсіз (көбінесе, арқа және құрсақ тығыршығы бұлшық еттері). Тірек аппараты да әлі берік жетілмеген.

Сондықтан бұлшық етке ұзақ күш түсірмейтін әртүрлі қимылдағы қозғалыс ойындарының мәні зор.

Балалар әсіресе секіру және басқа да күш пен энергияны көп жұмсауды қажет ететін ойындардың арасында аз уақыт болса да үзіліс, белсенді демалыс жасалып отырса, ойын кезінде зор қозғалыс белсенділігін танытады. Алайда олар тез шаршайды, әсіресе бір ғана түрдегі әрекетті орындау шаршатып жібереді. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, қозғалыс ойындары кезіндегі физикалық қуатты қатаң түрде реттеп әрі шектеп отыру керек. Ойын өте ұзақ болмауға тиіс.

Ойындар сан алуан еркін түрдегі қимылдардан тұрады, жұмысқа үлкен бұлшық ет топтары тартылады. Ойын ережелерінің қарапайымдығы мен шағындығы 6–9 жастағы балалардың назарының жеткіліксіз түрдегі орнықтылығына және ерік-жігер қасиеттерінің салыстырмалы түрде әлсіз дамығандығына лайықталады. Бұл жастағы балалар белсенді, дербес, әуесқой, өткізілетін ойынға дереу және бір мезгілде қосылуға ұмтылады, ойын кезінде берілген мақсатты қысқа мерзім ішінде орындауға тырысады; оларға ұстамдылық пен табандылық жетіспейді. Көңіл күйі өзгереді. Ойын кезіндегі сәтсіздіктерге тез ренжіп қалады, бірақ ойын қызығына берілген кезде реніштерін тез ұмытады.

Әдебиеттер

1.Дене тәрбиесі 1 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 2001 жыл. Тұрыскельдина М.Т

2.Дене шынықтыру 3 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 1999 жыл.
3.Дене шынықтыру 4 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 2000 жыл. Төтенайдың Базарбегі,Басыбеков Болатбек
4.Қимыл-қозғалыс ойындары. Алматы «Атамұра» 1998ж. Тұрыскельдина М.Т

ӘОЖ 372.8:796

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫНА ЕПТІЛІК, ИКЕМДІЛІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН АРТТЫРУ

Нұртай Д.А. 1509-19а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жуматаев О.К. магистр-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мускулы детей стабильно и стабильно росли с каждым годом. Однако ежегодный прирост силы разных групп мышц не является равномерным.

Балалардың бұлшық еттері жыл сайын бір қалыпты және тұрақты түрде өсіп отырды. Алайда, әр түрлі бұлшық ет топтары күшінің жыл сайын-ғы өсуі бір қалыпты болмайды. Дене жаттығуларының тоғыз жастан бастап денені тік ұстайтын бұлшық еттердің күші елеулі түрде артады да, саусақ бұлшық еттерінң күші біршама тежеледі. Бұлшық еттер күшінің үдемелі түрде өсуі қыз балаларды 11–12 жаста, ал ер балаларды біршама кейінірек 12–12 жас аралығында басталады. Балаларда күш қабілетін жетілдіретін жаттығулар негізнен жүйелі түрде орындалып отыруы қажет. Күш қабілетін жетілдіру кезінде денеге түсетін күш өте көп болмауы қажет. Бұл адамның жалпы өсуін кідіртеді. Күшті арттыратын жаттығулар адамның шапшаңдық, күштілік, төзімділік қасиет - қабілеттерін дамытудың негізгі болғандықтан, мұндай жаттығуларды үздіксіз және жеткілікті мөлшерде орындап отыруы қажет. Өз беттерімен жаттығу кезінде күшті молайтатын жаттығулар икемді-лік пен жылдамдық қабілеттерін арттыратын жаттығулардан кейін, ал көп жағдайда төзімділікті арттыратын жаттығулрадың алдында орындалғаны жөн. Күш қабілетін жетілдіру үшін жаттығулардың төменгідей түрлерін орындау керек.

а) кермеге тартылу, биікке өрмелеу, аяқты көтеру, еденге немесе гимнастикалық орындыққа екпетімен жатып, қолды бүгіп, жазу жаттығуларын орындау қажет.

ә) басқа ауыр салмақтар көтеру (бірнеше бала болып гимнастикалық орындықты және оны үстінде отырған оқушылармен бірге көтеріп алып жүру) серіппелі спорт құралдарымен, баппен (гантель) көтерумен жаттығу. Күш қабілетін жетілдіретін өзге де жаттығу түрлері бар. Дегенмен, жоғары да аталған жаттығулардың алғашқы а тармағы жиі қолданылады. Өйткені ол мектеп жасындағы балалардың ең қолайлы жаттығуы. 10–13 жастағы оқушыларға белгілі бір деңгейдегі күш, төзімділік қабілеттерін жетілдіретін жаттығулар керек. Себебі 10 жасқа дейінгі балалар жиі алаңдап, белгілі бір деңгейде күш жұмсауға қабілетсіз болса, 10 жастан кейін күш қабілеті едәуір артады. Төзімділік қабілетін жетілдіру үшін бірінші кезекте күрделілеу жаттығулар пайдаланылады.Бұлар: аласа кермеге тартылу, гимнастикалық

қабырғаға және орындыққа қолды тіреп, бірнеше рет бүгіп - жазу, онша ауыр емес заттарды көтеру.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру үшін ең бірінші қозғалыс шапшаңдығын арттыруға арналған жаттығулар пайдаланады. Қозғалыс шапшаңдығын дамытуда қайталау тәсілі қолданылады. Әрбір келесі қимыл - әрекет бұрын көрсетілген шапшаңдықты арттыру міндетін алға қоюы керек. Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығулар шапшаңдық қашан төмнедей бастағанша қайталана беруі керек. Оларды сабақтың басында немесе ептілікті арттыратын жаттығуларды орындаудан кейін өткізген жөн. Ептілік қабілетін жетілдіру үшін гимнастикалық жаттығулармен қоса әдеттегі қимыл - қозғалыс жаттығуларын күрделендіре қолдануға болады. Мысалы:беткейден шаңғымен еңіске қарай жұптасып сырғанап түсу немесе заттарды көтеріп сырғанап түсу. Әдеттегі қозғалыстарды кездейсоқ бастапқы қалыптардан орындау (мысалы бір орыннан ұзындыққа секіру бір жақ жаны-мен немесе теріс қарап тұрып орындау),бір орында тұрып 180–360 қа бұрылып скеіру, ал ең бастысы - акробатика мен әр түрлі қимыл - қозғалыс ойындары ептілікті жетілдіруге пайдалы болмақ. Ептілік қабілетін жетілдіру-ге арналған жаттығулар әдетте кіріспе бөлімінен кейін, сабақтын негізгі бөлімінің басында орындалады. Дене тәрбиесінде пайдаланылатын жаттығу-лар адам организміне белгілі бір дәрежеде әсерін тигізгді.Денеге түсетін күшті, яғни жүктеме мөлшерін белгілеген кезде оның жүйесі және дәйекті болуын мейлінше дұрыс сақтау қажет. Дұрыс ұйымдастырылған дене жаттығулары адамға қажетті күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік т.б қасиет - қабілеттерінің қалыптасуына белсенді түрде әсер етеді.

Дене тәрбиесі мен әдістемесі үш бөлімнен тұрады:

1. Дене тәрбиесінің теориясы - дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің қоғамда алаты орнын зерттейді.

2. Дене тәрбиесінің әдістемесі - дене тәрбиесі ерекшеліктерін, заңдылықтарын белгілеп, талдайды.

3. Спорттық жаттықтыру - оны өткізу әдістемесін, мерзімі мен кезеңдерін, артықшылықтарын айқындайды. Бұл дене тәрбиесі маманының кәсіптік деңгейін көрсетеді. Ғылыми мәні мен тәжірибе жинақтай отырып, бұл ілім адамның дене тәрбиесі процесінің заңдылықтарын ашып береді. Қазіргі дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің негізгі көздері мынылар:

1. Адамдарды Отан қорғау ісіне, еңбек етуге қабілетті, денсаулығы мықты адамдарды тәрбиелеу.

2.Практикалық жұмыс. Теориялық, әдістемелік жаңалықтар іс жүзіндегі тәжірибе жұмыстарымен тексеріледі. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесін байыту.

3. Еліміздегі дене мәдениетінің орны және оны дамытуға байланысты “Қазақстан - 2030’’ стратегиясы жүзеге асыру шаралары.

4. “Қазақстан Республикасы бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар ”.

5.Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің, сондай-ақ басқа ілімдер көлеміндегі ғылыми зерттеулердің нәтижелері.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі педогогика, психология, социология, физиология, анатомия ғылымдарымен сабақтас жүргізіліп, жас ұрпаққа білім беру, оны тәрбиелеу, денсаулығын нығайтудың жолдарын жан-жақты қарастырады. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі гимнастика, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, ұлттық ойындар мен ат спорты, спорттық педогогика, спорттық психология пәндерін ортақ теориялық заңдылықтарға сүйенді. Осы пәндерді алынған нақты нәтижелер теорияға негіз болып табылады. Дене шынықтыру және спорт жаттығулары адам организімінің өзара үйлесімді әрекетте болуын қамтамасыз етеді. Сырттан әсер ететін қолайсыз жағдайларға организімнің төзімділігін арттырады.Дене шынықтыру және спорт жаттығулары адам организімінің өзара үйлесімді әрекетте болуын қамтамасыз етеді. Сырттан әсер ететін қолайсыз жағдайларға организімнің төзімділігін арттырады. Дене шынықтыру және спорт жаттығулары организімді нығайтуға мақсатында орындалады. Соның нәтижесінде денеге мынандай сапалық өзгерістер іске асады.

1) Сыртқы дене бітімі өзгеріп әдемілене түседі.

2) Қимыл - қозғалыс жасау қабілеті артады, яғни дене иқемді, епті бола түседі де, жасалған қимыл - қозғалыстары бір - бірімен өзара үйлесімді, сәнді болып шығады.

Дене шынықтыру және спорт жаттығуларының негізгі бұлшық еттердің қимыл - қозғалыс жасауы болып табылады.

Қорытындылай келе, қажет деп есептелген қимыл - қозғалысты орындағанда адамның көңіл -күйі ғана көтеріліп қоймай, оның бұлшық еттері де сергіп, рахаттанатын болады.Дене шынықтыру және спорт жаттығуларын орындау адамның жан - жақты өсіп жетілуіне қолайлы жағдай туғызады. Жаттықтырудың қорытын-ды бөлімі күш түсірудер кейін спортшының организімін қалпына келтіру процесін тездету үшін өткізіледі. Денені босату жаттығулары, жеңіл жүгіру, спорттық және қозғалмалы ойындар қолданылады. Жаттықтыру сабақтары жеке, топтық, фронтальдық, айнымалы жаттығулар түрлеріне өткізіледі. Әрбір жатықтыру сабағын конспекті жазадыСпорттың негізгі әлеуметтік қызметі дене қуаты қасиеттерін, қимыл шеберлігі мен дағдасын жетілдіру арқылы жасөспірімдерді еңбекке дайындау. Спортпен шұғылдану балалар-дың бойында көпшілік, адалдық, еңбексүйгіштік, тәртіптілік, қайсарлық, мінез - құлықтары қалыптасқан. Жас спортшыларды тәрбиелеуге жатықтырушы ата - аналармен, мектеп ұжымымен тығыз байланыста жұмыс істеу қажет. Олардың қойған талаптары бірдей болса ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Тәрбиелеу әдістері сендіру және дағдыландыру әдістерінен тұрады. Спортшы қоғамдық орында өзін - өзі ұстауға дағдыланып, тәртіптілікке, ұжымның мүдесін ойлау сезіміне тәрбиеленіп, басқа да жақсы әдептерді бойына сіңіру керек. Сонда ғана ол саналы азамат болып өседі.

Әдебиеттер

1. Уаңбаев Е. “ Дене тәрбтесінің негіздері”, Алматы, 2000 ж.
2. Тілеуғалиева Ю. Адамбеков Қ. Қасымбекова С. “Дене тәрбиесі”.Алматы 2003.
3. Тайжанов С. Құлназаров А, “Дене тәрбиесі”.Алматы 2002 ж.
4. Тұрыскелдина М, “Дене тәрбиесі”.Алматы 2001 ж.

ӘОЖ 372.8:796

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ

Турсунбаева У.У. 1509-19а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жуматаев О.К. магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Игра играет большую роль в жизни детей. Самое главное, чтобы ученик активно участвовал в уроке, - это повысить интерес учеников.

Оқушы сабаққа белсенді қатысу үшін ең маңызды оқушылардың қызығушылығын арттыру. Бастауыш сынып оқушылары ойын балалары болғандықтан, сабақта қимыл – қозғалыс ойындары мен деңгейлік тапсырмалар көбірек пайдалану арқылы қызығушылық, қозғалғыштық, оқыту дербес-тігі белсенділігін арттыру үстіндемін. Жақсы нәтижеге жету үшін ең басты дұрыс моральдық–психологиялық климат жасауы, оқушылармен тіл табыса білу керек. Сабақтың негізгі, қорытынды бөлімінде тақырыпқа,жас ерекшелі-гіне сай қимыл – қозғалыс ойындары мен деңгейлік тапсырмалар таңдап алып отырмын. Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Қимыл-қозғалыс ойындарын өткізуді белгіленген формасы мұғалімнің жетекші рөлін, қатысушылардың өзгеріссіз құрамы бар сабақтың реттілігі, ойын материалының регламентациялан ған (белгілі бір ережеге бағындырылған) мазмұны мен көлемі және берілген ойын енетін оқу-тәрбие үрдісінің әдістемесі,мазмұ ны және ұйымдастырылуы бар оның өзара байланысы. Жоғарыда көрсетілгендей қозғалмалы ойындарды өткізудің бекітілген формасында келесі міндеттерді шешуі тиіс жетекші басты орынға ие,олар:

1) сақтандыру;
2)білім беру;
3)тәрбиелік;

Қозғалыс ойындардың сауықтыру міндеттері. Ойыншылардың дене даярлықтарын және жас ерекшіліктерін ескерілген сабақты дұрыс ұйымдастыру,бой өсуіне, сүйек-байланыс аппараттарының бекітілуне және дамуына, тұлғасы-ның дұрыс қалыптасуына,сон ымен бірге ағзаның қызметін жоғарлатады. Ойындары бар сабақтар кезінде дене жүктемелері оңтайлы болуын қадағалау қажет. Бұл өмірмен еңбекте үлкен маңызға ие. Алайда қатысушыларды қатты шаршап-шалдығуға апаруға болмайды. Қозғалыс ойындарын сауықтандыру әсерін беретін ойын үрдісіндегі балаларда туатын функционалды және эмоционалды көтерілуі аурушаң балалардың денсаулығын қалыпқа келтірудегі арнайы емдік мақсаттарға да қолданылады. Қозғалыс ойндары таза ауада ойнаған өте пайдалы.

Қозғалыс ойындарының білім-беру міндеттері.

Ойын жеке тұлға қалыптастыруда үлкен ықпал ететін бұл талдау, салыстыру, жалпыл ау және қорытынды шығару іскерлігі көрінетін және дамыталатын саналы іс-әрекет. Ойындармен айналысу күнделікті практикалық іс-әрекет-тегі маңызға ие әрекет ету қабілеттерін дамытуға әсер етеді. Қозғалыс ойындары қозғалыс әрекеттері және ережесі ойыншыларда нақты өмірге деген мінез-құлық туралы сенімді ұғымдарды қалыптастырады.

Қозғалыс ойындарының тәрбиелік міндеттері.

Көп жағдайда қозғалыс ойындары төмендегідей дене қасиеттерін тәрбиелеу жағдайында жасалады. Олар; шапшаңдық,ептілі к,күш, шыдамдылық, икемділік және бұдан да маңыздысы, бұл дене қасиеттерін комплексте дамытылады. Қозғалыс ойындарының көпшілігі шапшаңдылықты талап етеді. Күш пен энергияның көп жоғалуына алып келетін үнемі қозғалыс белсенділігі және қуаты қозғалыстың көп қайталануы бар ойындар шыдамдылықты дамытуға әсер етеді. Тартымды ойын сюжеті қатысушылар бойында жағымды эмоция-ны тудырады және қажетті ерік сапалары мен дене қабілеттерін қоса отырып кез-келген тәсілдерде көп қырлы зор белсенділікпен жеңіп отыруға шақыра-ды. Сауықтыру, тәрбиелік және білім беру міндеттерін комплексте шешу қажет, тек осы жағдайда ғана әрбір қозғалыс ойындары балаларға жан-жақты дене тәрбиесінің тиімді құралы болмақ. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары оқушылардың ептілік дағдыларын жетілдіреді. Сонымен бірге бақылағыш-тыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуге, қоршаған ортадағы жағдайдың өзгеруіне қарап, бағдар белгілеу,қиын жағдайда жол тауып шығуға,батылдық, ептілік,мақсатқа жетудің өзіндік әдісін таңдау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Қимыл – қозғалыс ойындары өзінің мазмұны мен формасы жағынан эстетикалық әрекет болып табылады. Балалардың бұрын игерген қимыл дағдыларын тірек ететін әр алуан ойын қимылдары, оларға қолайлы дәлдікті, қалыптасқан ептілікті, ерекше мәнерлілікті жетілдіреді.

Қимылды қозғалыс ойындар бастауыш сынып оқушыларына дене тәрбиесін берудің негізгі құралдырының бірі ретінде қолданылады. Алуан түрлі қозғалыс ойындардың ішінде ұжымдық қимылды ойындардың маңызы ерекше. 1-4 сыныптарға арналған қозғалыс ойындарының түрлері көп. Осы ойындармен оларды спорттың өзге түрлерімен ұштастыра отырып шұғыл-дану балалардың денсаулығын нығайтуға, денесінің жан-жақты дамуына және оқуға деген ынтасын арттыруға болады. Сананың сезімді бақылауын күшейту қимылды ойындармен шұғылданған кезде балалардың әрекет жасаудағы шыдамдылығын, тәртіптілігін, бірге ойнайтын жолдастарының алдында әдепті болуын тәрбиелеу. 3-4 сыныптардағы ұл балаларға көп күш жұмсайтын, шапшаң қимылдайтын ойындарды ұнатса, қыздар ептілікпен дәлдік қимылдарына арналған қозғалыс ойындары, үйлесімді, келісімді, ырғақты қимылдар жасауды талап ететін ойындарды, жүгіріп бара жатқанда жолшыбай күрделі емес кедергілерден өту арқылы өткізілетін ойындар, тепе-теңдік сақтау элементтері бар ойындар ойнатуға болады. Қимыл – қозғалыс ойындары

балалардың игеріп үйренген қимылы дағдыларын жетілдіру және дене қабілетін қалыптастыру ретінде қызмет етеді. Спорттық ойындар нышандары бар қимыл –қозғалыс ойындары жинақылыққа, ұйымшылдыққа, бақылағ ыштыққа тәрбиелейді. Ол ойындар арқылы оқушылардың белсенді-ліктерін арттырып,әр тапсырмалар арқылы қай бұлшық етке әсер етуін, өмірде кездесетін қиын жағдайларда жаттығулардың пайдасы бар екенін түсіндіре өткіземін. Мысалы: 2-3 сыныптарда «Айдаһар», «Допты нысанаға тигіз», «Қасқырлар мен қояндар», « Жылан» «Жылжымалы арқан», «Үйсіз қоян», «Нөмірлерді шақыр», «Орамал», «Нысанаға дәл тигіз» т.б ойындарды жақсы қабылдап, қызығуш ылықпен ойнайды. Сабақ берудегі алдыма қойған мақсатым оқушылардың денсаулығын нығайту,сабаққа қимыл – қозғалыс ойындар мен деңгейлік тапсырмаларды енгізу.

Сабақ жүргізер алдында өзіме мынадай талаптар қоямын: 1. Оқушыларға теориялық білімін шыңдау, дене жағынан жалпы дамуы мен қозғалыс даярлығын жетілдіру оқушылардың бойында дене тәрбиесімен өз бетінше шұғылдануға қажет дағдылар мен икемділікті қалыптастыру. 2. Оқушылардың денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуы мен қозғалыс әрекетін ескере отырып,оларға жеке көңіл бөліп, дене тәрбиесі сабағына қойылатын басты талабымның бірі. 3. Дене тәрбиесіндегі бағдарламалық, материалды оқушылар ойдағыдай меңгеру үшін мынандай талаптарды орындауды қадағалаймын. Дене тәрбиесі сабағына үнемі қатысуды, өзінің дене даярлығын арттыруды, жыл ішінде бағдарламалық көрсеткіштерін орындауды, мектепте спорттық шараларға қатысуы.

Қорыта келгенде тәуелсіз елімізге білімді, саналы, парасатты тұлғаны тәрбиелеу үшін ұшқыр ойлы,тәні таза, денсаулығы мықты, адал, терең білімді, жоғары талғамды шәкірт тәрбиелеу басты міндетім деп есептеймін

Бұлшық еттер салыстырмалы түрде әлсіз (көбінесе, арқа және құрсақ тығыршығы бұлшық еттері). Тірек аппараты да әлі берік жетілмеген.

Сондықтан бұлшық етке ұзақ күш түсірмейтін әртүрлі қимылдағы қозғалыс ойындарының мәні зор.

Балалар әсіресе секіру және басқа да күш пен энергияны көп жұмсауды қажет ететін ойындардың арасында аз уақыт болса да үзіліс, белсенді демалыс жасалып отырса, ойын кезінде зор қозғалыс белсенділігін танытады. Алайда олар тез шаршайды, әсіресе бір ғана түрдегі әрекетті орындау шаршатып жібереді. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, қозғалыс ойындары кезіндегі физикалық қуатты қатаң түрде реттеп әрі шектеп отыру керек. Ойын өте ұзақ болмауға тиіс.

Ойындар сан алуан еркін түрдегі қимылдардан тұрады, жұмысқа үлкен бұлшық ет топтары тартылады. Көңіл күйі өзгереді. Ойын кезіндегі сәтсіздіктерге тез ренжіп қалады, бірақ ойын қызығына берілген кезде реніштерін тез ұмытады.

Әдебиеттер

1.Дене тәрбиесі 1 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 2001 жыл. Тұрыскельдина М.Т
2.Дене шынықтыру 3 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 1999 жыл.

3.Дене шынықтыру 4 сынып Алматы «Атамұра» баспасы 2000 жыл. Төтенайдың Базарбегі,Басыбеков Болатбек
4.Қимыл-қозғалыс ойындары. Алматы «Атамұра» 1998ж. Тұрыскельдина М.Т

ӘОЖ: 37.00

«КӘСІПТІК ОҚЫТУ» ҮДЕРІСІНДЕГІ АВТОБӨЛШЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ТЕХОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ҰҒЫМДАР МАЗМҰНЫ

Убайдуллаев Э.И – 120-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Пошаев Д.Қ.- п.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Большой проблемой в подготовке учителей профессионального обучения является раскрытие научных основ материалов, касающихся преподавания тем «Технология эксплуатации и ремонта транспортной техники».

Жылдан-жылға көлік техникасының пайдаланылатын аймағына, қоршаған ортаға әсері және т.б. байланысты жағынан конструктивтік түрлері, арнайы ерекшеліліктерімен көптеген өзгерістерге ұшырап жатқаны белгілі . Сондықтан да, автомобильдерді пайдалану мен жөндеу технологияларын дұрыс ұйымдастыру дер кезінде ерекшеліктеріне қатысты ғылыми-инженерлік шешім қабылдауда мамандарға жоғары талаптар қойылатынын ескерген дұрыс. Кәсіптік оқыту мұғалімдерін даярлауда «Көлік техникасы пайдалану және жөндеу технологиясы» тақырыптарын оқытуға қатысты материалдардың ғылыми негіздерін ашу үлкен мәселе болып табылады.

Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша білім алған болашақ осы бағыттағы білім беру қызмет атқара алады.Автомобиль көліктерің қазіргі кезде халық шаруашылығында болсын немесе өндіріс, тұрмыста болсын өте маңызды роль атқаратын белгілі, яғни миллиондаған мекемелерді, ұйымдарды, шаруашылықтарды, ұжымдарды т.б. қоғам бірлестіктерін және тұрғындардың тасымал көлігі ретінде ғана емес жалпы технологиялық тұрғыданда бірқатар жұмыстарды атқарады.Тіпті әр жылдың өзінде халық шаруашылығында автомобиль көліктері 80% жүктерді, 75% жолаушыларды тасымалдауда қызмет атқарады. Сонымен қатар, автомобиль көліктері еліміздің негізгі ресурстарды, болып табылатын мұнай өнімдерінің 65% жанармайларын пайдаланады.Ал, аталған мұнай өнімдерінің сапасына қарай және оларды дұрыс қолдану технологияларына байланысты, автобөлшектер өзара үйлесімді жұмыс жасауда, шаршау, тозу және т.с.с, өзгерістерге ұшырайды. Мысалы көліктерін дұрыс пайдаланудың өзінде 70% көлемде элементтерді жөндеу, қайта пайдалану және т.с.с. еңбек ресурстарын қажет етеді. Автомобильдерді тиімді пайдаланылуды жүзеге асыру ету үшін жөндеу жұмыстарын қолданылатын жаңа технологияларды анықтау, жұмыс орнының жағдайын жақсарту, мамандардың біліктіліктерін арттыру, жұмыстың сапалы орындалуына қатысты материалды

өңдеу, қалпына келтіру сияқты технологияларды анықтау, сондайақ жөнделінетін элементтердің күйін анықтау мақсатында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және оқыту үдерісінде бірқатар зерттеу жұмыстары, есепте жүргізу және т.с.с., оқыту әдістері мен формалын қолдануды ойластыру қажет.Сонымен қатар, жөндеу шеберханаларынң материальдық- техникалық жабдықтарын нығайту, шеберханалық базаларды жетілдіру, жөндеу жұмыстарын кешенді механикаландыру және т.с.с., болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерн таныстыру , оларды меңеру деңгейін жоғарылату қажет.

Тағыда басты мәселенің бірі, жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуы автомобильдің қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылатынын, олардың қоршаған ортаға кері әсерін төмендету жұмыстарына мән берген дұрыс.

Автомобильдің әрбір элементі агрегаттарды, тораптарды және механизмдерді құрайды. Ал, бұлар өз кезегінде, тораптар мен механизмдерді құрылымдайтын конструкциялық элементтер ретінде детальдар деп аталады.

Автомобильдердің агрегаты, механизмі, сол сияқты деталь ұғымдары біріктірілген түрде бұйым деп аталады. Кезкелген заманауи автомобильдер 15-20 мыңға дейін детальдардан құрастырылады, ал, олардың 7-9 мыңдайы жұмыс істеу барысында өздерінің алғашқы физикалық қасиеттерін жоғалтады [1].

Бұлшықеттің жаттығуға қатысатын белсенді көлемі бойынша: жергілікті, аймақтық және ауқымды болып жіктеледі. Тұрақты қозғалыс– дене қалпын сақтау, аспаптарды мығым ұстау түрінде атқарылады Дене жаттығуларының көбісі (жүру, жүгіру, жұмыс істеу т.б.) жылжымалы қозғалыс түрінде болады. Тұлғалық жаттығулар кезінде бұлшық еттердің күші, оның жиырылу жылдамдығына кері қатынаста болады. Неғұрлым жылдамдық тез болса, солғұрлым аз күш жұмсалады.

Бұлшық еттің жиырылу күші мен жылдамдығы оның алымын құрады. Оның күші жоғары болған сайын, жиырылу мерзімінің ұзақтығы қысқара береді.

Күш түсетін жаттығуларда бұл қозғалыс сапасын көрсетеді. Ал бұлшық еттің алымы күш түсетін жылдам жаттығуларда маңызды орын алады.

Бұлшық еттердің орташа күш пен жылдамдық жұмсап жаттығу мерзімін ұзақ уақыт сақтау қабілетін шыдамдылық дейді.

Спорттық жаттығулар оралымды және орылымсыз болып бөлінеді. Оралымды жаттығулар бірнеше рет қайталанып отыратын қозғалыс түрінде болады (жүру, жүгіру, жүзу, т.б.) Ал оралымсыз қозғалыста кимыл белсенділігі әртүрлі бағытта өзгеріп тұрады.

Дене шынықтыру, спорт және денсаулық бір-бірімен тығыз байланысты. Экологиялық факторлардың әсері, заманауи өмір ырғағы, үнемі агрессивті, ашушаң адамдардың ортасында жүру адам ағзасын әлсіретеді. Сондықтан да ағзаның қорғаныш күшін нығайту өте маңызды. Оны дұрыс тамақтанып, түрлі мазасыздықтарды уақытында емдеп, алдын алу шараларын жүргізіп, иммунитетті нығайтатын іс-әрекеттер жасап, сонымен бірге физикалық белсенділікті сақтау арқылы іске асыра аламыз.

Компьютердің, смартфондардың және басқа да құрылғылардың пайда болуымен техникалық прогрестің орын алуы салдарынан, адамнің күнделікті өмірі мен жұмысы жеңілдеп, соңғы он жылмен салыстырғанда физикалық белсенділігі немесе қимыл-қозғалысы бірден қысқарды.

Бұл өз кезегінде уақыт өте келе адамның функционалдық қабілетінің төмендеуіне, қаңқа-бұлшық ет аппаратының әлсіреуіне, ішкі ағзалардың жұмысының нашар жағына өзгеруіне әкеп соғады. Қимыл-қозғалыстың

жеткіліксіздігі мен энергия жұмсау барлық жүйелердің (бұлшық ет, қан тамыр, жүрек, тыныс алу) жұмысын нашарлатып, түрлі ауруларға бейім етіп қояды.

Міне сондықтан да спорттың адам денсаулығына әсері ұшан-теңіз. Дене шынықтыру мен спорт кей кезде адам ағзасы табиғи түрде қажет ететін қимыл-қозғалыс пен күшті іске асырудың қолжетімді түрі болып табылады.

Спорттың адам денсаулығына қандай әсері бар екендігі қаншама мақалада, зерттеу жұмыстарында, тіпті диссертация жұмыстарында жазылып та, айтылып та жүр. Ондағы жазылған мәліметтерді қысқаша және қолжетімді түрде топтастырып көрейік. Сонымен, спорт адам ағзасы үшін келесідей себептермен пайдалы:

- Тірек-қимыл аппаратын нығайтады: бұлшық еттің көлемі үлкейеді және күш көрсеткіші жоғарылайды, қаңқа сүйектері жүк салмаққа төзімді болады. Жаттығу залында жаттығу немесе жүгіру, жүзу, велоспорт нәтижесінде бұлшық еттің оттегімен демалуы жақсарып, қан тамыр жұмысына оң әсерін тигізеді. Дене шықтырумен жүйелі түрде шұғылдану остеохондроз, омыртқа аралық жарық, артроз, атеросклероз, остеопороз секілді тірек мүшелерінің ауруларының алдын алады.

- Жүйке жүйесі нығаяды және дамиды. Олептіліктің жоғарылауы, қимылдың жылдамдауы мен жақсаруы есебінен іске асады. Спортпен шұғылдану жаңа шартты рефлекстердің пайда болуына ықпал етеді. Ағзамыз бұрынғыдан ауыр, күрделі жүктемелерді іске асыруға қабілетті болады.

- Тыныс алу мүшелерінің жұмысы жақсарады. Жаттығу кезінде тіндер мен ағзалардың оттегін көп талап етуі нәтижесінде тыныс алу терең және интенсивті болады. Жүгіру, жүзу, жаттығу залында жаттығу нәтижесінде тыныс жолдары арқылы өтетін ауа мөлшері тыныштық кездегі 8 литрден 100 литрге дейін ұлғаяды. Өкпенің сыйымдылығы артады.

- Иммунитет көтеріліп, қанның құрамы жақсарады. Тұрақты түрде жаттығатын адамдардың эритроциттері 5 млннан 6 млнға дейін көбейеді. Физикалық белсенді адамдар сирек науқастанып, бактериялар мен вирустарды тез жеңеді.

- Өмірге деген көзқарас өзгереді. Физикалық белсенді жандар өмірге құштар, күйзелістен аулақ болады .

Спорт пен баланың денсаулығы қаншалықты байланысты екендігін медициналық статистика көрсетеді. Дәрігерлердің статистикасына сүйенсек, жиі ауыратын балалар мен жасөспірімдердің 70 пайызы спортпен шұғылданбайды және дене шынықтыру сабағына қатыспайды. Мектепте миға түсетін салмақ, үйде үнемі компьютердің немесе теледидардың алдында телміріп отыру ағзаның физикалық қуат алмауына әкеп соғады.

Әдебиеттер

1. Спорт теориясы мен әдістемесі. Педагогикалық мамандықтарға арналған оқулық / Е.К. Сейсенбеков.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013.- 332б.

2. Жалпы және спорттық гигиена. Оқулық / Н.Н. Смаил. Алматы, 2012.- 320б.

3. Спорттық медицина. Оқу құралы / А.Ә. Мәутенбаев, А.Б. Еланцев. Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 342б.

4. Дене тәрбиесі және спорттағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу. Оқу-әдістемелік құрал. Е.А. Алимханов, Д.Т. Онгарбаева.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 62б.

ӘОЖ 373:796

СПОРТТЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Жанайдар Б.М. – 2101-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Катешов М.Д. – магистр-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье обсуждается польза спорта для жизни человека.

Шынықсаң – шымыр боласың демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да пайдалы. Салауатты өмір салтын ұстанып, түрлі аурудың алдын алуға болатынын жақсы білесіздер. Оның бәрі өзіңіздің қолыңызда. Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. Ғалымдар зерттеуіне сүйенер болсақ, спорт адамды шат-шадыман өмір сүруге де жетелейді екен Дене жаттығулары адамның көңіл-күйін ғана көтеріп қоймайды, қан айналым жүйесін жақсартады. Қан қысымы мен жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алады.

Спорт – адамның рухани әлемі үшін де маңызды. Өйткені, әлсіз әрі қиындыққа көп ретте қарсы тұруға қауқары жетісе бермейтін жандарға мамандар бір ауық спортпен шұғылдануға кеңес береді екен. Күйзеліске ұшыраған сәттерде дене жаттығуларына ден қойсаңыз, жаңа құлшыныс пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз. Бұл да спорттың, дене жаттығуларының бір құдіреті. Адам дене жаттығуларымен айналысқан сәтте оның миында да сан мыңдаған үдерістер орын алады. Ми дене қимылдарының әрекетін күйзеліс ретінде қабылдап, оған қарсы күрес жүргізе бастайды. Ағзадан эндорфин гормоны (қуаныш пен ләззәт алу гормоны) мен пайдалы ақуыздар бөлініп, жүйке жүйелері мен миға тарайды. Сол арқылы адам ойы ұшқыр әрі есте сақтау қабілеті жақсара түсіп, көңіл-күйге әсер етеді екен.

Спорттың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін, оның адам өмірін ұзартатынын білеміз. Сол үшін балаларды ерте жастан спортқа деген қызығушылығын ояту үшін мектеп бағдарламасына да енгізілген. Ғалымдардың айтуынша, күніне 30-40 минут уақытыңды спортқа бөлсең, ауруға шалдығу қаупі 30%-ға азаяды. Спорт жаттығулары ағзаның иммунитетін көтереді, сол себепті спортпен шұғылданатын адамдар, вирустық инфекцияларға бейім болмайды. Физикалық белсенділік қан тамырларына жағымды әсер етеді. Жүрек – дененің ең маңызды органы, оның дұрыс жұмыс істемеуі, ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Күнделікті жаттығулар жүрек-тамыр жүйесінің қызметінің жақсаруына кепілдік береді. Сондай-ақ, жаттығулардың көмегімен, қарт адамдардың буыны мен бұлшық еттері күшейеді. Барлығы спортпен айналысуы керек, әсіресе денсаулығы нашар кісілер.

Спорт материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде қоғамда адамдардың ойындық дене әрекеттері үшін жүйелі, арнайы

бағытталған, құрылып және пайдаланылатын ағза құрылысының түрлері қызметінің және психологиялық қарқынды дайындығының, оған жалғасатын барынша толық қабілеттерін спорттық жарыс жолдарымен алдын-ала анықтайтын, қозғалыс әрекеттерінде көрсететін дене мәдениетінің табиғи бөлігі болып саналады.

Спорт - өндірістік, яғни, экономикалық қызмет түріне кірмейді. Заттар немесе тұрмыстық қажетті бұйымдар т.б. тауарлар шығармайды, былайша айтқанда, оның өнеркәсіппен тікелей игілік арқылы байланысы жоқ. Бірақ, адамның ағзасын шынықтырып, дені сау адамдарды қоғамға дайындай, сол арқылы экономикаға пайдасын келтіреді және оқу-тәрбие жүйесінің заңдылықтарына бағынышты болады. Балалар спортында аталмыш екі мәселенің белгілері былайша түсіндіріледі: спорт - оқушылардың мемлекеттік жоспар мен бағдарламаға сәйкес, жалпы білім беретін мектептердегі оқу пәні ретінде сабақтан, сыныптан және мектептен тыс уақытта барынша ерікті түрде жүзеге асырылатын жұмыс түрі. Спорт үзіліссіз, қарқынды дайындықсыз нәтиже бермейді. Адам спортпен шұғылдануға кіріскенде, барынша толық дене күштерінің мүмкіндіктерін және рухани қабілеттерін тар және қысқа, барынша аз шектелген, алдын-ала анықталған қозғалыс әрекеті шеңберінде көрсетуге дайындалады. Спортты толығымен сипаттайтын барлық белгілер балалар спортында өз көрінісін табады. Оны баланың оқудан тыс уақыттағы әртүрлі әрекетінде арнайы дайындық және жарыстарға қатысудағы жас ерекшеліктерін есепке алып, алдын-ала қозғалыс әрекеттерін анықтайтын қабілеттерін тиімді етіп көрсету болып табылады. Спорттағы дене тәрбиесінің сипат ерекшелігі денені жан-жақты жетілдірудің педагогикалық жүйесін мамандандырып, спорттық дайындық негіздері деп аталуынан тұрады.

Спорт - дене мәдениетіне кіреді және барлық қоғам мәдениетінің игілігі болып саналады, ал спорттық дайындық дене тәрбиесінің арнайы бір бөлігі және өсіп келе жатқан ұрпақтың жан-жақты тәрбие жүйесінің мүддесіне қызмет етеді. Жастар спорты тек жас ерекшеліктеріне қарай бір-ақ жас санат-дәрежелерімен шектеледі.

Дене тәрбиесі - дене қимылының жетілдіруінің педагогикалық жүйесі болып табылады. Сонымен жоғары да атап өткендей біз әрқашанда салауатты өмір салтын ұстануымыз тиіс.

Салауатты өмір сүру дегеніміз - тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану.Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен жастар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті бала тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қараймыз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде.

Салауатты өмір салты дегеніміз – адамның тұрмыстағы күнделікті қалыптасқан дағдысы мен әдеті бойынша еңбек ету, бос уақытын дұрыс пайдалана білу, өзінің рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, саяси және қоғамдық өмірге белсене қатысуы. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Оның маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың салауатты өмірге деген ықылас жігерін қалыптастыру болып табылады. Оның маңыздылығы жыл сайын артып келеді.

Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Елбасы қазіргі жастардың болашағына зор сеніммен қарап үміт артады. Яғни, дені сау, білімді, білікті, жан-жақты қалыптасқан болашақ жастарды елестетеді. Спортпен шұғылданатын адамдардың жүрегі мен қан тамырлары күшке тез үйренеді және кейін тез қалпына келеді. Және адам ағзасының тыныс алу мүшелерінің жұмысы жақсарады. Иммунитет көтеріліп, қанның құрамы жақсарады. Тұрақты түрде жаттығатын адамдардың эритроциттері 5 млннан 6 млнға дейін көбейеді. Метаболизм жақсарады. Жаттыққан ағза қандағы қант және басқа да заттарды реттеуі жақсарады. Өмірге деген көзқарас өзгереді. Физикалық белсенді жандар өмірге құштар, күйзелістен аулақ болады. Спорт пен баланың денсаулығы қаншалықты байланысты екендігін медициналық статистика көрсетеді. Дәрігерлердің статистикасына сүйенсек, жиі ауыратын балалар мен жасөспірімдердің 70 пайызы спортпен шұғылданбайды және дене шынықтыру сабағына қатыспайтындығы анықталған еді. Физикалық белсенділіктің адамға пайдалы екендігін медициналық зерттеулер, практикалық бақылаулар мен фактілер, тіпті халық даналығы да дәлелдегенін айта аламыз. Негізінен жалпы айтар болсақ кез келген адам кез келген тұлға болсын спортпен шұғылданғанда қауіпсіздік шараларын ұмытпаған да жөн.

Әркімнің санасындағы спорт ұғымы - сан алуан. Расында да көпшілікті ұлты мен жеріне, тілі мен дініне бөлмейтін өзіне ерекше ынтызар ететін спорттың құдіреті ерекше екендігін нық басып айта аламыз. Бәріміз білетіндей, “спорт - денсаулық кепілі”. Бастысы, талғампаз тәкәппәр өнерге шексіз беріліп, адалдық таныта алсақ қана берері мол, өзінше бір сиқырлы әлем екендігін үлкен сеніммен айта аламыз!

Әдебиеттер

1. Жанпейісов К. Адамның салауатты өмір салты мен қимыл белсенділігі // Ұлт тағылымы. - №4, 2010. - Б . 21-25.
2. Ақмырзаев М.М. Салауатты өмір салтының негізгі қағидалары // Валеология. - № 5, 2007. - Б. 32-35.
3. Сыздықова Ғ.С. Дені сау ұрпақты тәрбиелеу - бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде // Білім. - №6, 2007.-Б . 70-73.
4. Қаплиева А.Қ. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Ақтөбе, 2009. - Б. 49-60.
5. Цабыбин С.А. Здоровье сберегающие технологии в образовательном процессе // Волгоград: Учитель. -2008.- 172с.

УДК 796

ПРИМЕНЕНИЕ ЛЕЧЕБНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ (ЛФК) В ВУЗАХ КАК СРЕДСТВО ПРОФИЛАКТИКИ И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ЗАБОЛЕВАНИЙ У СТУДЕНТОВ.

Туранова М. - студентка группы 1301-89
Научный руководитель: Колесникова Н.В. - магистр-преподаватель.
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада студенттердің ауруларының алдын алу және емдеу үшін жоғары оқу орындарында емдік дене шынықтыруды қолданудың мәні мен пайдасы көрсетілген. Сабақ барысында дене жаттығуларын сауатты қолдану, сондай-ақ арнайы жаттығуларды жүйелі түрде орындау.

Состояние здоровья молодёжи является одной из актуальных проблем Казахстана. Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) особое внимание уделяет программам, целиком ориентированным на охрану и укрепление здоровья подрастающего поколения. При этом понятие «укрепление здоровья» определяется как процесс, позволяющий людям расширять контроль за своим здоровьем и улучшать его». Для решения задач по сохранению здоровья молодёжи в вузы Казахстана внедрены уроки «физического воспитания», как основная направленность на укрепления и поддержания, здоровья молодёжи Казахстана. Этот предмет позволяет предупредить и исключить большинство заболеваний сердечно-сосудистой системы, опорно-двигательного аппарата и других систем организма. Рост заболеваемости студентов происходит на фоне снижения общего уровня их физического развития. Одной из важных причин такого положения является недостаточная двигательная активность студентов. Установлено, что успешность обучения в вузе имеет тесную взаимосвязь с функциональным состоянием и здоровьем, так как проблемы, связанные с ухудшением здоровья, ведут к снижению работоспособности и повышению утомляемости студентов. Занятия по физическому воспитанию в вузах осуществляются в следующих формах: учебные занятия, физические упражнения, общеразвивающие упражнения в том числе и на свежем воздухе, массовые оздоровительно-физкультурные мероприятия, проводимые в свободные от учёбы время, спортивные, национальные и подвижные игры.

В данной статье предложено теоретическое обоснование и практические рекомендации по применению ЛФК как средства профилактики и лечения при различных отклонениях в состоянии здоровья студентов.

Под ЛФК принято понимать совокупность методов лечения, профилактики и медицинской реабилитации, основанных на использовании физических упражнений, специально подобранных и методически разработанных. Мы видим в этой трактовке объединение медицины и физической культуры. В наши дни лечебная физическая культура получила широкое распространение не только, как часть медицины, но и как часть занятий физической культурой в высших учебных заведениях.

Активизация оздоровительной работы со студентами, имеющими отклонения в состоянии здоровья, несомненно, способствует гуманизации общества и, тем самым имеет большое социальное значение. Здоровье студентов является важным аспектом высшего профессионального образования. Но, к сожалению, выпускники школ имеют низкий уровень здоровья и количество таких людей только растёт. Поэтому перед высшим учебным заведением стоит задача в улучшении здоровья своих студентов. Также стоит отметить те факторы, которые оказывают на студента наибольшее влияние:

- учебная нагрузка;
- питание;
- работа с использованием компьютерных средств;
- социум.

Важным условием формирования и совершенствования механизмов адаптации, как к физическим, так и к умственным нагрузкам, является двигательная активность. Однако нынешняя система образования не позволяет в полной мере компенсировать общий дефицит двигательной активности, который накапливается за учебный день. В первую очередь это относится к студентам, имеющим хронические заболевания и низкий уровень физического развития.

Одним из путей решения данной проблемы является организация групп лечебной физкультуры, занятия в которых проводятся с учётом индивидуального здоровья и направлены на коррекцию нарушений. В высших учебных заведениях программа занятий лечебной физкультурой строится так, чтобы принести наибольшую пользу студентам. Преподаватель должен обладать знаниями, как в области физической культуры, так и в области медицины. Студенческие группы для занятий ЛФК должны формироваться по нозологии (заболеваемости). Существует следующая градация студенческих групп:

- с заболеваниями кардио, респираторной, пищеварительной, эндокринной систем;
- с травмами (заболеваниями) опорно-двигательного аппарата, периферической нервной системы;
- отклонения со стороны слуха или зрения;
- отклонения со стороны центральной нервной системы (неврозы).

Преподаватель лечебной физической культуры подбирают те или иные группы упражнений исходя из особенности каждой группы. В основе лечебного действия физических упражнений лежат строго дозированные нагрузки. Различают общую тренировку – для укрепления и оздоровления организма в целом, и тренировки специальные – направленные на устранение нарушенных функций определенных систем и органов. В процессе занятий организм адаптируется к постепенно возрастающим нагрузкам и корректирует, вызванные заболеванием нарушения.

В результате занятий необходимо стремиться к достижению следующих результатов:

- улучшение физического состояния учащегося и предупреждение прогрессирования болезни;
- повышение физической работоспособности;
- снятие утомления и повышение адаптационных возможностей;
- воспитание потребности в занятиях оздоровительной физкультурой.

Физическая активность полезна каждому человеку. Существуют люди, кому противопоказаны большие физические нагрузки и традиционные занятия физической культурой. На помощь приходит лечебная физическая культура, которая не только укрепляет организм, но и несёт в себе лечебную функцию. Именно помощь человеку лежит в основе занятий лечебной физической культурой. В настоящее время рост числа студентов, имеющих медицинскую справку по состоянию здоровья увеличивается, в связи с чем необходимо расширить средства и методы лечебно-профилактического характера для более быстрого восстановления здоровья и трудоспособности студентов именно эти задачи и решает лечебная физическая культура (ЛФК).

Литература

1. Айвазова Е.С. Физическое воспитание студентов, имеющих отклонения в состоянии здоровья. Ростов н/Д., 2016. – 122 с.
2. Епифанов В.А. Восстановительная медицина. М., 2012. – 588 с.
3. Лечебная физкультура (ЛФК). Медицинская информационная сеть [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.medicinform.net/fizio/lfk/.

ӘОЖ 796; 4

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Бактыберлиева И.М.- магистрант ОҚМПУ
Ғылыми жетекші: Шегенбаев Н.Б. –философия докторы **(**PhD)
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Здоровье учащихся - одно из актуальных направлений государственной политики и сферы образования. Способность учителя решать любые задачи, умение организовать физкультурно-оздоровительную работу в школе во время урока и во внеурочное время, выполнение задач укрепления здоровья учащихся отражаются в этом аспекте, с этой точки зрения урок физической культуры во все времена остается главным предметом в системе физического воспитания и воспитания в школе. Наряду с общими задачами физического воспитания очень важно, чтобы его воспитательная, воспитательная, инструктивная направленность способствовала самореализации учащихся в процессе занятий и в домашних условиях.

Оқушылардың денсаулығы - білім беру саласы мен мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттарының бірі. Мұғалімнің кез-келген мәселені шешу қабілеті, мектептегі дене шынықтыру мен сауықтыру жұмыстарын сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта ұйымдастыра алу шеберлігі, оқушылардың

денсаулығын нығайту міндеттерінің орындалуы осы тұстан көрініс табады, осы тұрғыдан алып қарағанда дене шынықтыру сабағы барлық уақытта мектептегі дене тәрбиесі және тәрбие жүйесіндегі басты пән болып қала береді. Дене тәрбиесінің жалпы міндеттерімен қатар оның тәрбиелік, тәлімдік, нұсқаушылық бағыты оқушылардың сабақ барысында және үй жағдайында өзіндік шынығуына ықпал етуі де өте маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларының қатарына I-IV сыныпта оқитын 7-11 жастағы оқушылар жатады.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денсаулықты нығайту, шынықтыру, жан-жақты дене дамуына көмектесу, жалпақтабандылық ауруының алдын алу, бала ағзасының жағымсыз сыртқы орта әсеріне қарсылық күшін қалыптастыру;
- Таза ауада дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу, ойнау, секіру, лақтыру, шаңғы тебу, жүгіру баланың бұлшық еттерін дамытады, жүрек-қан тамыры жүйесін, тыныс алу жүйесін, сүйек-тірек аппаратын т.б. ағза жүйелерін нығайтады, шынықтырады. Баланың мүсін, тұлға түзулігі қалыптасады. Сондықтан мектептің міндеті - балаларды дене тәрбиесімен жүйелі, белсенді шұғылдандыру;
- дене тәрбиесі жаттығулары, гигиеналық дағдылар, күн тәртібі туралы арнайы білім беру. Ол білімдер: дене тәрбиесі жаттығуларының ағзаға пайдалы әсері, гигиеналық ережелер. Тамақтану, демалу, жұмыс тәртіптері;
- оқушылардың өмірге керек қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды жаңа қозғалыстарға, қимыл-әрекеттерге үйрету. Бағдарламада берілген барлық негізгі спорт түрлерінің жаттығуларын дұрыс орындай білу;
- дене қуаты қасиеттерін дамыту. Бастауыш сыныптарда қимыл үйлесімділігі, ептілік, икемділік қасиеттерін дамытамыз;
- жігерлікке, батылдыққа, қажырлылыққа, тәртіптілікке, еңбексүйгіштікке, көпшілдікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Дене тәрбиесі жаттығулары, әр түрлі қозғалмалы ойындар осы қасиеттерді дамытады;
- қозғалыс кездерінде және қозғалмайтын статистикалық жаттығулар кезінде мүсінтүзулігін, тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін отырғанда, тұрғанда, жүргенде, жаттығулар жасағанда тұлға түзулігін әрқашанда ескеріп, арнайы тұлға түзулейтін жаттығулар беріп отыруымыз керек;
- оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап Президенттік сынама сынақтары жаттығуларын меңгеруге, орындауға дайындай бастауымыз керек;
- оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятып, оларды тұрақты, жүйелі спортпен шұғылдануға әрекеттендіруіміз керек.

Мектептің міндеті - оқушыларды дене тәрбиесі жаттығуларымен мектепте ғана емес, үйде де тұрақты айналысуға әдеттендіру. Ол әдет оқушылардың күнделікті күн тәртіптерінде әбден қалыптасуы қажет. Осы кезден бастап дене

тәрбиесі жаттығуларын орындау олардың өмір бойғы әдеттеріне айналуы керек. Ол үшін дене тәрбиесі сабақтары қызықты, әсерлі көңілді өтуі керек. Оқушыларды ұйымдастыру, басқара білу дағдыларына дағдыландыру. Оқушылардың ішінен дене тәрбиесі белсенділерін дайындау.

Бастауыш сынып жасы кездерінде балалардың бойлары, дене мүшелері тез өседі. Әсіресе аяқтары тез өседі. Бала жылына екі килограмм салмақ қосады .Осы жаста сүйек тез қатая бастайды, бірақ сүйек тканьдарында әлі де органикалық заттар көп те, минералды тұздар аз. Сондықтан да сүйек икемді, созылмалы әлі толық қатаймай, шеміршекті түрде болады. Осы ерекшеліктерін ескеріп, бастауыш сынып оқушыларына қозғалмайтын статистикалық жаттығулар жүктемесін аз береміз. Үлкен биіктіктен секіру, қатты жерге секіру жаттығуларын бермеуге тырысуымыз керек.

Омыртқаның байланыстары мен бұлшық еттері әлсіз, омыртқа арасындағы шеміршек қалың болып келеді. 7 жаста барлық омыртқа айқын білініп тұрады. Қыздарда 7-11, ер балаларда 7-13 жас арасында омыртқаның денесі мен эпифиздерінің арасында жұқа болса да шеміршекті қабаты сақталады. Омыртқааралық шеміршектер қалың болғандықтан омыртқалар әлі де өседі, олар 14-15 жаста бекіп, қатаяды. Омыртқа өте икемді, бірақ оқыс жағдайларда қисайып кетуі мүмкін. Сондықтан да осы жас кездерінде әр түрлі омыртқа қисаюлары: скалиоз, лордоз, кифоз байқалады. Омыртқа эпифиздерінің сүйектенуі18-20 жаста аяқталады.

Балалардың бұлшық ет тканьдарында су көп те, белоктық заттар аз болып келеді. 7-8 жастағы балалардың бұлшық ет тканьдары олардың жалпы салмағының 27% алады. Салыстырмалы түрде қарасақ 18 жастағыларда 40% болады. Бұлшық еттер әлсіз болады, әсіресе арқа және іш бұлшық еттері ұсақ бұлшық еттерге қарағанда жақсы дамыған. Бұл кезеңде бала бұлшық еттерінің жұмыс қабілеттілігі төмен болады, Осы бұлшық ет жүйесі ерекшеліктеріне байланысты ұзақ статикалық-қозғалыссыз жаттығулар, біржақты жүктемелер, қайта-қайта бір түрлі, қозғалыстар беруге болмайды. Жүктемелерді әр бұлшық еттер тобына ауыстырып беріп денені үйлесімді дамыту қажет. Жаттығуларды үлкен амплитудамен, кіші бұлшық ет тобына көбірек беру керек.

Бастауыш сынып оқушыларының жүректері үлкен, қан тамырларының іші кең, қабырғалары созылмалы болып келеді. Жүрек соғу жиілігі жиі, минутына 50-90 рет соғу төңірегінде болады. Жүректің бұлшық еттері әлсіз, созылмалы. Жүректің жиырылуы кезінде шамамен 25-33 мл қан жүректің сол жақ қарыншасынан қолқа тамырына айдалады. Мұны қанның систолалық көлемі дейді. Жүрек-қан тамыр жүйесінің осы ерекшеліктеріне байланысты ұзақ қатаю, күшене ұзақ көтеру, ұзақ тарту, ауыр нәрсе көтеру, қарсылықты жеңу жаттығуларын аз беруге тырысу қажет. Олар орындай алмайтын, бұлшық еттерін қатайтатын көп күш керек ететін, жүрек соғу жиілігі көп жиілеп кететін жаттығуларды байқап беру қажет.

Баланың жүрегінің соғу жиілігі мен қанның систолалық көлемі

Жасы	Жүрегінің соғу жиілігі, рет/минут	Қанның систолалық көлемі, мл
Жаңа туған	120-168	2,5
1-2 ай	132-171	_
6 ай	120-150	_
1 жас	103-150	10,0
2 жас	96-135	10,2
5-6 жас	83- 11 9	20,6
Ер балалар		
8жас	50-93	25,0
10-12 жас	53-86	33,4
15-16	50-77	41,4
Ересек	55-75	60 ж/е одан көп
Қыз балалар		
8 жас	67-99	27,0
10-12 жас	60-89	31,6
15-16	55-85	38,5
Ересек	60-75	55-65

Балалардың зат алмасу үрдісі үлкендерге қарағанда тез жүреді. Балалардың кеуде клеткалары домалақ түрде, қабырғалары аз иілгендіктен терең дем алуға кері әсер етеді. Дем алу жиілігі тез, терең емес, минутына 22 рет дем алу жиілігі төңірегінде. Дем алу жолдары үлкендерге қарағанда қысқа. Тыныс алудың минуттық көлемі 7 жастағы балаларда 3500 мл/минут болады, ол 11 жасқа келгенде көбейіп 4400 мл/минутқа дейін жетеді. Өкпенің тіршілік көлемі 7 жаста 1200 мл-ден, 10 жаста 2000 мл-ге дейін көтеріледі.

Бастауыш сынып оқушыларын терең, бірқалыпты мұрынмен дем алуға үйретуіміз қажет. Жаттығулар орындау тыныс алумен бірдей орындалуы тиіс.

Әдебиеттер

1. М.И.Адамбеков., М.Ш.Тұяқбаева, Е.Қ. Уанбаев, Алматы, 2012
2. Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізу әдістемесі (Әдістемелік ұсыныстар ,2012 ж.)
3. Асылов Ұ. Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесін жетілдірудің кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі, №2, 2007
4. Уанбаев Е.К. Дене тәрбиесінің негіздері. – А., 2000ж.

ӘОЖ 7.035

ДИНА НҰРПЕИСОВАНЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІ

Әжібек Т. - 106-18 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Арыстанова Ш.С. - магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматривается искусство кюя Дины Нурпеисовой.

Дина Кенжеқызы Нұрпейісова (1861, Бекетай құмы, Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы - 31 қаңтар 1955, Алматы) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі.

Төре руынан шыққан. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Мәскеуде өткен Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады [1].

Дина ата-ана шаңырағында бұлаңдап өскен жас кезінің өзінде ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қыз» деп атаған. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазы арнайы іздеп келген. Ол Динаның домбыра тартысына сүйсініп, болашағынан үлкен үміт күтіп, батасын берген. Осыдан кейін Динадан көз жазбай, үнемі айналып соғып, додалы күй айтыстарына ертіп барып, домбыра тартудың терең сырларын үйретеді. Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Құрманғазыдай дәулескер күйшінің ұстаз болуы Динаның ғана бақытты болып қойған жоқ, исі қазақтың күй өнерінің бақыты болды.

Немересі Балжан Нұрпейісованың айтуынша, Дина апамыз 18-19 жастың шамасында Мақат баласы Нұрпейіске тұрмысқа шыққан. Сол жылдары құжат аларда оның фамилиясы Нұрпейісова болып тіркеліп кеткен екен. Нұрпейіс Мақатұлы ерте қайтыс болып, олардан Жамал, Қайрат, Жұрынбай есімді ұрпақ қалған. 1885 жылы жастай жесір қалған Дина апамызды қайын інісі Нұралыға атастырады

Динаның әсем сазды аяулы күйлері осынау жар қызығын көріп, бала бақытына мейірленген жылдарда туған. Ұзатыларда әкесінің еншің деп мінгізген қарақасқа атына арнап шығарған «Қарақасқа» ат» күйі, өзі пір тұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп шығарған «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» сияқты күйлері, ақылды да айбарлы, сұлу да сырбаз абысынан арналған «Кербез» күйі, үлкен ұлы Жұрымбай 1916 жылғы «Июнь жарлығы» бойынша әскерге шақырылғанда тартқан «Он алтыншы жыл» («Набор») күйі, қадірлес замандастарына сүйсінуден туған «Қосалқа» күйі, балдай тәтті, бауыр етіндей жақын баласы Қоңырға арнаған «Әсем қоңыр» күйі, міне, бұлар Динаның өзіндік қолтаңбасын айқын танытатын біртуар күйлер. Бұл күйлері арқылы Дина қазақ күйлерінің өрісін ұзартып, өресін биіктетумен бірге, өзі де ұлы күйшілермен терезесін теңестірді [2].

Дина Кеңес заманында да өзінің арман аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап өтті. Жасының ұлғайғанына қарамастан Қазақстанның 20 жылдығына орай «Тойбастар», Отан соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлер шығарды. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы туыдрған жағымсыз саясат пен желбуаз идеология Динаның бұла дарынын қақпайлап бақты. Оны төлтума арқасынан (шабытынан) айырып, әсіре ұраншылдықтың қолжаулығы етпек болды. Ол шығарған күйлерге «Еңбек ері»,

«Сауыншы», «Сталин», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды.

Дина Кенжеқызы 1955 жылдың 31 қаңтарында 94 жасында Алматы қаласында қайтыс болды. Балжан Нұрпейісова әжесінің соңғы күндері туралы былай дейді: «Ол кісі өле-өлгенше сөзінен жаңылысқан емес. Киелі қара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран шешем» күйін шертті. Әлсіз саусақтары икемге келмей жатса да, күйді көкірегінде жаңғыртып жатып дүниеден озды» [3].

Бүгінгі өнерпаз өскелең ұрпақ Дина Нұрпейсова шығармашылығын халық арасында дәріптеуде.Жоғарғы оқу орнының студенттері Дина Нұрписованың шығармашылығын зерттеп өнердегі әдіс тәсілдерін қолданып өздерін дамытуда,тіпті шет елдегі қаза диаспораларын да Дина Нұрпейсованың күйлерін тыңдап өздерінің өскелең ұрпақтарына танытуда. Яғни Дина Нұрпейсованың шығармашылығы өмірі өзінің ерекшеліктерімен құндылықтарымен өміршең. Дина шыгармашылығы тыңдалады, дәріптеледі, қазақ өнерімен бірге мәңгі өмір сүреді.

Әдебиеттер:

1.Шамғонов, А.Дина Нұрпейісованың тегі туралы не білеміз qazaquni.kz 5 мамыр 2015 ж.
2.Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009
3.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005

ӘОЖ 7.035

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӘН МӘДЕНИЕТІ

Жиенбаева А. - 106-18 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Арыстанова Ш.С. - магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме
В данной статье говорится о песенной культуре Абая Кунанбаева.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) - сөз, ән, ой және рух алыптарының бірі, оның туындылары қазақ халқының рухани байлығы мен мақтанышы ретінде қабылданып, бүкіл адамзаттың мәдени құндылықтарының қазынасында мәңгілікке ие болды.

Абай қазақ даласындағы әрқашан дүниені түсінетін жалғыз амал ретінде музыканы түсініп, ән дүниесімен тығыз байланысты болған. Әнге деген сүйіспеншілігі Абайда жас кезінен оянған. Әжесі Зере мен шешесі Ұлжанның жылы жүрек атмосферасында өсіп, олардан әнге, ертегіге, аңыздар мен дастандарға құмарлықпен қарауды үйренген.

Абайдың поэтикалық дарындылығы халықтың мәтінді-музыкалық көркемдік шығармашылығы, қазақтың көне, ғасырлар бойы қалыптасқан

фольклоры, шығыстың араб, парсы, түрік тілдеріндегі бай әдебиеті мен игілікті әсер еткен классикалық орыс әдебиеті негіздерінде дамып, өскен.

Абай өз кезіндегі көптеген басқа ағартушылар сияқты өз сөзін эмоционалды, түсінікті етіп халыққа жеткізуге тырысқан, сондықтан әуен мен музыкалық форманы қолданған. Оның дәуірінде қазақтың ұлы өнерпаздары орындаушылық шеберлігі өркендеу шыңына жеткен. Сол кезде аспапты музыканың көрнекті өкілдері өмір сүрген. Оның ішінде - Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1898), Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1862), Ықылас Дүкенұлы (1843-1916), Байсерке Құлышұлы (1832-1885), Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1887), Дина Нұрпейісқызы (1861-1955), белгілі әнші-композиторлар Біржан Қожағұлұлы (1832-1916), Мұхит Мералиұлы (1841-1918), Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913), Әсет Найманбайұлы (1856-1923) және т.б. Олардың шығармашылығында уақыттың рухани ерекшелігі мен қоғамның эстетикалық қажеттіліктері көрініс тапқан.

Абайдың музыкалық талғамдары XIX ғасырдың екінші жартысында атақты ақындар Біржан-сал, Сабырбай, Жаяу Мұса және т.б. орындаған халық музыкасының бейімімен қалыптасқан. Абайдың басшылығымен музыкаға қызығушылықтан туған бірегей мектепте қазақ музыкасының ұлттық дәстүрлері татар, орыс және кәсіби музыкамен қатар дамыған. Жаңашыл бағыттар орындаушылыққа да әсер тигізген. Жеке орындаумен қатар, дуэт және хор ұжымы ұйымдастырылды. Сүйемелдеу ретінде домбыра, қобыз, скрипка, балалайка, гармоника аспаптары қолданылатын. Орындаушы мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынаста эстетикалық рақаттану және поэтикалық мәтінді түсініп, тыңдау басымды болды [1].

Композиция жағынан Абайдың музыкасы көп жанрлы деуге болады. Онда драма, сатира, трагедия, әдет-ғұрыптық, жаратылыс суретін бейнелейтін т.б. сан түрлі музыка бар.

Абай Құнанбайұлының шығармалары: «Айттым салем, қаламқас», «Домбыраға қол соқпа», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалқып», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Не іздейсің көнлім», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Бойы бұлған», «Сен мені не етесің?», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?», т.б. және «Торыжорға» және «Май түні», «Майда қоңыр» атты күйлері бар.

Терең философиялық толғаныс, қайғылы-драмалық, жалғыздық тақырыптары «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген сыртым сау», «Сен мені не етесің?», «Қарашада өмір тұр», «Қор болды жаным», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерінде көрініс тапқан.

Абайдың ән мұрасының әр алуан тобын ғашықтық-лирикалық әндер құрайды. Олар халықтың сүйіспеншілігіне толы, барлық жерде орындалады. Олардың арасында нәзік, шын жүректен шыққан, сүйсінерлік сипаттағы әндер - «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» және т.б.

Қазіргі ұрпаққа Абайдың санаулы ғана күйі жетіп отыр. Оның «Торыжорға» және «Май түні» атты күйлерін 1984 жылы теледидардан Ғайса Сармурзин орындаған. Бұл хабарды ұйымдастырып және оларды алғаш рет нотаға түсірген күйші, зерттеуші Уәли Бекенов болды. Оның алдында 1977 жылы экспедициялық іс сапармен Шығыс Қазақстанға барған ғалым Қайролла Жүзбасов Қатонқарағайда тұратын Хамза Демшіновтен «Абай желдірмесін» жазып алған екен. Ал, Абайдың соңғы табылған күйі «Майда қоңыр». Бұл туынды шұбартаулық домбырашы Жүнісбай Стамбаев деген ақсақалдың орындауында Құрманғазы атындағы консерваторияның фольклорлық зертханасында сақталған [2].

Абай мелодикасының әуенділігі, интонацияның музыкалық кеңдігі, иілімдері, әсемдігі, мелодиялық нақышының дамуының қисыны, интонациялық ладтардың нақты, үнемді таңдалуы сияқты негізгі қасиеттер негізінде қазақтың халық музыкасының образды-стильдік арсеналымен байланысты. Сонда да оларда таза Абайға тән, жеке индивидуалды қасиеттер оның музыкалық шығармашылығының жоғары кәсіби деңгейін танытады. Абай әуенінің ерекшелігінің бірі - негізінде жеке айтылатындығы, орындаушы мәтінге ерекше көңіл бөліп, тыңдаушыға әрбір сөздің жеткізуін талап ету керек [3].

Абайдың әндерін мазмұнына байланысты келесі жанрларға бөлуге болады:

а) Ғашықтық-лирикалық («Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Сүйсіне алмадым», «Сен мені не етесің», «Желсіз түнде жарық ай», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да»);

ә) Философиялық немесе монолог-әндер, толғаныстар: («Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Есіңде бар ма жас күнің», «Өлсем орным қара жер», т.б.);

б) Өнер туралы әндер («Өзгеге көңілім тоярсың», «Сегізаяқ», «Көңіл құсы құйқылжыр»);

в) Әдет-ғұрыптық («Мағыштың жоқтауы»);

г) Сықақ элементтері бар өсиет-әндер («Бойы бұлғаң», «Ата-анаға көз қуаныш»);

ғ) Аударма-әндер («Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты», «Татьянаның сөзі», «Онегиннің сөзі», т.б.).

Абайдың әндерінің зерттелуіне тоқталып өтсек, ұлы ақынның ән мұрасы кеңес кезеңінде жинала басталды. Бұған негіз салған XX ғасырдың басында А.Бимбоэс пен А.В.Затаевич болды. Кейін бұл істі қолға алып, жалғастырған А.Жұбанов, Л.Хамиди, Б.Ерзакович, Е.Брусиловский және т.б. Бүгінде жинақталған Абай әндерінің музыкатану саласында тарихи-теориялық, музыкалық-эстетикалық аспектілері тұрғысынан игерілгені аңғарылады. Олардың арасында қазақ музыка зерттеушілерінің арнайы жазылған еңбектері де бар. Атап айтатын болсақ, академик А.Жұбановтың, аға буын музыкатанушылар Г.Шомбалова, Б.Ғизатов, Ғ.Бисенова, М.Ахметова, Б.Ерзакович, В.Дернованың және т.б. зерттемелері бүгінгі күнге дейін үлкен сұраныспен оқылады [4].

Абайдың ән қазынасы өзінің жоғары көркемдік-эстетикалық қасиеттерімен біздің рухани өміріміздің ажырамас бөлігі болып қабылданады. Оның әндері көпшілік жұрттың көңілінен шығып, сақталынып, жаңа ұрпаққа жеткізілген.

Абайдың көркемдік дәстүрлерінің сабақтастығы әрі қарай өз дамуын Қазақстанның қазіргі кездегі өнерінде табуда. Абайдың классикалық туындыларын кәсіби өнердің барлық жанрларында ұйғарып, оларды қазіргі кездегі еуропа техникасының заңдылықтарына сәйкес байытып, оған дейін белгісіз формалар мен жанрларда өзгертіп, олардың эмоциялық және эстетикалық ықпалын күшейте түсті.

Абай Құнанбайұлының ән мұрасы - қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуында жаңа қадам. Мәнерлі музыкалық тілі, оның поэтикалық мәтінмен біртұтастығы, дәл бейнелеуі мен ұлттық өзгешелігі, форма мен стильдің жаңашылдығы - Абайдың ән дәстүрінің көркемдік және эстетикалық құндылығын белгілейді. Ұлы суреткер қазіргі кездегі Қазақстанның ұлттық мәдениетінің әрі қарай дамуының іргелі іргетасын қалады.

Әдебиеттер:

1.Ерзакович Б. Айттым сәлем, Қаламқас. - Алма-Ата: «Өнер», 1986.
2.Айнұр Қазтуғанова М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері «Түркістан» газеті 2003ж.
3.Елеманова С. Казахское традиционное песенное искусство. -Алматы: «Дайк-Пресс», 2000.
4.Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
5.www.nklibrary.kz

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ РӨЛІ

Орынбай А.Б. – К 106-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші:Ахметова Ж.О. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены роль урока музыки в эстетическом воспитании учащихся

Жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқушыларды халқымыздың рухани байлығымен, мәдениетімен , салт-дәстүрімен терең таныстырып, бүгінгі қоғам сұранысына сай тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Эстетикалық тәрбие де жалпы тәрбиелеу процесінің құрылымына сәйкес өзара тығыз байланысты элементтерден тұрады мақсаты, мазмұны, әдістері,құралдары және нәтижесі.Тәрбие көп жақты процесс болғандықтан ,оған табиғи орта , өмір дүниесі, отбасы, мектеп, өнер және ақпараттық жүйе сияқты түрлі жағдайлар әсер етеді. «Эстетикалық

тәрбие» ұғымы- эстетикалық тәрбие теориясындағы ең жалпы ұғым. Ол өзіне тәуелді бірқатар ұғымдардың бірі –эмоциялық тәрбие.

Әр ұлттың интонациялық, ырғақтық ерекшеліктері, дыбыстық тәжірибесі және басқа да көптеген факторларға байланысты ұлттық музыка өзіндік айырмашылыққа ие. Бұны халық музыкасын тыңдаған кезде анық байқаймыз. Осы күнгідей музыканың ұлттық ерекшеліктерін білдіретін қырлары жойылып, барлығы ұқсас болып бара жатқан кезде әр ұлттың мәдени, рухани-сезімдік өзгешелігін байқататын және сол негізде адамның жан-дүниесін тәрбиелейтін арнайы жұмыстар қажет-ақ. Бұны композитор, ғұлама, ғалым, әнші, жыршылар шығармашылығы негізінде музыкалық-эстетикалық тәрбие арқылы жүзеге асыруға болады.[1]

Ән өнерінің өзі болмысынан эстетикалық жүк кетеретіні белгілі. Себебі ол алдымен «құлақтан кіріп бойды алып» адамның сезім әлеміне арналады.Сондай-ақ музыкалық дамудың барлық кезеңдеріндеде хормен өлең айтуға, сондай-ақ музыкалық іс-әрекеттердің барлық түріндегі білімдерді жинақтауға баса көңіл аудару қажет. «Музыка» пәнінде музыкалық ұлттық мәдениеттің дамуына едәуір мән беріледі. Оқушыларды музыкалық өнерге үйретуге сүйіспеншілікті үйретуге олардың арнаулы іскерліктері мен дағдыларын дамытуға(естуін,ән салуын, музыканы қабылдауын,орындаушылық шеберлігін ұштау және т. б дамыту) бағытталған музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі міндеттерін музыкалық педагогиканың дамуының қазіргі кезеңдегі басты назар оқушылар тұлғасын қалыптастыру проблемасына аударылады. Музыка оның жоғарғы дамуына жетудің құралы ретінде қарастырылады.[2]

Оқушыларда қабылдауды дамыту- музыка мұғалімнің маңызды міндеті.Өйткені оның негізінді іс-әректтің басқа түрлері жүзеге асады. Музыкалық тәрбиелеу практикасындағы оның әдістемесі мынадай: мұғалім әуен немесе шығарма туралы айтады, қабылдау үшін қажетті жағдай жасайды, содан кейін шығарма тыңдалады, ал одан соң мұғалім оқушылардың тыңдағандары туралы әңгімелесу өткізеді, қайталап тыңдайды. Осындай жұмыстың барысында мұғалім композитор туралы, ол өмір сүрген кезең туралы, шығарманың жасалу тарихы туралы, ,оның замандастары қалай қабылдағаны туралы.

Оқушылардың назарын музыкалық шығармадағы мелодияның және гормонияның, ритмдер мен тембрлердің ойынының әсемдігіне аудара отырып , мұғалім оқушылардың музыкадан алатын эстетикалық ләзаттану дәрежесін тереңдетеді. Эстетикалық әсемдікке сезім арқылы жетуге болады дегенге сендіреді. Бүгінгі таңда оқушыларға эстетикалық тәрбие беру , халықтың мәдени мұрасы , соның ішінде халытық музыканы шығармалар арқылы дамыту жаңа қоғамның сұранысынан туындап отыр. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге терең талдау жасай отырып , «эстетикалық іс-әрекет», «эстетикалық тәрбие» ұғымына берілген түсініктерді жүйеге келтіру

үшін эстетикалық тәрбие түсінігі мазмұнын жан-жақты анықтап , оны әрі дамыта түстім. Зерттеу барысында эстетикалық тәрбие берудегі қазақ халқының ағартушылары, ойшылдары еңбегіне тарихи-танымдық талдау жасалып ,еңбектердің мәселені шешудегі ролі анықталып, ұсыныстар берудің маңыздылығы нақтылана түсті. [3]

Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздық бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытуда рөлі ерекше. Эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ұлттық өнердің орны ерекше:
• Лирикалық, тұрмыстық, әдет-ғұрыптың, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер.
• Музыкалық аспаптар: домбыра, шертер, асатаяқ, шаңқобыз, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, т.б.
• Қолданбалы қолөнер бұйымдары: ағаш, тері, металл өңдеу өнері.
• Ауыз әдебиеті.

Әстетикалық тәрбиенің міндеттерінің бірі – әстетикалық сезімді және әстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әр тұрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады. Әдемілікті сезіну ұшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әрбір адамда білім болуы қажет. Білім адамды әдеміліктің обыективтік критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, тұсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, әстетикалық қабылдау, ықыластылық, қамқорлық баланың әстетикалық дамуының негізі болады.[4]

Қорыта келгенде , музыка арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесін педагогикалық тұрғыдан талдай отырып ,мынадай тұжырым жасауға болады:жеке тұлғаның дамуы жеке бір уақытпен шектелмейді, даму адам өмірінің барлық кезеңдерінде жүзеге асады, бірақ музыканы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің маңызды іргетасы ретінде қарастыру керек. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру проблемасының тарихи-әлеуметтік түп тамыры болғанымен, заман ағымы,уақыт талабы бұл мәселені шешудің жаңа сатысы талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқыту. Алматы., 2002ж. [1]
2. Ғизатов Б.Ғ. Мектептегі ән музыка сабағы. Алматы.,1968ж. [2]
3. Сағынтаев П. Шәндібаева А. Бастауыш сыныптарда оқушыларға музыкалық эстетикалық тәрбие беру әдістері. Алматы., Рауан баспасы 1996ж.[3]
4. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған., 2001ж.[4]

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

МЕКТЕПТЕРДЕ МУЗЫКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Ескендір Ә.Қ. – 1403-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші:Ахметова Ж.О. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены воспитание подрастающего поколения через предметы музыки в школах

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие беру саласында көп өзгерістер жаңалықтар болып жатыр. Бүгінгі күнде негізгі мақсат жан-жақты дамыған білімді тұлғаны тәрбиелеу. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді.

Оқытушылардың музыкалық тәрбиесінің тәжірибелік нәтижелілігі жоғары көтерілуінің қажеттілігінің алғы-шарттары олардың білімі мен музыкалық дамуы болып саналады. Жастардың жеке музыкалық дамуын бақылау, олардың өнер жолында ең жақсы дәрежеде өсуін қамтамасыз етуде мүмкіндік туғызады. Бұл мәселелерді көптеген ғалымдарымыз зерттеді. Қазақстандағы музыкалық сын саласында әр кезеңдерде белгілі музыка танушылары – Б.Ерзакович, М.Ахметова, А.Темірбеков, Л.И.Гончаров, З.Қоспақов, Б.Қарақұлов және А.С. Райымбергеновтар. Музыканы қабылдау, әрине күрделі процесс, осыған орай Д. Кабалевский былай деп жазды: «Музыкаға деген қызығушылық музыкаға әуестену және оны ұнату, оның ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ол өзінің тәрбиелік және танымдық ролін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім мен тәрбие беремін деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды». Әрбір оқушының сана- сезімі, мінез-құлқы, мәдениеті, өмірге көзқарасы, музыкалық қабілеті бірдей болып келе бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі- тәрбиесіне, шыққан ортасына да байланысты. Демек, оқытушы өзінің тәрбие жұмысында әрбір оқушыға өз алдына жеке-жеке педагогикалық тәсілдер қолданады. Болашақ маманның ең негізгі міндеті – таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдысын ұдайы меңгеру болса, кәсіби тұрғыдан қалыптасуына педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінің зор көмегі болады. Адамның тұлға болып қалыптасуы жолында халық музыкасының әсері ұлан-ғайыр. Музыка өнері тек эстетикалық құрал ғана емес, оның өзге сипаттары да бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Сондықтанда жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек сияқты. Байқасақ, әрбір жүргізілген музыка сабағының тәрбиелік мәні өте зор. Мектепке мұғалімдерді кәсіптік мамандыққа сәйкес даярлауда негізгі нысана музыка болуы керек. Бастауыш сынып оқушыларының әсемдікті көре, түсіне, жасай білуі мен рухани өмірін

байыту, туған еліне, жеріне, табиғатына деген сүйіспеншілігін және ұлтымыздың бай қазынасы - қазақ фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу – бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқушының әсемдікпен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез-құлық дағдылары айқындалады. «Жаратылыстың, һәм өнердің сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, сұлу суреттен, біреудің поэмадан. Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», - деп А. Жұбанов айтқандай, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің шеберлігі мен тәрбие құралдары қазақ фольклор жанрларын тиімді қолдана алуына, әдіс-тәсілдеріне байланысты. [1]

Сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда музыка мұғалімінің негізгі міндеті толықтырылған кеңейтілген бағдарлама негізінде оқу-тәрбие үрдісін және ұстаздың педагогикалық шеберлігін дамыту. Жас өспірімнің бойында талғампаздық эмоциялық сезімпаздық қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде музыка әлемін түсінуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдермен көңілді ажыратуда оқушының музыкалық шығармашылығын дамытады. Жас өспірім – тыңдаушы, орындаушы музыкаға деген өзінің ой-пікірін көрсететін, түсінетін оқушы. Сондықтан музыкалық шығармашылық қабілеттің басты саласының бірі ол музыка арқылы тәрбие. Эстетика мен музыкалық шығармашылық қабілеттің ортақ мәселесі адамның табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту. Мұғалімнің міндеті оқушының жай ғана музыкалық икемін дамытып, оған музыка білім ғана беру емес, оған музыкаға күнделікті байланыс керектігін таныту арқылы оның шығармашылық белсенділігін арттыру. Музыкалық тәрбие әдебиет бейнелеу өнері, тіл, тарих тағы басқа пәндермен байланысты. Сонда ғана біз оқушының мәдениетті жан дүниесі бай ой-парасаты кемелденген білімді оқушы етіп тәрбиелей аламыз. Музыка тіл айтып жеткізе алмайтын адамның киелі нәзік сезімі. Музыка бұл сезім тілі, адам жанын баурап алатын, моральдық сезімдік эстетикалық бірлігі болып табылады. Мектептегі музыка пәні оқушыларға басты тәрбие құралы болып есептеледі. Олардың рухани өмірі мен тәжірибенің музыка әлемін түсініп қабылдауы. Оқушының талғампаздығы, эмоциялық сезімталдығы, білімділігі, мәдениеттілігі, жас өспірімге ақыл-ой, сана-сезімдігі жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына әсерін тигізеді. Музыканың қажеттілігі – ол музыка өнерінің негізімен оның өмірі мен байланысы жайлы түсінігін жетілдіру, баянды меңгеруіне көмектесу. Музыкалық тәжірибелік іскерліктерін дағдыларын қалыптастыру болып

табылады. Оқушының бойында рухани мәдениеттің маңызы мен ажырамас келбетін байытатын музыканың әсері мол. Олардың бойында түсінігі, сезімдік қабілеттілігінің тұрақтылығы музыка тілінің ерекшелігін меңгеру.[2]

Қандай мамандық болсын өзіне тән ерекшеліктері бар. Музыка пәні мұғалімінің де жеке тұлға ерекшеліктері бар. Негізгі міндет: оқу, тәрбие жұмысын атқарып, оқушылардың көзқарастарын сендіруі қажеттілігін, мұратын қалыптастырады. Ол жай ғана білікті адам емес, өз пәнін жақсы меңгеріп және жоғары тұлғалы дәрежелі мұғалім болу керек. Музыка мұғалімі өз сабағында шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын-ала бағдарлай біліп, қажетті әдіс-тәсілдерді таба білу, оқушының белсенділігін арттыру үшін өз сабағында баланың музыкалық музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселесін сезіне білуге дағдылануы тиіс. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керек білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» - деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ. [3]

Қорыта келе, музыкалық өнер – балаларды тәрбиелеу құралы. Музыка сезімді, көңіл-күйді оятады, ал көңіл-күй психологиялық күйді тұрақтатады. Музыка жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тыңдатудың үлкен маңызы бар. Ал балалардың қаншалықты музыканы қабылдай алу дәрежесі мұғалімнің шеберлігіне және сабақта әдістемелерді дұрыс қолдана білуіне байланысты. Оқушылар музыканы қоршаған ортаны, өмір мен адамның сезімін бейнелейтін құралы ретінде түсінеді.

Әдебиеттер:

1.Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы. Бастауыш мектеп». 2000 ж. [1]
2.Музыкалық-эстетикалық тәрбие туралы. //Қазақстан мұғалімі. 1989 ж. [2]
3.Ұзақбаева С.А. Оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру. Алматы, 1998. [3]

ӘОЖ 378.8 (574)

ӘНШІЛІК ТЫНЫСТЫ ШЫҢДАУ

Садыкова ЖАНИЛА - 1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі:БайбатыроваУ.А. – Қ.Р. Мәдениет саласының үздігі,магистр-аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

В этой статье главное требование к дыханию певца - научить его задерживать дыхание при фонации.

Бұл мақалада Әнші тынысының негізгі талабы фонация кезінде тынысты үнемді ұстауға үйрету.

Вокалды – хорлық техникалық негізі болып, әншінің дұрыс тыныс алу дағдысы болып табылады. Дыбыс сапасы осыған байланысты.

Әншілік тыныстың физиологиялық тыныстан айырмашылығы:

- Тыныс алу кезінде фонация пайда болады, біршама ұзаққа созылады, ал тыныс шығару қысқарады.

-Тыныс алу кезеңі автоматты түрден, ойламаған жерден, басқарушылыққа өтеді.

- Тыныс шығару бұлшықетінің одан сайын күшіне енуі Әншінің тыныс алуының түрлері.

Вокалдық практикада аралас тыныс алудың да ролі өте зор: диафрагма төмен түседі, жан – жаққа барлық айналымда созылады, қорытындысында әнші кеудесі бел аймағында өзінің көлемін ұлғайтады; бел бұлшықеттерінің сезінуі арқылы ауа өкпенің төменгі жағын талдырады. Жан бұлшықеттері екі жаққа иіріліп қозғалады, ал іш алдыға қарай үрленіп қозғалады; Диафрагма болса одан сайын мығымдана түседі. Әншінің фонациялық тыныс шығару кезінде ән айтқанда тыныс алу қалпын сақтап қалуға тырысса, дыбыс апорасын сезіне білуге деген икемділігіде жоғары болады. Әншілік хордың негізгі талабы ән айтқанда тыныс алған соң шаласы ұстаным болуы керек. Бұл ата кезінде дыбыстың интонациялық тұрғыда жақсы естілуіне, орындалуына әкеледі. Шығарма жылдамдығы тез болған сайын, тыныс алудағы ұстаным қысқаланады.

Хормеистрдің ән айту қойылымы.

-Ән аитқанда отыруға, бей – жай тұруға болмайды, әр қашанда ішкі және сыртқы тартылымды сақтау міндетті.

Керек;

-Басты тура ұстау, еркін, төмен түсірмеу, қисайтпау.(өйтпегенде көмей төмен немесе жоғары вертикалды орналасадыда, дыбыс сапасына зиян келтіреді).

- Дене ауырлығын тура бөле отырып, екі аяқта нық тұру.

-Аяққа сүйене отырып орындықтың шетіне отыру

-Корпусты ешқандай қысылыссыз тура ұстау керек.(арқаның қисық тұруынан диафрагма еркін қозғала алмайды, нәтижесінде тыныстың қарқындылығы джойылып , дыбыс апорадан алынып, тембрдың ашықтығы жэоғалып, интонация тұрақсызданады).

-Қол (егер нота ұстамаса) тізеде еркін жату керек.

Әнші тынысының техникасы орындалып жатқан шығарма мінезіне сай болу керек. Тыныс алуда әрбір музыкалық фразаның және әуеннің мінезімен үйлесуі тиіс. Дыбысты алудың алдындағы тыныс ұытанымыда шығарманың мінезіне қарай болады. Шығарманың темпі неғұрлым жылдам болған сайын алатын тыныста , тыныс ұстанымыда сондай жылдамдықта болуы керек.

Әншінің тыныс алуымен вокалдық хор техникасының элементтерінің өзара байланысы.

Әншілік тыныс вокалдық хор техникасының әр түрлі элементтерімен тығыз байланысты; дыбыс атакасы, дикция, динамика, дауыс регитры, интонация т,б.

Тағыда;
-Тыныс жинау дауыстық апараттағы артық бұлшық еттік қосылыстар және тағы артикуляциялық органның қосылуы, дикцияның жинақталмауы, детонация, дауыс дыбыстануының еркін болмауы.
-Дыбысты алу кезіндегі бір мезгілдік тыныс ұстанымының болмауынан, дыбыс интонацялық тұрғада да дұрыс болмай «подъездбен» алынады . Ереже бойынша белгілі жоғарлықты төменен алуы тиіс.
- Алынған ауа көлемі дыбыс динамикасына пропорциянал болады.
-Төменгі байланыстағы ауа қысымының күші дауыс астарының жиілігіне әсер етіп тембр түрін анықтайды.
Төменгі қаьырғалар қозғалысымен тыныс алу, тынысты ұстап, дирижер қолымен жұмсық атакамен бір дыбысты примарды тонға дейін бір қалыпты дыбыс күшімен айту. Басында дыбыс 2 – 3 с созылады, кейіннен ұзарады.
Үздіксіз тыныс (цепное).
Үздіксіз тыныс бұл – ұжымдық дағды.
Үздіксіз тыныстың негізгі ережесі:
-Көрші отырған адаммен бір уақытта тыныс алмау.
- Музыкалық фраза ішінде таныс алмау керек, мүмкіндігінше ұзын ноталардың ішінде тыныс алу.
-Тыныс білдірмей және тез алу.
-Хорда жұмсақ дыбыстық атакамен, интонациялық тұрығыда нақты, яғни «подъездсіз» партитура нюансын сақтай отырып айту.
- Көршінің айтқан әнін тыңдап, жалпы хор дыбысталуына қосылу.

Дыбыстың қалыптасуы.

I. Ән айту кезіндегі дыбыстың қалыптасуы тыныс алумен артикуляцялық органдардың дауыстау астарымен өзара байланыстарының нәтижесінде пайда болады.
Дыбыс қалыптасуының миоэластикалық теориясы.
Миоэластикалық теорияны қолданғандар; (Гарма, Мюллер, Музехольд, Левидев) дауыстың байланыстағы жиілікте дыбыс жоғарылығы шығарылған ауа күшіне байланысты.
Дыбыс қалыптасуының нейрохроноксикалық теориясы.
Дыбыс қалыптасуының нейрохроноксикалық теориясы француз физиологы Раул Юссоның ұсынуымен қабылданған. Байланыстар жиілігі импульске сәйкес келе отырып, орталық жүйке жүйесі арқылы дауыстық бұлшық етке беріліп, дыбыс шығару күші дыбыс жоғарылығына әсер етпейді.
Жанашыл мамандықтандырылған әдебйет негізіне дыбыстың қалыптасуының механика- миоэластикалық теориясы қабылданады. Дауыстық астар жүйеліктер негізінде жұмыс істейді. Тыныс алу жүйесі сыртқы күшті қамтып, дауыстық астарға әсер етеді. Орталық жүйке жүйесі дауыс астарында көмейдің аэродинамикалық мүмкіндігін тудырады.
II. Әншілік дыбыстың физикалық ерекшелігі;
-Жоғарылық

-Тембр
- Күш
-Жалғасуы
Әнші дыбыстың жоғарылығы дауыстың астар жиілігі арқылы анықталады. Әр әнші дауысының дыбыстық диапазоны әр түрлі және ол мынаған байланысты;
- Дауыстың аппараттық табиғи анатома морфологиялық ерекшелігіне.
-Әншінің қандайда бір кезеңдерде дыбысты өзгерте алу икемділігіне, яғни дауыстың астарының жуандығына, ұзындығына қатысты.
-Әнші тынысының сапасына, яғни екпінді, қарқынды немесе өте әлсіз болуы мүмкін.
-Әнші дыбысының күші дауыстың астарындағы серпілістермен анықталуы – амплитуда жиілігі, амплитуда соғұрлым көп болса дыбыс соғұрлым күшті болады.Жиілік амплитудасы мынаған байланысты:
-Дауыс бұлшық еті күшінің азаюы.
-Төменгі байланыс қысымындағы ауа көлемі (төменгі байланыс қысымы неғұрлым жоғары болса, дауыстық астар амплектудасының жиілігі соғұрлым көп, бірақ төменгі байланыс қысымы шектен тыс жоғарыласа, дауыстық астарда қысылыс пайда болады, жиілік амплектудасы кішірейіп дауыс күші азаяды.
- Резонаторлық аймақтық қалпы және орналасуы.
Әнші дауысының әрбір дауысы физиологиясы жағынан табиғи қиын. Олар негізгіжәне көп түрлі жай тоннан тұрады. Негізгі тонға ең төменгі жай тон жатады, ол дыбыс құрамына кіреді. Дыбыс жоғарылығын осы анықтайды. Ал басқа жай тондар обертон деп аталады. Дыбыс жоғаралығы спектіріндегі обертондардың әр түрлі қатынасы күшімен сапа жағынан спецификалық әшекеиге немесе дауыстың ерекше дыбыс талуына яғни тембрге әкеледі. Дауыстың жеке тембрі эндокринді жүйеге қатысты, мұнда дауыстың анотомиялық ерекшелігі кіреді және тыныспен аритикуляциялық органдарғада байланысты.
Резонаторлармен күштелген обертондардың жеке тобының форманты спектрдеп аталады. Төменгі әшекейлік форманта – дауысқа жұмсақтық қоңыр әсер береді. Жоғарғы әншілік форманта – дауысқа ашықтық,ұшқырлық береді.Дауыстардың қалыптасуы әрбір кезеңде 3 түрлі жағдай шамасына байланысты болады;
-Көмейдің құрылуы (толық немесе бір жақты)
-Дауыстық астарды бір – біріне әкелу.
-Ауа шамасына.
Қорыта келе үш шамада тыныс алу жүйесі жұмысымен әншінің артикуляцилық аппараты арқылы көркемдік талаптарды орындайды. Дауыс қалыптасуының физиологиялық механизмін түсіну фонация кезеңін түсінуге жол нұсқайды.

Әдебиеттер:

1.А.Қ.Жұбанов «Ән күй сапары»,Алматы 1966.
2.П.Момынұлы «Қазақ операсының даму жолдары» Алматы 1962.
3.Дмитриев Л.Б. «Основы вокальной методики». Стр. 141 – 171. 290 – 300.

ӘОЖ 372.87

ЗАМАНАУИ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ МОДЕЛІ

Сәрсенбай Б. – 1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Балабекова А.А. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается модель учителя современной музыки.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру»,- деген тұжырым жасады. XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отыр. Аманатқа қиянат жасамау – халқымыздың ізгі ұлылық дәстүрі.

Елбасымыздың халыққа жолдауындағы білімі мен білігі жағынан шет елдегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу жаңа заман мұғалімінің еншісіне тиері хақ.

Заманауи музыка мұғалімі дегеніміз – рухани-шығармашылық тұрғыдан дамыған, кәсіптік біліктілігімен, педагогикалық дарындылығымен және жаңалыққа ұмтылысымен танылатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше артықшылығы – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы заманауи музыка мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын терең меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлғалық құзыреттілігі [1].

Заманауи музыка мұғалімі – өз пәнін бағдарламадан да жоғары, терең, жан-жақты біледі, әр түрлі білім саласындағы арнайы, әдістемелік және ғылыми-көпшілік әдебиеттерге еркін бағыт ұстай алады. Өз пәнін қызыға оқытады, ұнатады және біледі. Жаңа идеяларды іздеуімен ерекшеленеді, педагогикалық міндеттердің тосын шешімдерін іздестіруге ұмтылады. Тақырып бойынша сабақ жүйесін, олардың құрылымын шығармашылықпен жоспарлайды, оқытудың формасы мен әдістерін оқушылар мен сыныптың ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіреді. Оқытудың қазіргі психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын еркін бағдарлай біледі, оларды өз педагогикалық қызметтерінде негіз ретінде пайдаланады. Балалармен қарым-қатынаста, оларға талап қоюда шектен шықпайды. Оқушылардың ерекшеліктерін ұдайы зерттейді және оқыту талаптарына жеке тұрғыдан келуді

қамтамасыз етеді; тапсырманың көлемі мен күрделілігін саралайды, сабақта үлгерімі нашар, музыкалық қабілеті нашар оқушыларға тұрақты түрде көмек көрсетеді, үй тапсырмасының орындалуын тиянақты, тұрақты бақылайды, сонымен қатар оқу дайындығы деңгейі күшті, орташа оқушыларды назардан тыс қалдырмайды. Оқушылардың оқу жұмысын тиімді ұйымдастыра білу дағдыларын табанды түрде қалыптастырады (оқудағы өзін-өзі бақылау, оқу жұмысын тиімді жоспарлау, оқу, жазу, ән айта алу) және оған жеке тұрғыдан келуді іске асырады. Сабақ берудің формалары мен әдістеріне белсенді дамытушылық ықпал етеді, оқушыларды оқыған материалдағы маңыздыны ажыратуға үйретеді, оқушыларға жеке тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін арнайы тәсілдерді қолданады; оқылатын ұғымдарды салыстырады, олардың практикалық маңызын және т.с.с. көрсетеді; оқытудың әр алуан әдістерін қолданады; сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырады; оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда жеке тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді. Бағалаудың шарттарын тиянақты оқиды, оларды практикада орынды қолданады; тек білімді ғана емес, сондай-ақ практикалық және эксперименттік білім мен дағдыларды да бағалаудың шынайлығын қамтамасыз етеді; бағаларды дәлелдейді [2].

Мектеп оқушыларына музыкалық эстетикалық білім беруде музыка мұғалімінің орны күшті. Қазіргі күнде мұғалімнің алдында оқушыларды өз заманымызға сай, мәдени талғамы зор, музыкадан сусындаған, музыкалы талғамы оянған жан-жақты жарасымды жандар тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Музыкант педагогтар музыкалық теориялық, рухани әрі техникалық қасиеттерін білумен қатар музыка ілімінің тәрбиелік мәніне: талғам, көзқарас, рухани нәр секілді әсерлерін талдауға жұмылуға тиіс. «Музыкант педагогтар өз пәнінің әсерімен талымы арасынан тепе теңдік заңдылық іздеуіде сондай» - деп көрсетеді АҚШ-тың белгілі зерттеушісі Чарлз Фаулер. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің барлық салаларын жақсы түсініп, оларды бір-бірімен байланыстыра білген ұстаз оқушыларға музыка өнерінің түрлері арқылы жан-жақты әсер етіп, олардың жақсы мен жаманды айырып, тебіреле білуін, дүниеге көзқарасын, сезім қабілетін адамгершілікке сай қалаптастыра алады. Өнердің қайсы бір салаларына арналған әндер арқылы музыка пәнін оқыту жүйесінде оқушыларға халықтар достығы туралы елім, жерім, Отанға деген сүйіспеншілік, өз халқымыздың тарихын білуге, жаңалықты сезінуге көмектеседі. Мұғалім музыка сабағы арқылы балалардың жанг дүниесіне, нәзік сезімдеріне күшті әсер етіп, қазақ жастарын жоғары адамгершілік қасиеттерге баулиды. Музыка тәрбиесін ұйымдастыратын негізгі тұлға – музыка мұғалімі, ұстазы, оқытушысы болғандықтан, ол өзінің музыканы педагогиканы таңдап алған мамандығының шебері болуға ұмтылатын, бұрын-соңды музыкалы әдіс-тәсілдермен қаруланған үнемі «жаңалық» іздеуші бір екі музыкалы аспапта, домбырада ойнайтын, музыкалы-өнер арнаулы оқу орындарын бітірген тұға болу керек. Мектепте берілетін музыка сабағының маңызы мен мақсаттары өте

кең де оларды іске асыратын тұлға – музыка мұғалімі. Музыка сабағы мен мұғалімнің алдындағы негізгі мақсат – шәкіртіне музыканың құдіретті күшін таныту. Сөйтіп оқушылардың санасына, ерекше әсіресе олардың сезімі мен ұшқы қиялына пайдалы әсер ету. Сонымен қатар бұл өмірдің түрлі жайттарын адам баласының қолы жеткен табыстары мен оның қолынан туған көркем өнер мұраларын тануға, өмір шындығын сезінуге, әсемдікке ләззаттану мен патриоттыққа, Отанды, елді сүю сезіміне баулиды. Музыка сабағының мұғалімі өз сабағын жүргізумен қатар, ол сол мектеп аймағының музыка, өнер саласының барынша дамуына ат салысатын білімді тұлға болуын бүгінгі өмір талап етіп отыр. Үйренетін үйірмелерді мектеп басшыларымен келісе отырып ұйымдастырғаны пайдалы.

Музыка мұғалімі тек музыка пәнінің мұғалімі болып қоймай ол оқушыларды жан-жақты тәрбиелейтін өнегелі ұстаз болуы қажет. Музыка сабағының мұғалімі өзінің күнделікті жұмысында балаларды тәрбиелеуде педагогикалық, әдістемелік, дидактикалық негіздерді қолданып, «Менің міндетім жалаң ән музыка үйрету» деген ойдан аулақ болып, жастарды адамгершілік негіздеріне бағыттап тәрбиелегені жөн [3].

Әдебиеттер:

1. http://www.engime.org/tairibi-mfalim-tlfasina-ojilatin-talaptardi-degeji.html
2. Ж. А. Жүсіпова. Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011
3. https://uchitelya.kz/zamanaui-muzyka-m%D2%B1%D2%93alimi-%D2%9Bandaj-bolu-kerek/

ӘОЖ 37.04-053

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тинштик Н. – 1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Балабекова А.А. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются особенности музыкального развития младших школьников.

Мектепке балаларды алты жастан бастап қабылдауға байланысты төрт, бес, алты және жеті сатылардағы жас кезеңдерінің әрбір жанұямен, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері және мектептер басшылыққа алады. Демек, тәрбие және оқыту жұмыстары осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі қажет. Өйткені адам жасының табиғи негізі жас сатылары немесе биологиялық жетілу шақтары. Мектепке дейінгі балалық шақ, бастауыш мектеп шағы, жеткіншектік және жасөспірімдік шақ кезеңдерінде балалардың өсу, даму және тәрбие барысынды болатын кейбір өзгешеліктері мен ерекшеліктерін еске ала отырып, мектеп және жанұя олардың іс-әрекетін тиімді етіп ұйымдастыру тиіс.

Бастауыш мектеп шағында баланың дене, психикалық дамуында кейбір ерекшеліктер байқалады. Олардың бұлшық еттері күші артады, сүйек жүйесі қалыптасу сатысында болады, мидың үлкен жарық шарының функциялары

дамиды. Бұл жастағы балалардың іс-әрекеті – оқу. Осы оқу арқылы олардың таным процесі дамиды. Бұл жастағы балалар үшін еңбектің тәрбиелік мәні өте зор. Тәрбие процесінде балалардың кейбір теріс қылықтарын байқауға болады. Мысалы, өзімшілдік, біреудің жақсы әдеттері мен істерін көре алмаушылық, түрлі болымсыз себептерді сылтау етіп үй тапсырмаын орындаудан қашушылық т.б. балалардың мұндай теріс қылықтарына жол бермеу, тәрбиешілердің, ата- аналардың беделіне, біліміне, өмір тәжірибесіне байланысты. Бұл жастағы балалармен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін олардың ерекшеліктерін еске алған жөн: сөзбен істің сәйкесті болуын талап етеді; жөнсіз кінәлаудың жиіркену сезімі туады; үлкен адамдардың жіберген қателерін тез байқайды; арманшыл, қиялшыл болады; ұйымшыл келеді; сенімді серік іздейді; өз мүмкіндіктерін, күшін асыра бағалайды; түрлі спорт ойындарында өте ықыласты болады т.б.

Жеткіншектік шақта балаларды кейде өткінші кезеңдегі немесе қиын жастағы балалар деп атаудың өзі де кездейсоқтық емес. Жасөспірімдік шақта жастардың ағзасы, қаңқасы мен бұлшықеттері, ішкі ағзалары түгел дамиды. Бұлшықеттері мен жұмыс қабілеті үлкендердің нормасына жақындайды. Бұл кезеңде жастар Отан, қоғамалдында тұрған әлеуметтік-саяси және мемлекеттік міндеттерді шешудегі күреске белсене қатысады. Кәмелеттік жасқа жеткен балалар өмір жолына көз жібереді, өздерінің келешек мамандығын саналы түрде таңдап алуға тырысады. Олардың мамндыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады [1].

Біздің қоғамымыздың жас мүшесінің нағыз адамзаттық дәйекті көзқарасының қалыптасуы тек білімге ғана негізделмейді, оған қоса өзінің сезім түйсігінен, ар-ожданының елегінен өткен, ақыл-ой қызметі қажет. Ол жерде музыканың алатын орны ерекше. Демек, біз өнер бұлағынан сусындаған ата-бабаларымыздың, музыка әлеміндегі ірі-ірі тұлғалардың ғасырлар бойы жинаған бай тәжірибесінің арнасын одан әрі кеңейтіп дамытуымыз керек.

Әлдилеген әнінен күмбірлеген күйіне дейін тұнып тұрған ұлттық сана-сезім бояуы сіңген өнер құдіретіне ештеңе тең келмес. Халқымыздың тыныс-тіршілігі, болмысы баяндалып, ұлтымыздың өткені мен келешегі бейнеленетін өңі тозбас өнеріміздің өрісі кеңи беретініне еш күмән жоқ. Араға біраз жылдар салып, қазақ домбырасының абыройын, рухани өрісін, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі екендігін ерекше түйсініп-түсіне қабылдап, мәртебесін қайтадан биіктеттік [2].

Баршамызға мәлім, бала дүние есінін ашқаннан бастап, анасының әлдиіне бөленеді. Мұның өзі, бала бойындағы алғашқы музыкалық қабілеттің қалыптасуына өз әсерін тигізеді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең», - деп данышпан Абай жазып кеткендей, бала шыр етіп жерге түскеннен бастап өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар: «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару», - бәрі де ән, өлеңсіз өтпейді. Бесік жыры барлық халықтарда бар. Оның түп тамыры

тереңнен бастау алып, алғашқы қауымдық дәуірмен ұласады. Әуел баста ыңылдаған әуен ырғағында келетін бұл әннің алдымен музыкалық сазы пайда болған да, кейінірек мәтіндер қосылып, бас-аяғы бар шығармаға айналады. Әуендік- интонациялық құрылымы, ырғақтық-өлшемдік жағынан бесіктің тербелісіне сай бірқалыпты сарында үндеседі. Құлаққа жағымды әуен мен мағыналы сөздері бар бұл әндердің балаларға берер тәрбиелік мәні зор [3].

Қазіргі кезде, музыка мұғалімдерінің, музыкалық топтардың, үйірме жетекшілерінің нақты қолданып, жан-жақты байқаудан өткізетіндей балалардың музыкалық әндету ерекшеліктерін зерттейтін анық дәлелденген, бейімді, арнайы әдістемелер жоқтың қасы. Көп мұғалімдер музыкалық қабілеттілікті тексерудің жәй әдістерін қолданады (музыкалық есту қабілетін, есте сақтау, ырғақ, дауыс сияқты). Музыкалық қабілеттілікті зерттеудің мұдай формасы әр баланың жеке өзіндік қасиетін терең ұғындырмайтын сияқты. Іс жүзінде мынадай да жағдайлар кездеседі. Кейбір дарынды балалар музыкалық тексеру кезінде сәтсіз жағдайларға тура келуі мүмкін. Мысалы, көпшіліктен ұялуы немесе тамағының ауырып қалуы және т.б. Ал келесі сабақта ол оқушы өзін жақсы жағынан ашып көрсете алуы мүмкін. Яғни, музыкалық қабілет бір ғана сабақтың нәтижесінде байқалуы мүмкін емес.

Музыка сабағының және мектеп жанындағы түрлі көркемөнер үйірмелерінің алда тұрған міндеттері орасан зор. Республикамыздың көптеген бастауыш, тоғыз жылдық және орта мектептерінде музыка көркемөнер жұмыстары бір жүйеге келтірілген. Әйтсе де, кейбір мектептерде музыка сабағының орнына басқа сабақты өткізе салу әдетке айналған.

Оқушылардың көркемөнер үйірмелеріне қатысып, әрдайым оқушылардың алдына шығып өздерінің өнерін көрсеткені өте пайдалы. Оқушылардың сахнаға шығып өнер көрсетуі балаларды батылдыққа, жинақылыққа бейімдеп, ойларын, өнерлерін ұштай түседі, бойындағы дарынын ашуға көмектеседі.

Оқушылардың ән айтуын дұрыс үйрету үшін, олардың ағзаларының өсіп даму процестерінде дауыстарын жүйелі қалыптастырып тәрбиелеуде ән айту аппаратының даму кезіндегі өзгеріп отыратын жас ерекшеліктерін ескеріп, қадағалау – дұрыс үйрету мен тәрбиелеудің басты шарты болып табылады.

Мектеп қабырғасында ұйымдастырылатын үйірмелерде, байқауларда репертуарға аса көңіл аударған жөн. Себебі, ол шығармалардың балаларға берер тәрбиелік мәні орасан зор. Ең алдымен, қазақ иісін келтіретін тарихымыздың нағыз мәдениетінен бастау алу қажет. Белгілі ғалым-зерттеуші Ақселеу Сланұлы Сейдімбек «Нағыз мәдениет, әсіресе, рухани мәдениет тек қана ұлттық- этникалық төлтумалықта көрініс табады және сол төлтума қасиетін тұғыр ете отырып қана дамып, шыңдалады. Ал басқа елдің мәдени-рухани құндылықтарына жалаң еліктеу өзінен-өзі қайталау болып шығады» - деп, бекер айтпаса керек [4].

Қорыта келе, қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе - жеке тұлғаның рухани дамуы. Рухани даму дегеніміз - өмірдегі өз орнын,

атқаратын міндетін, жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру.

Әдебиеттер:

1. https://baribar.kz/student/15916/oqushylardynh-zhas-zhane-dara-erekshelikteri-olardy-oqu-tarbie-protsesinde-esepke-alu/
2. Жұмагелді Нәжімеденов. Домбыра ойнау оңай ма? - Алматы, Өнер, 2013.
3. Қазақ музыкасы. Антология. 1 том. - Алматы, 2005.
4. https://articlekz.com/kk/article/28491

УДК 37.013

РОЛЬ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБУЧЕНИИ ШКОЛЬНИКОВ.

Биналиев М. – К106-18 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Джоламанова Г.Д. – ө.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается роль научно-исследовательской деятельности в формировании личности школьников, в развитии его познавательных и созидательных способностей, творческой самореализации, на мотивацию и установку профессионального выбора.

1. В настоящее время наблюдаются стремительные изменения во всем обществе, которые требуют от человека новых качеств. Прежде всего, конечно, речь идет о способности к творческому мышлению, самостоятельности в принятии решений, инициативности. Поэтому современная программа модернизации образования в Казахстане ориентирована не только на усвоение каждым школьником определенной суммы знаний, но в первую очередь на развитие личной сущности ученика, его познавательных и созидательных способностей, творческой самореализации, на мотивацию и установку профессионального выбора, на социальную адаптацию учащихся. Одним из методов достижения поставленных обществом целей является организация научно-исследовательской деятельности учащихся в процессе обучения.

2. Следует различать научно-исследовательскую деятельность как вид деятельности направленной на получение новых объективных научных знаний и учебно-исследовательскую деятельность, главной целью которой является образовательный результат – развитие у учащихся исследовательского типа мышления. Главное здесь не овладение новыми и доселе неизвестными фактами, а обучение учащихся алгоритму ведения исследования, навыкам, которые могут затем использоваться в исследовании любой сложности и тематики. Конечно, при этом не стоит отрицать ценности получения учащимися новых знаний. Однако основным все же является выполнение обучающей задачи.

3. Цели исследовательской деятельности учащихся на уроках музыки можно определить следующим образом:

а) Активизация учебного процесса в направлении повышения его эффективности, придание уроку современных динамичных форм.

b) Расширение кругозора учащихся.
c) Выявление наиболее одаренных учащихся и развитие их творческих способностей.
d) Активное включение учащихся в процесс самообразования и саморазвития.
e) Совершенствование умений и др

4. Одним из педагогических условий формирования научного мировоззрения школьников является широкое применение исследовательского метода в обучении, предполагающего:

а) включение поиска в задания по работе с документами, картами, таблицами, схемами и проч.;

б) раскрытие учителем познавательного процесса через доказательство каких-либо теоретических положений (метод рассуждающего изложения);

в) проведение учащимися научного исследования (подготовка докладов, сообщений, написание рефератов, исследовательских работ).

г) написание эссе, как формы позволяющей выразить собственную позицию с опорой на исторические знания с соответствующей аргументацией;

д) разработка учебных проектов, выполняемых учащимися самостоятельно (в парах, группах или индивидуально) с целью практического или теоретического решения значимой проблемы и дальнейшей презентации результатов;

е) организацию поисковой историко-краеведческой деятельности

5. В результате применения на практике форм и методов научного исследования достигается реализация образовательной, воспитательной и развивающей функций обучения в деле формирования научного мировоззрения школьников, приводит к более высокому уровню знаний, умений и навыков.

6. Кроме образовательной функции, реализующейся, при умелом руководстве со стороны педагога, в процессах изучения литературы по теме исследования, осмысления изученного и написания курсовой работы, достигаются и значительные результаты в развитии детей. Учащиеся привыкают к научному стилю изложения, строгости мышления, учатся искусству анализа, синтеза, формулирования выводов и т.д. В результате исследовательской деятельности дети получают совершенно необходимые им знания, умения и навыки рациональной организации умственного труда: учатся искать информацию - работать в библиотеке, Интернет; учатся работать с большими объемами информации: обретают навыки конспектирования, быстрого чтения, систематизации материала. Немаловажно также, что ребята учатся грамотно оформлять текст работы, использовать для этого компьютерные программы.

Таким образом, в единстве с образовательной функцией, реализуется и развивающая функция обучения.

7. Исследовательская деятельность это средство активизации познавательной деятельности и развития креативности и одновременно

формирования определенных личностных качеств учащихся. По мере осуществления исследования, проекта, учащиеся все яснее ощущают его как продукт собственного труда. Это способствует решению важнейшей педагогической задачи – каждый учащийся приобретает уверенность в собственных возможностях.

От исследовательской деятельности учащиеся получают творческий импульс, появляется желание расширять знания.

8. Немаловажно также, как ребенок или группа смогут представить свой труд: грамотно и последовательно изложить цель и задачи, предмет и объект исследования, доказать актуальность и новизну работы, показать результаты своего труда и т.д., а также не растеряться и достойно ответить на вопросы жюри и коллег. Это в свою очередь требует формирования таких качеств личности как уверенность, смелость, воля, умение владеть собой. Таким образом в процессе научно-исследовательской деятельности реализуется и воспитательная функция обучения.

9. Вовлечение учащихся в научно-исследовательскую деятельность способствует формированию патриотизма, развитию духовно-нравственных качеств личности.

10. В процессе научно-исследовательской деятельности происходит формирование научного мировоззрения школьников в едином учебно-воспитательном процессе.

Результатом вовлечения учащихся в исследовательскую деятельность становится:

- усиление мотивации учебной деятельности;
- изменение качества учебного процесса в связи с использованием технологий научно-исследовательской деятельности;
- повышение успешности обучения;
- повышение интереса учащихся к предмету;
- формируется научное мировоззрение;
- в процессе интеграции учебной и внеучебной деятельности у учащихся расширяется их кругозор;
- дети становятся более самостоятельными в деятельности по приобретению знаний;
- наблюдается интеллектуальный рост

Таким образом, исследовательская работа – прекрасное поле деятельности для учащихся, при выполнении которой решаются практические, общественно-значимые задачи, происходит самореализация личности, приобретаются навыки правильного образа жизни.

Литература

1. *Леонтович А.В.* Исследовательская деятельность учащихся. М., 2002, с.17.

3. *Савенков А.И.* Содержание и организация исследовательского обучения школьников. М., 2003, с.203.

4. Научно-исследовательская деятельность учащихся как важный фактор воспитания. http://gmn57.ucoz.ru.

ӘОЖ 372.87

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Курманбек А. – 106-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Джоламанова Г.Д. – ө.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме:

Мақалада ғылыми зерттеудің негізгі әдістері, теориялық, эмпирикалық, статистикалық мәселелер талқыланады

1. Ғылыми әдіс — жалпы ғылыми аясындағы қолданылатын әдістердің жиынтығы. Осыған қоса әрбір ғылым саласы тек қана арнаулы объектіге ғана емес, сол объектіге сәйкес арнаулы әдіске де ие болады.

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды.

2. Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше метематикалық, немесе логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі. Процедура – белгілі бір операциялар жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы.

Тәсіл – күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

Методика – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер.

Методология - зерттеу әдістері, жүйелері мен методтары жөніндегі білімнің жиынтығы.

Жүйе – күрделі құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы.

3. Ғылыми танымның әдістері жалпы деңгейлеріне, ғылыми зерттелу үдерісіне, қолданылу ауқымының кеңдігіне қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Жалпы ғылыми әдістер ғылыми зерттеулер аясында кең қолданылады

Ғылыми таным эмпириялық және теориялық деңгейлерге бөлінеді. Жалпы ғылыми әдістердің кейбірі тек эмпириялық деңгейде (бақылау, эксперимент, өлшеу), басқалары тек теориялық деңгейде (идеалдау, формалау), тағы бірқатары эмпириялық және теориялық деңгейде (модельдеу) қолданылады.

4. Танымның эмпириялық деңгейінің әдістері

Эмпириялық танымның бастау алатын әдісі — бақылау. Ол айналадағы нағыздық объектілері туралы бірқатар алғашқы ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Бақылау белсенді танымдық үдеріске жатады және нәрсе мен сыртқы дүние құбылыстарының сезімдік (көбінесе көру) бейнеленуі болып табылады. Бұл әдісті қолданған кезде танушы адам белгілі бір тану мақсатына сүйенеді. Әдетте, ойша әрекет бағдарламасын жоспарлайды және алынған айғақтарға,

демек, реалдылық туралы білімдерге сәйкес келетін түсінік береді. Бақылау үдерісінде зерттеуші салыстыру және өлшеу операцияларын қолданады. Зерттеуші объектіні белгілі бір белгісі бойынша салыстырады, сонан кейін оны өлшейді. Өлшеу барысында субъективтілікті мейлінше азайтады.

5. Танымның жалпы логикалық әдістері оған: "анализ", "синтез", "индукция", "дедукция" жатады. Анализ дегеніміз — объектіні бірнеше құрамдас бөліктерге бөліп алып, оларды жеке зерттеу. Ондай бөліктер ретінде объектінің белгілі бір заттық элементтері немесе оның қасиеттері, белгілері, қатынастары алынуы мүмкін. Объектінің өзін ұстау заңдарын айқындау үшін алдын ала оның маңызды және екінші қатардағы белгілерін ажыратып алу керек. Олардың жалпы объект құрылымы мен ұстанымында алатын орнын айқындау керек. Объектіні тұтастық ретінде тану оның құрамдас бөліктерін зерттеумен шектелуге болмайды. Таным үдерісінде олардың арасындағы объективтік мәнді байланыстарды ашу, оларды жинақтап, бірлікте қарастыру қажет. Таным үдерісіндегі осы екінші кезенді жүзеге асыру — объектінің жеке құрамдас бөліктерін зерттеуден оның біртұтас байланысқан жағдайын зерттеуге көшуге, анализ әдісін өзге әдіспен, яғни синтезбен алмастыруға байланысты.
Анализ аяқталған жерде синтез басталады. Синтездеу кезінде объектінің анализ жасау кезінде ажыратылып тасталған құрамдас бөліктері қайтадан біріктіріледі. Бұл жерде синтездеу деп элементтерді біртұтас жүйеге қарапайым механикалық түрде біріктіру деп түсінбеу керек. Шындығында, ол тұтас жүйедегі өр элементтің орны мен рөлін анықтайды, олардың өзара байланыстарын белгілейді. Демек, біздің көз алдымызда зерттелетін объектінің нағыз диалектикалық бірлігін көрсетіп береді. Анализ бен синтез бір-бірінен бөлек операциялар емес, мәніне қарай олар танымның аналитикалық, синтетикалық әдісінің екі жағы болып табылады. Индукция ойдың жалқыдан жалпыға қарай бағытталуын, дедукция кері бағытта, ойдың жалпыдан жалқыға қарай бағытталуын сипаттайды

6. Аналогия және модельдеу әдістері

"'Аналогия'" деп түрлі объектілер арасындағы, олардың белгілерінің, қасиеттерінің, қатынастарының арасындағы ұқсастықты атаймыз. Объектілер арасындағы ұқсастың пен айырмашылық оларды салыстыру кезінде айқындалады. Демек, аналогия әдісінің негізі салыстырудан тұрады деген сөз. Аналогия әдісі ғылымның көптеген салаларында — математикада, физикада, химияда, кибернетикада, қоғамдық пәндерде қолданылады. "Модель" дегенде, әдетте, біздің ойымызға адам арнайы жасамақшы болған белгілі бір шынайы нәрсенің немесе жүйенің, құрылғының, шығарманың, сипаттаманың кішірейтілген үлгісі келеді. Модель арқылы, қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын зерттеу объектісі туралы қалыпты жағдайда киын немесе мүмкін болмайтын білім алуға болады. Ғылымның түрлі салаларында таным үдерісінде әр түрлі модельдер қолданылады. Оларды екі топқа бөліп қарастыру керек:

біріншісі— заттай немесе материалдық модельдер, екіншісі — логикалық немесе идеалдық модельдер

7. Жалпы ғылыми әдістер ішінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- анализ – жан-жақты зерттеу мақсатында бүтін бір затты құрамдас бөліктерге (жақтарына, белгілеріне, қасиеттеріне және т.б) бөлу;
- синтез – заттың құрамдас бөліктерін біртұтас затқа біріктіру;
- абстракциялау – зерттеліп отырған құбылыстың қажетті емес қасиеттері мен қарым-қатынастарынан зерттеуге керек қасиеттері мен қарым-қатынастарын бөліп алу;
- жалпылау – объектілердің жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі;
- индукция – жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зертеу мен талқылау әдісі;
- дедукция – жалпы тұжырымнан жеке тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі;
- аналогия – объектілердің бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға үмкіндік беретін таным әдісі, басқаша айтқанда, аналогия – ғылымның бір саласындағы қатынастардың, оның екінші саласына транспозициялануы, мысалға: тарихи аналогия, кеңістіктік аналогия және т.б
- классификация – зерттелетін пәннің зерттеушіге қажетті маңызды белгілері бойынша түрлі топтарға бөлу (әсіресе, биология, геология, география, кристаллография, т.б. ғылымдардың түрлі бөлімдері).

ӘӨЖ 7 78.06

Е. Г.БРУСИЛОВСКИЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тұрсынбай Ә.- №13 Мукими атындағы жалпы орта мектеп 6а» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі: Досбағанбетова Р.Т.- педагогика ғылымының магистрі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается великое творческое наследие Е.Г.Брусиловского

Евгений Григорьевич Брусиловский 1905 жылы 12 қазанда Ресейдің Дондағы Ростов қаласында дүниеге келді. Революция бесігі Ленинград қаласында консерваторияны композиция бойынша М.О.Штейнбергтің класынан бітіріп шықты. Қалалық композиторлар Одағына мүше бола жүріп тісқаққан аға буын композиторлардан ауысқан спектакль, кинофильмдерге тапсырыспен музыка жазып күн көріп жүрген Е.Г.Брусиловский арада өткен екі-үш жылда қазақ халқының алғашқы «Қыз Жібек», «Жалбыр» операларын жазып оны 1936 жылы декада кезінде Мәскеудің Үлкен театры сахнасында көрсетіп, жарқырата кеудеге таққан орденімен бүкіл Одаққа танылды. Қазақ кәсіби музыка өнерінің негізін қалады. Ізінде қалдырған мәдени мұралары: 9

опера, 4 балет, 9 симфония, 500 жуық ән-романстар1944 жылы Е. Брусиловский талантты композиторлар Мұқан Төлебаев пен Латиф Хамидимен бірлесіп Қазақ КСР Әнұранын жарыққа шығарады. Республикада бар кәсіби музыка мамандарының деңгейі жаңа міндеттерді орындауға жетпей жатты. Сондықтан, жас та болса білімі мен біліктілігі жаңадан қойылған талаптар деңгейінен көріне білген Ленинград қаласынан арнайы композиторлық білімімен келген Е.Г.Брусиловскийдің кандидатурасы қазақ музыкасының жаңа бетін бастауға лайық түлға болды. [1]

Жаңа орта - Алматыға келген жас композитор өзінің жұмысына сергек қарап жан-жағына көз салып, жаңа ортаның музыкалық ерекшеліктерін көкірегіне құйып, құлағына сіңіріп жатты. Этнографиялық зерттеу кабинетінде қазақтың танымал орындаушыла-рынан 250 ән-күйлерін нотаға түсіріп оны фортепианоға өңдеп дайындық жұмыстарымен бір жылдан астам уақып айналысты. А.Жұбановпен бірге істеген жұмыс Е.Г.Брусиловскийдің халық музыкасынан қор жинаған, жаңа белестерге жетуге қажетті дайындық алаңы болды..

Алғашында бар-жоғы 11 адамнан тұратын театр оркестріне партитура жазып оны ойнатудың өзі де үлкен қиындықтарға, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда езуге күлкі үйірер сәттерге толы болған. Операға жазылған вокалдық ансамблдерді дайындау барысында, ән орындауда өзінің домбырасымен сүйемелдеу кезін-де халықтың қошеметтеген, көтермелеулерінен басқа еш дыбыс естімейтін халық әншілері үшін қиындықтар әкелді. Бірақ ол өзінің шығармашылығына сыншыл көзбен қарайды.

Құрманғазы атындағы консерваторияның қабырғасы қаланған алғашқы күнінен бастап композиция кафедрасының меңгерушісі, профессоры бола жүріп өзінің ізбасар шәкірттерін тәрбиелеуге ерекше назар аударған. Қазақ кәсіби музыкасының сан-салалы жанрларға бөлініп дамуына үлттық кадрларды өз жерімізде да-йындауға қол жеткізуіміз және осы істің басы-қасында қазақ му-зыкасының формасы мен түрлерін ырғақтық, ладтық, тоналдық құрылымын терең зерттеген, оны тәжірибеде кеңінен қолданған профессор Е.Г.Брусиловскийдің отыруы тікелей себеп болды. Қазақ халқының ұлт кадрларын тәрбиелеп қана қоймай қазақстандағы өзге ұлттардың да музыкалық кадрлар мәселесін шешуге атсалысып отыруы өз жемісін берді. Шәкірттері: Бақытжан Байқадамов, Евгений Бычков, Кенжебек Күмісбеков, Құддыс Қожамяров, Нағым Меңдіғалиев, Қапан Мусин, Сыдық Мұхамеджанов, Еркеғали Рахмадиевтар бүгінгі қазақ ұлттық кәсіби музыкасының алтын қорына тамаша туындылар қалдырды[2].

Ұлттық опера өнерінің қалыптасуы мен дамуына оның негізін салушылардың бірі Е.Г.Брусиловский өлшеусіз үлес қосты. Композитордың шығармашылық мұрасының көркемдік-эстетикалық маңызы қазіргі заман контекстінде алғанда ауқымды және салмақты. Республиканың халық артисі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты профессор Е.Г.Брусиловский тоғыз операның, сегіз симфонияның, үш балеттің, көптеген

әнроманстардың, кинофильмдер музыкасының және басқа да көптеген шығармалардың авторы. Композитор өзінің өнімді және жанжақты шығармашылығында

Е.Г.Брусиловский 1933 жылы Қазақстанға келісімен әндік аспаптық музыканы зерттеуге қатты қызығып, жазып ала бастайды. Композитор үшін күшті шығармашылық стимул аса бай рухани аура болды халықтық музыка дәстүрлері әлі тірі болатын, музыкалықпоэтикалық айтыстардың фольклорлық түрлері де кең тараған еді. Осындай жағдайда Е.Г.Брусиловскийге осы мәдениет түрлерін ұстаушылармен тікелей араласудың сәті түсті, дарынды шебер домбырашылардың, маман әншілердің, суырып салма ақындардың өнерін үнемі естіп жүруге, жазып алуға мүмкіндік туды. Бұлар керемет тума дарындар күйшілер Науша және Махамбет Бөкейхановтар, У.Қабиғожин, В.Мұхитов, Қ.Медетов; әнші Ә.Қашаубаев; ақын И.Байзақов және басқалар. Олардың орындау мәнері, сирек кездесетін шығармашылық дарыны, табиғи артистік қабілеттері жөнінде композитор өз күнделіктерінде ыстық ықыласпен еске алады. Көркемдік эстетикалық танымының, ұлттық ерекшеліктерді қабылдау критерийлерінің қалыптасуына, халық шығармашылығының локальдыстильдік негіздерін танып білуіне композиторға қазақ әдебиеті мен өнерінің негізін салушылармен көп жылдық достығы әсер етті. Ол өмір бойы Мұхтар Әуезовті табына силап өтті, М.Төлебаевты туған әкесіндей жақсы көрді. Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтің либреттоларына опералық шығармалар жазды. Ә.Тәжібаевтің өлеңіне әйгілі «Қос қарлығаш» әнін шығарды. Алғашқы қазақ музыкалық спектаклдері «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғынға» қатысқан режиссерлер, сценаристер, орындаушылар: Қ.Жандарбеков, Күләш және Қанабек Байсейітовтер, С.Камалов, Ж.Шанин, М.Ержанов, Ғ.Құрманғалиев және басқалар жайында үнемі еске алып, жылы сезіммен әңгімелейтін. Композитордың фольклорлық қызметінің нәтижесінде 250 ән мен күй жазылып алынды, Е.Г.Брусиловский бұлардың көбін дауысқа, оркестрге, фортепьяноға арнап өңдеді. Халықтың музыкалық және поэтикалық мұрасының негіздерін терең сезіну композитордың алдына жаңа шығармашылық мүмкіндіктер тудырды, ол ірі музыкалық сахналық шығармалар жасауға кірісті.

Ол өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін өзінің алғашқы опералары «Қыз Жібек» (13 қаңтар, 1934 ж.), «Жалбыр» (17 қараша, 1935 ж.), «Ер Тарғынды» (15 қаңтар, 1937 ж.) қойған кезде көрсетті. Аталған опералық шығармалар композитор творчествосындағы ерекше үштікті құрайды. Бұлардың музыкалықпоэтикалық тілі түгелімен қазақ фольклорының ең жақсы үлгілерінің, халық композиторларының әндік аспаптық шығармаларының (Құрманғазы күйлері, халық күйлері «Ақсақал», «Тепеңкөк», Ыбырайдың, Мұхиттың, Естайдың, Жаяу Мұсаның т.б. әндері) негізінде құрылды. Композитор рухани және материалдық құндылықтарды, халықтық этикалық, адами психологиялық ұстанымдарын, оның прогрессивті салттары мен моральдық нормаларын жан дүниесімен игере келіп, олардың қызметтері мен

тұрмыстағы орнының шектерін кеңейтті, оларды жалғастыра, қорыта келіп өзінің көп жанрлы шығармашылығында жаңа деңгейде бейнеледі. Дәл осы опера жанрында композитор фольклор мен қазақ халқының көркемдік дәстүрлеріндегі бай опералық белгілерді жан жақты пайдаланды. «Қыз Жібек» лироэпикалық операсының сюжеттік желісіне Ғ.Мүсірепов халықтың лирикалық поэмасын алды. Бұл сұлу Жібек пен батыр жігіт Төлегеннің арасындағы махаббат жайлы әсерлі лирикалық баян» «Қыз Жібек» өзінің ғажап сұлулығы мен ақылы арқылы кең далада даңқы шыққан қыз. «Қыз Жібек» операсының музыкасы түгелімен фольклорлық бастауларға негізделген. Композитор тақырыбы, жанры, өзіндік ерекшеліктері әртүрлі аспаптық мәдениет үлгілерін кейіпкерлермен, сюжет драматургиясымен кіріктіріп жіберген. Е.Г.Брусиловский алып отырған материалдың ерекшеліктерін, стильдік, жанрлық белгілерін сақтай отыра, опералық өнер жанры заңдылықтарымен епті байланыстырады. Негізгі кейіпкерлер опералық кейіпкердің ішкі табиғатын айқын ашатын лейттемаларға ие. Мысалы, басты кейіпкер Қыз Жібек өзінің әртүрлі психологиялық күйін білдіретін өзіндік әндер қатарына ие. .Брусиловский қазақ музыка өнерінде еуропалық бағыттағы шығармашылық мектептің қалыптасуына мол үлес қосқан композитор. [3]

1970 жылдан бастап Е. Брусиловский Мәскеуге қоныс аударып, шығармашылығын сол жерде жалғасырды. Оның А. Зацепин, Б. Ерзакович, Б. Байқадамов, К. Мусин, К. Күмісбеков, Қ. Қожамияров, Е. Рахмадиев, Н. Меңдіғалиев, С. Мұхамеджанов, Л. Афанасьев, А. Жаныбеков, А. Бычков сынды танымал шәкірттері бар.

Әдебиеттер:

1.Творчество композиторов Казахстана: вехи развития. Сборник статей. Алматы: LEM, 2010г.
2.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. 4.«Наследие Евгения Брусиловского» Н.Курпякова, Газета «Казахстанская правда», 13.11.2015г.

ӘОЖ 7.035

Е.Г. БРУСИЛОВСКИЙДІҢ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОПЕРА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қәдірбай Ә. - К106-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Кененбаев С. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается жизнь и творческое наследие Е.Г.Брусиловского

«Егер біз Александр Затаевичке қазақ фольклорының ең жақсы үлгілерін сақтап қалдырғаны үшін алғыс білдірсек, онда Евгений Брусиловскийге олардың рухани әлеуетін әлемдік музыкалық мәдениеттің шедеврлер деңгейіне көтергендігі үшін басымызды иеміз»

Наум Шафер.

Ұлттық опера өнерінің қалыптасуы мен дамуына оның негізін салушылардың бірі Е.Г.Брусиловский өлшеусіз үлес қосты. Композитордың шығармашылық мұрасының көркемдік-эстетикалық маңызы қазіргі заман контекстінде алғанда ауқымды және салмақты. Республиканың халық артисі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты профессор Е.Г.Брусиловский тоғыз операның, сегіз симфонияның, үш балеттің, көптеген әнроманстардың, кинофильмдер музыкасының және басқа да көптеген шығармалардың авторы. Композитор өзінің өнімді және жанжақты шығармашылығында Қазақстанның музыкалық өмірінің тарихи жолын шеберлікпен жан жақты көрсетті, қазақ халқының рухани сұлулығын, өткені мен бүгінін бейнеледі. Е.Г.Брусиловскийдің шығармашылық дарыны дәстүрлі мәдениет негіздерін терең түсінуінен барып толық ашылды. Ленинград консерваториясын бітірген, орыстың классикалық мектебінің демократиялық дәстүрлерінде тәрбиеленген Е.Г.Брусиловский өзінің композиторлық және қоғамдық педагогикалық қызметін ұзақ уақыт бойы қазақ өнеріне арнады. Ал қазақ өнері оның барлық музыкалық шығармашылығына көркемдік мазмұн беріп, шығармашылық сара жол ашты[1]

Қалалық композиторлар Одағына мүше бола жүріп тісқаққан аға буын композиторлардан ауысқан спектакль, кинофильмдерге тапсырыспен музыка жазып күн көріп жүрген Е.Г.Брусиловский арада өткен екі-үш жылда қазақ халқының алғашқы «Қыз Жібек», «Жалбыр» операларын жазып оны 1936 жылы декада кезінде Мәскеудің Үлкен театры сахнасында көрсетіп, жарқырата кеудеге таққан орденімен бүкіл Одаққа танылды. ҚКСР Әнұранының авторларының бірі. Қазақтың 1000 ән үлгісін және 500 ән-күйінің нұсқасын ауызша айтылған немесе қолма-қол тартылған дала трубадурлары-ның орындап-айтуымен нотаға түсіріп жазып алған этнограф А.В.Затаевичтің қазақ музыкасының дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болатын. Ол жинақтар қазақтың музыка мәдениетін, кең байтақ дала әнін дүние жүзіне танытты. Бұл мәдени мұраларды жинақтау жұмыстары 20-шы жылдар екінші жартысы мен 30-шы жылдары музыкалық техникумның, жаңа кәсіби өнер ошақтарының (филармония, музыкалық театрлар, т.б.) ашылуына байланысты күшейе түсті. Республикада бар кәсіби музыка мамандарының деңгейі жаңа міндеттерді орындауға жетпей жатты. Сондықтан, жас та болса білімі мен біліктілігі жаңадан қойылған талаптар деңгейінен көріне білген Ленинград қаласынан арнайы композиторлық білімімен келген Е.Г.Брусиловскийдің кандидатурасы қазақ музыкасының жаңа бетін бастауға лайық түлға болды. Жаңа орта - Алматыға келген жас композитор өзінің жұмысына сергек қарап жан-жағына көз салып, жаңа ортаның музыкалық ерекшеліктерін көкірегіне құйып, құлағына сіңіріп жатты. Этнографиялық зерттеу кабинетінде қазақтың танымал орындаушыла-рынан 250 ән-күйлерін нотаға түсіріп оны фортепианоға өңдеп дайындық жұмыстарымен бір жылдан астам уақып айналысты. Ол Қазақстандағы жұмыс істеген кейбір өзге ұлт өкілдері сияқты ыс-тық сүтті

айналшықтаған мысық сияқты сүттің салқындауын күтіп, әліптің артын баққан жоқ. Келе білек сыбанып жұмысқа кірісіп кетті. «Маған қазақтың халық әніне «жан-тәніммен бойлау» керек болды, оның эстетикасын оның ойлау жүйесін, оның өркендеу принциптерін ұғыну керек еді. Бұл болашақ шығармашылық жұмыс үшін қажетті жаттығу болатын» [2]

А.Жұбановпен бірге істеген жұмыс Е.Г.Брусиловскийдің халық музыкасынан қор жинаған, жаңа белестерге жетуге қажетті дайындық алаңы болды. Жаңадан қабырғасы қаланған музыкалық театрға жұмысқа ауысуға «…Маған осы театрдың музыкалық жетекшісі және жаңа репертуармен шұғылданатын композитор қызметін ұсынды». Үш күн ойланып -толғанғаннан кейін «Біз келісімшартқа қол қойдық, ол бойынша мен театрдың музыкалық жетекшілігіне тағайындалдым және театрда Г.Мүсіреповтің «Қыз Жібегінің» жаңа қойылымдарына арналған музыка жазуға тиісті болдым»- дейді композитор. Әрине, жас та болса Е.Г.Брусиловский мұндай тапсырыс алу үлкен жауапкершілік жүкейтінін сезді. Бұл міндеттің дұрыс шығуы оның атын қазақ музыка тарихына алтын әріптермен жазып ұлттық кәсіби музыкасын алғашқы жасаушылардың бірі, бірі емес бірегейі ретінде ашуға жол ашты. Жұмысқа құлшына кірісуге жан-жақты жасалған қолайлы жағдай, басшылықтың тікелей қадағалауы, талантты өнерпаздардың бәрі композитордың жанынан табылуы көп әсер етті. Осындай қызу жұмыспен жеке бастың мәселелері екінші планға шықты. Әйелімен болған түсініспестік араларын алшақтатып та жіберді. Ол арнайы келген жұмысына беріле істеп басқа басы артық мәселелерге көңіл бөлуге уақыты болмаған да сияқты. «Бірақта мен қууға тура келетін екі қоянның ішінде театр дейтін қоян зауқымды билей бергені күмәнсіз. Қазақстанга келгендегі басты мақсатым да, асылы, осы қоян ғой» дейді . Шығармашылық оның барлық уақыты мен күш жігерін алды.

Алғашында баржоғы 11 адамнан тұратын театр оркестріне партитура жазып оны ойнатудың өзі де үлкен қиындықтарға, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда езуге күлкі үйірер сәттерге толы болған. Операға жазылған вокалдық ансамблдерді дайындау барысында, ән орындауда өзінің домбырасымен сүйемелдеу кезінде халықтың қошеметтеген, көтермелеулерінен басқа еш дыбыс естімейтін халық әншілері үшін қиындықтар әкелді. Соған қарамастан қазақ өнерпаздарының мүмкіндіктерін ескере отырып алғашқы труппа орындауға күші келетіндей шығарманы жасап халық игілігне айналдырды. Бірақ ол өзінің шығармашылығына сыншыл көзбен қарайды. Композитордың ойынша бүгінде бірнеше ұрпақтың сүйікті спектаклі болған «Қыз Жібекті» халық тұсаукесер қойылымда бірден жақсы қабылдаған жоқ. Құрманбек, Қанабек, Күләш, Манарбек сынды алғашқы жүлдызды топ орындаған «Қыз Жібек» премьерасы жайлы автор «Жиналған жұрт спектакльді әлдебір сенімсіздеу, әлдебір бейжай күймен көргендей болды. Тұтастай алғанда премьера сәтсіздікке ұшырады» деп ағынан жарылады. Бірақ, осылай дүниеге келгеніне қарамастан бұл спектакль театр репертуарында қала отырып өзінің

көрермендерін тапканын және халықтың сүйіп тамашалайтын қойылымына айналғаны композитор мен жас театрдың алғашқы үлкен жеңісі болатын.

Композитор өзінің алғашқы күрделі сахналық жұмысы «Қыз Жібектен» бастап халық жыр-аңызы негізінде жазылған: опералар мен балеттер, симфониялар мен концерттер, оркестрлерге (симфониялық, ұлттық, эстрадалық) арналған туындыларында, оркестр хор жеке әншілерге арналған кантаталарында, драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге, камералық-аспапты ансамбльдер мен жекеленген аспаптарға, хорлар мен жеке әншілерге эн-романстарын дүниеге әкелді. Осы сан алуан музыка жанрларын жазудың пионері бола жүріп Е.Г.Брусиловский өз соңында қалатын ізбасар шәкіртер тәрбиелеу ісіне зор жауапкершілікпен келген. [3]

Құрманғазы атындағы консерваторияның қабырғасы қаланған алғашқы күнінен бастап композиция кафедрасының меңгерушісі, профессоры бола жүріп өзінің ізбасар шәкірттерін тәрбиелеуге ерекше назар аударған. Қазақ кәсіби музыкасының сан-салалы жанрларға бөлініп дамуына ұлттық кадрларды өз жерімізде дайындауға қол жеткізуіміз және осы істің басы-қасында қазақ музыкасының формасы мен түрлерін ырғақтық, ладтық, тоналдық құрылымын терең зерттеген, оны тәжірибеде кеңінен қолданған профессор Е.Г.Брусиловскийдің отыруы тікелей себеп болды. Қазақ халқының ұлт кадрларын тәрбиелеп қана қоймай қазақстандағы өзге ұлттардың да музыкалық кадрлар мәселесін шенгуге атсалысып отыруы өз жемісін берді. Шәкірттері: Бақытжан Байқадамов, Евгений Бычков, Кенжебек Күмісбеков, Құддыс Қожамяров, Нағым Меңдіғалиев, Қапан Мусин, Сыдық Мұхамеджанов, Еркеғали Рахмадиевтар бүгінгі қазақ үлттық кәсіби музыкасының алтын қорына тамаша туындылар қалдырды. Олар Е.Г.Брусиловскиймен бірге және ол өмірден кеткесін де биіктен көрініп отырды. Ұстаз тастаған дәннің құнарлы топыраққа түскеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, II том
2.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.

ӘОЖ 7.035

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕГІ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН ОРНЫ

Тұрсынқызы Г. - К106-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Кененбаев С. - аға окытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается история развития древних музыкальных инструментов и их значение в казахском музыкальном искусстве

Адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Музыка да адамның асқақ, асыл ойлары, арман-мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әр түрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Әлемдік музыка қорына әр халық, ұлт өзіне тән өрнекпен өлшеусіз үлес қосып келеді Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны анық. Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата – бабаларымыз тастан, ағаштан, өсімдіктен, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т. б. алуан түрлі заттардан дыбыс шығаруға болатынын аңғарып, қарапайым музыкалық аспаптар жасап алды. Сол ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, соңына қыруар мұра қалдырған Болат Шамғалиұлы Сарыбаев еді. [1]

Болат Шамғалиұлы ұмыт бола бастаған көне музыкалық аспаптарды терең зерттеуді Отырар қаласында жүргізілген қазба жұмыстарында табылған үскірік аспабынан бастаған. Осылайша зерттеу саласына біржолата бет бұрған ол отызға жуық көне аспапты тауып, ұлт өнерінің игілігіне айналдырды. Артында «Қазақтың халық аспаптары» атты монографиясы мен «Қазақтың музыкалық аспаптары атты» көлемді зерттеу еңбегі қалды. Шоқан мен Әлкей Марғұланнан кейін көне аспаптарды зерттеген ешкім болған жоқ. Оның өзінде олар бірді-екілі мақала жазумен ғана шектелді. «Қазақтың музыкалық аспаптары атты» еңбегінде қазақтың музыкалық аспаптарының Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтардың, сондай-ақ қалмақтар мен монғолдардың музыкалық аспаптарына көп ұқсастығы барын айтады. Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішін-түріне, ою-өрнегіне, шығатын үніне қарай белгілі бір ұлтқа тән болған, сол ұлттың өнерін паш еткен. Бізге белгілі бір тектес аспаптар өзара ұқсас болғанымен, олардың, жасалуында бірқатар айырмашылықтар бар.

Ерте заманда үрлеп және ұрып ойналатын аспаптар адамдардың бір-біріне дыбыс беруі үшін немесе аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылған. Мұндай аспаптарды біздің арғы аталарымыз жорыққа шыққандарында, аң аушы күш аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни салт-жораларда, бекзадалардың сауық-сайранында асырларға пайдаланған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет ақыт бойы болғандықтан көне аспаптардың үрлеп тартылатын әрі немесе және мембраналық ұрып ойналатын түрлері көп болған, өйткені, бұлардың даусы қатты шығады.

Көне аспаптардың бір қатары ән мен жырды сүйемелдеу үшін пайдаланылған. Халықтың ән-күйінің дамуы аспапты арына көп жетілдірумен және орындау шеберлігін арттырумен қатарласа жүріп отырған. Әуелгі қарапайым әндер әдетте аның өзара аспаптың техникалық мүмкіндігіне қарай, сондай-ақ, ап-айқын айтушының өнері мен шеберлігіне қарай түрлі нұсқада орындалып келгенін айтады. Өкінішке қарай уақыт өте келе сирек қолданылатын болғандықтан осы айтылған аспаптардың кейбір түрлері мүлде ұмыт қалдырылған. Есесіне музыканы, ән мен биді ансамбль сүйемелімен

орындау музыкасы түрлері кең дамыған халықтарда көне аспаптар жақсы сақталған.

«Қазақтың музыкалық аспаптары» еңбегінде ансамбльдік аспаптарға жататындар мынадый түрлерге жіктеледі: үрлеп тартылатын керней; сілку арқылы дыбыс шығаратын сафаиль, ұрып ойналатын нагора. Тунур, орба сияқты тын үніне аспаптар Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтарда бақсылар арасында ғана сақталған. Ежелгі тайпалардың негізінен аңшылықпен айналысқаны белгілі. Олар аңға шыққанда пырғы, амырғы, авырғы, эдиски, сымысха, және басқа аспаптарды пайдаланған. «Бұл аспаптар алтайлықтарда, хакастар мен тувалықтарда күні бүгінге дейін бар», - делінеді еңбекте.

Түркі тілдес тайпалар арасында үрлеп және ұрып ойналатын аспаптармен бірге ішекті, тілді және сілку арқылы дыбыс шығаратын аспаптар да қолданылған. Кейбір мәліметтерге қарап бұлардың қай топқа жататынын анықтауға болады. Көне аспаптардың көптеген аттары VII-XII ғасырлардағы ежелгі түркі жазу ескерткіштерінде кездеседі. Сыбызғы, сырнай, карнай, керней, бырғу, абырга, чан, чанг, лютня, қобыз, дабыл сияқты музыкалық аспаптар түркі тілді тайпаларында болғанын аңғару қиын емес. Аспаптардың кейбір атаулары ортақ: кубыз, комуз, комус, хомус, Хомыс, қобыз. Бұл аспаптардың түрлерімен ғана емес, сондай-ақ үні жағынан да бір-бірінен өзгеше болып келетін аспаптардың о бастағы атаулары бірдей болған. Ұрып ойналатын аспаптар ішінен ежелгі жазу-сызу ескерткіштерінде бәрінен де барабан мен бубен тәрізді аспаптар жиі аталады. Аспаптардың басты ерекшеліктеріне де тоқталып өтеді. Мәселен, шертіп ойналатын аспаптың бірі – арфаның алғашқы түрі садаққа ұқсас болып келген. Варган (шаңқобыз) тектес сым тілшелі аспап, флейта тектес үрлеп тартылатын аспап, қобыз тектес қияқпен ойналатын аспап, барабан, бубен тектес ұрып ойналатын аспап т.б. бұрын барлық халықтарда болған, оларда қазір де бар. [2]

«Қазақтың музыкалық аспаптары» еңбегінде көптеген халықтар арасында кең таралған аспаптарға да тоқталып өтеді. Мысалы, өзбектердің, азербайжандардың, ұйғырлардың музыкалық аспаптары, парсы және араб аспаптарымен, тувалықтардікі монғол аспаптарымен біршама ұқсас келеді. Өзбек пен ұйғырлардың аспаптарының аталуы да, жасалуы да араб-иран аспаптарына ұқсайды (ауған аспаптары -тамбур, дамбура, дотар, рабаб, дойра, чанг). Нақ осындай, тува аспаптары - лимби, бушкуур, бурээ, чанзы, кенгирге, шан монғол аспаптарынан аумайды. Өзбекстанда бақташылардың үрлеп тартатын қошнай (қазақтың қос сырнайына ұқсас жіңішке екі түтікті біріктіре жасалған), қазақтың сыбызғысына ұқсас, чупон най немесе гажир най қамыс сырнайына ұқсас, сибизик, кобуз, чангкобуз, домбыра сияқты аспаптар күні бүгінге дейін қолданылып жүр.

Фольклорлық деректер мен этнографиялық материалдар атты бөлімде қазақтың төл ұлттық аспаптарына тоқталады. Қазақтың көптеген музыкалық аспабы халық |поэзиясында аталатыны тектен-тек емес. Батырлар жырында үрлеп ойналатын және урып ойналатын қоңырау, аспаптардың аттары

кездеседі, бұл аспаптарды дабыл заттар қағу үшін жорықтарға алып шығатын болған.

Жорықта пайдаланылатын ұрып ойналатын аспаптардың көлемі үлкен, даусы зор. Оның жер күңіренткен күшті жынын даусымен жауынгерлер өз жауларының үрейін ұшыруды қоңырау көздеген. Дабыл қағу мақсатында мүйіз сырнай мен керней алатын кеңінен қолданылған.

Халық тұрмысында, сонау бағзы заманнан бері, налатын қоңырау, көлемі әр түрлі сақиналар және басқа металл заттар қолданылған. Жауынгерлер жорыққа шығарда оларды өздерінің найзаларына тағады, сөйтіп даңғұр- дұңғыр дауысты көбейтіп жауларын сескендірмек болады екен.

Қазақ бақсылары да өздері ем жасаған кездерінде ен күшті жынын алдырғандай болып ақыра-бақыра отырып,қоңыраулар мен сақина-шығыршықтарды қоса даңғырлатып-күңгірлететін болған. Оларды көбінесе музыкалық аспаптар даңғыраға, асатаяқ пен қылқобызға тағып алады екен, домбыраға сирек таққан, сондай-ақ бақсы салт бойынша қолына ұстап жүретін бұйымдары мен үстіне киетін киімдеріне де қоңыраушалар байлап алатын болған. Сонымен қатар аңшылар да үрмелі аспаптар пайдаланған. Олардың арасында ұрып ойналатын дауылпаз бен шаңдауыл көп пайдаланылған

Бір қызығы, бұл еңбекте ертедегі аңшылардың кей жануарлардың үнін айнытпай салатын аспап болғаны туралы дерек бар. марал шақыру үшін бұғышақ деген құралпайдаланылған. Ертеректе бабаларымыз кәдімгі қылқобызды барабан ретінде пайдаланғаны туралы да дерек бар. Бақсылар қылқобыздың шанағына байланған көн теріні қолдарымен ұрып дыбыс шығарған. [3]

Қазақ халқының музыка мәдениетінің даму тарихы өзгеше. Музыка аспаптарының әр түрлілігі де соның бір айғағы.Ұмыт болған аспаптарды қайта өңдеу және оларды жетілдіре түсу , аспаптарды дамыту сондай –ақ осы аспаптарға байланысты ұлттық өнерімізді тұрмысымызға кеңінен енгізу біздің азаматтық парызымыз. Уақыт шаңына көміліп ұмыт қалған қазақтың көне аспаптарында ойнау тәсілдерін қайта өрбітіп , қалпына келтіру - әуезшілік шығармалардың мазмұнын жаңа көркемдік сатыға көтеріп қоймай , ұлттық мәдениетімізді байытып , оған дәстүрлік тұрпат беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1.Бекхожина Т. Қазына: Музыкалық этнографиялық жинақ. -Алматы: Жалын,1979.
2. Эйхгорн А. Музыка киргизов // Музыкальная фольклористика в Узбекистане -Ташкент 1963.
3. Қазыбеков М. Наурыз. Жаңғырған салт-дәстүрлер -Алматы: Қазақстан, 1991

УДК 37.013

ФОРТЕПИАННОЕ ТВОРЧЕСТВО Е.Г.БРУСИЛОВСКОГО В СВЕТЕ СОВРЕМЕННОСТИ

Төлеген Д., студентка гр. 106-17
Научный руководитель: Куленова И.М., к.филос.н., и.о. доцента
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада Е.Г.Брусиловскийдің Қазақстандағы фортепиано музыкасының дамуына қосқан үлесі туралы айтылады.

В Казахстане Евгений Григорьевич Брусиловский по праву считается корифеем музыкального искусства и одним из основоположников профессиональной музыки в Казахстане. Он является родоначальником казахской классической оперы, заложил основы симфонической и камерной музыки. Важное место в наследии казахстанского мастера занимает фортепианное творчество. Оно также велико по масштабам как его оперное и симфоническое творчество, и показательно в плане музыкальной стилистики, явившейся отражением характерных тенденций своего времени. Он является автором большого числа фортепианные сочинений: фортепианные обработки кюев (10 пьес) – 1933-34гг; «Экспромт» – 1939г; «Патетический монолог», «Юмореска», «Токката» - 1946г; Концерт для фортепиано с оркестром – 1947г; цикл полифонических детских пьес; 10 инвенций; «15 пьес» сборник детских пьес – 1952г; в 60-х годах – ряд виртуозных пьес: «Взлет», «Солнечный день», «Сонет»; цикл «25 танцев» - изданы в 1970-71гг. под названием «Хореографический сборник» – две тетради.

Родился Евгений Брусиловский в 1905 году в Ростове-на-Дону. В 1922–1924 годах в Московской государственной консерватории им. П. Чайковского учился как будущий пианист и композитор, затем продолжил свое обучение в Ленинградской государственной консерватории им. Римского-Корсакова по классу композиции М. Штейнберга и окончил ее в 1931 году. Через два года Ленинградский союз композиторов командировал молодого композитора, к тому времени автора двух симфоний и музыки к кинофильму "Возвращение Нейтана Беккера", в Казахстан.

Филолог и музыковед, композитор, коллекционер, организатор единственного в республике музея грампластинок Наум Шафер говорил, что если А. Затаевичу обязаны сохранением лучших образцов казахского фольклора, то Е. Брусиловскому – тем, что он раскрыл их духовный потенциал, возвысив их до уровня шедевров мировой музыкальной культуры.

Большой знаток народного творчества, Е.Г.Брусиловский использует кюи или сочиняет свои оригинальные мелодии, близкие народным. Кюи послужили для композитора источникам, содержащим неисчерпаемые тематические и художественные ресурсы. В народных музыкальных драмах «Кыз - Жібек”, “Ер-Таргын” Брусиловский использовал кюи “Балбраун”, “Айжан-кыз”, “Былкылдак”, “Кенес-кюй”, “Байжума”

Первым оригинальным произведением, в котором Брусиловский претворил некоторые закономерности казахской народной музыки, явилась “Токката”. Здесь композитор продолжил поиски национального стиля, начатые Затаевичем. Форма пьесы ярко индивидуальна. Брусиловский впервые попытался осуществить синтез — сочетание черт кюя и сонаты, используя расположенность домбровых пьес к сонатно-симфоническому развитию. Развитие в пьесе осуществляется кюевыми средствами: крепкая сцепленность тем при постоянном интонационном обновлении - отсюда непрерывность движения. Репризность также играет большую роль во внутреннем строении, что указывает на танцевальный характер музыки. Первоначальное название “Токкаты” - “Танец радостив форме кюя”, написан Брусиловским специально для танцевального номера Шары.

Фактура “Токкаты” полнокровная, оркестрового звучания. В ней Брусиловский продолжил поиски фактуры нового типа, связанной с народным инструментальным творчеством. В главной и 1-ой побочной темах он в правой руке употребляет фактуру, имитирующую домбровое двухголосие. Усиливают национальный колорит звучания гармоническая структура аккордов, основанная на квартах и квинтах. В этой пьесе композитор нашел и попытался претворить некоторые закономерности казахского народного инструментального творчества, это воплощение основного принципа развития кюевых пьес: непрерывность движения при постоянноминтонационном обновлении.

Следующим произведением Брусиловского, связанным с национальной тематикой, стал цикл фортепианных пьес «25 танцев» сюда вошли обработки казахских народных песен, кюев, напевов, танцев, пьесы, написанные в начале 60-х годов.

Обработки кюев, которые вошли в данный сборник: «Айжан-кыз”, “Таттенбет”, “Былкылдак”, а также - “Топан” и “Байжума”. Если “Топан”, “Байжума” и “Айжан кыз” претерпели незначительные изменения редакторского характера, то обработка “Былкылдак” - это новый концертный вариант кюя. Здесь Брусиловский не ограничивается только мелодическим материалом, а значительно расширяет размеры танца. Дополнительно дает небольшое вступление. Это показ основного ритмического ядра, который типичен для вступительных разделов в домбровых пьесах- “кайырма”. Увеличение масштабов формы, плотная аккордовая фактура, размашистый шаг аккомпанемента, обилие акцентных средств и широкий диапазон динамики- придают ему черты праздничности, широкого веселья.

В его хореографическом сборнике особенно выделяются пять Казахских танцев из I части. В основе крайних частей первого танца до мажор - известная казахская песня «Сармойын», которую Брусиловский ранее применил в IV акте оперы «Кыз Жибек» (песня Бекежана). Средняя часть танца - оригинальная мелодия композитора в духе казахских народных песен с типичным двухголосным домбровым аккомпанементом. Во втором танце ля минор автор

вообще не цитирует народных тем, но имитируя звук домбры, создает оригинальный фортепианный кюй.

Третий танец ми мажор Би-кюй взят из записей Б.Г.Ерзаковича, это свободная обработка народного материала. Четвертый танец до минор написан на основе известного кюя Даулеткерея «Топан» (кличка беркута). Взят из сборника А.В.Затаевича «500 песен». Кюй был записан у кюйши Махамбета Букейханова. Это произведение со сложной смысловой нагрузкой, о котором выдающийся Казахский композитор и музыковед академик А.К.Жубанов писал: «В этом кюе своеобразно отражено движение времени, стремление угнетенного сознания к свободе и счастью».

Пятый танец соль мажор-имитация кюев Курмангазы, таких как «Серпер» и «Адай», отличающихся ярким динамическим развитием. Национальный характер музыки танцев подчеркивается всем комплексом выразительных средств. Гармонический язык и фортепианная фактура вытекают из народных особенностей музыки, учтены особенности звучания народных инструментов.

Также как и оперное и симфоническое, фортепианное творчество Е.Г. Брусиловского сыграло важную роль в становлении национального композиторского стиля в Казахстане.

Литература:

1. Досаева А.Ж. Казахская фортепианная музыка. – Алма-Ата, 1991.
2. Джумакова У.Р. Творчество композиторов Казахстана 1020-1960 годов. Проблемы истории, смысла и ценности. – Астана, 2003.
3. Мухитова А. Фортепианные миниатюры в творчестве композиторов Казахстана// История искусств Казахстана. Очерки Т.2. – Алматы, 2004. – С.325-338.

ӘОЖ 372.87

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Бектұрған Н.-1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Карсыбаева А.М.-ҚР мәдениет саласының үздігі, п.ғ.м., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматриваются методы развития шворческих способностей учащихся на уроках музыки

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты.

Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Музыка өнері әрбір оқушыны

әсемдік әлеміне үйретіп қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге табиғи жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек.

Тәрбиедегі басты мақсат: қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болды. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы мен мәдени деңгейін жоғарылату-басты міндет.

Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т.б. мәселелерді көтере келіп, эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми талдаулар жасады. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді», т.б. өзгерісін бақылап, сезінуге үйретеді. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Оқушы өз жауабын жолдастарының жауаптарымен салыстыра отырып, пікірінің дұрыстығына немесе жаңсақтығына көз жеткізеді. Сол арқылы оның музыка жөніндегі ойы мен талғамы қалыптасады. Музыка шығарманы талдау әңгімелесу әдісі арқылы жүргізіледі. Көркемдік құралын, көркем бейнелердің жасалу жолдарын сабақтың тақырыбы ретінде алынған белгілі бір мәселе төңірегінде талдау оқушы танымын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына жол ашады.

Музыка сабақтарында балалар жан-жақты даму барысында алдына көптеген мақсаттар қоя біледі. Дәлірек айтсақ, балаларды музыканы тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Жан-жақты музыкалық даму баланың ішкі дүниесін байытады, сонымен қатар музыка өнерін терең және толық қабылдатып қана қоймайды, айналадағы дүниеге, өмірге, адамдарға деген көзқарасын өзгертеді. Ән айту, музыка тыңдау, музыка әдебиеттерімен танысу, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері. Музыкалық шығармашылық ән айту, тыңдау, музыкалық сауаттылық және музыкалық ырғақ педагогикалық процестермен байланыста болса ғана, шығармашылық белсенділік нәтижелі болады. Үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта

алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстар оқушыларды барынша көбірек қамтуды, олардың танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны қызықтыратындай тақырып пен музыкалық материал таңдап алғаны жөн. ұйымдастыру алдында біршама дайындық әңгіме жүргізіледі.

Музыка сабағында да ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді есті білуге үйретуге болады. Бастауышта оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка сабағында да ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте мұғалім сабақ алдында не сабақты қорытындылар сәтте пайдаланады.

Ойын-балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді.

Ойын-әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар,психологтар, социологтар зерттеуде.Мысалы, жүйелі жүргізілген ойындар кезінде төмендегідей ойындар жүргізілді. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық дискомфорт жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Әуенді тап!», “Шатасқан нотолар”, “Кім немесе не үні екенін тап”, “Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла”, «Музыка арқылы менің эмоцияларым”, “Көңіл-күйді көрсет”, “Әнді тап”, “Музыкалы-мимикалық гимнастика” т.б.

Ойындық өзара әрекет-бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды.

Музыка сабағында әрбір оқушының жеке тұлғалық (психологиялық, мінез-құлық, қабілет, мүмкіндік т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі музыкалық-дидактикалық ойындар қатарын таңдап алған жөн. Бұл ойындар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында негіз болатын оның өзін-өзі сезінуі, психикалық процестерінің дамуына бағытталып, сабақ үстінде, сергіту сәттерінде және сабақтан тыс кездерде жүргізілді. Мысалы, жүйелі жүргізілетін ойындар кезінде төмендегідей ойындар жүргізілді.

Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық дискомфорт жағдайын жақсартуға бағытталған ойындар: «Әуенді тап!», «Шатасқан», «Ноталар», « Кімнің немесе ненің үні екенін тап», «Әуенге қозғалыс ойла да сыйла»,

«Музыкалық-мимикалық гимнастика», «Музыка арқылы менің эмоцияларым», «Көңіл-күйді көрсет», «Әнді тап» т.б.

Жеке тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауын дамытуға бағытталған ойындар: «Сақина», «Үндемес», «Отырып-отырып жалықтым», «Ертегі құрастырамыз», «Ақындар бізде қонақта», «Судан балық аулайық», «Би», «Алма теру», «Сазгарлер» т.б.

Қабылдауды дамытуға арналған ойындар: «Әуенге не жетпейді», «Не бейнеленгенін анықта?», «Аспаптарды боя», «Шығарма әуенін сызықтар арқылы беру» т.б.

Есте сақтауды дамытуға арналған ойындар: «Тыңда да таны», «Әуенді есте сақта» т.б.

Ойлауды дамытуға арналған ойындар: «Төртіншісі артық», «Музыканы салыстыр», «Әуенді аяқтау», «Артық нотаны тап», «Әуен құра» т.б.

Зейінді дамытуға арналған ойындар: «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Алақан шапалақтау», «Рұқсат етілмейтін қимын», «Ұшты-ұшты» және т.б.

Ойындық өзара әрекет-бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындыр оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды.

Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі-білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Ойын өмірде ерте жасатан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Музыкалық білім беруді ұйымдастыруда қажетті ұсыныстар:

Оқушылар өз бетімен ізденуіне, өз бетімен жұмыстануына, өз бетімен жаңалық алуына бағыт беріледі.

Оқыту үрдісіне бейімділіктер мен таңдауларды анықтау және есепке алу жүреді.

Музыка пәнінде оқышулардың танымдық стратегияларымен жұмыс ұйымдастырылады.

Оқушыларға арналған түрлі үлгілердегі музыкалық-дидактикалық материалдар қолданылады.

Оқушы оқу материалының қиындық деңгейін таңдайды, мұғалім оны өзгертіп отырады.

Әрбір оқушының өзінің мүмкіншілігі мен жеке бейімділіктеріне сәйкес белсенділігі қамтамасыз етіледі.

Мұғалім оқушыға топтық немесе жеке жұмыс жасау мүмкіндігін береді.

Мұғалім мен оқушы түрлі міндеттерді бірігіп шешу барысында оның жаңа заңдары, заңдылықтар мен тәсілдері ашылады.

Таным әрекетін алдымен оқушы бағалап, содан соң мұғалім бағалайды.
Үй тапсырмасының көлемін, қиындық деңгейін, формасын оқушы өзі таңдайды.
Оқушы шығармашылық жұмыс түрлерінің авторы ретінде танылып (музыка сабағында), мәдениет үлгілерімен салыстырады.

Әдебиеттер:

1. Мектептегі тәрбие жұмысы. Мектеп баспасы . Алматы 1978.
2. О.С.Богданова; В.И.Петрова. Бастауыш кластардағы тәрбие жұмысының методикасы. Алматы,Мектеп ,1980.
3. П.Сағынтаев; А.Шәндібаева. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие беру әдістері. Алматы. Рауан 1996.
4. Пернебек Момынұлы. Музыкалы-эстетикалық тәрбие Алматы 2000.
5. С.Байжұманов. Халық аспаптары оркестрі. Алматы Өнер 1993.
6. К.Әсімбекова, Б.Мұсмафин, Т.Мұстафина, Ж.Таубалдиева. Ән сабағы Алматы
7. АмонашвилиШ.А. Здравствуйте, дети! — М., 1990
8. АмонашвилиШ.А. Как живете, дети? — М., 1989
9. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. — М., 1989
10. Мазепина Т.Б. Развитие навыков общения ребенка. В играх, тренингах, тестах. Ростов-на-дону. 2002

ӘОЖ 372.87

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Расулов Д.- К106-16 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Карсыбаева А.М.-ҚР мәдениет саласының үздігі, п.ғ.м., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются виды и методы использования современных педагогических технологий на уроках музыки

Мектепте музыка сабақтарында заманауи педагогикалық технологияларының қалай қолданылуын анықтау үшін, «технологи» ұғымының мәнін ашып, бұл ұғымның ғылыми әдебиетте бүгінгі түсіндірмесін көрсету қажет.

"Технология" термині алғаш рет бірнеше ғасыр бұрын пайда болып, қазір өнеркәсіпте және құрылыста кеңінен қолданылады. Бұл ұғым педагогикаға осы екі саладан келді. Бұл ауысуға білім беру саласында дамудың белгілі бір деңгейінде қолданыла бастаған деректерді өңдеу мен сақтаудың ақпараттық технологияларын дамыту ықпал етті. Олардың пайда болуы мен білім берудегі қарқынды дамуы жаңа терминологияның тез таралуына әкеліп соқты.

А.С.Макаренко жазғандай, өндірістің даму тарихын қарастыру, келесі болжамға мүмкіндік береді-адамның кез-келген әрекет саласының дамуы тізбекті түрде жүреді: кездейсоқ тәжірибе-қолөнер-технология.

Алғашқы кезеңде адам бір құбылысқа тап болып, оны игереді және онымен жұмыс жасауға дағдыланады. Екінші -қолөнерді дамыту кезеңінде

адам берілген құбылысты игеріп қана қоймай, оған белгілі бір әрекет түрін қалыптастырып, күш жұмсайды, оны өз өмірін қамтамасыз етуге ыңғайлайды. Дәл осы кезеңде қызмет түрлері бойынша кәсіп пайда болады: ағаш, қыш ұсталары, балықшы т.б Үшінші кезеңде қоғам белгілі бір өнімді шығаруға қажетті механизмдер мен техникалық құралдар жасалған дамудың деңгейіне жетеді. Ендігіде олар өнімді шығарудың негізгі жұмысын атқады.

Егер "технология" терминінің осы мағынасын педагогикаға аударатын болса, онда оқыту технологиясы оқытудың белгілі бір әдісін білдіреді, онда оқыту функциясын іске асырудағы негізгі жүктемені адам басқаратын оқыту құралы орындайды. Технологияда мұғалім оқушыларды оқытпайды, оқу құралын басқару, сонымен қатар оқушылардың іс-әрекетін ынталандыру және үйлестіру функцияларын орындайды. Оқыту технологиясы ұғымы жоғары тиімділікке қол жеткізу үшін оңтайлы жағдай жасайды, бұл білім беру процесін ұйымдастыруға жүйелі көзқарассыз, ауқымды компьютерлендірусіз, оқытудың техникалық құралдарын қолданусыз, оқытудың қазіргі заманғы әдістерінсіз, әсіресе белсенді әдістерсіз, сондай-ақ заманауи оқыту технологиясының талаптарына жауап беретін біліктілігі бар кадрларсыз мүмкін емес. Осылайша, мұғалім негізгі ақпарат көздерінің бірі болуды тоқтатып, тәрбиеші ретінде өзінің функцияларын сақтай отыра, білім мен дағдыларды сәтті игерудің жаңа шарттарын ұйымдастырушы және жасаушы болады.

Музыка пәніне жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлімен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық ғылыми-педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялармен инновациялық оқыту әдістер арқылы оқушыларды шығармашылыққа, өзін-өзі дамытушылыққа, белсенділікке үйрету болып табылады. Инновациялық әдістерді оқушының білім деңгейі мен жас ерекшеліктеріне қарай оқу үрдісіне пайдалану-бүгінгі күннің негізгі міндеті.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері, мұнда оқушының қабілеті мен бейімділігі басты назарда болуы керек. Сонымен қатар, оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын ояту жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан да оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты музыка жанрларының шығу тарихы мен оның түрлері дамыған елдерде, белгілі композиторлардың шығармашылығы мен үздік туындыларынан, орындаушылардан толық мағлұмат беріп отыру.

Музыка сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану-оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидаутикалық мақсаттар іске асырылады.

Сабақтың тиімділігін оқушылардың тақырып материалдарын оқып үйренуде түрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан

байқауға болады. Оқытудың осындай әдістерін пайдалана отырып, мұғалім де, оқушы да алға қойған мақсатқа жетіп, білімін шыңдай түседі.

Бүгінгі күні көптеген музыка мұғалімдерінің тәжірибесінде жиі кездесетін технологияларды төмендегідей сипаттаймыз.

Қабылдау процестерін дамыту технологиясы оқушылардың барлық музыкалық-тәжірибелік әрікет түрлеріне енеді. Музыканы қабылдау (эмоционалды және саналы) музыкалық шығармаларды интонациялық-бейнелі және жанрлық-стильдік талдауда әдістемелерін қолдану процесінде толығымен қалыптасады. Бұл әдіске әр кезде Б.В. Асафьев, В.В. Медушевский, Д.Б. Кабалевский т.б., сонымен қатар «Музыка» пәні бойынша 38 оқу құралының авторлары: В.В. Алеев, Т.И. Бакланова, М.С. Красильникова, Г.С. Ригина, Г.П. Сергеева, Т.В. Челышева, Л.В. Школяр жүгінген.

Музыканы қабылдау процесінде студенттердің музыканы қабылдау қабілетін қалыптастырудағы әлеуметтік фактордың функциясы анықталады - бұқаралық ақпарат құралдарының әсері, спектакльдерге, концерттерге, мұражайларға бару, компьютерлік технологияларды, интернетті пайдалану және т. б.

Әншілік мәдениетті дамыту технологиялары. Қайта өрлеу процесінде отандық хормен ән айту дәстүрі музыка мұғалімінің белсенділігіне айналды есту қабілеті мен дауысты дамытудың заманауи әдістерін, соның ішінде өткен заман (М. и. Глинка, А. Е. Варламов) және қазіргі кездегі (Ю. Б. Әлиев, В. В. Емельянов, Г. А. Струве, г. П. Стулова) жеке авторлық әдістері, оқушылардың жас ерекшеліктері, қолдану мүмкіндігін ескере отырып оқытудың 39 ойын тәсілдері, вокалды-хор репертуарының нақты іріктелуі, хормен орындаудың ұжымдық, ансамбльдік және жеке нысандары қолданылды. Бұл жерде заманауи технологияларды пайдалану (мысалы, фонограммамен ән айту) балалардың жанды дауысын алмастырмауы керек.

Балалар орындаушылық технологиялары. Орындаушылық деп музыкалық-практикалық оқушылар қызметінің алуан түрлерін түсіну: аспаптық орындау-музыкалық шығармаларды орындау процесіне қарапайым аспаптарды қосу, ритмикалық, жоғарыдыбыстық, үрмелі аспаптарда орындау техникасын меңгеру болып табылады. Музыка мұғалімі сабақта өз күшімен түрлі қиындықтағы музыканы орындауға арналған аспаптық "оркестр партитураларын" құрастырып, оның дыбысталуына жұмыс жасауы керек.

Музыканың арттерапевтік әсері мен денсаулықсақтау технологиясы. Аталған технологияны қолдануда мұғалім негізгі функлияларына түсінушілікпен қарау керек: оқу үшін ыңғайлы орта құру (стресстің әсерін азайту); музыкамен айналысу үшін жағымды эмоционалды фон құру; биологиялық көрсеткіштерді қалыпқа келтіру: тыныс алу, қан қысымы, жүрек ырғағы; музыканы қабылдау кезінде есту белсенділігін ынталандыру, ән айту процесінде дауыс аппаратын сауықтыру, есту мен дауыс арасындағы үйлестіруді қалпына келтіру (вокал терапиясы), үрмелі аспаптарда музыка

ойнау процесінде өкпе функцияларын дамыту (сыбызғы, саз сырнай), музыкаға қозғалыс моторикасын дамыту (пластикалық интонация, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, соқпалы аспаптарда ойнау); коммуникативтік функцияларды түзету; сабақ басталар алдында, үзілістерде ыңғайлы дыбыстық орта ("фондық музыка") құру мақсатында классикалық музыканы қабылдау.

Мектеп оқушыларының ассоциативті-бейнелі ойлауын дамыту технологиялары. Бұл технология музыканы басқа өнер түрлері: әдебиет, бейнелеу өнері, музыка, кино, театрмен кіріктіруге негізделген. Өнер интеграциясы музыка тілін үйренуге мүмкіндік беріп, оның басқа өнер тілімен "ұқсастықтары мен айырмашылықтарын" анықтауға негіз болады. Сонымен қатар "көркем образ" категориясы музыкалық сабақтар процесінде өнердің өзара әрекеттесуіне арналған жалпы платформа ретінде саналуы керек. Айта кетсек, музыка сабақтарында өнерді кіріктіру барысында басты рөл музыкаға тиесілі болуы керек.

Оқушылардың ғылыми жобалары танымдық қызығушылығының даму технологиясы ретінде әлеуметтенуі бүгінгі таңда музыка сабақтарында кеңінен таралған. Бұған жобаларды дайындау мен қорғаудың ұжымдық, топтық және жеке формалары кіреді. Оқушылардың жобалық қызметі оқу материалын меңгеруді аралық және қорытынды бақылау формасы ретінде әрекет ете алады. Сыныптастар, басқа сынып оқушылары, ата-аналардың, шағын аудан тұрғындарының алдында жобаны көпшілік түрде қорғау-мектеп өміріндегі маңызы шынайы көркемдік оқиға болуы керек.

Оқушылардың музыкалық мәдениетінің даму деңгейін диагностикалау технологиялары оқытудың жеке, мета-пәндік және пәндік нәтижелерін, әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру сапасын, музыкалық мәдениет құбылыстарын эмоционалды қабылдау дәрежесін, оқушылардың танымға ашықтығын анықтау; музыканың негізгі ұғымдары мен санаттарын, оның стильдерін, жанрларын, тілін меңгеру жүйесі; мектеп оқушыларының музыкалық өнердің рухани құндылықтары туралы түсініктері арқылы зерделенетін шығармаларға саналы түрде қарау; музыканың адам өміріндегі, қоғамдағы рөлі мен орны туралы жеке-жеке пайымдау қалыптастыру; оқу жұмысы, сабақтан тыс іс-әрекет, күнделікті өмір, бос уақытты ұйымдастыру, әлеуметтік-мәдени жағдайларда, шығармашылық қызметке бейімделу процесінде алынған білімді, практикалық дағдыларды " жаңғырту" мақсатында қолданылады

Көптеген мұғалімдер жұмыс барысында "Жобалық" технологиясын қолданып келеді. Жобалық жұмыс барысында оқушылардың көркемдік талғамы, зияткерлік қабілетінің дамуы, эмоционалды саласы мен шығармашылық әлеуеті, сондай-ақ сұлулық заңдары бойынша әлемді бағалауы жүзеге асырылады. Тұтастай алғанда, жобалық іс-әрекет студенттердің жеке басының дамуына ықпал етеді, өйткені жобаны құру, әсіресе зерттеу барысында қарым-қатынас үрдісі қалыптасып, оқушы бұл мәселеге өз көзқарасын білдіре алады.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық әдебиетте оқушылардың музыкалық білім беру процесінде қолданылатын көптеген педагогикалық технологиялар ұсынылған. Олар: қабылдау процестерін дамыту технологиялары, әншілік мәдениетті дамыту технологиялары, балалар орындаушылық технологиялары, музыканың арттерапевтік әсері мен денсаулықсақтау технологиялары, мектеп оқушыларының ассоциативті-бейнелі ойлауын дамыту технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Жоғарыда аталған технологияларды қолдану жасөспірімдердің моральдық мәдениетін арттыруға, сыни ойлауды дамытуға, өзін-өзі тануға ықпал етіп, оған жеке әмбебаб оқу әрекеттері кіреді. Қазіргі жасөспірімдер үшін оқулықтардың тарауларын жаттаудан гөрі, туындаған өзекті мәселелердің шешімін табу әлдеқайда қызықты екенін ескерген жөн.

Әдебиеттер:

1. Абдуллин Э.Б. Теория и практика музыкального обучения в общеобразовательной школе: учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений / 78 Э.Б.Абдуллин, Е.В.Николаева. — М.: Издательский центр «Академия», 2004. — 336 с.

2. Абдуллин, Э. Б. Музыкально-педагогические технологии учителя музыки: учебное пособие / Э. Б. Абдуллин, Е. В. Николаева. – М.: Прометей, 2005. – 232 с.

3. Бажукова Е.Н. «Современные информационные технологии» // Научно-методический журнал «Музыка в школе». – 2014. - №6,

4 с. 4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии / В.П. Беспалько. - М.: Педагогика,1989. – 192с.

5. Боголюбов В.И. Педагогическая технология: эволюция понятия Советская педагогика. -1991.-№9, 123-128 с.

6. Замятина Т.А. «Современный урок музыки», учебно-методическое пособие – М., Изд-во «Глобус» - 2010 г

ӘӨЖ 7 78.06

АБАЙ ЖӘНЕ МУЗЫКА ӘЛЕМІ

Ильяс Б.М. - 1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Смаилова М.С. - п.ғ.м., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается музыкальное наследие Абая Кунанбаева

Туғанда дүние есігін ашады өлең
Өлеңмен жер қойнына кірер денең
Дүниедегі қызықтың бәрі өлеңмен
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең
Абай

Абай Құнанбаев - қазақ жазба мәдениеті мен музыка өнерін биікке көтеріп, жаyһap жырлар мен әсем ән мен тәтті күй тудырып, поэзия мен ән жанрына жаңашылдық сипат пен түр, өміршең рух берген, тек қазақ даласына ғана емес, бүкіл шығыс халықтарына танымал ұлы тұлға.

Абай өзінің үзеңгілес замандастары Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Құрманғазы, Ықылас, Тәттімбеттер сияқты музыканы, ән мен күйді

жақсы түсіне білген. Абайдың музыкалық қабілетінің ашылуына аулына келген әнші-күйшілермен кездесуі, олардың шығармашылықтарын ұйып тыңдауы әсер еткен. Бірде Біржан салдың Абай аулына келіп ән салуы, Абай әндерін тыңдап, Абайдың «Мен көрдім ұзын ағаш құлағанын» өлеңіне ән жазуы ақынның музыкалық шығармашылығының шыңдала түсуіне түрткі болған. Абай әндерін орындаушылар халық арасында әр жерде әртүрлі орындаған. Сондықтан да әндері әртүрлі айтылып, әннің бірнеше нұсқасы пайда болғаны белгілі. Абай әндерінің мелодиялық дамуы біркелкі кең созылып айтылса, кейбіреулері қысқа, ал енді бірі ариоза түрінде қалыптасқан. Әндерінің ырғақтық және өлеңіне үндестік, интонациялық құбылысы да мәнерлі, түсінікті, Абай тілімен айтқанда «тілге жеңіл, жүрекке жылы». Абай әндері мен күйлерінің тақырыбы да ауқымды. Бірде сағыныса бір-бірін асыға күткен ғашықтарды яғни шынайы махаббатты жырласа, бірде «Алыстан сермеп, жүректен тербеп шымырлап бойға жайылған» деп ел ішіндегі әділетсіздікті ашына жырлайды. Әндерінің көпшілігінде, күйлерінде табиғат пен адамды байланыстыра жырлайды. Абай шығармаларына тән қасиет сабырлылық, әуенінің өзара байланысы «Желдірме», «Май түні», «Торжорға» күйлерінен анық байқалады. Ақын «әннің де естісі бар, есері бар» деп кез келген у-шу, мағынасыз әннің адамға берер әсерінің аздығын, әннің де естісін тыңдау керектігін, тыңдаушыларына да ақыл-кеңесін айтады[1]

Абайдың түсінігі бойынша шынайы сұлу әйел - өмірдің сәні, адамға толыққанды өмір сүру үшін оның маңызы зор, нағыз махаббат – адамның байлығы, оған шабыт береді, өмірді мағыналы жасайды, махаббатсыз бақыт жоқ, демек махаббат – өте бағалы эстетикалық құбылыс. Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй Көңілге түрлі ой салар Әнді сүйсең менше сүй... - деп, жақсы ән мен тәтті күйдің адамға берер ләззатының айрықша екенін айтып қана қоймай, түрлі ойларға жетелеп, арманға қанат бітіретіні айтылады. Сөйтіп оқушысын ән-күй өнеріндегі сұлулықты сезіне білуге, оның ләззатынан құр қалмауға меңзейді. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі - олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі - мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. [2]

Жаңа ырғақ - өлшеу, жаңа кейіпті мелодия жолы, жаңа үн сөздіктері - осы үшеуі Абай музыкасының жаңалығы болды. Бұрынғы он бір және жеті-сегіз буынды өлеңдермен айтылатын әндерге Абай әндері ұқсамады. Абай тудырған жаңа поэзия лебі оның әндеріне де жаңа лебіз берді. Орыстың ұлы ақындарын үлгі тұтқан Абай музыка дүниесінде де мұсылмандық шығыстың құран оқу әуезінен үн сөздіктерін іздемегені былай тұрсын, өзіне дейінгі болып келген қазақтың халықтық әндерінің бірқалыптас тілдерін де місе тұтпады. Ол орыстың әдет- ғұрып музыкасы, қала романстарын ести, тыңдай отырып, солардан шығармашылық үлгі алды. Абайдың композиторлыққа басқалардан

өзгеше жолмен келуі, оның шығармашылық заманының алдын ораған жаңалықтарының болуы, Абай әндерінің ырғақтық, үндік, мелодиялық жақтарының өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған қасиеттерге ие болуының тағы бір себебі - Абай ерекше бір музыкалық ортада болды: бір жағынан, өзінің асқан музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәнімен сүюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қаласына гастрольге келген артистердің концерттерін тыңдап-көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса, екінші жағынан айналасына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық үлгілерімен таныс адамдар болды (өз баласы Әбдірахман, скрипкашы Мұқа). Олар Абай шығарған әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп орындаушы, дос пейілді кеңесшілер еді. Абайда Мұхит, Біржан сияқты күшті дауыс болмаса керек. Ол тек өз даусының жеткенінше ғана айтып шығарды. Ол-ақын, композитор, орындаушы арасында жетілген еңбек белгісі жоқ көздегі жағдай еді. Шығарманы бірінші рет орындаушы да, кейін оны халықарасына таратушы да шығарушының өзі болады. Бұл жағдай Абай басында да болды. Абай әндері жаңа болғандықтанда өз тұсында көп түсінбеушілікке көздесті. 7, 8, 11 буын ырғағымен ғасырлар бойы тәрбиеленіп келген адамдарға Абайдың жаңалықты ән тілі тұсінікті болып кету үшін феодализмнің кертартпа дәстүрі қолайлы жағдай болмады. Абайдың: *Адам аз мұны біліп ән саларлық, Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық,* - дегені осы бір жағдаймен байланысты болу керек. Әннің мөнін тұсіне айтатын орындаушы мен оны бағалай білетін, жаңа үнді жаны тұсінетін тындаушыны арман еткен, бұрынғы қара дүрсінділікпен күресіп келген Абай жаңа әндерінің көпке баяу тарағанына қынжылады. Алайда идеялық көзқарасында еңбекші халықтың мұңын жоқтауға көшкен Абай өзінің өленderінде де, қарасөздерінде де, әндерінде де осы идеяны қолдап отырды. Абай әнді ермек үшін де, қосымша кәсіп болсын деп те шығармаған. Ол жан сырын халыққа тек поэзия тілі арқылы ғана жеткізуді місе тұтпай, сонымен бірге халқымен музыка арқылы да тілдесуді жөн көрген... Абайдың Музыкалық мұрасы тек совет өкіметі тұсында ғана жиналып, нотаға түсіріле бастады. Қазақтың халық музыкасын жинаушы А.Затаевич 1925ж. Абайдың бірнеше әнін нотаға тұсіріп, жариялады. 30 жылдарда композитор Б. Ерзакович пен Л.Хамиди Абайдың 20-дан аса әнін нотаға тұсірді. Бұл әндердің бірқатары Абайдың екі томдық өленderінде да басылды.1939ж. [3]

Абай орындаушылыққа үлкен мән берген адам. Жақсы шығарылған ән-күй жаман орындаушының қолына түскенде, «ауыздан шыққанда еңі қашатын, кеңілдегі керікті ойдың» көбін киетінін де Абай білді. Шығарушылық пен орындаушылықтың екі турлі қабілет екенін де ол жақсы түсінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандай, Абай алғашында өз әндерінің шығарушысы да, оларды бабына келтіріп орындаудың нұсқаушысыда, ән-күйдің, әншіліктің сыншысы да өзі болды. Әрине, Абайдың «әніңді сатып ақша алма» деуі - сол көздегі ән қадірін тұсініп, біреулерді өтірік мақтап, мал табушыларды мінеп-шөнегендік еді. [4]

Қорытып айтқанда, Абай дарынды композитор болды, өзінің нота сауатынан хабарсыздығына қарамастан, ән шығару ісінде айта қалғандай жаңалықтар тудырды. Оның басты себебі - Абай поэзиядағы сияқты музыкалық шығармашылықта да орыс халқының прогресшіл өнерінің артық шылығын түсініп, оны меңгеруге тырысты. Сөйтіп қазақтың халықтық музыкалық дәстүрінде ол өзіне дейін болмаған жаңа үнді, жаңа ырғақты ән шығарды. Сонымен қатар ақын, композитор, орындаушы - үшеуі бір кісі болған тұста ол қолынан келгенше, олардың арасында еңбек белісінің керектігін сезіп, өз аулында, айналасында болса да, сол жұмыстың басын бастап кетті. Өзінің баяу даусымен шығарған үлкен сырлы әндерін халық көпшілігіне жеткізудің бар шарасын қолданды. Оның ән, күй, орындаушылық женінде қысқаша айтып кеткендерінің әлі күнге дейін ұлкен мәні бар. Композиция жағынан Абайдың музыкасы көп жанрлы деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Арғынбек Ахметжанов. Рухани Жол. Абай. Ән мұра. Бірінші кітап. – Семей, 2015ж.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы
3. Ғизатов Б. Абай әндер. / Құрастырған және алғы сөзін жазған Б.Ғизатов.Алматы «Өнер» 1994. – 80 б.
4. Бекенов У. Абайдың музыкалық мұралары:Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай/ //Қазақ әдебиеті.-1993.-11маусым.-4 б.

ӘӨЖ 7 78.06

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ескулов Е.Б. - 1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Смаилова М.С. - п.ғ.м., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогичесие основы эстетического воспитания школьников посредством национальной музыки

Қазіргі кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік саяси өзгерістермен байланысты, еліміздің болашағына белсенді атсалысатын, өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, өнерімен терең танысқан зерделі ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселеге айналды.

Қазақ халқының ғасырлар бойы сұрыпталып, жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық өнер мұрасы шексіз.

Қазақстан Республикасындағы барлық жалпы білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдамада: мектептің басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу және әр бірін жеке тұлға деп санап, оны жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау - делінген. [1]

Оқушылар тәрбиесінде қазақтың ұлттық музыка өнерінің алатын орны зор. Оқушылардың ұлттық музыка өнерімен айналысуы, жеке тұлғаның

эстетикалық талғамын және эмоционалдық мүмкіндігін көтереді. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық музыка өнерінің түрлерін (ән, күй, терме, жыр, айтыс, толғау, т.б.) олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу - бүгінгі күн талабы. Осы қойылған талаптарға сай, музыкалық білімді жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық сана иірімдерін айқындай түсу және оны тереңірек меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты зерттеп, ұлттық ағарту ісінің негізіне ғылыми еңбектерімен үлес қосқан дарынды ғалым Шоқан Уалиханов (1835-1865) – «Қазақ даласындағы тәлім-тәрбиенің басты құралы – жыр, айтыс, өлең, терме т.б. деп, олардың түрлеріне талдау жасап дүниетанымдық, тәрбиелік мәнін жоғары бағалады». Дарынды ғалымның данышпандық ой-мақсаттары қазақ халқының ұлтты өнеріне бір арна болып қосылған асыл мұра болып табылады. [2]

Эстетикалық тәрбие жалпы тәрбиелеу процесінің құрылымына сәйкес өзара тығыз байланысты элементтерден тұрады: мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары және нәтижесі. Тәрбие көп жақты процесс болғандықтан, оған табиғи орта, өмір дүниесі, отбасы, мектеп, өнер және ақпараттық жүйе сияқты түрлі жағдайлар әсер етеді. «Эстетикалық тәрбие» ұғымы-эстетикалық тәрбие теориясындағы ең жалпы ұғым. Ол өзіне тәуелді бірқатар ұғымдардың бірі - эмоциялық тәрбие. Ол балада эстетикалық қабылдаудың, шығармашылықпен елестетудің, эмоциялық толқуларының, сондай-ақ рухани қажетсінулердің белсенділігін қамтамасыз ететін мәндік күштерді мақсатқа бағыттап қалыптастыру процесі. Балалардың эстетикалық тәрбиеленуі мен дамуы идеялық, психологиялық және педагогикалық жағынан негізделген бағдарламалық-әдістемелік құжаттардың негізінде идеялық-саяси, адамгершілік және еңбек тәрбиесімен тығыз байланыста эстетикалық тәрбие жүйесі арқылы жүзеге асады. Өнер шындықтың мәні шоғырланып, мазмұнды, толық, көлемді бейнелеп және білдіре алатындықтан, ол адамның өмірге эстетикалық қатынасын қалыптастырудың өткір және әсерлі қаруы болып табылады.

Композиторлардың шығармаларындағы ұлттық музыка өнері адамның қиялына қанат бітіріп, ойлау қабілетін дамытады, туған елін, жерін сүюге, мәдениетін, әдебиетін, өнерін эстетикалық тұрғыда қабылдап сезіне білуге үйретеді, имандылық, ізеттілік, парасаттылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеп, рухани азығын молайтады.

Бүгінгі қоғам құрылысының аса маңызды мәселелерін шешуде мектептің оқу - тәрбие үдерісін адамзаттың бүкіл тарих бойы жинақтаған білімі, тәжірибесі мен өнерін меңгерту арқылы жетілдіру, халық педагогикасының тәрбиелік мазмұнымен таныстыру қажеттігі туындап отыр.

Музыка құндылығын сақтау және оны ұрпаққа жеткізу, балаларды ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау -жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты болып отыр.

Қазақстан Республикасындағы барлық білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдама жасалды. Ол тұжырымдамада мектепті жаңартудың көкейкесті бағдарламаларын (оны ұлттық және дүниежүзілік өркениеттің диалектикалық бірлігін сақтай отырып дамытуға, ізгілендіруге), сондай-ақ мектептің ұлттық мәдени жасампаздық қызметін қалпына келтіруге негізделген.

Бастауыш сынып оқушыларына музыкалық эстетикалық тәрбиесін жетілдіру мақсатында күйді пайдаланудың тиімді әдістері қарастырылды. Қазақ күйлерінің ерекшеліктері, көркемдік бейнелері арқылы, олардың эстетикалық талғамдары мен сезімдерін жетілдіру, жалпы өнер атаулымен үнемі қарым-қатынаста болу қажеттілігін, бейімділігін дамытуды қамтитын міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Күйдің балаларға берер әсері мол екенін біз практика жүзінде байқаған болатынбыз.

Тәрбиенің пәрмеңділігі мектептің балаға мінез-құлықтың пайдалы дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру туралы қаншалықты қамқорлық жасауына байланысты. Ал оған музыка сабағы бірден-бір негіз бола алады. Соның ішінде күйді бастауыш сынып оқушыларына тындатуда, түсіндіруде әрине, оларды қызықтыра отырып тәрбиелеу маңызды орын алады. Халқымызда күй тындаудың қалыптасқан дәстүрі болған, яғни тыңдаушы күйдің саз сарынын, әуендік табиғатын, құрылыс-бітімін саралай білген. Қазақ күйлері өзінің төл тыңдаушыларын ең алдымен дыбыстың тілімен баурайды. Күй түсінетін тыңдаушы сол күй өзегіндегі ойға орай алуан түрлі сезім мен әсерге бөленеді. Осыдан біздер бастауыш сынып оқушыларының көңіл-күйінде, бойында пайда болған сезім баланың санасына көп жағдайда ықпал жасайды деп тұжырымдаймыз.

Сана-объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің ең жоғарғы формасы. Педагогикалық тұрғыдан дұрыс ойластырылған баланың күнделікті өмірінде әсері бар күйлерді тыңдату, тәрбиені қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолы болып табылады. Мұның бәрі оқушыларға идеялық-саяси, адамгершілік, эмоциялық-эстетикалық тәрбие беруге жәрдемдесумен қатар, олардың жан-жақты музыкалық қабылдауын, музыкалық творчестволық қабілеттерін дамыту міндеттерін алға қояды. В.А. Сухамлинскийдің: «Егер сәби шақта музыкалық шығарманың әсемдігін жүрекке жеткізе білсек, егер дыбыстардан бала адам сезімінің сан қырлы реңкін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдар мен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі»… Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу», деуінде үлкен маңызды шындық жатыр. [3]

Тындағанда көңілдің әсері бар, - деп данышпан Абай айтқандай, күй оқушыларды халық мәдениетіне баулудың тәрбиелік құралы болып табылады. Сондықтан да аспаптық музыка ұлттық музыка мәдениетінен ерекше орын алады. Ата-бабаларымыз ән-күйді киелі, қасиетті, рухани азық деп түсінді. Оны көздің қарашығындай сақтады. Ауызша жаттап, қолма-қол үйреніп, ұстаздан шәкіртке, атадан балаға мұрагерлік жолмен қалдырып отырды.

Қорыта келгенде, ұлттық музыка арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесін педагогикалық тұрғыдан талдай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: жеке тұлғаның дамуы жеке бір уақытпен шектелмейді, даму одам өмірінің барлық кезеңдерінде жүзеге асады, бірақ музыканы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің маңызды іргетасы ретінде қарастыру керек. Эстетикалық тәрбие беру проблемасының тарихи-әлеуметтік түп тамыры болғанымен, заман ағыма, уақыт талабы бұл мәселені шешудің жаңа сатысы талап етеді. Өнер арқылы берілетін тәрбие жастарды ұдайы сұлулық пен әдемілікті дұрыс ұғынуға жетелеп, сезім байлығын қалыптастырады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, бүгінгі ұрпақ адам бойында кездесетін үлгілі , жақсы қасиеттер мен жағымсыз әдет-дағдылар жөніндегі бұрынғы өткен ұлы ғұламаларымыздың өсиеті мен өнегесін оқып біліп, оны көкейіне тоқып, одан өзіне керекті тәлім-тәрбиелерді бойына сіңіре білсе, нұр үстіне нұр болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі, 2000, 4 желтоқсан, 3-б.
2. Уалиханов Ш. (1835-1865) тәлім-тәрбие туралы. (табылды. Ә. Қазақ энтопедагогикасы және оқыту әдістемесі.- Алматы. “Білім”. 2004.(32,164)
3. Қышқашбаев Т.А. Қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру: Пед.ғыл.канд.дис. Автореф. –Алматы, 1999.

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

ҚАЗАҚТЫҢ БИ ӨНЕРІ

Оразбек Жансерік -106-18 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Тұрдалиев А.М. – аға оқытушы

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Статья о Казахском танцевальном искусстве

Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алатыны белгілі. Бүгінде бишілер де, би ансамбльдері де, би студиялары да жоқ емес баршылық. Бірақ, кәсіби жеке бишілеріміз саусақпен санарлықтай. Мені көптен бері осы мәселе ойландырады. Біздің би әлі әлемге танылa қойған жоқ. Солай бола тұрса да қазақ биі ұлттық дәстүр, салтты танытатын ең бір өнердің тиімдісі. Ол халықтың табиғатында, болмыс, тірлігінде әуелден бар. Қанымызға сіңіп қалған дүние. Сондықтан да болар би халықтың жүрек қалауы. Ол онымен бірге жасап келеді. Әрине, тоқырау кезеңдерінде мәдениеттің басқа салалары сияқты ұлттық дәстүрлі би өнері де қиындықты бастан кешкені белгілі.

Бір кездері көптеген әлем халықтарының билерін меңгерген «Салтанат», »Гүлдер», «Айгүл» сынды елімізге және одан да тысқары елдерге кеңінен танымал ән-би ансамблдерінің беделі бәсеңсіп, көрермендермен жүздесуі саябырлап кеткені ешкімге жасырын емес. Оның үстіне, әсіресе, ежелгі қазақ

биіне ерекше мән беру назардан тыс қалды. Халқымыздың тек өзіне ғана тән қазақ биі - әлем билерінің ішіндегі ең жасы десек те болады. Ол өзінің шарықтау шегіне әлі жете қойған жоқ. Бірақ оның белгілі бір бөлігі классикалық деңгейге көтерілді. Мәселен, халық биі «Қамажай», «Маусымжан», «Қаражорға», «Келіншек», «Айжан қыз» тәрізді ұлтымыздың болмысын танытатын билер біздің мақтанышымыз емес пе. Бұл жайдан-жай көңіл жұбату үшін айтылған жалған мақтан деуден аулақпын. Біз тілге тиек етіп отырған қазақ би өнері бірнеше дәуірді бастан кешті. Халқымыздың бұл өнерінің болашағы бүгінде осы сала өнерпаздарын қатты толғандырып отыр десем қателесе қоймаспын. Оларды ойландырып, алаңдатып отырғанда ұлттық биіміздің философияға бай мағынасы, әсерлі де тартымды көріністері болса керек. Жалпы біздің елдің би өнерінің мүмкіндігі мен өрісі өте зор әрі биік. Демек жоғары дәрежеде өркен жаюына керемет қуатты күш бар.

Сайып келгенде, қазақ биі оның арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным түсінігі, табиғатпен байланысы, оның философиясы. Міне, осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жататынына өз басым күмәнім жоқ. Әрине, бұны былайғы қарапайым жұрт аңғара бермейді. Қай өнер саласы болсын, оның біз білмейтін жақтары, өзіндік сырлары, әдіс-тәсілдері болатынын ешкім жоққа шығармайды. Билер де жақсылыққа, ізгілікке, әсемдікке құрылатынын білеміз. Олар адамның бойындағы асыл қасиеттерді мадақтаудан тұрады десем қателесе қоймаспын.

Енді бір сәт қазақ биінің жүріп өткен жолына үңілсек оның аумалы-төкпелі, өрлеу мен тоқырау кезеңдері аз болмапты. Бірақ Шара сынды саңлақтың арқасында біздің биіміз әлемдік сахнаға азды-көпті шыққанын әсте жоққа шығаруға болмас. Осы дара тұлғаның еңбегінің нәтижесінде қазақ биінің әр өрнегі халыққа жетті. Ол өзінің түсінікті де тартымды, әсерлі де мәнерлі билерімен сол өзі өмір сүрген заманның талабын орындады, жүгін көтерді. Сөйтіп, Шара апамыз қазақ би өнерінің қайталанбас жарық жұлдызына айналды десем менімен бәрі келісер.

Әрине, Шара Жиенқұлова, Дәурен Әбіров, Зауыр Райбаев, Болат Аюханов, Гүлжан Талпақова сынды бишілер қалыптастырған салт та, дәстүр де қазақ биінің өзіне тән ерекшеліктерді бойына сақтаған әрі оны басқа елдердің билерімен салыстыруға әсте келмейді. Қай жағынан алсаңыз да оның ұлттық иірімдері, билеу мәнері дараланып тұрады.

Себебі, біздің табиғатымыз даламен, еркіндікпен, кеңдікпен тікелей байланысты. Қазақ оның төсінде өскен төл баласы. Бұл қасиет оның өнеріне де тән құбылыс әрі заңдылық. Сондықтан да би өнерінің негізі, қалыптасуы, тууы міне осыдан бастау алып жатады. Бұған «Қазақ биі», «Айжан қыз», «Қаражорға», «Былқылдақ» сияқты ондаған ұлттық билеріміз куә. Бұлардың дені классикалық өнер туындыларына, бишілеріміз үшін би үлгілеріне баяғыда-ақ айналып кеткен. Олар халық өмірін би тілімен баяндайды, соны мың бұралған әсем қимылдармен көрерменге жеткізеді. Қазақ биінің түп төркінінде халықтың рухани таным түсінігінің жиынтық көрінісі жатқандай көрінеді

маған. Біздің ұлттық мәдениетіміз оның ішінде өзіміз тілге тиек етіп отырған би де еліміздің қоғамдық өмірінде орын алған өтпелі кезең кезінде басқа өнер түрлері тәрізді біраз қиыңдықтарды бастан кешіргені рас. Бірақ ол ертеден келе жатқан желісін үзіп алған жоқ, классикалық негізінен адасып, оны жоғалтқан жоқ. Өйткені оның тамыры тереңде, халықтың санасында жатыр. «Қазақ биі кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында пайда болды», - деген жаңсақ пікірмен өз басым келіспеймін. Сонда мыңдаған жылдық тарихы бар елде «би өнері болмады» дегенге кім сенеді. Әрине, кеңестік дәуірдің кейбір қоғамдық ағымының кесірінен қағажу көріп, классикалық деңгейге көтеріле алмай қалды. Жаңа замандық әуеннің көлеңкесінде қалып қойды.

Шара апамыз көздің қарашығындай сақтап, талмай, қажымай тірнектеп жинаған інжу-маржан дүниелерін қайта жаңғыртып, тәуелсіз елдің игілігіне айналдыру бүгінгі бишілерге парыз, әрі аманат.«Қазақ биін классикалық деңгейге көтере алмадық» деп бір кездері өкінгендерге енді сол мақсатты жүзеге асырудың сәті туды. Бізді енді ешкім қолымыздан қақпайды. Әлемге қазақ биін танытатын зор мүмкіндіктерге жол ашылды. Бұған дәлел АҚШ, Қытай, Жапония, Франция, Түркия елдерінің сахналарында өнер көрсетіп, ұлттық биіміздің айшықты өрнегімен таңқалдырып жүрген таланттар. Шетелдік көрермендер «мынау нағыз классикалық би ғой» деп тамсанғандарын бишілеріміз мақтаныш етіп айтып жүргендерінің талай рет куәсі болдық. Жателдіктердің де көңілін аулап, сезімін баурап алған ең алдымен би өнеріміздің әрі мен нәрі, мағынасы мен мазмұны болса керек.

Қазақ билері - көбіне-көп нақты белгілі бір тұрмыс - тіршілікке құрылады да халықтың бейне болмысының айнасына айналады. Ол елдің сән - салтанатын, жастардың махаббатын, ерлігін, елдігін, қайғы - мұңын, әл-қуатын дәлме-дәл сан мыңдаған қимылмен, қозғалыспен баяндап тұратын болғандықтан биші сахнада оны бар шеберлігімен, бар жан тәнімен жеткізуге тырысатыны хақ. Хореографиялық білім алған кәсіпқой биші де биді қойған кәсіпқой балетмейстер де жаңа дүниенің сапасына бірдей жауапты. Биші «биді әйтеуір билеп шықсам болды» деп ойламай, бидің көріністік әсерінен гөрі оның ішкі айтайын деген табиғи сұлулығына көбірек мән беріп, халықтың назарын соған аударуға ден қойса, онда ол бишінің биі көңілден шықты деген сөз. Әр бидің де адам сияқты өзіндік ерекшелігі, мінез-құлқы бар екенін биші әсте естен шығармауы керек.

Мен биді өнеріміздің бөлінбес бір бөлшегі деп қараймын. Ол сіз бен біздің бар өміріміздің қозғалыстарымен өрілген көркем өрнегі, оның маңызы мен мазмұны сияқты болып көрінеді. Сол себептен де ұлттық би қазынамыздың ортаймауын оның жаңа билермен толыға, байи түсуін ойлайтын жанашыр жандар қанша ма? Олардың алғы шебінде Шұғыла Сапарғалиқызы, Ақмарал Қайназарова сынды би өнерінің фонатиктері тұр. Әрине, биде тіл жоқ, онда тек әдемі қимыл ғана бар.

Жалпы өнердің бұл саласынан біздің сауатымыз шамалы. Көбіне-көп атүсті пікір айтып, бидің тұла бойындағы көз ілеспес алуан түрлі бейнелі

қимылдар қандай жайды меңзейді, нені айтқысы келеді. Бірақ көрермен оған назар аударып, мән беріп жатпайды. Оған әйтеуір ұнаса болды. Бұл жерде барлық көрермен осындай деуден аулақпыз, Көкірек көзі көреген өнердің жақсысын «жақсы», жаманын «жаман» деп айтатындар да бар. Өйткені бір биді екі адам екі түрлі түсінуі мүмкін. Мәселен, қос білектің ширатыла өрілген қимылына, үзіліп кеткелі тұрған белдің нәзік қозғалысына ғана сүйсініп, одан әріге өресі жетпей жатқан жандарды да кінәлауға болмайды. Зер салып, зерделеп қарасаңыз, кез келген би адамның жан дүниесінің сезімі мен сыры іспетті.

Әдебиеттер:

1. Момынұлы П. «Музыкалы-эстетикалық тәрбие». Алматы. 2000.
2. Қазақ халқының музыкалық театры. Алматы. 1961.
3. Момынұлы П. «Қазақ операсының даму жолдары». Алматы. 1962.
4. Байсейітов Қ. «Құштар көңіл» Алматы. 1977.
5. Кенжетаев К. «Асылдар мен Ардақтылар» Алматы. 2002.
6. А.Қ. Жұбанов «Ән-күй сапары», Алматы 1966.

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

СИМФОНИЯЛЫҚ МУЗЫКА

Еркінбек Асылжан-1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Тұрдалиев Асан Молдабекұлы – аға оқытушы

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Статья о симфонической музыке

Симфониялық музыка симфониялық оркестрде орындауға арналған музыкалықықалық шығарма. Симфониялық музыкаға хор, әнші-солистер қатысатын, алайда аспаптық жағы басым шығармаларда жатады. Симфониялық музыка деген түсінік жеке аспапқа немесе аспаптар мен оркестрге арналған шығармаларға да қолданылады. Симфониялық музыканың негізгі жанрлары: симфония, увертюра (жеке концерттік пьеса немесе операға кіріспе), концерттер, сиюта, симфониялық поэма, фантазия, т.б. Сондай-ақ, Симфониялық музыкаға операның оркестрлік эпизодтары - симфониялық картиналар, интермеццо да жатады.

18 ғасырда симфониялық оркестрдің классикалық түрінің қалыптасуына байланысты Симфониялық музыка кеңінен дамыды. Оның негізін салған композиторлар Й.Гайдн, В.А.Моцарт, Л.В.Бетховен.

Олардың шығармашылық еңбегімен сифониялық музыка жанры жан-жақты өріс алды. Қазақтың кәсіби музыкасының симфониялық музыка жанрында Е.Г. Брусиловский, Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, С.Мұхамеджанов, Қ.Қожамияров, М.Сағатов, т.б. композиторлар жемісті еңбек етті.

Л.В.Бетховеннің симфониялық шығармашылығы. Л.В.Бетховеннің шығармашылығының аса көрнекті аумағын симфониялар алып жатыр. Симфонияны фәлсафа мен әдебиеттің ой деңгейіне дейін алғаш көтерген -

Л. В. Бетховен. Оның симфониялары Й. Гайдн мен В. Моцарттың шығармашылығының жетістіктерін қорытындылайды.
Л.В. Бетховен симфонияларының әрқайсысы оның көпжылдық жемісі. Л.В. Бетховен 30 жасқа дейін симфония жанрында жұмыс істемейді . Себебі оның бұл жанрға деген үміті зор болды. Бірінші симфонияда C-dur жаңа Бетховендік стиль қасиеттері әлі аз көрінеді. D-dur екінші симфонияда –ерлік, динамиканың ілгері ұмтылысы, жігерлілік сезіледі. Бірақ нағыз шығармашылық қарқын үшінші симфонияда көрінеді. Үшінші симфониядан бастап қаһармандық тақырыбы бесінші симфонияның тууына ықпал етеді. Данышпан өмірінің соңына бұл тақырып жетіліп мінсіз шеберлікпен тоғызыншы симфонияда дамыған. B-dur 4-нші симфонияның поэтикалық образдар кешені, табиғат тақырыбына арналған 6-шы «Пасторальды» симфония – жастық шақ пен көктем поэзиясын, тоқтамас әрекетті өмірге қуанышты суреттейтін туындылар. Жетінші симфонияда өмірлік құбылыстар жалпылама- билік бейнелерде көрінеді.

Л.В. Бетховен тоғыз симфониясында композитордың ғұмыр бойындағы өмірлік ұмтылыстары көрінеді, әр туынды өзіндік қасиеттер иесі болғанмен, бірге қосылып үлкен цикл құрап тұрғандай.

Бірінші симфония C-dur (op. 21,1800) , жаңа жүзжылдық құрдасы, он сегізінші ғасырдағы Веналық аспаптық музыкасының дамуын аяқтады. Жанрлық- тұрмыстық бейнелер , би элементтері, камералық мөлдір оркестр, циклдың әдеттегі «сюиталық » құрылысы – мұның барлығы 1 симфонияны Веналық мектептің ерте кезеңімен туыстастырады. Бірақ, мұнда Бетховендік ерлік біртіндеп айқындала бастайды. Мысалы бұл симфонияның менуеті он сегізінші ғасыр менуетімен стиль, жалпы рухани жағымен мүлдем ұқсамайды.

Екінші симфония D-dur (op. 36, 1802) Бетховеннің «Ескі әлемнің» өнерін тастағанын білдіреді. Үлкен масштаптар оған ұлылық қасиет береді, мыстылардың қатысуымен массалы, жарқыраған аспаптау - осылар әрине бұрынғы камералық сипатты бұзып жаңа симфониялық стильдің тууына куәгер.

Кіріспенің дыбыстары шығарманың көтеріңкі-драматикалық атмосферасына енгізеді. Бірінші бөлім – белсенді ерік, қаһармандық көңіл, оптимизмді әшкерелейді. Оның жалғау тақырыбында Француз революциясының бұқаралық қаһармандық марштарының плакатты стилі ашылды, яғни «Марсельеза».

Бұл симфонияның тағы бір ерекшелігі – үшінші бөлімдегі жаңа жанрдың қолданыуы - нағыз Бетховендік скерцо.

Жалпы екінші симфония, әсіресе оның бірінші бөлімі, Гайдн мен Моцарттың симфонизмінен үшінші симфонияда іске асырылған жаңа Бетховендік стильге қарай көпір құрып тұрғандай.

Төртінші симфония B-dur (op. 60, 1806) – жаңа лирикалық –жанрлы тип. Бұл симфония романтиктердің жаршысы. Біртума образдары екі adagio-мен байланысты, кіріспе және екінші бөлім.

Кірспе - әуеннің баяу дамуы, тональдық кезуле- бос импровизация сезімін тудырады. Екінші adgio – ноктюрн. Лирикалық көңіл, төгілген романстық әуен, "аккомпанементтік" фон фортепианолық кіріспе тәрізді тақырыптың алдында өтеді.

Алтыншы симфонияны F-dur (op. 68, 1808) Бетховен бесінші симфониямен бірге аяқтады. Бұл авторлық бағдарламамен шыққан жалғыз шығарма болып табылады. «Адам мен табиғат » деген руссолық тақырыпты ашады. Бірінші бөлім-«Ауылға келлгендегі сергектіктің пайда болуы»,екінші бөлім –«Бұлақ басында» - музыкалық бейнелеу үлкен рөл атқарады. Соңғы үш бөлім тоқтаусыз орындалады. Үшінші бөлім «Ауыл адамдарының көңілді жиыны» - халықтық музыкаға жақындық көрінеді. Төртінші бөлім - «Күн күркіреу сахнасы», бесінші бөлім «Бақташылар әні. Дауылдан кейін нұрлы сезімдердің көрінісі»

1812ж. композитор би стихиясы ашылған екі симфонияны дүниеге әкелді: жетінші A-dur (op. 92), сегізінші симфония Ля мажор (op. 93)1 бөлімде Гайдн симфонияниясының ерекшеліктері Бетховендік мәнерге өзгертіліп жазылған. Және бұл симфонияда лирикалық бөлім жоқ.

Үшінші симфония (op. 55,Es-dur, 1804) - революциялық күрес және жеңіс образын данышпандықпен ашқан шығарма. «Каһармандық» интонациялық құрылысы, формақұрау принциптерімен, сұлулық пен әуезділіктен алыс, бірақ өте бай мәнерлеу әдісімен аса жаңашыл, еріксіз таңқалдыратын туынды болған. Оның әр бөлімі бір драманың, соңында шарықтау шегі бар сахналары тектес.

Бірінші бөлімде, Allegro con brio, Бетховеннің титандық күрестің суретін салады. Екі қуатты аккорд бұл бөлімге күңіренген, әрі ілгері ұмтылған кіріспе жасайды.

Негізгі тақырып фанфарлы бейнелі, ол тікелей әдеміліктен, интонациялық және құрылыстық тамамдаландықтан айырылған. Бүкіл сонаталық экспозиция ретпен өсіп кележатқан толқындар тізбегі сияқты көрінеді.

Өңдеу бөлімінің ең соңында дыбыстар тына қалады. Скрипкалардың тремолосымен негізгі тақырып келеді, кенеттен реприза басын жыриялайтын екі тутти аккордтары соғылады. Репризада негізгі тақырып бұрынғыдай дамымайды, керісінше онда пасторальдық элементтер естіледі. Үлкен кода екінші өңдеу бөлімі боп табылады. Мұнда күрес шешіледі, тек соңында ғана өткір дауыстар орнына жағымды, ашық әуендер келеді. Күрес жеңіспен аяқталды.

Екінші бөлім (adagio assai) - әлемдік фәлсафа-трагедиялық лирикадағы ең көрнекті туындылардың бірі. Бетховен оны жерлеу маршы деп атады. Бүкіл бөлімнің дамуы контрасты салыстырымдар мен толассыз дамуға негізделген.

Бетховен қаһарман адамды жерлеуге бара жатқан бүкіл адамзатты суреттеу мен жеңіске қуану бейнесінің арасына айқын скерцоны интерлюдия ретінде орнатқан.

Скерцо әрең естілген сыбдыр сияқты басталып, кейін негізгі тақырып қуанышты фанфарға дейін өсіп жетіледі. Бұл жанрлық трионы дайындайды.

Финал - қоғамдық шаттықты көрсету. Оны тек 9 симфонияның соңымен салыстыруға болады. Финал «остинатты бас» пен вариацияларды біріктірген ескі формада жазылған. Оның драматикалық толықтығы, дәстүрлі формасы, шаттықтылығы алдағы бөлімдердің трагизмімен тепетеңдік жасайды.

«Қаһармандық» симфония композитордың ең сүйікті туындысы. Кейін басқа симфонияларын жазса да, бұл шығарма Бетховен үшін ең қымбат, жақын еңбегі ретінде қала береді.

Әдебиеттер:

1.Арановский М. Симфонические искания: проблема жанра симфонии в советской музыке 1960-1975 годов. Л., 1979.
2.Арановский М. Симфония и время. М., 1997.
3.Ивашкин А. Шостакович и Шнитке. К проблеме большой симфонии //Музыкальная академия. 1995. №1.
4.Никольская И. Русский симфонизм 80-х годов: некоторые итоги //Музыкальная академия.1992. №4.

УДК 378:811

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалдыбек А.М.– 1404-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші:– магистр, аға оқытушы Мынбаева Н.К.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме:

В статье рассматривается чем богата, красива и очень ценна наша национальная, казахская одежда.

Киім- денені ауа райының, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесінде киюге арналған жасанды жамылғы түрі, тұтыныс бұйымы.

Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Киім қоғамның материалдық және рухани құрамдас бөлігі болып табылады. Бір жағынан бұл адамдардың еңбегімен жасалған және кейбір қажеттіліктерді қанағаттандыратын материалдық құндылықтар болса, екіншіден – ол адамның келбетін эстетикалық жағынан өзгертетін қолданбалы сән өнері. Бізді қоршаған ғимараттар, еңбек, тұрмыс заттармен қаттар, киім де өндірістік күштердің тарихи кезеңдерде дамуын, климаттық жағдайды, халықтың ұлттық ерекшелігін, оның әсемдікке деген талғамын көрсетеді.

Киім адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі бола отырып, белгілі дәрежеде олардың жас айырмашылығын, әлеуметтік жағдайы мен этникалық ортасы туралы мағлұмат беретін этномәдени белгі. [1]

Қазақ халқының қол өнері ерте заманнан бері тарихпен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшығы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр.

Қол өнердің басты бір саласы - киім тігу. Ата-бабаларымыздың заманынан бастап күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай, қол өнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, байлылығымен, құндылығымен, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де қолданыста, әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі

ретінде қарт ата-әжелеріміз күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында пайдаланады, сондай-ақ кейбір еулерін театр ареналарына, сахыналарда, қойылым көрсетер кезінде қолданып жүр. Осы бір жылдары қазақша киімдеріміз жоғалып кеткен еді, кәзіргі кезде қазақи нақыштағы, біздің ұлттық киімдеріміз көп жарияланып, тапсырыспен тігіліп жүр.

Қазақтың ұлттық киімдері – Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. [2]

Қазақ халқының ұлттық киімдері өте көп, олар өзінің әсемділігін көркемділігі, байлылығымен және ыңғайлылығымен танымал. Оларды атап айтатын болса:

1. Айыр қалпақ – ерлердің киізден жұқа етіп басылып, ақ киізден тігілген жеңіл бас киім. Ол негізгі екі бөліктен құралады . Олар – қалпақтың төбесі және етегі. Сәнді болу үшін, қалпақтың қайырмасының астыңғы жағы кейде қара барқытпен көмкеріледі. Қалпақтың төбесіне қара не басқа түсті шашақ тағып, төбесінің төрт сайы әр түрлі жібек жіптермен кестеленеді. Соңғы кездері жергілікті өнер кәсіп орындары айыр қалпақты әр түсті етіп киізден жасап жүр.
2. Тымақ. Қазақта тымақтың түрлері көп, соның ең бағалысы – түлкі тымақ. Оның маңдайы мен құлақтарының ішкі жағына түлкі терісі тігіледі де, сырты мақпалмен, пүлішпен немесе басқа асыл маталармен сырылып тысталады. Тымақтың төбесі төрт немесе алты сай үшкіл (үш бұрышты) киізден құралып, шошақ болып келеді.
3. Тақия – ерлердің жеңіл бас киімі. Тақия ның түрлері көп: биік төбелі, тегістөбелі және үшкір төбелі. Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ ғана болмайды. Есесіне олар «мүйіз», «ат ерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді, тігін машинасы мен немесе қолмен таңдай, ирек, қабырға тігістермен әдемілеп сырылады. Тақияны пүліштен, қыжыман, ал астарын жібек, сәтінен тігеді.
4. Кимешек - жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Ол өн бойы көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі. Ақ матадан бет жағы ойылады. Жғы, өңіріндегі оқаланып кестеленеді. Төбесіне сәндік үшін шылауыш немесе күндік сияқты ақ мата оралады.
5. Шапан - Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ұлттық киімі. Шапынның үш тірі бар: сырмалы, қаптал және қималы шапан. Шапанды тек ер адамдар ғана емес қыз келіншектерді киеді. Қазақ халқының арасында сыйлы адамдарға сыйлық ретінде шапан кигізу дәстүрі кең тараған.
6. Қамзол - XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киім. Әйелдер киімінде қамзолдың орны ерекше, себебі ол әрі жылулық, әрі сәндік міндеттерін атқарады. Қамзолдар астарлы, жеңсіз жаздық киім түрі. Етектері мен жағалары тас, оқа, күміс тиындарымен әшекейленген киім.

7. Жарғақ шалбар. Иленіп, әбден өңделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынған, теріден тігілген шалбар. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал-серілер салтанатқа киген.
8. Саптама етік – қонышы тізені жауып тұратындай ұзын, табаны қалың сіріден оң-солы жоқ, түзу болып тігілетін аяқ киім. Оны киіз байпақпен киеді. Қысқы күнгі аязда ат үстінде жүргенде жылы, әрі қолайлы.
9. Мәсі – аяқ киімнің бір түрі, оны былғарыдан, шегіреннен, құрамнан тігеді. Мәсі – әрі жылы, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қажет бұйым. Соңғы жылдары жергілікті кәсіпорындар мәсіні көптен шығаратын болды. Аяқ киімнің бұл түріне деген сұраныс жалдан-жылға көбейе түсуде.т.б. [3,4]

Қазақ халқының ұлттық киімі өте көп, бұл жерде көрсетілгендерінен өте көп. Әрбір қазақ, халқының ұлттық киімдерін дәріптеп, оны қолданып жүрсе, ұлттық киімдерге басқа халықтарда қызығып, брендке ие болады.

Әрбір қазақы ұлттық киімде қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тәрбиесі, әрбір ою өрнектерінде, әрбір әшекейінде халқымыздың ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Қазақстанның ұлттық киімін киіп, дәріптеу ұлтым елім деп жүрегі соғып тұрған әрбір қазақтың міндеті. Себебі ұлттық киіміміз ол- біздің ұлттық мәдениетіміз.

Әдебиеттер:

1. Б.Хинаят., А.Сужикова. – Алматы: Алматы кітап баспасы «Қазақ халқының ұлттық киімдері», 2011.- 384 бет, суретті.
2. Алматы кітап «Қазақ халқының ұлттық киімдері» 2007 жыл, Хамит Б., Сужикова А.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd», 2005 жыл.
4. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы: Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990.

ӘОЖ: 378:811:37.035.6

КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Данабек Д.М. – 120-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Саймбетова Ж.Т. – PhD доктор, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме:

В статье рассматриваются научно-теоретические основы профессиональной педагогики. Дана характеристика содержания, форм и методов обучения профессии.

Казіргі кездегі кәсіби педагогиканың басты міндеті – осы оқу орындарына арналған білім мазмұнын жаңарту болып отыр. Осы мәселелерді сапалы әрі түпкілікті шешу үшін кәсіптік білім мазмұнына философиялық және әдістемелік теориялық ғылыми негіздеме әзірлеу қажеттігі туындайды. Осы жолдың бірі – кәсіптік білім мекемелері мен оқу орындарын басқару жүйесі тек әкімшілік емес, оның білім мазмұнына толық жауап беретін сол саладағы ғылыми-теориялық әзірлігі бар, түпкі мақсатты болжай білетін, соған бар күш-жігерді ұтымда жұмылдыра алатын іскер басшы болу тиіс [1].

Кәсіби педагогиканың зерттеу объектісі адамның тек қана еңбек етуге кәсіби даярлығының салыстырмалы түрдегі тар аясы ғана емес, кәсіптік білімнің бүткіл жүйесі саналады. С. Я. Батышев кәсіби педагогиканың пәнін кәсіби-техникалық педагогика тұрғысынан қарастыра келе, кәсіби педагогика кәсіби-техникалық білім мазмұнын қоғамның сұраныстарынан қалай туындайтындығы мен әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогреске байланысты қалай өзгеріске түсуімен анықталатындығын зерттейді. Оның пікірінше, кәсіби педагогика кәсіби талаптармен және тұтастай алғанда, жеке тұлғаның дамуымен себептелінетін ғылыми-техникалық білімдерді игеруін, жеке тұлғаның кәсіби-техникалық іскерліктерінің қалыптасу ерекшеліктерін (ерекше заңдылықтар), кәсіптік-техникалық мектеп жағдайындағы тәрбиенің мақсаттары мен айырықша ерекшеліктерін, тәрбиенің жалпы және ерекше әдістері арасындағы байланыстары мен тәуелділіктерін зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда, қос аспектілі және қосбірлікті сипаттағы кәсіби педагогика пәні жеке тұлғаның талап етілетін кәсіби сапаларын қалыптастырушы педагогикалық үдеріс және осындай қалыптастырудың мақсаттық, мазмұндық және өзіне тиесілі кәсіби (технологиялық) компоненттерін анықтайтын педагогикалық жүйе болып табылады [2, 3].

Сонымен бірге, кәсіби педагогика түрлі типтегі кәсіби оқу орындарында жүзеге асырылатын кәсіптік білімнің бастауыш, орта, жоғары және жоғары білімнен кейінгі мәселелерін қарастырады.

Кәсіби педагогиканың салалары	**Кәсіби педагогиканың объектісі**	**Кәсіби педагогиканың пәні**
кәсіптік бастауыш білім педагогикасы	кәсіптік бастауыш білім беру жүйесі	кәсіптік бастауыш білімді маманды оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісі
кәсіптік орта білім педагогикасы	кәсіптік орта білім жүйесі	кәсіптік орта білімді маманды оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісі
кәсіптік жоғары білім педагогикасы	кәсіптік жоғары білім беру жүйесі	кәсіптік жоғары білімді маманды оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісі
кәсіптік жоғары білімнен кейінгі білім педагогикасы	кәсіптік жоғары білімнен кейінгі білім беру беру жүйесі	кәсіптік жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білімді маманды оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісі
өндірістік педагогика	өндірістік оқыту жүйесі	жұмыскерлерді өндірісте даярлау үдерісі

Бастауыш кәсіптік білім – кәсіптік мектептер мен лицейлерде негізгі жалпы білім базасында орта білім берумен бірге белгілі бір кәсіп саласы бойынша жұмысшы қызметкерлер даярлайды.

Орта кәсіптік білім – колледждер мен училищелерде отра білім базасында кәсіби бағдар бойынша конкурстық негізінде беріледі. Жалпы орта білімі, не

бастауыш кәсіптік білім бар азаматтар өз кәсіп салалары бойынша орта кәсіптік білімі қысқа мерзім ішінде, жеделдетілген бағдарламалар арқылы алуына болады.

Жоғары кәсіптік білімді келесі оқу орындары жүзеге асырады – университеттер, академиялар, институттар және оларға теңестірілген консерваториялар, жоғары мектеп пен жоғары училищелер [4,5].

Казіргі кездегі кәсіби педагогиканың басты міндеті – осы оқу орындарына арналған білім мазмұнын жаңарту болып отыр. Осы мәселелерді сапалы әрі түпкілікті шешу үшін кәсіптік білім мазмұнына философиялық және әдістемелік теориялық ғылыми негіздеме әзірлеу қажеттігі туындайды. Оның келесі жолдары бар:

- адамзаттың дамуы мен оның өмір сүру кеңістігінің қызметінің ажырамас бір бөлігі кісібі ізгілікті философияның қалыптасуы мен байланыста болуы қажет;

- жеке тұлғалардың адамгершіліктік қасиеттері оның кәсіби шеберлік деңгейінің басты көрсеткіші, негізгі алғышарты болып табылуы тиіс;

- қазіргі кәсіптік оқу орындарындағы кәсіби білім берудің, оқытудың түпкі мақсаты моральдық ұстанымы жоғары кәсіпкерлерді тәрбиелеу болып отыр;

- үшінші мыңжылдыққа қадам басқан жаңа қоғамның мамандары мен кәсіпкерлерін қалыптастыратын негізгі тұлға – педагог кадрларды дайындауды, қайта әзірлеуді қажет етеді.

Кәсіби педагогиканы теориялық және қолданбалы ғылым ретінде сипаттауға болады. Өйткені, ол бір жағынан, кәсіби педагогикалық құбылыстарды баяндап түсіндірсе, екінші жағынан, кәсіптік білім берудің міндеттерін шешуге бағытталған оқыту және тәрбиелеу жолдарын қарастырады.

Кәсіби педагогика теориялық жағынан дами отырып, кәсіптік білім бойынша оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруді көздейді. Оған озық педагогикалық тәжірибені, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын кәсіптік мектеп практика- сына ендіру мысал бола алады.

Кәсіби педагогика қоғамдық құбылыс ретінде кәсіби тәрбие заңдылықтарын, қоғамдық өмірдегі кәсіби тәрбиенің мәні мен рөлін анықтайды. Сондықтан, кәсіби педагогика – балалар мен жастардың ғана емес, үлкендердің де тәрбиесі жайлы ғылым болып қалмақ.

Әдебиеттер:

1. К. Өстеміров, Н. Шәметов, И. Васильев. Кәсіптік педагогика. Алматы, ЖШС «Казпрофтех», 2006. – 41 б ./ 131б
2. Профессиональная педагогика: (Под ред. Батышева С. Я.) Учебник для студентов, обучающихся по педагогическим специальностям и направлениям – М: Ассоциация «Профессиональное образование», 1999. – С. 88).
3. К. Өстеміров, Ә. Сулейменова, К. Сапаргалиева. Технология пәні бойынша дидактикалық материалдар., Алматы, ЖШС «Наз-9», 2007. – 103 б.
4. К. Өстеміров. Кәсіптік оқыту әдістемесі., Алматы, «РадиАЛ», 2006. – 240 б.

5. М.Ш.Өмірбекова. Қазақ ою – өрнектері., Алматы, «Алматыкітап», 2003. – 283 б.

ӘОЖ37.036

КҮЙШІ, МУЗЫКА ЗЕРТТЕУШІ УӘЛИ БЕКЕНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Марқаш М.Б. - 1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: **Байбатшаева С.З.**-магистр,аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается творчество кюйши –композитора Уали Бекенова в целях воспитания подрастающего поколения.

Күй өнері – қазақ халқының ең басты рухани байлығының, жан дүние байлығының ең бір киелі, қасиетті түрі. Қазақ үшін күй музыкалық туынды ғана емес, өз ұлтының тарихы, салты және мәдениетінің дыбысталған парағы. [1,89б.].

Қазақ жері кең байтақ. О шеті мен бұ шетіне жету үшін ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның аяғы талады. Ертеректе елді мекендердің арасында бүгінгідей тығыз қарым-қатынас берік байланыс болмады. Осының өзі әр өңірдің күйшілік дәстүрі мен мектебін қалыптастырды. Қазақ мәдениетінің бір саласы күйшілік өнер туралы сөз қозғағанда, бүгінгі Қазақстан аумағымен шектеліп қалмауымыз керек. Өйткені қазақ жүрген жол ұзын, мекендеген жері кең. Сол кең даланың бір шеті, Жетісудың бір бөлшегі, бабадан қалған байтақ даламыз Ілені 1882 жылдан бері арадағы шекара бөліп тұр демесек, одан бұрында қазаққа құтты мекен болған еді. Бұған дәлел – тайға таңба басқандай айшықты өнерімен сырын да, жырын да, қос ішекті қара домбыраның шанағына сыйдырып ала келген Шыңжаң өңірі күйшілері.

Шыңжан өңірі дегенде Алтай, Іле, Тарбағатай өңірлерін айтамыз. Шыңжаң қазақтарында ұлттық дәстүр, әдет- ғұрып, салт-сана, өнер қазынасы мол мұра болып сақталған. Осы мұралардың бірі ата-бабаларымыздан қалған және бүгінде өз жалғасын тауып келе жатқан күйшілік өнер.[6,35б.].

Осы мекенде қос қанатын күймен сермеген күйші, музыка зерттеушісі Бекенов Уәли Қалиәкпарұлы 1934 жылы 15 қараша күні Қытайдағы Шыңжаң өлкесі, Үрімжі ауданына қарасты, Еренқабырғаның Саршоқы өңіріндегі Ақтерек ауылында дүниеге келді. Күйші өте тұйық болған,бұл тұйықтықтың ар жағында үлкен тағдыр жатады. Әкесі Қалиақпар жалаға ілініп, қамалып, абақтыда қайтыс болады. Төрт жасар Уәли анасы Қайша мен әкесінің ағасы Оспанның қолында қалады. Немере ағасы Раздық баланың домбыраға ерекше құмарлығын байқап, оны күй өнеріне баули бастайды. Заманында мергендігімен, құсбегілімен, күйшілігімен аты шыққан сері Раздық енді бар үмітін осы кішкентай Уәлиге артады. Алайда, тағдыр талқысы бұнымен бітпепті. 1949 жылдың тамыз айында, қым-қуыт атыс-шабыс, бұлғақтың кезінде Раздық қазаға ұшырайды. Бұл кезде Уәли 14 жаста екен. Сол кездегі

саяси ахуалдан біршама дұрыс тағлым алған, ағаның қазасынан жиырма-отыз жас есейген Уәли өзінің өнер жолын бастайды. 1950 жылы Үрімші қаласындағы мұғалімдер даярлайтын төрт жылдық гиназияны үздік аяқтаған өскін, жолдама бойынша Шыңжаң партия мектебіне оқуға түседі. Міне, осы кезде ол сахнаға шығып домбырашы ретінде көріне бастайды. Көп ұзамай 1951 жылдың тамыз айында Шыңжаң ән-би ансамбліне орналасады да, Пекиндегі Қытай Халық Республикасының орталық ұлттар ән-би ансамбліне жолдама алады. Ырыс-жұғыс, өнер – ауыс. Осы ансамбльде қызмет еткен жылдарында ол қазақ күйшілерінің, әсіресе Шыңжаң күйшілерінің күйлерін Қытайдың Шанхай, Гуан-жу, Тибет, Харбин, Далянь, Чинан сияқты алыс өлкелерінде насихаттап, домбыра өнерінің алғашқы қарлығашы атанады. Жас күйші халық өнегесінің мұраты тек озық біліммен ұштасқанда ғана хасыл болатынын нық ұғынған еді. 1955 жылы Шыңжаңға гастрольдік сапармен келген өнерпаз ахуалдың өзгергенін, көптеген шаңырақтың арнайы рұхсатпен Кеңес Одағына қоныс аударып жатқанын көреді. Тар заманда өскен қазақ баласы үшін тірісінде алыста қалған үлкен Отанына қайтып оралу былай тұрсін, көз қиығымен бір көрудің өзі қол жетпес асыл арман еді. Қазақ көші 1955 жылдың шілде айында Қазақстан шекарасына өтеді. Бұл жиырма бірге жаңа толғанымен, ерте есейген Уәлидің өміріндегі ең бақытты күндер еді. Соғыс жарасы жазылған, кемелі толып, ауқаты көтеріле бастаған ағайын алыста аңсап жеткен бауырларын құшақ жая қарсы алады. Қоныстану тәртібі бойынша алдымен Қырғызстанның Қант ауданындағы Ыстық-Ата мекеніне орналасқан Уәли араға біраз уақыт салып Алматыға келеді де, Ахмет Жұбанов және Латиф Хамиди сынды қайраткерлерге жолығып, өзінің арман-тілегін айтады, өнерін көрсетеді. Көп ұзамай аталмыш адамдардың ұсынуымен, Мәдениет министрлігінің жолдауымен музыка училищесіне оқуға қабылданады. Белгілі ұстаз Құрманғали Рахимовтан бір қыс сабақ алған ол 1956 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының Халық аспаптар факультетіне оқуға түседі. Осы жылдары болашақ зерттеуші аты аңызға айналған Дина Нұрпейісова мен Әбікен Хасенов сияқты дәулескер күйшілердің магнит таспасына жазып қалдырған күй мұраларынан молынан сусындайды, көзі тірі Қали ақсақалдан да үлкен тағлым алады. Сондай-ақ осы кезде өзінің болашақ ғылыми мұратын анықтайды. Ол – көлеңкеде зерттеуден тыс қалған қазақ күйшілерінің атын жаңғырту, халық санасында қайта тірілту еді. Білетіні — әрбір өнер игілігі, әрбір дәстүр алтыннан қымбат, бір жоғалса, қайта тумас, қайталанбас ғажайып құбылыс. Қазақта таңдаулы өнер мен екінші қатардағы өнер деген болмайды. Қазақ мәдениеті осы қағидаларды берік ұстанғандықтан биік болды. Міне, жиырманы жаңа орталаған жас зерттеушінің, жаздың аптап ыстығына, қыстың қақаған суығына қарамай сахарадағы ежелгі күй кеніштерін аралаған сапарындағы жалғыз және соңғы мақсаты осы еді. Алғашқы сәтсіздіктен үлкен тағлым алып шыққан Уәли ендігі жердегі мұратын таза зерттеушілік деп табады. Ендігі жерде әрекеттің дені таза ғылымға бағышталады. Күйші өмірінің 1975-1988 жылдары аралығындағы 13 жылдық

кезеңі – ең жемісті кезеңі. Осы аралықты ол тірнектей жинаған мол материалды сұрыптап, республиканың түрлі баспаларынан күй өнеріне арналған бес кітап шығарды. Олар: «Күй көтерер көңілдің көкжиегін» («Қазақстан» баспасы, 1975 жыл), «Шертпе күй шеберлері» («Жалын» баспасы, 1977 жыл), «Өркен жайған қобыз өнері» («Мектеп» баспасы, 1980 жыл), «Күй табиғаты» («Өнер» баспасы, 1981 жыл), «Тәттімбет-Саржайлау»» («Өнер» баспасы, 1988 жыл) сынды еңбектер. Уәли Бекеновтың «Ерен толғау», «Күй аңсаған», «Жеңгем сүйер», «Боздағым» атты күйлері бар. «Боздағым» күйі ұлы Дайрабайдың ерте дүниеден озғанына арнап шығарған жоқтау күйі.

Ұстаздық қызмет те зерттеушінің көкейінде ұмытылмайды. Ақыры, 1981 жылдың сәуірінде Оқу министрлігіндегі қызметінен босап, К.Байсейітова атындағы музыкалық мектепке мұғалімдік жұмысқа ауысады. Себебі Уәлидің бұл кезде төменгі буын тәрбиесінің ұлт болашағы үшін қандай мәнді нәрсе екеніне көзі әбден жеткен еді. Осыдан кейінгі өмірі тек қана жас ұрпақпен болды. Ғұмыры ұлттың музыкалық педагогикасына бағышталды, қалтқысыз қызметі тек қана халық өнеріне арналды.

Өзіне тән қайталанбас дәстүрлері бар шертпе күй өнерін ауызша насихаттап қана қоймай, ең алғаш саралап, жүйелеп, ғылым дәрежесіне көтерген де Уәли Бекенов еді. Ұлттық музыка зерттеушіліктің ендігі жердегі табиғи даму жолдарын көрсеткен зерттеушінің жазба еңбектері қазақ музыкатануының классикасы болып саналады. Классиканың ең басты шарты – біріншілік, үлгілілік. Шертпе күй мәдениетінің жарық жұлдызы болған Уәли күйші салған соқпақ, бүгінде үлкен даңғыл жолға айналды.[8].

Қорытындылай келе, ұлттық сана, ұлтты сүю қадірлеу бабаларымыз аманат етіп кеткен дәстүрден өнерден бастау алатынын ұмытпағанымыз абзал. Сол қасиетті өнеріміздің бір тармағы, құдыреттісі-күй өнері. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов кезінде:«Жалпы, музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы-күй» деген. Күйге бұдан артық баға беру де қиын. Толғаулы, сырлы өнеріміздің көсегесін көгертіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыра беру – мерейлі парыз.

Әдебиеттер:

1. А. Жұбанов. Ғасырлар пернесі.-А.,1976.
2.Нұрпрезент Домбай «Күй құдыреті» Алматы 2019ж
2. Ж.Нәжімеденов «Домбыраның қоңыр үні» Алматы 2007ж
3. Уәли Бекенов «Күй керуені» Алматы 2002ж
4. Уәли Бекенов «Күй табиғаты» Алматы 1981ж
5. https://kk.wikipedia.org › wiki
6. Д. Бекенов. Іле казактарының күйлері.-А.,1988.
7. Т. Мергалиев С. Бүркіт, О. Дүйсен « Қазақ күйлерінің тарихы».-А.,2002.
8. Таласбек Әсемқұлов «Күйші Уәли» http://otuken.kz

ӘОЖ37.036

КҮЙ ӨНЕРІ-ТҰҒЫРЫ БИІК АСЫЛ МҰРА

Аликулов А. 106-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: **Байбатшаева С.З.**-магистр,аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается искусство кюя –как высокое наследие.

Күй — музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Күй өнері – халқымыздың рухани құндылығының маңызды бір саласы. Ол ұлтымыздың байырғы және бүгінгі мәдениетімен тығыз байланысқан. Күй жанры өнердің басқа саласынан ең басты айырмашылығы – адам баласы ауызбен айтып, бояумен бейнелеп бере алмайтын табиғаттың тылсым сыры мен сұлулығын музыка ырғағымен жеткізе білуінде. Халықтың басынан өткен тауқымет пен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-бояуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазының күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерейдің күйлері терең толғауға, романтикалық лирикаға негізделген, Тәттімбеттің күйлері әуені әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

Күй – біздің халқымыздың рухани болмысының, дүниетанымы мен мәдениетіміздің тұғыры биік асыл мұрасы саналады. [1,51б.]

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған, домбырада күй шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған.

Құдайберген Жұбановтың еңбегінде «күй» сөзіне мынадай пікірін білдіреді: « Қазақта «күй» түрінде айтылатын шағатай, ұйғыр тілдерінде, анатоль түрік тілінде «көк» болып айтылуы тиіс. Қазақтың «и» дыбысының бір қатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түркімен, әзірбайжан, анатоль түріктерінің тілінде к, г-ге айналады. Қазақша «байламақ» деген сөз оларша «бағламақ» болады; қазақша «тимек» деген сөз оларша «текмек» болады сондықтан «күй» деген сөз оларда «көк» болуы табиғи нәрсе», – дейді. Сондай-ақ Ақселеу Сейдімбек те осы пікір жайлы « Күй деп басталатын қай сөздің де сезіммен астасып жатыр. Сол сөз көшпенділердің ең киелі сезімі – тәңірлік наным сеніммен ұштасып жатады. Демек, «күй» деген сөз әу баста Тәңірлік құбылысты білдірген. Тәңірдің дыбысы деген сенімдегі мағынамен шендес

болғаны аңғарылады», – деп Құдайберген Жұбановтың пікіріне қосылған. [2,46б.]

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі. Махмұд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Дивани лұғат ит түрік» атты сөздігіндегі «көк» (қазақта күй болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да , әнді де білдіреді. Ен далада күн кешкен елдің аузынан шыққан «күй» деген сөздің аспаптық музыкаға тән атау екені, оның түп-тамыры одан да арғы замандарда жатқаны он төртінші ғасырдан бері белгілі. Осыған дәлел байырғы заманда 600 жыл бұрын тасқа салынған суреттін табылуы. Сондай ақ «күй» сөзінің көнелігін білдіретін тағы бір дерек қазақта «Ақсақ құлан» атты күй болуы. Туу тарихы жағынан бұл күй Шыңғыс хан жорықтарымен тұстасады. Қазақ жерінде аспаптық музыка мәдениеті аса жоғарғы дәрежеде ертеде-ақ дамығанына бірден бір айғақ. Халқымыздың музыкалық қазынасында сары алтындай сандалкер күйлер жүздеп саналады. Оларды хатқа түсіретін нота мәдениеті жоқ болса да, сыры мен сымбатын жоғалтпай, қайта ажарлана, әрлене түсіп, ауыздан ауызға көшіп, атадан балаға мирас боп қала берді.

Дәстүрлі музыка өнері еліміздің тарихымен байланысты. Тарих қойнауына терең бойлап, өткен күннің үзік сырларын ой сүзгісінен өткізіп қарасақ, әрідегі Оғыз, Қапшақ, Сақ пен Ғұн, берідегі Түрік нәсілінің белінен тараған халықтың ілкілдегі баба өнері қазақ жерінің күрең топырағында тамырын тереңге тартыпты. Олар хатқа түспеген күйі әр ұрпақтың құймақұлақ арқылы ғана бізге жетіп отыр.

Көне ғасырда Қорқыт, XII ғасырда Кетбұға, XIV-XV ғасырларда Асанқайғы, XV ғасырда Қазтуған, XVI-XVII ғасырларда Байжігіт, XVIII ғасырда Абылайхан, XIX ғасырдың бас кезінде Боғда, Махамбет, Тәттімбет, Құрманғазы, Абыл, Тоқа, Сармалай, Ықылас, Қазанғап, Байсерке, Шортанбай, Тіленді, Дайрабай, Өскенбай, Мамен, Дина, Сүгір, Сейтек т.б. секілді дарынды күйші, дәулескер домбырашылар – қазақ күй өнерінің туын әр ғасыр, әр жылдарда биікке көтерген тума таланттар еді. Солар арқылы ұлттық музыка өнеріміз өзіндік бет-бедерін сақтап қалды. [5]

Қазақ күйлері өзінің құрылыс тәсіліне, орындаушылық дәстүрін қағыс түріне қарай, негізінен, екі стильдік мектепке бөлінеді. Біріншісі - екпінді қарқынды, музыкалық бейнет жағынан бағдарламалы симфониялық сипатта шығарылатын күйлер (Жантөренің "Шалқымасы", Құрманғазының "Кішкентайы", "Сарыарқасы", Динаның "Бұлбұлы", т.б.), ал екіншісі - терең философиялық ой-сырға толы, шертпе күйлер (Тәттімбеттің "Сарыжайлауы", "Көкейкесті" мен "Сылқылдақ", Тоқаның "Қосбасары", Сүгірдің "Тоғыз тарауық т.б.). Күйдің идеялық-көркемдік диапазоны кең. Халық күйшілері өздерінің шығармаларында адамдарды ("Құдаша", "Айжан қыз", т.б.), жануарларды ("Ақсақ құлан", "Боз айғыр", т.б.), құстарды ("Аққу", "Қоңыр қаз", т.б.), табиғат құбылыстарын ("Ақ боран", "Көбік шашқан", "Сары өзен", т.б.) суреттейді. Бұдан басқа күйлер мазмұнына, характеріне қарай тарихи күйлер ("Ел айрылған", "Ноғайлының босқаны", т.б.), лирикалық күйлер ("Ақ желең",

"Байжұма"), аңыз күйлер ("Нар идірген", "Қорқыт", т.б.), қаралы күйлер ("Салық өлген", "Бозінген", т.б.), арнау күйлер ("Абыл", "Дайрабай", "Ғазиз", т.б.) сияқты тақырыптарға бөлінеді.

Күй орындауда қағыс маңызды орын алады. Қағыс арқылы күйдің ырғақтық мәні мен динамикасын, сыр-сипатын анықтайды. Қол қағыстарында нотаға түспейтін көптеген "сиқырлы" сырлар да бар; олар "жаппай қағыс", "кезек қағыс", "шертпе қағыс", "шұбыртпалы қағыс" болып жіктеледі. Күйдің көпшілігі - бір бөлімшеде сақталған. Көбіне қолдан қолданылатыны екі бөлікті және төрт бөлікті өлшемдер болады. Кей кездерде ауыспалы өлшемдер де кездеседі. Қазан төңкерісінен кейін күйлер ансамбльдер мен оркестрлерге арналып қайта өңделіп, орындалатын болды. Мазмұны мен түр жағынан да жаңара түсті. Мысалы, Е.Г. Брусиловский "Қыз Жібекте" "Ақсақ құланды", М.Төлебаев "Біржан - Сарада" "Соқыр Есжанды", Е.Рахмадиев "Алпамыста" "Құдаша" күйлерін пайдаланған. А.В. Затаевич және А.Жұбановтар, Б.Г. Ерзакович, А.Алексеев, П.В. Аравин, А.Сейдімбеков, т.б. күйдің тарихи-теориялық мәселелерін зерттеп, нотаға түсіруге көп еңбек сіңірді. [6]

Қазақтың күйі қуанышта да, қайғыда да қазақпен бірге жасап, бостандық сүйгіш ұлық өнер заманымызға халқымызбен бірге қадам басты. Өнер атаулының ішінде күйдің мерейі жоғары, күйдің рухы биік. Себебі, күй – біздің ең ардақты, ең әлеуетті, ең сәулетті ұлттық құндылығымыз, ұлттық кодымыз, ұлттық мәдениетіміздің төресі.Осы ретте ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі сақталып қалсын десек, ұрпаққа күй мен домбыраға деген махаббат дарытпағымыз ләзім. Қанымыздағы бабалардан мирас ізгі қасиеттерді қайта түлетуде күйден асқан катализатор да жоқ болар. Мәңгілік сақтауға тиісті, тарих тереңінен бастау алған рухани байлығымыздың бірегейі де – күй. Ендеше, жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениеттің де көш басында жауһар күйлеріміз тұрары сөзсіз. [7]

Жалпы қорыта айтқанда, ұлттық сана-сезімі жоғары,ұлттық өнерді бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде қазақ өнерінің орны ерекше.

Әдебиеттер:

1. А. Жұбанов. Ғасырлар пернесі.-А.,1976.
2. А.Жұбанов «Ән-күй сапары» Алматы 1976
3. Ж.Нәжімеденов «Домбыраның қоңыр үні» Алматы 2007
4. Т. Мергалиев С. Бүркіт, О. Дүйсен « Қазақ күйлерінің тарихы».-А.,2002
5. **https://el.kz/news/iskusstvopage/k-y_-neri_-_khaly-_-azynasy/**

ӘҚЖ 7.036

МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ НОБАЙЫ ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ МУЗЫКАНЫ ПАРАҚТАН ОҚУ ДАМУЫНЫҢ ПОТЕНИЦИАЛЫ

Айдар Бағлан - 1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі:Байбатырова У.А. – Қ.Р. Мәдениет саласының үздігі,магистр-аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

В этой статье вы узнаете, как читать музыку с нотами.

Музыкалық - орындаушылық сыныбының жұмысы туралы айтатын болсақ, кәсіби-дамушылық түрлері мен формаларының бірі – **ол парақтан оқу.**

Парақтан оқу тәсілі қандай пайда береді? Ол оқушының жалпы музыкалық дамуында қандай әсер, белсенділік көрсете алады, оның қуаты неде?

Музыканттың көз алдында, оның санасында, ойында қаншама түрлі музыкалық шағырмалар, көркем стильдер, тарихи замандар өтуде. **Парақтан музыканы оқу - іс-әрекеттің бір түрі, музыкалық әдебиетпен қолдамалы және кең түрде танысу барысын ашады.** Сондықтан парақтан музыканы оқу әрқашанда және музыкалық қабылдаудың әсерлі, «жаңа ашуы», жедел және түрлі сипатты музыкалық ақпараты ауысып отыруында. «Қанша оқысақ та – сонша білеміз» келе жатқан ақиқат қазіргі уақытта музыкалық білім беруде өз мәнін жойған жоқ.

Музыканы оқи отыра, музыкалық шығармалармен танысу, жаңашылын ашу. Ол жаттау емес, есте сақтау емес, меңгеру емес танысу үшін жасалатын іс-әрекеттің бірі. Осы кезде ерекше психологиялық қалып пайда болады. Музыканы оқу кезінде музыканттың ойлауы табиғилығы, дұрыс оқу кезінде, кәсіби оқу кезінде түсі өзгеріп, қабылдау шағы жарқырау, жанды, тұтқырлығы. **Парақтан оқу барысында музыкамен танысу – процесс, ерекше жарық, эмоциялық бояуды қатыстыруы.** Оқу - ол да сабақ, музыкалық ойлау процесінінің сапалығы көтеріп, жаңартады**. Сондықтан, парақтан оқу – оқушылардың жалпы музыкалық дамуына, болашақ барысындағы қысқа жол.**

Әрине **нотаны парақтан оқу процесінде дамушылық оқыту принципі көрінеді, оқушының музыкалық материалды кең көлемінде пайдалануы және жедел танысуы** [1].

Расында да парақтан оқу - ең **аз уақытта барынша** ақпарат алуы. Осыдан қорытынды жасауға болады: егер оқушының жалпы музыкалық дамуы – оның қабілеті, интелектісі, есту сезімінің кәсібилігі музыкалық педагогиканың арнайы мақсаты болса, онда парақтан оқу, осы мақсатқа тәжірибе барысында жетудегі арнайы құрал бола алады.

Ендігі бір мәселе – музыкалық шығармаларды **нобайы уйрену,** ол да бір музыканттың ерекше іс-әрекетінің формасы. Бұл да музыкалық шығарманы үйрену қорытындысы емес. Осы жұмыстың қорытынды кезеңі – музыканттың музыкалық шығарманы бейнелік - поэтикалық жағын қамту, шығарманың нақты көркем, түзелмейтін ойын орындаушының осы ойды жүзеге асыруында болып есептеледі.

Сұрақ туады: немен, қалай, музыкалық педагогиканың мамандары нобайы үйренуді қызықтырады? Оның ерекше арнайы артық жері неде? Нобайы үйрену әрекеті оқу - педагогикалық процесті немен байытады, оқушы - музыкант болашақта не істей алады?

Шығармамен жедел жұмысын қысқартып, **нобайы үйрену формасы оқушының музыкалық материалдарды сан жағынан үйренуі көбейеді,** оқу процесіндегі материалды меңгеруі мен білуі.

Сондықтан, шығарманы нобайы үйрену кезіндегі санаулы уақыт музыкалық материалды жедел үйренуінде (тез екпінде). Сондықтан, оқу-педагогикалық процесінің жеделдетуі: оқушының алдында қойылған мақсат – берілген ақпаратты меңгеруін қысып, нығыздау уақытта.

Сондықтан, **нобайы үйрену формасы музыкадағы дамушылық оқу принципін өмірде жүзеге асыруы, оқу репертуарымен жедел жұмыс істеуі, оқушының үздіксіз, жылдам қадамы болып саналады.**

Нобайы үйрену кезіндегі **репертуар** жөнінде бірер сөз. Талаптың бірі: құрылыс жағынан түрлі, стилистикалық байыған және көпжоспарлы болу керектігі (әртүрлі композиторлардың шығармалары). Жас музыкантқа нені **ойнау керек**, нені **үйренуге шұғылдану.** Сондықтан оқушы нені ойнағысы келеді, оған кедергі жасамау керек.

Ал нобайы үйрену кезінде музыкалық шағарманы жаттау керек пе? Беделді ғалымдардың ойынша, жоқ, керек емес. Музыканы нотамен парақтан оқу барысындағы кәсібилігі жетеді дейді.

М.Фейгин былай дейді: «Біз оқушыны парақтан жақсы оқығанын талап етеміз ... Бұл болашақтағы музыкалық өмірдегі концертке қатысу емес, нотаны парақтан оқуын талап ету. Қысқасы, нотамен парақтан оқуын дамыту қажет және жүйелі түрде» [2].

Оқушы-музыканттың өз-өзіндік шығармашылығының белсенді ойлануының қалыптасуы (ой-өрісі)

Оқушының жан-жақты музыкалық ақпарат алудағы, нотаны парақтан оқып үйренудегі, музыкалық шығарманы нобайы үйрену кезеңі - осының бәрі жас музыканттың тұлғалық-кәсібилік дамуындағы сапасына әлі де жетпейді. Ол оқушының өз-өзіндік білім мен икемділік алу кезіндегі белсенділігі, мұғалімнен алған көмегі, қолдауы және музыкалық өмірдегі оның хабардар болуы. Айтатын болсақ, кәсіби музыкалық санасының қалыптасу кезіндегі білімді сабақ үстінде **қалай алды,** нәтижеге **қандай** жолмен жетті, бағыты қандай?

Қазіргі кезде **өзбетімен шығармашылық ойлауының даму мәселесі** туды: оның белсенділігі оқу мақсатымен, даму жігерлігінің нәтижесімен байланысты.

Өз бетімен деген ұғым – түрлі деңгейде, синтезі (мысалы, музыкалық аспапта ойнауы) және оқушының басқадай көмексіз танымайтын музыкалық шағармадан хабардар болу, авторлық мәтінді дұрыс ұғу, интерпретацияны «құру»; өз жұмысында белсенді жолын табу (үйрену кезінде), көркем пиғылының керекті тәсіл - құралдарды табу, өзбетімен музыкалық-орындаушылық әрекетіндегі сынауы, дәл солай басқаларын. Сондықтан оқушы-музыканттың өзбетімен тәрбиелеуі – оқыту әдіс-тәсілдерін де қарастырады,

музыкалық-орындаушылық сыныбындағы оқыту әрекетін ұйымдастыру формалары да ескеріледі [3].

Әрине **оқытушының өзінің шәкіртін бір нәрсеге үйретуі жеңіл, ал көркем тәуелсіз шығармашылығын, тұлғалық өзіндікті тәрбиелеуі құрделі...** Педагог айтады, хабарлайды, көрсетеді, түсіндіреді, оқушы есте сақтайды, өзіне қабылдайды, орындайды.

Осыған байланысты келесі бір ұғымдар «белсенділік», «өзбетімен», «шығармашылық» деген сөздер өз мағынасын жоймайды. Қазіргі педагогика-психологтардың айтуынша, «белсенді ойлауы», «өзбетімен ойлауы», «шығармашылық ойлауы» айналымы сияқты. Оның негізі адамның ойлауында.

Орындаушылық сыныбының оқушыларында музыкалық ойлауы қалай белсенділігін көрсетеді? Ол біреу – оқушы-орындаушы өзінің ойнауына зейін қойып тыңдауы, оның белсенділік талабы - өз-өзін тыңдай білуі, музыкадағы болып жатқан процестерді пайымдауы.

Жалпы музыкаға үйрену барысында, оның ішінде музыкалық орындаушылық өзбетімен, белсенді шығармашылық ойлауы екі аспектіге бөлінеді. Біреуі – іс-әрекетінің нақты нәтижесі, екіншісі – жүзеге асыру тәсілдері. Сондықтан, бірінші (нәтиже) екіншіге байланысты (әрекет тәсілі).

Сондықтан, ең негізі табиғи шығармашылықпен айналысу. Адамды **шығармашылыққа үйретуге** болмайды, ал **жұмысты шығармашылықпен істеуге үйретуге** болады.Сондықтан музыкалық шығарманы қалай орындамау керектігін немесе қалай онымен жұмыс істеу керектігін білуге абзал [4].

«Өнер жаттығусыз болмайды, жаттығусыз өнер болмайды» ұлы көне Греция ойшылы Пратогор айтқан. Соңы: жас музыканттың өзбетімен кәсіби ойлауы, оның нақтылығы, оның даму сипаттамасының белгісі – көркемдік бейнені өзбетімен білу, табу, бағалау, талдау өзбетімен оқу әрекетінде; дәл, нақты өзбетімен кәсібилік талдауында. Мұғалімнің мақсаты – жалпылама осындай сапаны қолдау, ынталандыру т.с.с.

Жоғарыда айтқандарының қорытындылауға болады:музыкалық аспапта сабақ жүргізуі, «нобайы» орындаушылық әрекетті құру, осының бәрі оқушының жалпы музыкалық дамуына ықпал етеді (оның ішінде – музыкалық - интелектуалдық дамуы).

Әдебиеттер

1.Дүкенбай Н. Бастауыш сынып музыка сабағының бағдарламасы. – Павлодар, 2006. – 46 б.

2. Каган М.С. Музыка в мире искусства. – СПб., 1996. – 140 с.

3.Кирнарская Д.К. Музыкальное восприятие. – М., 1997.–170 с.

4..Музыкальное образование в Казахстане: Хрестоматия / Вып.2 /сост. Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2006. – 380 с.

ӘОЖ (115.571.004)

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ.

Байғонов Ә.Ә. – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян селосы, С.Әбдіжаппаров атындағы №1 мектеп-интернатының «11-А» сынып оқушысы.
Ғылыми жетекшісі: Байғонова А.С. – магистр аға-оқытушы.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы.

Резюме.
В данной статье рассматривается пути развития творческих навыков у школьников.

Мектеп оқушыларының нәтижелі шығармашылығын талдай отырып, практикалық іс-әрекетте біз олардың қасиеттерін, бейімділігін, қызығушылығын және қабілеттерінің әртүрлілігін бағалай аламыз. Ерте жастан бастап музыка өнері баланың дүниетанымын тұтастай, оның эстетикалық және адамгершілік мәні бойынша қалыптастырудың құралы ретінде қызмет етеді, ассоциативті, бейнелі ойлауды дамытады. Мектеп оқушыларының музыкалық қабілеттері дамиды, шығармашылық қызметте тәжірибе жинайды және жеке басын қалыптастырады.

Шығармашылық іс-әрекет оқушылардың жеке басының өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Теориялық тұрғыдан алғанда, балалардың музыкалық шығармашылығы тұжырымдамасының түсіндірудің негізі оқушыларда туа біткен бейімділіктерінің болуын тануға негізделген, олар балалар іс-әрекетінде дербес және өздігінен ашылады. Музыкалық шығармашылықтың қайнар көзі өмір құбылыстары, музыканың өзі, баланың бойындағы музыкалық тәжірибе болып саналады.

Оқушылар музыка сабағында және әртүрлі мерекелік іс-шараларда белсенді түрде қатысып өздерінің музыкалық шығармашылығын шынайы және жайлы атмосферада әрекет етуге ерекше ықыласпен көрсете алады.

Психолог Б.М.Тепловтың айтуынша, оқушылар шығармашылық қызметке ерте қызығушылығын арттыру - оқушының жалпы дамуы үшін өте пайдалы, ол баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне толығымен жауап береді[1]. Б.М. Тепловтың пайымдауынша, балалардың музыкалық кештерге және театрлық көріністерге қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі арттыруына ықпал жасайды.

Л.С.Выготский мен А.В.Запорожец өз зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларының музыкалық ойындар, дөңгелек үстел, әртүрлі ойнақы билер, ән айту сияқты музыкалық шығармашылықтың барлық түрлерінде өзіне жақын іс-әрекетте шығармашылық қабілеттерін көрсететіндігін дәлелдейді[2]. Алайда, мектеп оқушыларында шығармашылықтың қазіргі тәжірибеде жеткіліксіз пайдаланылады, бұл негіздер отбасында да қолдау таппай жатады, әрине, бала үшін ең маңыздысы - оның айналасындағы қолдау көрсететін жақын адамдары. Осылайша, оқу процесі мен оның шығармашылық бағыты нашарлай түседі.

Аристотельдің «Музыка арқылы біз өзімізді үлгілі өнерге бейімдеп өркендете аламыз... Музыканың моральдік мәні сол, біз оның әсерімен таза нәр

аламыз, яғни шынайы сүйеміз, немесе жиренеміз... Музыканың шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді» деген сөзіне сүйенетін болсақ, бұл – оқушыларды музыка сабағы арқылы өнерге бейімдеп, олардың музыкалық қабілетін жақсартуға әрі музыкалық мәдениетін қалыптастыруға болады деген сөз.

Л.С.Выготскийдің ойынша, «Егер музыка өзінен-өзі орындалуы керек әрекеттерді бізді тікелей басқармаса, онда бұл оның негізгі әрекетіне, психикалық тұрғыда бағыт-бағдар және күш береді. Өнер – бұл болашаққа деген мінез-құлқымыздың ұйымдастырылуы, алға басу, мүмкін ешқашан орындалмайтын, бірақ бізді алға ұмтылуға мәжбүр ететін талап деп қарастырамыз. Сондықтан өнерді негізінен кідіртілген реакция деп атауға болады, өйткені оның әрекеті мен оны орындау арасында әрдайым көп немесе аз уақытқа созылатын уақыт болады» - деп айтады[3]. Біздің пайымдауымызша, психология, өнер, музыка адамға күш береді, қандай қадам бастасаң да оған шынайы ниетпен іс-әрекет жасап, шығармашылыққа жетелеп тұрғандай. Американдық философ, ақын және ойшыл Р.У.Эмерсон «Музыка бізді шешеңдікпен ойлауға мәжбүр етеді» - деп сөз қалдырған[4]. Демек, егер музыкамен айналыссақ, біздің рухани мәдениетіміз байи түседі.

Шығармашылық дегеніміз – шеберлік іс-әрекеттің барлық түрлеріне, мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа, қоршаған ортамен байланысқа енгенде туатын, жоғары шеберлік функцияларын дамытуға негізделген жеке шығармашылық.

Шығармашылық үшін арнайы стандарттар жоқ, өйткені ол әрқашан жеке және оны тек адамның өзі ғана жасай алады. Шығармашылық іс-әрекет арқылы біз адамның іс-әрекетін түсінеміз, нәтижесінде жаңа білім алуға әкелетін ойлау құрылымын немесе ол - шындыққа деген жаңа көзқарасты білдіретін сезім. Шығармашылық, өз табиғаты бойынша, сізге әлі ешкім жасамаған немесе сізден бұрын болған нәрсені жаңа, өз жолымен, жақсы етіп жасауды қалауға негізделген. Музыка сабағында оқушыларға музыкалық тәрбие беру олардың қоғамдық маңызы бар және қоршаған әлемді танып-білуге бағыттанған өзіндік көркемдік шығармашылық процесіне қатысу арқылы жүзеге асырылады. Демек, оқушыларға музыка сабағында алдымен, тәрбие беру, сосын әр баланың өзіндік жеке шығармашылықпен айналысуына бағыт беріп және оқушыдан нәтижелі жетістікке жетуіне жетелеп отыру қажет деп тұжырымдаймыз.

Атақты орыс композиторы, пианист, педагог Д.Д.Шостакович «Музыка....әрбір адамға өзін-өзі түсінуіне көмектеседі, ол адамның сезімі мен ойын байытады» - деген [5]. Бұдан шығатын қорытынды - біз балалардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы олардың өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілуіне, содан рухани нәр алуына және рухани жан-дүниесінің дамуына ықпал жасаймыз.

Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар – музыканың эмоционалды әсерін күшейтетін музыкалық материалды мотор-пластикалық зерттеуге негізделген іс-әрекет түріне жатады. Музыкалы-ырғақты тапсырмаларды беру арқылы

олардың музыкаға және ырғақтық жаттығуларды жасауына, музыкалық ойындарға көбірек көңіл бөлулеріне ықпал етіп, жағдай жасауға болады. Музыка сабағында оқушылардың музыкалық аспаптарда ойнауы – оқушылардың музыкалық қабілеттерін танытуға ықпал ететін, көркемдік тәжірибесін байытып, орындаушылық қызығушылықты дамытатын ұжымдық орындаушылық түрлерінің бірі. Оқушылар топта әртүрлі ырғақтық-қозғалыстарды бірге жасауға тырысады. Сонымен қатар, музыка сабағында оқушылардың шығармашылығы – бұл музыкалық есту қабілеттерімен, білімдерімен және дағдыларымен жұмыс жасай алатын, өзіндік жұмысқа байланысты музыкалық шығармаларын жан-жақты түрде қолдана білуі.

Кейінгі кезде, небір ғалым-педагогтар, мұғалімдер, музыканттар музыкалық әрекеттің негіздері (яғни, дене құрылымының физиологиялық сипаттамалары, мысалы, есту немесе дауыс аппараты) бәріне қол жетімді деген қорытындыға келді. Яғни, олар жас балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға негіз болады деген. Ғалымдардың музыкалық проблемаларын зерттеудегі сарапшылардың пікірінше, дамымайтын қабілет деген ұғымның өзі ақылға сыймайды деген қорытындыға келеді. Егер баланың туа біткеннен бастап музыкалық дамуына қажетті жағдайлар жасалса, бұл оның музыкалық қабілетін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді деп саналады. Бұл отбасында немесе әлеуметтік ортада баланың қабілетінің артуына жәрдем болады. Кейбір ата-ана балаларының өздерінің қалауы бойынша әртүрлі үйірмелерге: ағылшын тілі, орыс тілі, тіпті қазір қытай тілі курстарына беріп жатады. Бірақ, баланың өз қабілетінің деңгейіне қарай берілсе оның шығармашылығы арта түседі, бұл неғұрлым белсенді және неғұрлым жан-жақты болса, баланың музыкалық даму процесі тиімді болады және музыкалық білім беру мақсатына сәтті қол жеткізіледі. Сондықтан баланың табиғатына, оның жан-дүниесіне жақын үйірмелерге берген дұрыс болады деп тұжырымға келеміз.

Әдебиеттер:

1. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей .//-М.2008.
2. Жалпы психология. // Алматы. – 2012ж.
3. Рогова Е.И. Общая психология.// - М, 2008.
4. Эмерсон Р.Г. Музыкальная энциклопедия, І-том,// - М. 1999
5. Абдуллин Э.Б. Музыкалық білім педагогикасының әдістемесі. // Алматы – 2009.

ӘОЖ (07.257.003)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.

Нұсқабай Ә.Ж. – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян селосы, С.Әбдіжаппаров атындағы №1 мектеп-интернатының «11-А» сынып оқушысы.

Ғылыми жетекшісі:Байғонова А.С. – магистр аға-оқытушы.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы.

Резюме.

В данной статье рассматривается пути развития музыкальных способностей младших школьников.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерін дамыту және жетілдіруді жүзеге асыру бойынша мұғалімнің жұмысы күрделі, сонымен бірге қызықты бөлімдерінің біріне жатады. Осыған байланысты музыкалық қабілеттерді ерте анықтау және дамыту міндеті арнайы және жалпы музыкалық білім беру үшін ерекше маңызды әрі өзектілікке ие болады. Музыкалық қабілеттер мәселесі қазіргі музыкалық және педагогикалық әдебиеттерде орталық орындардың бірін алады. Бұл зерттеулер музыкалық қабілеттердің дамуы, музыкалық мәдениеттердің негізін қалыптастыру мектеп жасына дейін басталу керек екені көрсетіледі, әрі қарай олар бастауыш сынып кезінде музыкалық қабілеттердің едәуір жоғары деңгейге жетіп қалады. Сонымен қатар, ерте балалық шақта баланың жанында музыкалық өнердің сұлулығын аша білетін ересек адам болғаны маңызды. Барлық отбасында музыкант немесе музыка саласындағы маман бола бермейді, сондықтан біз, музыка пәні мұғалімі, бұл жауапкершілікті өз мойнымызға алып, сыныпта отырған әр оқушыны музыка деген ертегі әлеміне саяхат жасатып, музыкалық өнердің сұлулығын аша білуіміз керек.

Қабілет мәселесі – бұл ең алдымен сандық емес, сапалық мәселеге жатады. Оның мәні оқушыларды дәрежесі бойынша саралауда емес, баланың музыкалық сипаты қандай және оны қалай сауатты әрі мұқият дамыту керегінде. Белгілі бір қызмет түріне арналған қабілеттер анализаторлардың сезімталдығы, беріктігі, жүйке жүйесінің тепе-теңдік процестері секілді ерекшеліктермен байланысты табиғи бейімділік негізінде дамиды. Қабілеттер тек іс-әрекет барысында қалыптасады және адамның қандай да бір қабілетінің жоқтығы туралы сол салада сынап көрмейінше айту мүмкін емес. Көбінесе белгілі бір қызмет түріне қызығушылық болашақта қалыптасуы мүмкін қабілеттерді көрсетеді. Демек, бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерін дамытуды ең алдымен, олардың музыка сабағына деген қызығушылықтарын арттыру арқылы бастау керек.

Жалпы түсіндірме сөздіктерде «қабілетті, дарынды, талантты» терминдері синоним ретінде қолданылады [1]. Бұл дегеніміз белгілі бір салада «талантты, дарынды» болсақ та, дәл сол саланың маманы болу үшін біздің қабілеттеріміз жоғары болуы керек. Психология-педагогика саласында бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін қалыптастыру олардың жеке тұлғалық дамуының басты кезеңдері болып табылады.

Баланың өмірі мен дамуының әр кезеңі белгілі бір жетекші қызмет түрімен сипатталады. Психологияда жетекші іс-әрекет дегеніміз – балалардың психикасында сапалы өзгерістер болатын, негізгі психикалық процестер мен жеке қасиеттердің қалыптасуы деп түсіндіріледі. Негізгі қызмет түрлері – ойын, хобби, ал музыканттың жұмысында олар өте маңызды әрі қызықты сергіту ретінде қабылдайды. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін қалыптастыру кезінде олар осы жастағы орталық неоплазманы – теориялық сана мен ойлаудың негіздерін және олармен байланысты қабілеттердің негіздерін (рефлексия, талдау, жоспарлау) қалыптастырады және дамытады.

Балалардың даму кезеңінде тұлғаның барлық негізгі психикалық процестері қарқынды қалыптасады және сапалы өзгерістерге ұшырайды: ойлау, қабылдау, сөйлеу, есте сақтау, назар, қиял. Оқу іс-әрекеті арқылы теориялық білімді игеру ойын, еңбекпен үйлескен кезде толығымен жүзеге асырылады. Оқу іс-әрекетін тек балалардың зияткерлік және танымдық белсенділігінің көрінісі ретінде түсінуге болмайды. Оқу іс-әрекетінің балалардың басқы іс-әрекеттерімен байланысы оларды оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мен сабақтастығының психологиялық негізі болып табылады. Бастауыш мектеп жасында танымдық процестердің негізгі адами сипаттамалары (музыкалық қабылдау, зейін, есте сақтау, қиял, ойлау және сөйлеу) бекітіліп, одан әрі дамиды, олардың қажеттілігі мектепке барумен байланысты.

Орыс психолог-педагогы В.И.Петрушиннің ойынша, бастауыш сынып оқушысының есте сақтау қабілеті өте жақсы және бұл, ең алдымен бірінші оқу жылында өте тез дамып келе жатқан механикалық есте сақтауға байланысты[2]. Механикалық есте сақтау осындай жадының барлық процестері есте сақталатын немесе еске түсірілетін материалды қарапайым жолмен, бірнеше рет қайталауға, оны түсінуге тырыспастан жасалғанына негізделген. Сонымен қатар, В.И.Петрушиннің айтуынша, жақсы музыкалық есте сақтау қабілеті – бұл музыкалық шығарманы үйренгеніне тіпті ұзақ уақыт өтсе де, оны берік әрі мүмкіндігінше тура тез есте сақтау. Бұдан шығатын қорытынды – бастауыш сынып оқушыларының керемет есте сақтау қабілетіне байланысты оларды музыка сабағы барысында әртүрлі музыкалық шығармалар әрі теориялық тәжірибелер арқылы музыкалық қабілеттерін қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Қабілеттер мәселесі әрдайым өзекті және өмірлік маңызды болып қала береді. Музыкалық белсенділік процесс ретінде әрекет етеді, ал музыкалық қабілеттер – бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайтын жеке тұлғаның потенциалы ретінде әрекет етеді. Музыкалық қабілеттер қазіргі психологияда адамның ерекше рухани іс-әрекетінде көрінетін танымдық қабілеттердің нақты формасы ретінде қарастырылады.

Г.С.Тарасов өз зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларының оқу практикасында көрінетін музыкалық сипаттамасын ұсынады [3]:

- Шашыраңқы, ұйымдастырылмаған музыкалық тәжірибе;
- Вокалды-есту қабілетінің жеткіліксіздігі (кеде қозғалыс-есту қабілеті) координациясы;
- Эмоционалды күйлерді өзгерту қажеттілігі, өзіндік импульсивтілік, эмоционалды күйлердің бақылаудан тыс болуы;
- Қарым-қатынас жағдайында (ересектермен, музыка шығармаларындағы кейіпкерлермен) тікелей эмпатияға эмоционалды сәйкестендіруге бейімділік;
- Іс-әрекетті, қарым-қатынасты тек сөзге емес, сезімтал сезімдерге, суреттерге немесе үлгілерге сүйене отырып реттеу (сөз артындағы түпкі «нақты көріністі визуалды көруге» деген ұмтылыс, тірі

бейнелерді, балалардың идеяларын ерекшелейтін, жалпылайтын сөздерге артықшылық беру).

Осы тұрғыдан алғанда, келесі талаптарға жауап беретін ойындар бала үшін өте пайдалы:

- ❖ Балалардың тікелей қызығушылығын тудыру қабілеті;
- ❖ Балалардың өз қабілеттерін көрсетуге тікелей мүмкіндік беру;
- ❖ Баланы басқа балалармен жарысқа тарту;
- ❖ Білім іргетасын, білік пен дағдыны қалыптастыруда дербестікті қамтамасыз ету;
- ❖ Ойындағы жаңа ақпарат, дағды, білім көздерінің қолжетімділігі;
- ❖ Ойын барысында тек ойыннан жеңіске жету үшін емес, жаңа ақпарат алып, дағдыларды меңгеріп, өз білімдерін көрсету үшін қол жеткізген жетістіктеріне лайықты сыйақы алу.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, балалардың қабілеттерін қалыптастыруда өмірлік тәжірибе, белсенділік, оқыту және тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Табиғи алғышарттар (бейімділік) қабілеттердің дамуына ықпал етеді, олардың дамуын тездетеді және үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Музыкалық қабілеттерді анықтау үшін мұндай түсінік қажет және жеткілікті. Осы жоғарыда аталып өткен ақпараттар мен түсініктерді және ғалымдардың зерттеу жұмыстарын тұжырымдай келе, бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағы барысында қалыпты сабақ өтумен қатар, олардың музыкаға деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілікерін қалыптастыру мақсатында түрлі ойындар арқылы немесе балалар арасында жарыс, олимпиада, конкурстар және түрлі музыкалық іс-шаралар өткізу арқылы музыкалық қабілеттерін дамыту ең тиімді бағыт деп есептеймін. Сонымен қатар, бұл оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты күшейтеді және сол қарым-қатынасты қалыптастыру үшін әр пән мұғалімі аянбай еңбек ету керек деп санаймын. Бұның нәтижесінде баланың сабаққа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі одан әрі артып, сол салада бірқатар қабілеттерді қалыптастырып, сабақ материалдарын меңгерумен қатар, мұғаліммен бірге өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізуге деген талпынысы мен құлшынысы арта түседі.

Әдебиеттер:

1. Түсіндірме сөздік.
2. В.И.Петрушин «Музыкалық психолия» Москва. 2008г.
3. Г.С.Тарасов «Музыкальная психология спутник учителя музыки» Москва. 1993ж.

ӘОЖ (107.711.74)

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРҒА МУЗЫКА ПӘНІ МЕН БАСҚА ПӘНДЕР АРАСЫНДА БАЙЛАНЫСТЫ МЕҢГЕРТУ.

Нұрлыбек Т.И. – 1403-19 тобының студенті.
Ғылыми жетекші: Байғонова А.С. магистр аға-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ. Қазақстан.

Резюме.

В статье рассматривается связь предмета музыки с другими предметами в школе.

Білім беру мазмұнын жаңғырту, оқыту әдістері мен құралдарын жаңарту жаңа педагогикалық ізденістердің негізі болып табылады. Оқу пәндері нақты ғылымдардың логикасында құрылғандықтан және олардың барлығы бір-бірімен белгілі бір дәрежеде байланысты болғандықтан, пәнаралық байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Пәнаралық байланыстар мәселесін жан-жақты зерттеу педагогиканың ғылыми, теориялық негіздерін дамыту үшін де, мұғалімдердің практикалық қызметі үшін де өте маңызды. Дәл осы пәнаралық байланыстар барлық пәндер бойынша оқытуды қамтуы керек. Осындай жүйеленген ғылыми идеяларды бөліп көрсету негізінде жалпы пәндік жүйенің біріңғай әдіснамалық негізін қамтамасыз етуге болады дейтін тұжырымға келеміз.

Қазіргі білім беру парадигмаларында білім беру мазмұны әдетте өте тар түсіндірілетін оқу материалымен сәйкестендіріледі. Бұл мәселенің маңыздылығын түсіне отырып, қазіргі заманғы жаңашыл мұғалімдер білім беру процесінде пәнаралық интеграция арқылы осы мәселені шеше отырып, тұлғаның жан-жақты дамуына кедергі келтіретін мектептегі тар пәндік оқытуды жеңуге тырысады. Интеграция (лат. - қалпына келтіру, толықтыру, тұтас) - жүйе, организм функцияларының жекелеген сараланған бөліктерінің тұтасқа байлану жағдайын, сондай-ақ осындай жағдайға алып келетін процесті білдіретін ұғым [1].

Қазіргі мектепте интеграция әдістері әртүрлі. Ең алдымен, бұл бірнеше оқу пәндерін бір пәнге біріктіру. Д. И. Корнющенко интеграцияның келесі принциптерін анықтайды: - әмбебаптылық принципі; - жан-жақтылық принципі; - үйлесімділік принципі (жан мен Ой); - даму принципі; - жеке бас принципі (оқушыға тәуелсіз, еркін ойлайтын тұлға ретінде қарау) [2]. Қоршаған өмірді түсіну тек элементтер мен объектілердің заңдылықтары мен байланысын бүкіл қоршаған ортамен түсінуде мүмкін болады, білім берудегі интеграция білім әлеміндегі барлық нәрсенің тұтастығы, өзара байланысы мен бірлігі туралы идеяларды қалыптастырудың шарты ретінде қарастырылады. Білім берудегі интерграция тағы да жалпылама сәттерді табуға, түсінуге және құбылыстарды бір-бірімен байланыстыруға үйретеді. Осылайша, интеграция бұл балаларды кез-келген құбылыстарды әр түрлі тұрғыдан қарастыруға үйретуге бағытталған арнайы құрылымдық педагогикалық процесс; белгілі бір шығармашылық мәселені шешуде әртүрлі салалардағы білімді қолдану қабілетін дамыту; оқушылардың өз бетінше шығармашылық зерттеулер жүргізу қабілетін қалыптастыру, олардың кез-келген шығармашылықта өзін белсенді білдіруге деген ұмтылысын дамыту [3]. Музыканың көмегімен сезімдік негізде әлемді тануының ғажайып қабілеті атап өтуге болады. Музыка балаларға әлемді жақсырақ түсінуге, қарым-қатынастың қызықты түрлерін табуға көмектеседі, бұл бір уақытта ойлау және сезіну қабілетін қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Сондықтан бүгінде пән мұғалімдері өз сабақтарында музыканы жиі қолданады. Музыкалық өнер өзінің табиғаты бойынша пәнаралық болып

табылады. Музыка мен өзге пәндердің ұштасқан аймақтарын белгілеп келесідей анықтама берсе болады: Музыка – сөйлеу, әдебиет және поэзияның интонациялық-семантикалық мазмұны туралы білімді; музыкалық өнердің бейнелеу мүмкіндіктері; оның хореографиямен синкретикалық байланысы туралы білімді; "әдемі" және "мейірімді" ассимиляциясын; қабылдаудың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін; дыбыстың пайда болуы мен физикалық қасиеттерін; математикалық пропорциялар мен логиканы; геометриялық симметрия мен пропорционалдылықты; музыкалық мәдениетке тән мемлекеттер мен халықтардың географиялық орналасуы туралы білімді біріктіреді [4].

Бүгінгі таңда білім беру практикасында ең көп кездесетіні – музыканың білім беру саласындағы (музыка мен әдебиет, музыка және бейнелеу өнері, музыка мен ырғақ және т.б.) пәндермен интегративті байланысы. Алайда, музыканы өте алыс білім беру салаларымен (музыка және физика, музыка және математика, музыка және биология, музыка және шет тілдері, музыка және география және т.б.) интеграциялау үрдісі байқалады. Жаңашыл мұғалім Т. Ю. Гуняшова музыканың жаратылыстану, гуманитарлық және эстетикалық цикл пәндерімен әр түрлі байланысын қарастырады, олардың ішінде: музыка және математика (Пифагор); музыка және физика (Ньютон); музыка және биология, химия (А.П. Бородин); музыка және география және т. б. жаратылыстану пәндерін оқытудағы музыкалық өнердің дүниетанымдық бағыты қоршаған әлемнің, адам табиғатының даму заңдылықтарын терең білуге ғана емес, сонымен қатар оны сұлулық тұрғысынан бағалауға да көмектеседі. Бұл классикалық жол, өнер мен ғылымның синтезі, ол жеке тұлғаны жан-жақты білімге жетуге бағыттайды және құрдастарының күрделі әлемін білудегі рухани көзқарасты кеңейтуге көмектеседі.

Н. Палтышевтің дамыған сабақ жүйесі физика сабақтарына музыка енгізуді қамтиды. Бұл Бах, Бетховен, Скрябин, Чайковский, Шопен, Прокофьев, Моцарт, Григ және т.б. музыкасы, ол сыныпта белгілі бір эмоционалды климат құру үшін енгізілген. Автор жоғары дәстүр музыкасын қосу сабақтарда жоғары руханият атмосферасын, болмыстың терең негіздері туралы ойлар тудырады дейді. Жаратылыстану циклінің кез-келген сабағы жоғалмайды, тек философия элементтерімен қанықкан жағдайда ғана маңызды болады, ал бұл өз кезегінде музыка, поэзия және кескіндеме секілді өнер салалары арқылы көрініс табады. "Біздің сабақтарымызды физика мен химия заңдылықтарын зерттеу сабақтарымен ғана емес, сонымен бірге адамдарға әнұран, күн гимні, розинкаға әнұран, адам ақылына әнұран болатын сабақтармен жасайық" деген ұсыныспен автор жұмысын қорытындылайды. Музыка мен математиканың интеграциясы ерекше қызығушылық тудырады. Бір қызығы, музыка мен математиканың өзара әрекеттесу мәселесі музыканттар мен математиктерді де қызықтырады. Музыкалық-теориялық пәндер математикамен жеке математикалық ұғымдармен (сан, симметрия, алтын қатынас, санау және т.б.) ғана емес, сонымен қатар педагогикалық әдістер мен әдістермен (схемаларды,

графиктерді, формулаларды қолдану және т. б.) байланысты. Е. Б. Ежованың диссертациялық зерттеуі математика элементтерін тарта отырып, сольфеджио сыныбында музыка мектебінің оқушыларының музыкалық есту қабілетінің даму ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған [5]. Біріншіден, объектілер арасындағы байланыс "жалпы ұғымдарды (санау, пропорциялар, Өлшем, шаршы – квадрат емес, фракциялар, координаттар жүйесі, формулалар, сан, тақ сан және т. б.) қолдану болып табылады.); арифметикалық амалдарды қолдануда (санау, қосу, бөлу, азайту); ойлаудың жалпы түрін қолдануда (логикалық); жалпы психикалық қасиеттерге ие болу қажеттілігі (логикалық ойлау, ойлау, ойлау және т.б.)". "Математика элементтерін пайдалану музыкалық ұғымдарды дұрыс қабылдауға, музыкалық құрылымдардың үйлесімділігі мен сұлулығын эстетикалық тұрғыдан сезінуге, ойлаудың икемділігін дамытуға, әртүрлі білім салаларынан ұғымдар мен идеяларды байланыстыруға, ақыл-ой іс-әрекетінің жалпы әдістерін дамытуға мүмкіндік береді (жіктеу, салыстыру, талдау, жалпылау, қорытынды жасау және т.б.)".

"Музыканы қабылдау мен сезінудің тереңдігі балалардың зияткерлік, қатаң логикалық ойлары мен іс-әрекеттеріне өз ізін қалдырады, олардың өнімділігін едәуір арттырады". Математика мұғалімі мен музыка мұғалімі бірлесіп құрастырған екілік сабақтардың дамуы бар. Ол сабақтар келесідей мақсаттарды көздеген: - оқушылардың ой-өрісін кеңейту; - музыка мен математикадағы жалпы заңдылықтарды анықтау; - оқытылатын пәндерге қызығушылықты тәрбиелеу. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Бұл сабақтың мазмұнына байланысты. Қорытындылай келе, ең қарабайыр деңгейде пәнаралық байланыстарды пайдалану принципі білім беру мен білім беруді шешуге жалпы кешенді көзқараста көрінеді. Музыка пәні алдымен, математика, әдебиет, тарих, бейнелеу пәндерімен тығыз байланыста екенін оқушыларға түсіндіру.

Әдебиеттер:

1. Түсіндірме сөздік.
2. Кутасова Л.С. Учебный проект «В математике есть своя красота» [электронды ресурс] – URL: http://wiki.iteach.ru/index.php/
3. Хохлачева Т.В., Острожнов Н.А. Интегрированный урок математика-музыка по теме: «С нотой дробь объединим» [электронды ресурс] – URL: http://gapkin-school.narod.ru/index32.html
4. Гуняшова Т.Ю. Взаимосвязь музыки с предметами естественных, гуманитарных и эстетических циклов [Текст] / Т.Ю. Гуняшова //Музыка в школе – 2003. – No1. – Б.54–57.
5. Ежова Е.Б. развитие музыкального слуха у учащихся ДМШ на уроках сольфеджио [Текст]: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. пед. наук: (13.00.02) /Е.Б. Ежова. – Москва, 2007. – 24 б.

ӘӨЖ 7.035

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Бисенбаев А. Ғ.- 1403-10тобының студенті
Ғылыми жетекші: А. Т. Досбағанбетова-ҚР Мәдениет саласының үздігі,доцент м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент
Мұстапаева Т. Қ. - окытушы
Қожа ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент

Резюме:
В тезисе рассматривается музыкальное наследие Ал-Фараби.

Әбу Насыр Әл-Фараби (араб.: **أبو نصر محمد الفارابي**, Әбу Насыр Мұхаммад Ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки 870-950 ж. ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, пәлсапашы, музыка зерттеушісі.

Ұлы ғалым, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі Әл-Фараби Әбунасыр Мұхаммед Ибн Тархан Әл-Фараби Оңтүстік Қазақстан өлкесінің көне Фараби, кейіннен Отырар қаласы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 20 жасына дейін сонда оқып, тәрбиеленеді де өсе келе Шығыс елдерін аралап білімі мен ғылымын дамытады. Солардың ішінде араб халифатының саяси-мәдени орталығы Бағдатта, Каирде, Алеппода, Дамаскіде болып көптеген ғылыми зерттеулер жасайды. Шам шахарында көптеген жылдар бойы тұрып ғылыми салаларды игереді. Фараби бабамыздың асыл ғылыми шығармашылығы дүние жүзі мәдениеті мен ғылыми жаңалықтарына Шығыстың Аристотелі деп танылған. Болашақ ұрпаққа қалдырған ғылыми мұрасы, 160-қа жуық трактаты біздің заманымызға жетті[1].

Әл-Фарабидің еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі ол-музыка саласы. Негізінен алғанда, Фарабидің өзі -асқан музыкант, аспапта шебер орындаушы болған. Ол жайлы ел арасында мынадай бір аңыз - әңгіме бар:

Шығыс патшаларының бірінің сарайында той-думан қызып, бек-патша, бай-манап, қожа-молдалар жиналып үлкен жиын-тамаша құрып жатқан көрінеді, оған Фараби де қатысады. Бірақ шарап ішіп елірген қауым Фарабиге ілтипат жасамайды. Шыдамаған Әбунасыр бір шетке шығып, домбырасын қолға алып, аса бір мұңды күй орындайды. Оның мұңдылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып, уайымға беріліп егіліп жылайды. Енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйді ойнай жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп, балаша билеп, жын қаққандай сақылдап ойнап кетеді. Мұнан соң Фараби бір түрлі жаймашуақ, бір сарынды қоңыр ырғақты күй ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп, бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап Фараби жайына жүріп кеткен екен[2].

Музыка зерттеу саласында Фараби әр алуан шығармаларымен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты көлемді еңбек қалдырды. Бұл жұмыс музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі музыканың эстетикалық – теориялық принциптерін

шешуге бағытталғын. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді.

Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоритик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бірауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-35 жылдары француз тілдеріне аударған Р.Эрланже: «…Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан айырмашылығы жер мен көктей» десе, ағылшынның қазіргі музыка зерттеушісі Г.Фармер: «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазған[3].

Фарабидің пікірінше, музыканың ғылыми іргетасы тәжірибе-бақылау мен физика-математика ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты мен адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті, оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлігі мен эфектісі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас.

Кейбір деректерге қарағанда Фараби шығарған әндер осы күнгі Иран, Ирак, Түрік және басқа да Шығыс елдерінде орындалады. Оның өзі жасаған «Канун», «Уд», «Қыпшақ» деп аталған аспаптары болған сияқты. Фарбидің музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазғаны баршамызға мәлім. «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арналған тараулар бар. Ғалым музыка ғылымының шығуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді.

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Птоломейдің еңбектеріне сүйенеді. Алайда Фараби бұл авторлардың идеяларын сын көзбен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады. Олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тіпті қолға алмаған. Ал, Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, математика мен физиканы жетік білгені сонша, олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін бағалаушыдамын, сондықтан да ертедегі гректерге қарағанда, көбірек зерттеуіме, ізденуіме мүмкіндігім болды» деп жазды. Фараби Шығыстың ғылымы мен өнері ескі грек ғылымы мен өнерінің жай ғана көшірмесі болды деп кемітетін буржуазия ниеттес оқымыстылары бұған не дер екен.

Фарабидің музыка саласында жазған «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты құрғақ музыкалық шығарма емес, бүкіл орта ғасырлық ғылымдардың

сындарлы ескерткіші. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, музыканың тәжірибелік және теориялық негізін қалап, музыкалық аспаптарды қалай жүзеге асыру жолдарын көрсетіп береді. Нақтылы айтқанда, Фараби теориялық ғылым жасаудың үш шартын қойып, осы шарттар негізінде музыка теориясын өз бетінше жаңадан жасап шығады. «Музыканың ұлы кітабы»: музыка ғылымына кіріспе, музыка ғылымының негіздері, музыкалық аспаптар, музыкалық композиция атты үлкен –үлкен тараулардан тұрады.

Бұл еңбек IV ғасырда –ақ латын тіліне аударылып, Европада музыка ғылымының дамуына үлкен әсер етті. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазір қолданып жүрген он екі жарты тондық музыкалық жүйенің бастамасы бар.

«Музыканың ұлы кітабының» бірінші тарауында мелодия, музыкаға бейімділік, практикалық және теориялық музыка, музыканың шығуы, музыкалық білім беру, музыкалық өнер, сезім және ақыл қорытындысы, бастапқы, негізгі принциптер, музыкадағы табиғи нәрселер жайлы айтылады. Екінші тарауында музыка ғылымының негіздері жайлы баяндаса, үшінші тарауында музыкалық аспаптар жайлы айтылады. Ал төртінші тарауында ырғақ, фонема және фраза, тондар жайлы айтылады.

Фараби бұл еңбекті замандастарының өтініші бойынша жазған, оның себебі жайлы былай дейді:«Сен ежелден келе жатқан байырғы музыка өнерін білгің келіп, түсінікті әрі жеңіл, жұрттың көдесіне жарайтын кітап жазуды өтінген едің… Сол тапсырманды осы уақытқа дейін орындай алмай келдім. Себебі бұл мәселе жөнінде жазған ертедегі ғалымдардың еңбектерін тегіс, мұқият қарап шығуға тура келді[4].

Музыка зерттеушісі Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы музыканың теориясын жасағандығында. Себебі осы уақытқа дейін музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенер болсақ, «Әл-Фараби жасаған музыкалық теория нақты әрі айқын.»

Әдебиеттер:

1. К.Кенжетаев. «Асылдар мен ардақтылар» Алматы. Өнер-2002.
2. П.Момынов. «Қазақ музыкасының тарихы.» 1-том.
3. Е.Балабеков. «Қазақтың музыка фольклоры.» Алматы. 2006.
4. Ә.Қоңыратбаев., Т.Қоңыратбаев. «Көне мәдениет жазбалары.» Алматы.

ӘӨЖ 398.(512.122)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӘНШІЛІК ӨНЕРІ

Екіағайынды Зейнеп- 1403-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Дюсебаев С.Б. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Бұл мақалада Оңтүстік Қазақстан ән шығармашылығының кейбір стилистикалық ерекшеліктері ашылады. Қазіргі ән- композиторлар өз туындылардың негізіне, алдымен халық фольклорына сүйеніп және жергілікті әндеріне тән стилистикалық ерешеліктерге басымдық береді.

В этой статье раскрываются некоторые стилистические особенности композиторов Южного Казахстана. Современные композиторы берут за основу своих творений местные напевы , опираясь прежде всего на народный фольклор, превнося в свои произведения стилистические особенности, характерные для своего региона.

«Музыка жанрының ішінде халық арасына аса кең тарайтыны-ән. Бүгінгі таңдағы өнер сүйгіш қауым әнге де, текстке де өте жауапты қарайды. Өнер біреуге үйретумен қатар, үйреніп отыруды да талап етеді. Бізде мынадай бір мәселенің шеті бұзылмаған секілді...»

Ән қай халықтың болсын рухани серігі, жан-дүниесінің, бітім-болмысының айнасы іспеттес. Түрлі ұлт өкілдері қоян-қолтық өмір сүріп жатқан Қазақстанның ән өнері бай әрі сан-алуан.

Қазақ халқының мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне егжей-тегжейлі жеткен ән қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады. Дәстүрлі ән үлгілері ежелден ғұрыптық әндер, халық әндері, кәсіби халық композиторлары шығармалары болып, баға жетпес құндылықты құрайды. Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жөнінен алуан түрлі. Қазақтың фольклортанушылары мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс –салтқа байланысты ғұрыптық әндер, халық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырылып жүр.

Ғұрыптық әндердің өзі – бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, көрісу, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып, тармақталса, әншілік өнердің кең өріс алған кезінде пайда болған кәсіби ән өнері- халық әндері және кәсіби халық композиторларының әндері болып саналады.[1]

Ал, әншілік өнердің тарихы жайлы қысқаша тоқтала кетсек, жалпы, Қазақстан өңірінде XIX ғасырда толығымен қалыптасып, кең етек жайып, шарықтау шыңына жетті. Ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбетовтың зерттеуіне сүйенсек, қазақ халқының дәстүрлі әншілік өнерінің бірнеше түрлері бар: Арқа әншілік дәстүрі, Батыс Қазақстан әншілік дәстүрі, Жетісу әншілік дәстүрі, Сыр өңірі әншілік дәстүрі, сонымен қатар қазіргі заманауи әншілік өнер ерекше орын алады.

Қазақ халқында, халық әндерін аспаппен әндету бұрыннан келген өнерлердің бірі, ата бабамыз ұлттық аспаптарымыз, әсіресе сыбызғы, домбыра, сырнай, жетіген, шаңқобыз аспаптарымен әндеткен. Араға біраз жылдар салғаннан кейін, домбыра сияқты аспаппен әндету кең етек жайып, басқа аспаптар қолданыстан шыға бастады.

Дәстүрлі әншілік өнерді дәріптеген өнерпаздар жыр, терме орындап, қазақ елінің мәдениеті мен тарихында ерекше орын қалдырған. Сонымен қатар, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Бекен Жамақаев, Садық Кәрімбаев сырнаймен шырқайтын әндер жазды. Кейіннен Мұхаммеджан Рүстемов, Мэлс Керейбаев, Ағайша секілді әнші-композиторлардың алатын орны ерекше.

Әншілік өнердің жаңа заманауи әдістеріне талдау жасасақ, яғни олардың вокалдық жағынан жаттығуына ерекше назар бөлуге болады. Кәсіби шеберлікке міндеттер қойылып қана қоймай, музыка жағынан дамуына ерекше

ықпал етеді. Сонымен қатар, Оңтүстік өңірінен шыққан дарынды, өнер майталмандардың бірінің шығармаларынан аңғаруға болады.

Оңтүстік өңіріміздің дарынды композиторларымыздың бірінің шығармаларымен таныстырып қана қоймай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Шәмшінің жолын қуған Уәлихан Қонақбаевтың музыка өнеріне, музыка фольклоріне қосқан үлесі жайлы, сонымен қатар орны ерекше өз өңіріміздің композиторымыздың шығармаларының жинағы жайында тоқталамыз.

Қазақ әуені қазақ мәдениетін толығымен қалыптасып, дамуына ерекше ықпал етті. Сөздің майын ағызған шешендер, көмейінен балдай ән шырқаған серілер ел мақтанышына айналған.Бесік жырынан бастап ән өнері өз құдіретімен тамсандырды. Ән арқылы ата-баба заманымыздан қалыптасып, келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлер сабақтастығы жалғасып, халқымыздың арман-қиялы, сүйініші, дүние танымы бейнеленген. Сонымен қатар, заман болмысын әнге қосып, өрнектеу және оны орындап насихатттау халыққа тән қасиет. Әнді орындаудың өзіндік мәдениеті, орындалу тәсілі, әуездік ырғағы мен екпіні, ұлттық колориті сақталып отырған. Сөз бен әуен ерекше ұйқасын тауып, белгілі бір тақырып жан-жақты ашылып, маңызын көрсетіп, халықтың жүрегінен ерекше орын алған. Қазақ халқы әнді шырқау барысында әуенді дұрыс нотаға түсіруді білмесе де, ырғақтарынан аспай, басталуы және шарықтауы, сонымен қоса қайырмасы музыка теориясына сай келеді. Ән адамның көңіл-күйінен туады. Ән кейде көтеріңкі екпінмен, кейде мұңды сазды, тағы бірінде ойнақы екпінмен баяндалады. Музыка теориясын халқымыз табиғаттан, өмірдің ағымынан үйренді. Әрбір көңіл толқытарлық жайттарды әнге қосып, еліміздің мәдениетін одан әрі байытты. Қазақтың қай жеріне шолу жасасақ, кеудесі сазға толы сыршыл жандарға кезігеміз. Оларды топтастыратын ән күшінің құдіреті. [2]

Қазақ дәстүрлі аспаптық және әндік мұрадағы үлгілер жинақ, басылымдар әрдайым Қазақстанның музыкалық фольклорының маңызды мәселелерінің бірі болып саналды. Музыка саласындағы ғылыми ізденістердегі ойлар, бүгінгі таңда өте аз зерттелген немесе тіпті зерттелмеген дәстүрлі музыкалық фольклоріне ерекше назар аударуды талап етеді. Қазақ жерінде көпқырлы дарынды адамдарға, өнер майталмандары, сонымен қатар композиторлық талантымен, ерекше поэт және аспаптың құлағында ойнайтын жандарға бай. Бірнеше аспап майталман музыканттар да аз емес. Оларды халқымыз «Бес аспап» деп айтайды. Сонымен қатар, халқымыз көп өнері бар адамдарды «сегіз қырлы, бір сырлы» деп бекер айтпаған.

У.Қонақбайұлы ән шығармашылығының кейбір стилистикалық ерекшеліктері ашылады. Қазіргі ән-композиторлар өз туындыларындың негізіне , алдымен халық фольклорына сүйеніп және жергілікті әндеріне тән стилистикалық ерекшеліктерге басымдық береді.

«Әуеннің сөзі- музыкалық шығарманың ең басты компоненті.Олсыз ән болуы мүмкін емес» (Лотман).

Әуен сөздерінің лингвистикалық талдаудың негізгі міндеті- жалпы көркем идеяны анықтау, яғни туындының негізінде жатқан эмоцияналдық мағынаны жинақтау. Оның доминанты сипатталған шындыққа қатысты авторлық көзқарасы болып табылады. Талдау барысында әннің түрлі деңгейлері қарастырылады. Бұл деңгейлердің талдау тәртібі еркін және нақты болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі аспаптық және ән мұраларының үлгілерін жинау, зерттеу және басып шығару әрдайым Қазақстанның музыкалық фольклорының қажетті міндеті болып келді.

Этнография саласындағы ғылыми ізденістер бүгінгі күні дәстүрлі музыкалық фольклордың аз белгілі немесе тіпті зерттелмеген құбылыстарына көбірек көңіл бөлуге мәжбүр етеді. Қазақ жері дарынды адамдарға, өнер шеберлеріне бай. Көбінесе, ән шығарып,оларды өздері орындап, бірнеше аспаптарды шебер ойнауды білетін музыканттар болған. Бұл дәстүр жоғалған жоқ, тек жаңа формалар, жаңа мазмұн алды.[3]

Осындай оңтүстік өңірдегі әмбебап музыканттардың бірі - Уәлихан Қонақбайұлы. Балалық шағынан саздың шырын демін еміп өскен оның туындылары алып ұшқан сезімге емес, байсалды мінез, терең ойларға құрылған. Еңселі тұлғасына сай қиялынан есті әуендері үйлесімді туындаған.Тыңдаушысын ынтық еткен әндері адамның кеудесіне тәтті мұң түсіреді, сағыныш бесігіне құндақтайды. Абай дана айтпақшы, «көңілге түрлі ой салып», алыстап кеткен құрғыр өмірдің елесіне шым бата еніп кеткеніңді өзің де байқамай қаласын. Бұл- құлақ құрышын қандырған ән-құдіреттің қасиеті.

Әдебиеттер:

1.Ахметов З. «Казахское стихосложение» Наука, 1964г.
2.Нурахунова Г.М. «К типологии традиционное песенное искусство». «Успехи современного естествознания»,2015г.
3.Сейтбеков Ж. «Ән арнаймын жүрегімнен», «Асқаралы»б.,2010ж.

ӘОЖ 398.(512.122)

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ МУЗЫКАЛЬНОГО ИНСТРУМЕНТА СЫРНАЙ-БАЯН В КАЗАХСТАНЕ

Сембиев Дулат – 1403-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Дюсебаев С.Б. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Мақала қазақ сырнай - баян мәдениетінің даму тарихына арналған, ол қазақ композиторларының сырнай музыкасының концерттік практикада және білім беру үдерісінде кеңінен таралуына қарамастан, қазақ мәдениетінің тарихын ғылыми тұрғыдан ұғыну Қазақстанның музыка өнерін зерттеушілердің мүддесіне жатқанын айтуға мүмкіндік береді.

История развития баянного искусства в разных национальных культурах как устной, так и письменной традиций, исполнительские и педагогические проблемы и другие становятся предметом пристального изучения.

Со стороны профессиональных исполнителей, композиторов, музыковедов отношение к сырнаю-баяну постепенно менялось, достигшем, как известно, своего пика во второй половине минувшего столетия. Следствием этого явилась обширная область музыкознания, изучение баянного искусства – во всем многообразии составляющих его компонентов.

По мнению Е.Простомолотова, «гармонно-баянное» искусство охватывает период со второй половины 19 века, и до наших дней. Причем, в Казахстане, как и во многих других национальных культурах, данная область музыкального творчества получает развитие в русле письменной традиции лишь с середины 1930-х годов. В Казахстане это обусловлено спецификой исторического процесса, в которой доминировала роль устного народного творчества. За этот небольшой период, баянисты Казахстана – композиторы, исполнители, педагоги проделали огромный путь, накопив немалый творческий, методический, репертуарный багаж и выйдя на мировой уровень баянно- профессионального искусства.

Казахская музыкальная культура к началу 21 столетия представляет собой целостный, национально- самобытный феномен, компонентами которого являются фольклор, академическая музыка, образовательная система, глубокие исполнительские традиции и др. Причем, музыка для народных инструментов, прежде всего, для баяна в системе академического искусства оказывается одной из молодых областей композиторского и исполнительского творчества.

Музыкально – исторический контекст развития сырнай – баяна охватывает коммуникативный функции баянного искусства, особенности конструкции, система музыкального образования, концертно- исполнительская практика, жанровая система репертуара, стилевые тенденции музыки для баяна в музыкально- стилевом контексте эпохи, принципы исполнительской выразительности. Особенности преломления избранных параметров на каждой стадии создают наглядную картину эволюции баянного искусства.

В период 1930-х- 1940-х гг. в условиях устной культуры музыкального творчества, наиболее широкое распространение получает гармонь простейшей конструкции, в то время как баян- более сложный инструмент.

Семантика слова «сырнай» нашел отражение в работе Б.Сарыбаева, он пишет: «...слово «сырнай» состоит из двух слов –«сыр»и «най». В казахском языке «сыр» употребляется в значении – тайна, секрет. ... словом «най» называли инструменты и некоторые трубчатые предметы. ...позже термином «сырнай» стали называть гармонику...».[1] На современном этапе, как показывает практика «сырнай- баян» употребляется широко.

Начальный этап становления аккордеонного репертуара (1920-1940 гг.) характеризуется развитием музицирования в сфере популярных песенно-танцевальных жанров. Как отмечает кандидатискусствоведения, доцент А. Гайсин, изначально аккардеон развивался прежде всего как инструмент массовой культуры, рассчитанный на исполнение лёгких в возпроизведении и и доступных в самых различных условиях народного быта мелодиях. «Процесс его эволюции явственно показывает движение от эксцентричности, гротеска, весёлости, например, в русской частушке, к серЬёзным инструментально-игровым формам поведения» [2].

Идентичность правой клавиатуры аккордеона с фортепианной способствовала весьма быстрому процессу популяризации и демократизации инструмента. В одной из работ он так же справедливо замечает об аккордеоне, что он представлял собой «наиболее стандартизированный инструмент из класса гармоник. Исполнитель не столкнётся с проблемой освоения новой клавиатуры при игре на инструменте с любого конца света» [3, 22с.]

Новым этапом эволюционного развития народно-оркестровой культуры становится этнографическое направление жанра. Этот период связан с именем выдающегося казахского ученого-исследователя Б. Сарыбаева. Благодаря многогранной деятельности Б.Сарыбаева были возвращены казахскому народу старинные музыкальные инструменты. Одной из заслуг

ученого было апробирование усовершенствованных инструментов в ансамблевом звучании в 1968 г. Найденные им в результате многолетних поисков, экспедиций древние инструменты, были изучены, озвучены, усовершенствованы и объединены им в фольклорный ансамбль. В состав ансамбля казахских фольклорных инструментов главный этноинструментовед республики Б.Ш.Сарыбаев приглашает известного профессионального баяниста С.С.Сейтханова в качестве сырнайши, а затем в гастрольную поездку данного коллектива в 1970 году в Индию. В 1980 году стало возможным создание нового самобытного фольклорного ансамбля «Отырар сазы». В 1982 году ансамбль был реорганизован в фольклорно-этнографический оркестр «Отырар сазы». С приходом в оркестр Н.Тлендиева, наряду с расширением основного состава традиционных инструментов была увеличена группа баянов, что придало оркестровому звучанию полноту, насыщенность, красочность, а также возможность расширения репертуара. Одним из первых баянистов оркестра был известный музыковед-исследователь К. Жузбаев.

Возврат к исконно народным произведениям, потребность «тембровой персонификации» старинных инструментов- те немногие причины появления камерных составов. Разряженное звучание, индивидуализированный показ оригинальности и своеобразия тембра, исполнительских возможностей каждого этнографического инструмента, мобильность ансамбля противопоставляется большому, малоподвижному, ставшему типовым, составу оркестра казахских народных инструментов. Легкие на подъем, не требующие значительных материальных затрат, фольклорные ансамбли звучат и выглядят не менее колоритно, чем большие оркестры, и поэтому становятся более привлекательными в экономическом отношении для содержания их при государственных филармониях, для организации концертов и гастрольных поездок.

В республиканском музее казахских народных инструментов бережно хранятся более шестьсот экспонатов, в том числе триста двадцать пять музыкальных инструментов. Примечательным фактом является то, что в этой богатой коллекции редчайших древних инструментов, представляющих большую научную ценность, хранятся маленькой двухрядный кнопочный сырнай Шашубая и рояльный сырнай с диатоническим звукорядом Нартая Бекежанова. Известный исследователь казахской традиционный культуры О.Жанибеков при организации фольклорного ансамбля «Сазгер» в 1980 г. Приобрел баян с оригинальным мягким тембром. С тех пор все выступления данного коллектива проходят с этим инструментом (баянисты З.Жакышева, позже М.Жалбиров). Опыт соединения музейной презентации фольклорных инструментов с наглядной ансамблевой деятельностью первого состава ансамбля «Сазген» в концертном зале музея был сам по себе уникален.

Члены ансамбля в традиционных одеждах исполняли народные кюи и песни, где сырнай в сольном исполнении, а также в сочетании с другими древними инструментами создавал неповторимый национальный колорит.

В сольных фрагментах каждого инструмента демонстрировались исполнительские возможности и своеобразие тембров домбры, кыл-кобыза, жетыгена, сырная. Данный опыт демонстрации сольного исполнения каждого фольклорного инструмента, показа всех его исполнительских возможностей, его сочетания с другими инструментами и, наконец, общего звучания всего ансамбля, национальных одежд разных регионов Казахстана, народных традиций и обычаев был использован в деятельности последующих ансамблей казахских фольклорных инструментов. Подобные ансамбли повсеместно создавались как самостоятельные концертные организации, а также при филармониях, при учебных заведениях, в ресторанном бизнесе и т. д.

В круг интересов аккордеонистов постепенно входили образцы классической музыки, доступные для воспроизведения выразительными средствами инструмента. Однако основная цель таких первых переложений – популяризация известных сочинений. Кроме того, свидетельствует «многие шедевры классической музыки приходилось даже не

перекладывать, а скорее приспосабливать к ограниченным возможностям инструмента старой конструкции» [4] Помимо наличия лишь готовых аккордов в левом полукорпусе, аккордеону был свойственен своеобразный «разлив» - совмещение в звучании инструмента двух, а иногда и трёх голосов, настроенных не точно в унисон, а с разницей в несколько колебаний. Исполнение классической музыки на таком инструменте противоречило нормам академического искусства, однако привлекало слушателей характерным «резко выразительным, раздражающим слух вибрирующим тембром» [1,47с.] Такая специфика темброво-акустических качеств станет одной из главных причин, отодвинувших перспективу вхождения аккордеона в систему музыкального образования.

Известно, что первыми исполнителями на аккордеоне (в отечественном музыкальном быту они получили наименование «клавишник» [2, 46 с.] были профессиональные пианисты, теоретики, хоровики. Настойчиво занимаясь, используя пианистический опыт, изучая и расширяя возможности левой клавиатуры и работая над приемами ведения меха, а, следовательно, над звукоизвлечением и штрихами, они добились значительных результатов в исполнении эстрадно-танцевальных пьес, выявив новые технические и художественно-выразительные качества инструмента. Благодаря чему, была сформирована определенная культура исполнительства на аккордеоне.

Аккордеон, как инструмент, имеющий явно иностранный генезис, у казахов является любимым народным инструментом. Как отметил известный исследователь-фольклорист И.В.Мациевский «Музыкальный инструмент можно считать народным для одного и нескольких народов, для этнической группы в тот или иной исторический отрезок времени, если он живет в народных обычаях и обрядах, выполняет в жизни народа определенную функцию».

Литература:

1. Сарыбаев, Б. Казахские музыкальные инструменты. Альбом. Алматы. «Жалын», 2001.
2. Показанник, Е.В. Аккордеон в семействе гармоник: история создания и формирования технико-конструктивных характеристик / Е.В.Показанник. – Ростов -наДону: РГК им.
3. Гайсин, Г.А. Игра на аккордеоне: учебно-методическое пособие / Г.А.Гайсин [электронный ресурс]. 2006 – 605,96 МБ Режим доступа: http://citoweb.yspu.org/link1/metod/.../met66.html
4. Липс, Ф.Р. Об искусстве баянной транскрипции / Ф.Р.Липс; ред. В.Брызгалин. – Москва - Курган: Мир нот, 1999. – 96с.

ӘӨЖ 7 78.06

ЖАС ҰРПАҚҚА МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Әбдутәліп А.Д. – 1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Пернебекова Г Е - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы воспитания детей посредством музыки

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт – дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – мектептердегі жүргізілетін тәрбиелік іс – шаралар.

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер – білімді игеруі өскен ортаға тәрбиеге ғана емес, үлгі – өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп – өну , ілгерілеу жоқ. Халықтық тәлім – тәрбие ісінің негізгі бағыты – адамды, оның ішінде баланы тәрбиелеу. Оқыту мен тәрбиелеу алдында ата – ана да, ұстаз да, қоршаған ұжым да жауапты.

Қазіргі қазақ мектептері тәлім – тәрбие бағытынан ауытқып, тек оқытумен ғана шектеліп қалмай сыныптан тыс жұмыстарға көп көңіл бөлінуде.

Сыныптан тыс жұмыстарда рухани– мәдени және тәлім – тәрбиенің алатын орны – оқушының бойында ізгілік құндылықтарының қалыптасу белсенділігі арта түсері анық. Сыныптас тыс жұмыстарда тәлім – тәрбие беруде оқушылардың жеке тұлғалық музыкалық шығармашылық қабілетін арттыру, музыкалық – іс әрекеттерге белсенділікпен қатыстыру, өз бетінше ынталандыру негізінде музыкалық бейімділіктері мен қабілеттерін дамыту міндеттерін жүзеге асыруды көздейді. Сол себептен сыныптас тыс жұмыстарда тәлім– тәрбие берудің мысалын алыстан іздемей – ақ ұлтымыздың құндылықтарын рухани тұрғыдан жаңғырту арқылы ұрпақ тәрбиесіне қолдануға болады.

«Музыкалық білім беру педагогикасы» атты оқу– құралында, сыныптан тыс жұмыстарда тәлім – тәрбие және білім беруде шығармашылық негізгі топтарға бөліп;

Оқушылармен жеке жұмыс; – түрлі үйірмелердің шығармашылық бірлестіктердегі топпен жұмыс;

Оқушылардың үлкен ұжымдарға қатыстыратын көпшілік іс – шараларын қарастырған. Ал жеке жұмысқа музыкалық аспаптарда:

домбыра сыныбы;

сырнай сыныбы;

Фортепиано сыныты; т.б. жатқызуға болады. Яғни, әрбір оқушының қабілеті қарай бөліп, жеке дәріс береді. Сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық бірлестіктердегі топпен жұмысқа:

хор үйірмесі;

–оркестрлер;

–музыкалық аспаптық ансамбльдер;

–балалардың музыка театры және т.б. Оқышалрдың үлкен ұжымдарға қатыстыратын көпшілік жұмыстарға – топпен жүргізілетін іс – шараларды жатқызуға болады. Оған музыкалық ансамбльдер:

–халық аспаптар ансамблі, вокалды аспаптық ансамбльдер, ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар ансамбльдері жатады.

Сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық – тәлім – тәрбиенің негізгі мақсаты халқымыздың музыкалық мәдениетін, мектеп оқушыларын музыкадан ләззат алып, өмір бойына көркемдік эстетиканы жан азығы ететіндей жас ұрпақты тәрбиелеу.

Қазақтың музыкалық мәдениетіне біртұтас мәдени – рухани құбылыс ретінде оның пайда болу және қалыптасу жоларын зерттеу, музыкалық

мәдениетті халықтың тарихи – әлеуметтік өмірімен байланыста саралау, халықтың музыкалық – халықтық талғам – түсінігін анықтау және оны ғылыми – танымдық жүйеге түсіру, әсересе, музыкалық мұра туындатушы халық композиторларының өмірбаяндық, дерегі мен шығармашылық ерекшеліктерін зерттеу, сөйтіп жеке музыкалық туындыларың қасиетін, жеке тұлғалардың шығармашылық өрісін ғана емес, әрбір тарихи кезендегі мәдениетін төл қасиетін саралау сияқты өзекті мәселелер қазақ музыка тануында әлі де болса тереңдей зерттеуді қажет ететін мәселелер болып табылады.

Музыка өнері әрбір оқушының әсемдік әлеміне үйірсек болып қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып, олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Тәрбиедегі басты мақсат: қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болып табылады.

Музыкалық білім беру – тұлғаға біртұтас жан – жақты әсер етеді; факторларының бірі. Адамның жаңа құндылық бағдарын және дүние танымдық принциптерін қалыптастыруда көркем шығармашылық маңызды рөл атқарады. Музыкалық тәрбие – тұлғаны қоғамның музыкалық мәдениетіне қатыстыру үрдісі. Музыкалық тәрбие жүйесі жалпы және арнайы музыкалық педагогиканың әдістер кешенімен негізделеді. Музыкалық тәрбие – жастардың музыкалық талғамын қалыптастырудың мақсатқа бағытталған жүйесі ретіндедамыту, музыкаға эмоционалдық сезімін, оның мазмұнын түсіну және терең толғану қабілетін тәрбиелеу, халықтық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Әдебиеттер:

1. Ветлугина Н.А. Балалар бақшасыда музыкалық тәрбие беру методикасы. Алматы, «Мектеп» 1981.
2. Қарамолдаева Д.О Музыкалық тәрюиенің теориясы мен әдістемесі.Алматы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2011.

ӘӨЖ 7 78.06

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛАҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Әмірбек Д.Н. - К106 – 16 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Пернебекова Г Е - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается уровень музыкальности и перспективы развития современных школьников Казахстана

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің

мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім,дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру керек екендігі атап көрсетілген.

Жаңа ғасырда жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі,білім беру саласындағы жаңа талаптар айтарлықтай өзгерістер жасау тенденциясының үдеуіне қажеттілік туғызып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға себептігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін әдістері мен нысандарын іздестіру, сайып келгенде ақыл – ой әрекетін қалыптастыруға өзекті сипат береді.

Былғы оқу жылындағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақставн Республикасының президенті – ұлт басшысы Н.Ә Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауында (30.01.2019ж) білім беру жүйесі туралы былай деген еді:

Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс – шараларды іске асырудың маңызы зор.

Біріншіден, оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Педагогикалық білім берудің үлгі қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушылардың біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс ісиеуі тиіс.

Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Төртіншіден, аз қамтамсыз етілген отбасылардан шыққан жастардың өмір сүруін субсидиялау арқылы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, оларды әлеуметтік бейімделу үрдісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс.

Алтыншыдан, <u>оқу үрдісінің тәрбиелік құрамдасын</u> күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль, парасаттылық. Тәннің де, жанның да дамуы, заңды мойынұсынушылық.

Міне, осылайша оқушының ой - өрісінің, білім алумен қатар дамып қалыптасуына тәрбиенің де зор орны бар екендігін, ол білім алудың негізгі құрамдас бөлігі екендігін мемлекет тарапындағы саясаттан да алшақтамайтындығының бір дәлелі.

Оқушылардың ой - өрісін дамытудағы музыканың ықпалы - Сәби дүниеге келгеннен бастап, музыка өнерінің қоршауында болып дамуы баланың эмоциялық ерекше сезімі, ішкі рухани көркемдік әлемі қалыптасады. Музыкалық тәрбие мақсаты, жүйелі түрде адамның музыкалық мәдениетін, дағдыларын, музыканың терең мәнін, мазмұнын түсініп қабылдай алатын тәжірибені жаңа қоғам ұрпағына жеткізетін, адамзат дамуындағы ерекше тәрбиеге жатады. Музыкалық білім беру – оқушыларға арнайы музыкалық

жүйелі білім, дағдыларды, музыкалық іс-әрекеттерді қалыптастыратын күрделі үрдіс. Музыкалық тәрбие жалпы білім беретін мектептерде ән айту, музыкалық шығарма тыңдату, хор айту, музыкалық сауат ашу, балалар музыкалық аспаптарында ойнау т.б. іс - әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезеңде музыка өнеріне деген сұраныс өте жоғары әсіресе жас буынның сы өнер түрін ерекше қабылдайтынын жүргізілген зерттеу нәтижелері дәлелдеп отыр. Бірақ олардың қандай музыка тыңдайтынына назар аударуымыз қажет. Әрине әр тыңдаушының өзінің қалайтын музыкасы бар, негізінен жалпыға түсінікті музыканы немесе поп –музыканы тыңдайды. Ал классикалық, халық музыкасын тыңдау, оның ерекшеліктерін терең игере білу жаңа заман оқушысының назарыныан тыс қалып бара жатыр. Жалпы білім беретін музыка сабағының және музыкалық тәрбие беру үрдісінің негізгі міндеті – оқушыға кешегі, бүгінгі және ертеңгі туған түрлі жанрлардағы музыканы дұрыс қабылдап, үйреніп, өзін - өзі, немесе ұстаздың тәрбие көздерін таңдап, бағыт беру болып табылады.

1. Оқушылардың даму перспективасы -

Ұжымның дамуына ең үлкен маңызы бар нәрселер қалыпты дәстүр мен бір-біріне көмек көрсету атмосферасының болуы, сенімділік пен талап, сын және өзін - өзі сынаудың дамуы, Ұжымның негізгі белгілері - қоғамның маңызды мақсаттардың болуы, олардың кезекпен дамуы, оқушылардың жүйелі түрде әртүрлі әлеуметтік істерге араластыру және бірлескен қызметтерді ұйымдастыру.Ұжымның дамуына ең үлкен маңызы бар нәрселер қалыпты дәстүр мен бір-біріне көмек көрсету атмосферасының болуы, сенімділік пен талап, сын және өзін - өзі сынаудың дамуы, саналы дисцеплинаның болуы.

Ұжымның негізгі белгілері - қоғамның маңызды мақсаттардың болуы, олардың кезекпен дамуысаналы дисцеплинаның болуы.

Оқушылар ұжымына деген жоғарғы талап – бұл тек қана олардың әрқайсысы үшін норма болып қалыптасуға тиісті ережелерді орындау ғана емес, осыған қажет шарттар да болып табылады. Осындай шарттардың бірі – педагогикалық ұжымның өзіндегі жоғарғы талап: педагогикалық жұмыскерлерге - администрация, әр педагогты – жолдастарына, ал ең басты - өз - өзіне. Тек осылай ғана тәрбие жұмысында біріккен, ортақ, ұжымдық методиканы жасап шығаруға болады.талаптардың жүзеге асу маңыздылығы білім орындарының педагогикалық кеңесіне қарайды. Оқу және тәрбиелеу процесіндегі біріккен педагогикалық талаптардың мағынасын түсіндіру, олардың мазмұнын нықтау мен әдістеменің және оның жүзеге асуын қадағалау олардың, яғни кеңестің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ұжымның түрлері;

Алғаш ұжым – мұнда тәрбиеленушілер үнемі іскерлік және тұлғааралық өзара әсерде болады. Алғашқы ұжымның тұрақты және уақытша түрлері бар. Дамыту немесе жетілдіруге қатысты алғашқы ұжымды ұйымдасқан әр түрлі жетілдіру қызметтері (сыныптар, отрядтар, топтар); жетілдірудің бір ғана түріне негізделуі (кружоктар, клубтар, секциялар. т.б.); тұрғылықты жері

бойынша оның немесе басқа түрлері негізінде ұйымдасқан жетілдіру іскерліктеріне ажыратуға болады. Жас ерекшеліктеріне қарай алғашқы ұжым құрамы бір жастағы адамдардан құралғандай, әр жастағы да болуы мүмкін.

Сәтті функцияланған оқушылар ұжымы оларды ортақ мақсаттарына қарай бағыттап отыратын ұжымның бас мүшелерін керек етеді. Ұжымның басты ұйымы жиналыс болып табылады. Оперативті тапсырмалардың орындалуы үшн староста және профорг сайланады. Топтың бас мүшелері осылар болады. Белсенді топтардың қарастыратын мәселелері төмендегілер: үлгерімді жоғарылату, нашар оқушыларға көмектесу, экзаменге дайындық, тәртіптің мықтылығы, мәдени шаралар жүргізу т.б.

Белсенді топтардың жұмыстары әр түрлі формада келеді. Олар: индивидуалды және топтық инструтаж, кеңесулер және тәжірибе алмасу семинарлары, т.б. Актив топтармен жүйелі түрде жұмыс жасау керек: индивидуалды кеңестерді активист жұмыстарын анализдеу; оның топтағы нақты тіркелген жағдайының тапсырмасын анықтау, кеңес рекомендацияларын белсенді қабылданғандығын тексеру , өзі үшін қандай қортыдылар жасады осыны барлығын тексеру. Топ кеңестерінде оқудағы қорытындылар, конференцияға дайындық,, шығармашылық қабілет мәселелері т.б. қаралады.

Белсенді ұйымдастыру – бұл тұтасқан, мықты оқушылар ұжымының ұйымдасуына алғашқы қадам болмақ .Мұндай ұжымдардың әрекеті тәрбиесіне де зор үлесін қосады. Сапалы білім мен тәрбие алудағы басты ролді оқушылардың өздері иеленуі тиіс. Ұжымның жұмысын оның мүшелері жауапкершілікті тек өздері үшін ғана емес жалпы ұжым үшін де сезінетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Ұжымды қалыптастыруда, ұжым мүшелеріне тапсырмалардың дұрыс бөлінуі де маңызды орын иеленеді. Әрбір оқушы өз тапсырмасын орындау барысында топ ісіне өз үлесін қосып отырады. Сондықтан,еңбек тәртібіне, жүріс-тұрыс мәдениетіне, еңбек қауіпсіздігіне дайын өнімді тапсыру мен ОТК – ға жауаптыларды тағайындау керек

Әдебиеттер:

1. https://baribar.kz/student/15916/oqushylardynh-zhas-zhane-dara-erekshelikteri-olardy-oqu-tarbie-protsesinde-esepke-alu/
2. Жұмагелді Нәжімеденов. Домбыра ойнау оңай ма? - Алматы, Өнер, 2013.
3. Қазақ музыкасы. Антология. 1 том. - Алматы, 2005.
4. https://articlekz.com/kk/article/28491

ӘОЖ 37.036

ДӘСТҮРЛІ ЖЫР-ТЕРМЕЛЕРДІ ТЫҢДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Найман Н.-1301-10қ тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Сырайлова Р.Т.- аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования у школьников любви

к традиционным песням.

Отансүйгіштік сезімі туа біте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным - сенімінен туындайды.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері -рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды[1].

Терме айтушылар түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ еш қайсысына кідірместен ілгері қарай сырғи береді: Мысалы,

Байлыққа бақыт келмейді,
Алтынды белмен үйгенмен.
Кейбір жанның көңілі тар,
Бар болып дәурен сүргенмен.

Терме XIX ғасырда Батыс Қазақстан мен Сыр бойында кеңінен дамыды. Терменің пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Термеде сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен ол синкретті өнерге жатады. Сөздің мағынасы, әсерлі ырғағы ширақ келуі қандай маңызды болса, әуеннің аспаптық (домбыра) сүйемелінің де сондай мәні бар.Термеде ән жанрына тән қайырма болмайды. Орындаушы термені е-е-е немесе ш-ш-ш деген дыбыстарды қайталап отырып қайырымын қайтарады. Терменің әр дыбысы, өлең буынына түсіп отырады. Жоғарғы дауыспен басталатын кіріспемен де, кіріспесіз де айтылады. Терме толғау, желдірме, сарын т.б. түрлерге Бөлінеді[2].

Терме көбіне орындалар кезде жүрдек ырғақты әуенге құрылып соңы қысқа тұжырыммен бәсеңделіп аяқталады. Терменің өлеңдік құрылысына келсек ол жеті, сегіз буынды тұрады да, айтайын деген ойдың логикалық тынысын тарылтпайды, шумақтық шек қоймайды. Әдетте, әуенді әндер сияқты әрбір терменің меншікті, тек сол сазға ғана өлеңі болмайды. Бір терме сазымен сан түрлі оқиғалар баяндала бермейді. Терме сазы көбіне тұрақты келеді. Оны орындаушы шебер даяр тұрған текстің келесі жыр жолдарын айтумен қатар, кейде терме өлеңді табан ауыздан шығарып та айта береді. Сондықтан ұйқаста заңдылық сақтала бермейді. Ол айтатын ой ағымына бағынып төгіп-төгіп барып

бірақ тынады. Ұйқас еркін әр-түрлі болады. Терменің өзіндік стилі, мақамы, формасы болады. Терме сөзі көркемді келісті болса, ол айшықты музыка сазы - оның мазмұнын байытып көркемдігін арттырып, құлпырта түсетін негізгі компанент. Бұлар терменің біт тұратын, тұтастық формасын нығайтушы компанентер. Сондықтан да терменің сөздік мәні мен оның музыкалық әуенін бөліп қарауға болмайды.

Термеші өзі үшін емес, өзге үшін, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, зердесінде сөз қалдыру үшін айтады. Ол микрафонға аузын тақап өнер көрсететін әншіден өзгеше, табиғи даусымен ерекшеленеді. Термешінің нотаға жазылған әнді орындайтын әншіден айырмашылығы оның әуезді әуенді табан астында құбылтып, өзінше өрнектеп кететін қасиетінде. Сонда ғана ол тыңдаушысын елтіртіп өзіне баурап алады. Бір сарынды сонаның ызыңындай әнмен, әуез бен айтатын термешіні тыңдаған жұрт қалғып та кетуі мүмкін. Терменің көбінде айтатын нақыл, өсиет өлеңдер. Сондықтан
әр сөздің мәні тыңдаушысына әбден жеткені абзал.

Терме көбіне жеті-сегіз буынды өлшемнен тұрса, желдірме речитативтік орындаудың күрделіленген он бір буынды өлшемінен тұрады. Желдірме де термедегі секілді қысқаша кіріспе болады. Желдірменің методикалық мазмұны негізінен бір, немесе бірнеше әуеннен тұрады да, шапшаңдықпен қайталанып отырады. Соңы баяу қалыпта аяқталады. Желдірме жолдарының ұйқасы терменікі сияқты еркін келеді. Бірақ, кейде желдірмеде қазақтың әуезді толқымалы әндерінің дәстүрлі (он бір буынды қара өлең) ұйқасы пайдаланылады. Қазақтың эпикалық дәстүрі шеңберінде үлгілері көп емес[3].

Желдірменің негізі ерекшелігі ішкі қуаныш, көтеріңкі көңіл күй сезімін түйдектете жөнелетін тұбыртпалы ұйқасқа негіздеп, жылдам, жүрдек мақаммен жеткізуінде. Оның он бір буынды өлшемге құрылуы шарт емес, кейде 7-8 буынды жыр өлшеміне де негізделуі мүмкін. Басты шарты желдіртіп ұшқындатып айту. Ол-импровизациясының жойқын бір көрнісі.

Мақамдық деңгейдегі терең толғаныс, әуен-саздық қорытынды мұнда жоқ. Оған қатысты пікірлер И.Байзақовтың бес желдірмесіне негізделіп жүргені мәлім. Ал желдірмені жеке жанр ретінде тану үшін оның халық поэзиясымен музыкасынан елеулі орын алуы шарт. Төменде келтірілген мысалға көңіл аударыңыз. Ал қалқа, келді кезің жайнайтұғын,
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтұғын.
Өнердің қиясына шыққан сайын,
Болаттай тастан табан таймайтұғын!
Жөнелдім желдей есіп желмаядай,
Қырандай аспандағы самғайтұғын!
Тізейін өлеңімді меруерттей, есінен жұртшылықтың қалмайтұғын,
Дабылым дауылпаздай тарықтаған,
Екпінім самолеттей заулайтұғын.
Өнерлі жастарымыз үйреніп ап.

Ән еді желдірме атты самғайтұғын[4]!

Дәстүрлі ән өнеріміздің бір бөлігі - толғау. Толғау - толғану, толыстырып айту, түйдектеп ой түйсік, тыңдаушысын бірде еліктіріп, бірде ұйытып отыру. Толғаудың музыкалық сазында ағыстың, аптықпалық емес, аталы сөз тастау, ғибрат себу, терең философиялық тебіреніс басым жатады. Осы тұрғыда әдебиеттік әсерлілігі туралы академик Ә.Марғұланның, профессорлары Е.Ысмайыловтың, М.Ахметовтың зерттеулерінде киелі пікірлер айтылған. Қазақ халқының әртүрлі жанрлары әруақытта да халықтың ойын ұшқырлықпен көрсете білген. Сондықтан толғау музыкасы да мейлінше мазмұнды да мәнді, мәнерлі. Үннің қоқыржай, күмбірлі әуен қоғамдық, тұрмыстық үлкенді-кішілі оқиғалар жайлы арғы-бердегі бірқатар нәрселерді хабарлап жатады. Термедегі секілді музыкалық формасы нақтылы:кіріспесі шарықтау шегі, қорытындысы болады. Термеге қарағанда, тек орталық шырқау-шарықтау шегі сәл ұзақтау болуы мүмкін. Қазақтың ән творчествосын зерттеу мәселесінде М.Ахметов былай дейді[5].

Дәстүрлі өнердің қаймағы саналатын қазақтың ән өнері - халқымыздың мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы. Бүгінде рухани жәдігерлердің ішінде замана сүзгісінен өтіп, халқымыздың ежелгі рухын, тарихын, жан дүние сұлулығын, мейірімін, ізденісі мен махаббатын, іңкәр ықыласын бүгінгі ұрпағымызға жеткізіп, ұрпақтың еншісіне жеткен құндылықтардың бірі[6].

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының:

«Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй», - деп жырлайтынындай, көптеген әуендер мен әуездер сөзсіз айтылса да адамның ішкі жандүниесіне ерекше әсер етіп, жүрегіне қуаныш, мұң, тәтті арман, сағыныш, іңкәрлік сезімдерін құяды, оны сыры мен жұмбағы мол тылсым бір әлемге қанат қақтырады, қалың ой құшағына бөлейді.

Әдебиеттер:

1. Ахметов М., Қзақ әндері. - А.1970ж.
2. Кодекс Куманикус. Нота жазбалары 1303
3. Жұбанов А.Д. Ән -күй сапары.- Алматы, 1976.
4. Алексеев Э., Фольклор в контексте современной культуры, Москва «Советский композитор», 1988.
5. Ахметов Ш. Воспитания дитей и традиции казахского народа. – В кн:А.х. Маргулан, Свидетели древнейших культур. – Алматы. 1966
6. Жұмалиев Қ., Лиро. эпостың туу, қалыптасу тарихы, 2016.

ӘОЖ 37.036

ҚАЗАҚСТАН МУЗЫКАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ОПЕРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Сейдахмет М.-1301-10қ тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сырайлова Р.Т.- аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматриваются на уроках музыки формирование ранних оперных работ в казахстанской музыке.

«Қандай музыка жазбасам да, ол казақ музыкасы болып шыға берді…» - деген екен өз кезегінде музыкалық өнердің ақсақалы Евгений Григорьевич Брусиловский. Шынымен де, халық сүйіп тындайтын «Гүлденген Қазақстан», «Алтай», «Қос қарлығаш», «Шолпан» ғажайып әндері интернационалист-композитордың қаламынан шыққан туындылар екені қазіргі кезеңде де таң қалдырады. Евгений Григорьевич Брусиловскийдің аты Қазақстан тарихына өткен ғасырдың 30-шы жылдарында енді. Оның ауқымды және сомдалған шығармашылығы жарты ғасыр уақытты қамтып, кейінде Ресейдің астанасында тұрған кезенде (1970 жылдан. бастап) жалғасын тапты. Бұл кезеңде ол казақ тақырыптарын дамытуды жалғастырып, дүниетанымына жақын идеялар мен бейнелерді іске асырды. Москвада екі ірі шығармасы жарық көрді (оның біреуінде шертпе күй атасы Тәттімбеттің бейнесі елестейді), «Ақсаққұлан» аңыз-балеті, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» балеті (бұл лиро-эпикалық эпостың поэтикалық сюжеті кезінде А.С. Пушкинді[8] қызықтырған, ол оның вариантының бірін жазып алған), аса бағалы «Дударайдың» жаңа редакциясын және де басқа шығармаларын жазды. Республиканың халық артисі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, профессор Е.Г. Брусиловский тоғыз операның, сегіз симфонияның, үш балеттің, көптеген ән-романстардың, кинофильмдер музыкасының және басқа да көптеген шығармалардың авторы. Композитор өзінің өнімді және жан-жақты шығармашылығында Қазақстанның музыкалық өмірінің тарихи жолын шеберлікпен жан-жақты көрсетті, қазақ халқының рухани сұлулығын, өткені мен бүгінін бейнеледі. Е.Г. Брусиловскийдің шығармашылық дарыны дәстүрлі мәдениет негіздерін терең түсінуі арқылы толық ашылды. Ленинград консерваториясын бітірген, орыстың классикалық мектебінің демократиялық дәстүрлерінде тәрбиеленген Евгений Григорьевич Брусиловский өзінің композиторлық және қоғамдық-педагогикалық қызметін ұзақ уақыт бойы қазақ өнеріне арнады. Ал қазақ өнері оның барлық музыкалық шығармашылығына көркемдік мазмұн беріп, шығармашылық саражол ашты[1].

Көркемдік-эстетикалық танымының, ұлттық ерекшеліктерді қабылдау критерийлерінің қалыптасуына, халық шығармашылығының локальды-стильдік негіздерін танып білуіне композиторға қазақ әдебиеті мен өнерінің негізін салушылармен көп жылдық достығы әсер етті. Ол өмір бойы Мұхтар Әуезовті табына сыйлап өтті, М. Төлебаевты туғанындай жақын көрді. Б. Майлин мен Ғ.

Мүсіреповтің либреттоларына опералық шығармалар жазды. Ә. Тәжібаевтің өлеңіне әйгілі «Қос қарлығаш» әнін шығарды.

Алғашқы қазақ музыкалық спектакльдері «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғынға» катысқан режиссерлер, сценаристер, орындаушылар: Қ. Жандарбеков, Күләш және Қанабек Байсейітовтер, С. Қамалов, Ж. Шанин, М. Ержанов, Ғ. Құрманғалиев және басқалар жайында үнемі еске алып, жылы сезіммен әңгімелейтін. Композитордың фольклорлық кызметінің нәтижесінде 250 ән мен күй жазылып алынды. Е.Г. Брусиловский бұлардың көбін дауысқа, оркестрге, фортепианоға арнап өңдеді[2].

Халықтың музыкалық және поэтикалық мұрасының негіздерін терең сезіну композиторға жаңа шығармашылык мүмкіндіктер тудырды, ол ірі музыкалық-сахналық шығармалар жасауға кірісті. 1934 жылы Брусиловский болашақ опера театрының труппасының сахнасында қойылған «Айман-Шолпан» алғашқы музыкалық-драмалық спектаклінен бастау алып содан, ол өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін алғашқы опералары «Қыз Жібек» (13 қаңтар 1934 ж.), «Жалбыр» (17 қараша 1935 ж.), «Ер Тарғынды» (15 каңтар 1937 ж.) қойған кезде көрсетті.

Аталған опералық шығармалар композитор шығармашылығындағы ерекше үштікті құрайды. Балалардың музыкалық-поэтикалық тілі түгелімен қазақ фольклорының ең жақсы үлгілерінің, халық композиторларының әндік-аспаптық шығармаларының (Құрманғазы күйлері, халық күйлері «Ақсақал», «Тепеңкөк», Ыбырайдың, Мұхиттың, Естайдың, Жаяу Мұсаның, т.б. әндері) негізінде құрылды. Қазақмелосының әуендік-ладтық, ырғақтық байлығын, композициялық-құрылымдық ерекшеліктерін шығармашылықпен игеру жоғарыда аталған опералық шығармалардың сәтті шығуына құнарлы топырақ ретінде қызмет етті.

Бүкіл қызметінің өн бойында өзінің шығармашылық фантазиясын мәңгі тірі фольклорлық образдармен, мелостармен, жанрлармен байытып қана қойған жоқ, жылдар өте, оның музыкасы көрсеткендей, есту кабілетінің күші мен композиторлық тәжірибесінің халықтық сипаты мол өзіндік мелодиялық түр жасауға мүмкіндік берді. Осының арқасында үйлесімді көркемдік синтезге қол жеткізілді. Евгений Брусиловский - «Қыз Жібек» (1934), «Жалбыр» (1935), «Ер Тарғын» (1936), «Гвардия, алға!» (1942), «Амангелді» (М. Төлебаевпен бірігіп, 1945), «Дударай» (1953) операларының, «Гуляндом» (1940), «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» (1966) балеттерінің, «Сарыарқа» (III, 1944), «Целинная» (IV, 1957), «Құрманғазы» (VI, 1965) т.б. симфониялардың, «Советтік Қазақстан» (1947) кантатасының, «Біздің совхозда» (1957) атты акапелла хорына арналған сюитасының, скрипка мен фортепианоға арналған «Бозайғыр» сюитаның (1954), труба мен фортепианоға арналған скерцоның (1964), труба мен оркестрге арналған концерттің (1967), виолончель мен оркестрге арналған концерттің (1970), 50-ден астам әндер мен романстардың (Жамбыл сөздеріне жазылған әндер циклы (1964), «Қос карлығаш» (1950), «Знаменосец мира» (1950), «Шолпан» (1950) авторы. Дауыс пен фортепианоға, хорға және

фортепианоға арнап 100-ге жуық қазақ халық әндерін өндеген. Е. Брусиловскийдің қазақ халық аспаптар оркестріне арналған шығармалары - «Иса Байзақов есіміне арналған желдірме» (1949), «30 жас» (1950) мерекелік поэмасы, т.б. ерекше көзге түседі. Ол сонымен бірге кинофильмдерге, театрлық қойылымдарға музыка жазған. ҚазКСР Мемлекеттік гимнінің авторы (М. Төлебаев, Л. Хамидимен бірігіп, 1945).

Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Еркеғали Рахмадиев, Бақытжан Байқадамов, Сыдық Мұхамеджанов сияқты қазақстандық классикаллық сазгерлерінің дәрежесімен қатарлас[3].

Жырдың негізгі кейіпкерлері - Төлеген мен Жібек бірін-бірі шын сүйген ғашықтар, бірақ әке батасынан аттап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры талай жанарларға жас үйірілтпей қоймайды. Жібек бейнесі - сұлулық пен әсемдіктің нышаны, қазақ халқының мақтанышы, рухани ескерткіш. «Қыз Жібек» жыры екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Төлегеннің Жібекке үйленуі әңгімеленсе, екінші бөлімде Жібектің Сансызбаймен қосылғаны баяндалады. «Қыз Жібек» эпосын махаббат гимні деудің әбден жөні бар[4].

Оның нағыз көркем туындыға айналу процесі жүріп жатқан кезде, яғни XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамында жеке бастың, сезімнің бостандығы, махаббат еркіндігі туралы мәселе мұндай деңгейде ашық айтыла бермеген, ескі рулық заманның неке мен отбасына қатысты ежеқабыл, қалыңмал, көп әйел алу, әменгерлік сияқты салттары үстем болған. Солай бола тұрса да, «Қыз Жібек» жырының шығуы сол дәуірдің өзінде-ақ халықтың идеал туралы эстетикалық пайым-түсінігінде белгілі бір дәрежеде өзгеріс болғанын айғақтайды. Төлегеннің де, Жібектің де өзіне лайық жар іздеуі, сүйіспеншілікпен үйленуді көздеуі - сол кезеңдегі жастардың ойында, көкірегінде жүрген арманын, мұңын, тілегін аңғартады. Жырдың ел арасында кең тарағанының бір себебі осында болса керек[5].

Ер Тарғын - халық ән-күйлерін операда шебер қолдануға құрылған туынды. Композитор онда 60-тан астам халық ән-күйлерін пайдаланған. Операны алғаш қойған реж. Қ. Жандарбеков, басты рольдерді Күләш Жасынқызы Байсейітова, Қ. Байсейітов ойнады. Операда тұңғыш рет көп дауысты хорлар мен вокалдық ансамбілдер бой көрсетті.

Әдебиеттер:

1. БисеноваГ.Н., Брусиловский Е.Г., Дернова В.П., Дубовский И.И., ТифтикидиН.Ф., Лапченков Н.А.Народная музыка в Казахстане. Изд. Каз. Алма-Ата, 1967
2. Брусиловский Е.Г. «Қандай музыка жазбасам да, ол казақ музыкасы болып шыға берді…», Күнделік естеліктер, 1970
3. Асафьев Б.В. Музыка Казахстана. //Известия, 1936, №122
4. Хамиди Л.А. советский композитор, народный артист КазССР, лауриат Государственной премии КазССР. 1906-1983
5. Затаевич А. В. Жаппай ән әуені туралы. М.: Советский композитор, 1979. 357. С

ӘӨЖ 37:001.895 (574)

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Джарбакулова Г.-1403--19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Исабекова Г.Т.-магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

В данной статье рассматривается о деятелях казахского музыкального искусства

Қазақстан халықтарының бірегей, терең шынайы дәстүрлерінің қалыптасу және дамуы арқылы ұзақ тарихи процестердің нәтижесінде жеткен музыкалық мәдениетінің бай музыкалық мұрасы. Бұл тұжырымдама қазақ халқының музыка өнерін, XVI-XXI ғасырлардағы қазақ және қазақ жерін мекендеген басқа ұлттар композиторларының шығармалары, романстары, шығармашылық еңбектерін біріктіреді.

Қазақ музыкасындағы сырлы сазды, терең толғанысқа толы кең тынысты, әуезді әндер – XIX ғасырдан желі тартса, речитативті әуенге құрылған эпикалық дәстүр – алғашқы, лирикалық әндер – соңғы құбылыс. Бірақ, дәстүр тұрғысынан келгенде қазақ даласының түрлі аймақтарында олардың бәрі бірдей сақтала бермеген. Сыр бойы, Атырау алқабында – эпос, Жетісуда – терме, Орталық Қазақстанда кең тынысты лирикалық әндер басым дамыған. Қазақ музыкасы ауызекі дәстүрге негізделген суырып салмалық өнермен қатар жеке өнер саласы, тіпті ілім ретінде де қалыптасып келеді.

Ертедегі орхон-енисей жазбалары, орта ғасырлардағы Қорқыт, оғыз еліндегі қобыз культі туралы деректер түркі тайпаларының музыкалық мәдениетінен хабар береді. Одан бергі жерде әл-Фараби, Ибн-Сина, Әбдірахман Жәми, Дәруіш Әли, т.б. көптеген шығыс ойшылдарының музыка өнеріне қатысты теориялық еңбектері де болған. Фарабидің “Музыканың ұлы кітабы” күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, әлі де толық зерттеліп болмаған мұра. Мұның өзі қазақ музыкасының бірде шаманизм, бірде зороастризм, бірде ислам мәдениетінің аясында қалыптасып келгенін аңғартады. Қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігі – синкреттілігі. Поэзия мен музыка мақамның бірлігіне негізделген ән-жырлардың келе-келе дараланып, екі түрлі өнер арнасына жіктелгені мәлім. Бірі – ән өнері, екіншісі – күйшілік дәстүр.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның музыка өнерінің гүлденген дәуірі болды. Бұл кезеңде өмір сүрген көптеген аса көрнекті кәсіби композитор-әншілер мен күйшілердің шығармалары халықтың музыкалық классикасының негізін құрады. Көптеген халық композиторлары өз заманындағы білімді адамдар еді; олардың бәрі дерлік хат танитын, кейбіреулері орыс тілі мен араб тілін білетін, бірақ өз шығармаларын нотаға түсіріп жаза алмайтын еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Абай әндері қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы бауырлас достықты нығайтуға игі ықпал етті. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан аударған Татьяна хатының сөзіне

шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды. Қазақ әндерін жазып алуда С. Г. Рыбаков көп еңбек сіңірді. Ол 100-ден астам ән жинады. Қазақтың ән әуендері оркестрлік шығармаларда да пайдаланылды.

Қазақ халық музыкасының тарихына көне түркі дәуірінен бергі кезеңдегі музыка үлгілері мен тарихи-мәдени мәліметтер енеді. Қазақ музыкасы ауызекі дәстүрге негізделген суырып салмалық өнермен қатар жеке өнер саласы, тіпті ілім ретінде де қалыптасып келеді.

Қазақ музыканың үлкен бір арнасы – қобыз, сыбызғы және домбыра күйлері. Бұл үшеуінің де арнайы музыкалық қоры мол сақталған, сол себепті халық аспаптары ретінде танылады. Ал жетіген, адырна, үскірік, шаңқобыз, асатаяқ секілді музыкалық аспаптар фольклорлық сатыда ғана көрінеді. Олардың ұлттық сипатынан гөрі типологогиялық табиғаты үстем. Мысалы, бір ғана шаңқобыз аспабын кеңес дәуіріндегі халықтардың барлығынан дерлік кездестіруге болады. Музыкалық аспаптар бүгінде олардың дыбыс шығару ерекшеліктеріне сай хордофон, идиофон және аэрофон болып жіктеліп жүр.

Қазақ музыкалық аспаптары — халық арасында кең тараған музыкалық аспаптар. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақ музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі бар. Мұның аттарын халқымыздың жыр-аңыздары мен дастандарынан, 15-19 ғасырдағы орыс және шет ел саяхатшылары мен ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады. Ертеде аспаптарды ағаштан ойып, түрлі өсімдіктерден,малдың терісі мен сүйегінен, мүйізі мен қылынан жасаған. Музыкалық аспаптар төрт топқа бөлінеді:

1. шертпелі,
2. үрлемелі,
3. ұрмалы,
4. сілкімелі.

Шертпелі екі түрге бөлінеді: қолмен және ысқышпен. Қолмен: домбыра және шертер, ысқышпен: қобыз. Үрлемелі: сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз. Ұрмалы: дауылпаз және даңғара. Сілкімелі: асатаяқ және сылдырмақ жатады.

Кеңес үкіметінің орнауы, қазақ халқының көзін ашып, бірқатар маңызды істер атқарылды.Кеңес билік құрған алғашқы онжылдықтарда КСРО-дағы сияқты Қазақстанда да бұқараның мәдени деңгейін арттыру саласында да қомақты жетістіктерге қол жеткізді.
XX ғасырдың басында қазақ өнерінің қалыптасуы қазақ тарихында елеулі орын алды.Қазақтың музыка,театр,би өнерлері жан-жақты дамыды. Мәдени-ағарту мекемелері мен бұқаралық кітапханалар,клуб мекемелері желісі кеңейе түсті.Қазақ халқы өзінің өнерін бүкіл әлемге паш етті.

Әдебиеттер:

1.Жұбанов А. Қазақ композиторының өмірі мен творчествосы.- Алматы,– 215 б.
2.Жәрдемәлиева Р. Хрестоматия музыкального образования в Казахстане. – Алматы., 2004

ӘӨЖ 37:001.895 (572)

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ.

Оңласын Н.-1403--19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Исабекова Г.Т.-магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

В данной статье рассматривается эстетическое воспитание учащихся через традиционное казахское музыкальное искусство.

Эстетикалық тәрбие – жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие. Эстетикалық тәрбие мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Эстетикалық тәрбие арқылы бала қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті көре білуге, алған әсерін шығарм. жұмысында көрсетуге, бейнелей білуге үйренеді. Мектепте Эстетикалық тәрбие барлық оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Баланы тәрбиелеуде әдебиет, музыка, бейнелеу өнері сабақтарының, сыныптан, мектептен тыс жұмыстардың маңызы зор. Эстетикалық тәрбие ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты. Ол адамды рухани байытып, көркем-шығарм. қабілетін дамытуға ықпал етуге тиісті. Эстетикалық тәрбие берудегі негізгі бастау қайнар көз дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы қордаланған құндылықтар жүйесі, рухани мұралары, халық ауыз әдебиеті болуы, жаһандану дәуіріндегі рухани азғындау қаупінен сақтанатын бірден-бір жол. Бүгінгі таңда педагог ғалымдардың қазақ қолданбалы өнерінің эстетикалық тәрбие теориясы мен тәжірибесінің зерттеліп отырған кезеңдегі жай-күйін өзіне тән ерекшеліктері ғалымдар: А.Жүнісбаева, Ө.Қамақов, Б.Әлмұхамбетов, Ж.Балкенов, Е.Асылханов, Қ.Ералин, С.Ұзақбаева арнайы еңбектерінде зерттеген.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік саяси өзгерістермен байланысты, еліміздің болашағына белсенді атсалысатын, өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, өнерімен терең танысқан зерделі ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселеге айналды.

Қазақ халқының ғасырлар бойы сұрыпталып, жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық өнер мұрасы шексіз. Қазақстан Республикасындағы барлық жалпы білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдамада: мектептің басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу және әр бірін жеке тұлға деп санап, оны жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау — делінген. Оқушылар тәрбиесінде қазақтың ұлттық музыка өнерінің алатын орны зор. Оқушылардың ұлттық музыка өнерімен айналысуы, жеке тұлғаның эстетикалық талғамын және эмоционалдық мүмкіндігін көтереді. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық музыка өнерінің түрлерін (ән, күй, терме, жыр, айтыс, толғау, т.б.) олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу – бүгінгі күн талабы. Осы қойылған талаптарға сай, музыкалық білімді жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық сана иірімдерін айқындай түсу және оны тереңірек меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр.

Жас өспірімдегі музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка өнерінің алатын орны ерекше.

Музыка — жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның

үйлесімді дамуына жәрдемдеседі. Өнерді, оның ішінде, атап айтқанда музыканы мектепке “ендіру” процесі бірнеше бағыттар бойынша жүреді.

Қоғамның барған сайын өсе түскен мәдени сұранысы мен талаптары, мектептің жаңа реформасының қабылдануы мектепте ұлттық өнерді, соның ішінде ұлттық музыка мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюдың және сол арқылы тәрбиеге нәтижелі ықпал етуге мүмкіндігін тудырады.

Музыка тілі — өнердің басқа салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыка айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы береді, осыған байланысты музыканы қабылдауды оқушылардың бойында қалыптастыру елеулі қиындықтар тудырып, жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Музыка өнерінің ерекшелігі – адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізіп алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Қазақстанда ұлттық музыка өнерінің дәстүрін зерттеп жалғастырушы композиторлар А.Жұбанов, М.Төлебаев, А.Затаевич, Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, т.б.
Композиторлардың шығармаларындағы ұлттық музыка өнері адамның қиялына қанат бітіріп, ойлау қабілетін дамытады, туған елін, жерін сүюге, мәдениетін, әдебиетін, өнерін эстетикалық тұрғыда қабылдап сезіне білуге үйретеді, имандылық, ізеттілік, парасаттылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеп, рухани азығын молайтады.

Бүгінгі қоғам құрылысының аса маңызды мәселелерін шешуде мектептің оқу — тәрбие үдерісін адамзаттың бүкіл тарих бойы жинақтаған білімі, тәжірибесі мен өнерін меңгерту арқылы жетілдіру, халық педагогикасының тәрбиелік мазмұнымен таныстыру қажеттігі туындап отыр. Музыка құндылығын сақтау және оны ұрпаққа жеткізу, балаларды ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау -жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты болып отыр.

Әдебиеттер:

1.«Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, X том

ӘОЖ 796

ФУТБОЛ ТЕХНИКАСЫН ОҚУШЫЛАРҒА ТЕРЕҢІРЕК ҮЙРЕТУ.

Тагаев Б.А. 1402-19 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жуматаев.О.К. магистр-оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

Kazakhstan is currently developing many ball games , including football. Kazakhstan hosts the annual football championship. Kazakhstan will know the world with its talented players.

Футбол техникасы – бұл алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ойын кезінде қолданылатын арнайы әдіс-тәсілдер жиынтығы. Олар екі негізгі топқа бөлінеді: допсыз орындалатын техникалық тәсілдер (ойыншылардың қозғалу әрекеттері) және доппен орындалатын техникалық тәсілдер. Ойын іс-әрекеттерінің сипатына қарай, футбол техникасын алаңдағы ойыншылардың техникасы және қақпашының ойын техникасы деп қарастырады. Жалпы алғанда, футбол техникасы күрделі де, сан-қырлы әрекеттерден тұрады. Техникалық әдіс-тәсілдер келесі реттілікпен үйретіледі: тәсілдермен жалпы таныстыру; тәсілдерді қарапайым, жеңілдетілген жағдайда үйрету; тәсілді күрделі, қиындатылған дағдайда үйрету; тәсілдерді бекіту.Ойын тәсілдерін түрлі әдістермен үйретуге болады. Алайда, түсіндіру және көрсету сол әдіс-

тердің ішіндегі бастысы болып табылады. Мұғалім (бапкер) түсіндіру арқы-лы үйретілетін тәсілдің құрылымы туралы дұрыс түсінік қалыптастырады және сол іс-қимылдың ұсақ-түйектеріне тоқталмай, негізгісіне назар аударуға мүмкіндік береді. Түсіндіру тәртібі былай болуы мүмкін: мұғалім алдымен тәсілді көрсетеді, содан кейін оның мәніне назар аударып, ол тәсілдің такти-калық мүмкіндігін түсіндіреді. Оқушының бойында үйретілетін тәсіл туралы дұрыс та, нақты түсінік қалыптасу үшін, көрсету мен түсіндіру әдісін кезек-тестіруге болады. Тәсілмен жалпы таныстырып алған соң, оқушы оны іс жүзінде орындап көруі керек.Техникалық тәсілдерді бекіту үшін қозғалмалы ойындар мен ойын түріндегі жаттығулар кезінде көп рет қайталау керек және сол оқу-үйрену ойындарында әрбір оқушыға нақты тапсырмалар беріледі. Міне сондықтан, сабақ кезінде нақты ойын әрекеттерін орындауға қажет арнайы тәсілдерді жетілдіруге бағытталған оқушының дербес жұмысына баса назар аударылады. Сонымен қатар, техникалық тәсілдерді шыңдау жұмыс-тарын, оқушылардың дене дайындықтарымен үйлесімде дамыту қажет.

Қозғалыс техникалары. Қозғалыс техникасы келесі тәсілдер тобын қамтиды: жүгіру, секіру, тоқтау, бұрылыстар. Ойын барысында қозғалыс техникасының тәсілдері түрлі үйлестірілімде жүргізіледі. Мысалы, ойында ойыншылардың қозғалу жылдамдықтары кеңінен ерекшеленеді: баяу жүрістен бастапқы ұмтылысқа дейін максималды жылдамдықпен, т.б.Футболшылардың қозғалыстарының ерекшелігі олардың түрлі жүгіру тәсілдерін секірулер, тоқтаулар мен бұрылыстармен үйлестіре білуінде.Қозғалыс техникасының тәсілдері мен әдістері алаңдағы ойыншы мен қақпашының допты иелік ету шеберлігімен тығыз қарым-қатынаста жүреді. Қозғалыс техникасының тәсілдерін ұтымды әрі кешенді түрде қодану көптеген техникалық мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі. **Жүгіру** – футболдағы қозғалыстың негізгі әдісі. Жүгірудің көмегімен допқа иелік етпеген футболшылар түрлі қозғалыстар жүргізеді. Сонымен қатар жүгіру допты бақылау технкасының негізгі бөлігіне жатады. Футболда жүгірудің келесі тәсілдері қолданылады: жай жүгіріс, артына қарап жүгіру, қайшы адымдап жүгіру, қосымша адымдап жүгіру. **1. Жай жүгіріс** тік шеп бойымен ашық кеңістікке шығатын, қарсыласты қуалайтын, т.б. әрекет жасайтын ойыншылар қолданатын жүгіру түрі. Қимыл жүйесі құрылымы бойынша жеңілатлетикалық жүгіруден айырмашылығы жоқ. Тек қашықтық, адым жиілігі мен оның ырғағында кейбір айырмашылықтар бар. **2. Артына қарап жүгіру** негізінен допты тартып алуда қорғанушы ойыншылар қолдана-тын жүгіріс. Бұл жүгіру түрі сонымен қатар циклдігімен (екілік адым) ерекшеленеді. **3. Қайшы адымдап жүгіру** қозғалыстың бағытын өзгерту, орнынан оңға немесе солға қарай жұлқа жүгіру үшін, бұрылыстар-дан кейін қолданылады. Ол қимыл-қозғалыстың ерекше құралы болып, жүгірудің басқа түрлерімен үйлестіріле қолданылады. **4. Қосымша адымдап жүгіру** тактикалық мақсатты қалып қолдану үшін пайдаланылады (мысалы, ойыншыны жапқанда). Оны қимыл-қозғалыстың алдын ала фазасы сияқты қолданады, одан кейін ойын жағдайына байланысты түрлі қозғалыс

теникаларын қолданады. **Секірулер** – оларды тоқтау мен бұрылыстардың кейбір тәсілдерін орындау үшін қолданады. Секірулер жекелеген соққы әдістерінің, допты кеудемен, аяқпен және баспен тоқтатудың, кейбір финттердің техникаларының негізгі бөлігіне жатады. Ойын барысында секірулер алға, жан-жаққа, жоғары және олармен аралас бағыттарға қолданылады. Барлық секірулерге итеріліс, ұшу мен жерге түсу фазалары тән. Секірудің екі тәсілі бар: бір аяқпен және екі аяқпен итерілу арөылы.Бір аяқпен итерілу арқылы секіруді алдыға, жан-жақ пен жоғары жүргізеді. Олар белсенді аяқтың сермеп қозғалуымен қатар, итерілумен ерекшеліниіп, дене салмағын секіру жаққа ауыстырады. Жерге түсу бір немесе екі аяқпен болады. Баспен допқа соққы жасағанда көп жағдайда секірудің максималды жоғары болуы маңызды. Бұған жүгіру қарқынынан кейінгі итерме аяқтың тежеу қойылуы әсер етеді. Екі аяқпен итерілу арқылы секіру алдыға, жан-жаққа, жоғары және олармен аралас бағыттарға жүргізіледі. Орнынан секіргенде итерілудің алдында ойынша тез тізесін бүгеді. Аяқтың белсенді түрде тіктелуі дене салмағының ойыншы жаққа қарай ауысумен және қолдың сермеуімен қатар жүргізіледі. Жүгіріп келіп қарқынмен секіргенде соңғы адымда бір аяқты тежеп қояды. Тізерлей бергенде екінші аяғы қойылады. **Тоқтаулар** – қимыл-қозғалыстың бағытын өзгертудің тиімді әдісі болғандықтан қозғалыс техникасында қарастырылады. Қарсыластың орналасуына байланысты лезде тоқтағаннан кейін сол бағытта немесе қарама-қарсы бағытта жұлқына жүгіру, оңға немесе солға, доппен немесе допсыз кетіп қалу жалғасады. Тоқтаудың екі түрі қолданылады: секіру және ұмтылу.Секіріп тоқтағанда нық тұру үшін аздап тізерлейтін, сермеу қимылын жасайтын аяғына биік емес, қысқа секірістен кейін түседі. Көп жағдайда секіріс екін аяқпен жүргізіледі.Ұмтылу арқылы секіруді соңғы жүгіру адымының есебінен жүзеге асырады. Сермейтін аяғы өкшеге сүйеніп, біртіндеп табанмен алдыға шығады. Ұмтылумен секіру аяқтың бүгілуі арқылы екі туректі болуымен ерекшеленеді. **Бұрылулар** көмегімен футболшылар мүмкіндігінше жылдамдықты төмендетпей, жүгіру бағытын өзгертеді. Бір орында тұрып бұрылған соң, келесі әрекет орындалады. Сонымен қатар, бұрылу әрекеттері соққы жасау, тоқтау, доппен қозғалу және алдау әрекеттерін орындау кезінде де қолданылады. Бұрылу тәселдерінің келесі түрлері қолданылады: аттап, секіріп, тірек аяғымен бұрылу. Ойын жағдайына қарай, бір қапталға және артқа бұрылу әрекеттері де қолданылады. Олар бір орында және қозғалыс кезінде орындалады.Аттап бұрылу қажет бағытқа бұрылу үшін 2-3 қысқа адыммен іске асырылады.Қозғалыс бағытын жылдам және күтпеген жағдайда өзгерту үшін, секіріп бұрылу әдісі қолданылады. Секіріп бұрылуды, бұрылатын жаққа аяқпен белсенді итеріліп орындайды. Сермеу аяғының табаны да сол бағытқа қарай бұрылады. Секіру әрекеті биік емес, бірақ кең адыммен орындалады.Тірек аяғымен бұрылудың екі түрі бар. Бірінші нұсқасында бұрылу бағытынан алыс тұрған аяқпен орындалады. Ойыншы ауырлық орталығын (АО) тірек аумағынан шығарады да, тірек аяғының ұшымен бұрылу бағытына бұрылады. Екінші нұсқасында бұрылу әрекеті қозғалыс бағытына жақын

орналасқан аяқпен, дененің АО бұрылатын жаққа ауыстырып орындалады. Ауысатын аяқтың адымы, тірек аяғының алдынан қайшылай өтіп орындалады. Бұрылу әрекеті сәл бүгілген тірек аяғының ұшымен орындалады.

«Жүйе» ұғымы әр футболшының индивидуалдық қабілетіне байланысты алаңда орналасуы. Бұл командаға қорғаныста және шабуылда нәтижелі ойлауға болысады. Ойын жүйесі бұл ойыншының тактикалық өнерінің айқын көріну түрі, ол анықталған тәсілде құралады. Яғни басқа да және қайталанып тұратын әдістің қолданыс. Ойын жүйесі – ойыншы мен жаттықтырушының коллективті творчествасының қорытындысы. Әдетте бұл үрдісті ойыншылар бастап, жаттықтырушылар аяқтайды. Жүйе жаңа болған сайын, оның қолданысы нәтижелі болады. Жаңа мазмұнды ойын жүйесін ойлап тапқан команда онымен қарсыласы түсінгенше ойнап, қолданады. Бәрі түсінгенсін, бұл жүйе бәріне де қолданылады. Бірақ футболда тұрақты қолданылатын бір момент бар. Ол бірін-бірі жоятын тактикасы бар команда-лардың ойынын шеше алады, әлсіз команданың күштісін ұтуына да әкеледі. Бұл момент сансыз ойыншылар текетіресі, ойын осыдан құралады, ойын негізінен 2-ші, 3-ші паста бұзылады. Бұл қарсыластар формасы бойынша әр түрлі, мысалы бір ойыншының қорғаушыдан ұзап кетуде, нейтралды допқа таласуында. Бұл қарсыластың бір ойыншының пайдасына шешіліп, оның командасына белсенді ойнауына жол ашады. Негізінен қарсыластың әр ойыншының индивидуалды сапасы және дарынын анықтайды. Ойыншылар-дың қабілеті әр түрлі және бір-біріне қарсы қолданылғандықтан болжамаға және өзгеретін нәтиже береді. Анықталған «график» бойынша ойын тек жалпы түрде ғана болады. Ойыншының индивидуалдық қабілеттері ойынды болжата алмайды, математикалық санауға жатқызбайды, ойын осымен қызықты. Ол адамныңтворчествалық әрекетіне байланысты.

Ойын жүйесі – ойын барысының жалпы түрі, ойыншыға әр моменттен және көп қарсыластан творчестволық шешім табу кеңістігі. Бірақта бұл анықталмаған, жақсы ойластырылған жүйемен ойнауды жоққа шығармайды, өйткені мұндай жүйелер қарсыластың әрекетіне байланысты сәл өзгеріп, іске асады.

Әдебиеттер

1.Мишель Платини : «Жизнь как матч»
2.http:www.labirint.ru онлайн кітап
3.Сәкен Сынабай : «Ала доптың аламаны.Әлем чемпионаттарының тарихы»
4.Сейдахмет Бердіқұлов: «Жұмыр жерде теңбіл доп»

УДК 796

УРОК ФИЗКУЛЬТУРЫ В НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛАХ.

Жәнібекова Б.Р. – студент группы 1402-19.
Научный руководитель: Жуматаев О.К. – педагог магистр.
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

С появлением в жизни человека физкультура стала частичкой культуры всего человечества. К развитию физкультуры можно отнести не только физическую подготовку

человека к жизненным ситуациям, но и моральные, нравственные качества человека, которые сформировались с появлением и дальнейшим развитием физкультуры

Для многих из нас опыт физического воспитания в начальной школе сформировался, из того как мы воспринимали этот предмет. Можно смело заявить, что для подавляющего большинства учеников урок по физической культуре является наиболее интересным. Для меня, занятия отличались от других школьных предметов своим содержанием, организацией и методикой. Именно уроки физкультуры надолго запомнились ярким и красочным содержанием. Они всегда проходили на правильном эмоциональном уровне и добрым отношением между учениками и учителем. Как становятся педагогами. Разные бывают пути. Для некоторых из нас это было больше связано с занятиями спортом, в различных секциях. Поэтому уже сложно представить жизнь без физической активности. Учитель физкультуры и его уроки отличаются от прочих школьных предметов. Ведь физкультурные занятия должны в себе содержать и пользу, и развлечение одновременно. Физическая культура- учебный предмет, который создает условия для формирования у школьников понятия культуры здоровья, здорового образа жизни и ставит следующие цели: формирование устойчивой мотивации к сохранению и укреплению здоровья, навыков самостоятельных занятий физическими упражнениями.

.

Физи́ческая культу́ра — область социальной деятельности, направленная на сохранение и укрепление здоровья, человека в процессе осознан-ной двигательной активности. Это часть культуры, представляющая собой совокупность ценностей и знаний, создаваемых и используемых обществом в целях физического и интеллектуального развития способностей человека, совершенствования его двигательной активности и формирования здорового образа жизни, социальной адаптации путём физического воспитания, физи-ческой подготовки и физического развития. Не стоит путать два разных понятия: физкультура и спорт. Физкультура направлена на укрепление здоровья, а спорт направлен на получение максимального результата и спор-тивных наград. Хорошее здоровье в основном определяется правильным расположением, устройством, функциональной деятельностью всех органов тела, отсутствием предрасположений к каким-либо заболеваниям.

Нормальное физическое развитие — это изменение строения и функций организма ребенка с возрастом, происходящее в естественном соответствии с его ростом. Морфологические и функциональные изменения, происходящие в организме, очень сложны, но все же о нормальном или ненормальном ходе развития можно судить с достаточной степенью объек-тивности по некоторым показателям, которые внешне отражают этот про-цесс. Эти показатели — рост тела, вес и окружность грудной клетки. Они связаны с массой, плотностью и формой тела. По взаимосвязи этих факторов можно оценивать крепость телосложения ребенка. Кроме того, принимаются во внимание некоторые опи-

сательные (соматоскопическое) признаки (сос-тояние мускулатуры, степень жироотложения, форма осанки, половая зрелость) и физиометрические признаки — жизненная емкость легких, становая сила, сила сжатия кисти и др.

В младшем школьном возрасте у детей продолжает формироваться структура тканей, продолжается их рост. Темп роста в длину несколько замедляется по сравнению с предыдущим периодом дошкольного возраста, но вес тела увеличивается. Рост увеличивается ежегодно Примерно на 4 см, а вес — на 2 кг. Поэтому этот возраст называют периодом округления.

Физическое воспитание детей дошкольного возраста занимает особое место в системе воспитания. Особенность этого периода состоит в том, что организм дошкольника обладает низкой сопротивляемостью неблагоприят-ным воздействиям среды, но вместе с тем быстро увеличивает свои адаптив-ные и функциональные возможности.

Огромное значение в осуществлении оздоровительных задач физического воспитания младших школьников имеют правильный выбор и проведе-ние игр, которые занимают значительное место в их деятельности. Игры должны помогать нормальному росту, развитию и укреплению костносвязоч-ного аппарата, мышечной системы и, в частности, формированию правиль-ной осанки. Поэтому для уроков физической культуры рекомендуются под-вижные игры, вовлекающие в разнообразную, преимущественно динамичес-кую, работу большие мышечные группы тела (мышцы спины и живота). Положительно влияют на здоровье детей 7—9 лет игры с бросанием, ловлей и метанием на дальность и в цель различных по форме легких предметов: волейбольных мячей, маленьких прыгающих и тряпичных мячиков, палочек, мешочков с крупнозернистым песком и т. д.

Следует избегать при проведении игр чрезмерных мышечных напряжений, однообразных медленных движений. Проводя игры с умеренной и большой подвижностью, нужно укреплять органы дыхания, кровообращения, содействовать хорошему обмену веществ. Для этого надо проводить игры так, чтобы дети не переутомлялись; действия, требующие большой затраты сил и энергии, должны чередоваться с кратковременными перерывами, являющимися активным отдыхом. Игры с речитативами, пением, коллектив-ными возгласами помогают установке ритмичного, полного дыхания.

Игры должны благоприятно влиять на нервную систему детей. Надо предупреждать случаи чрезмерных нагрузок на память и внимание, а также возможные ссоры; игры должны содействовать, проявлению лишь положительных эмоций. При проведении игр следует учитывать общую нагрузку урока.

Уроки физической культуры в школе содействуют также эстетичес-кому развитию учащихся. Дети постепенно получают необходимые знания о правильном, гармоничном сложении и развитии тела; об изяществе дви-жений; о красоте поступков настоящих спортсменов, воспитанных на лучших

традициях российского спорта. Важно прививать эти понятия с раннего возраста, тогда они прочно укоренятся и сохранятся на всю жизнь.

Целью уроков физкультуры в начальной школе является общее физическое развитие и оздоровление учеников, а также развитие самостоятельности, творческих способностей и общего мышления младших школьников. Перед учителем физкультуры стоят следующие общеобразовательные задачи: обучить младших школьников доступным для их возраста физкультурным знаниям, и двигательным умениям, навыкам и способам физической деятельности. А также применять полученные знания и умения в повседнев-ной практике. На уроках физкультуры детям стараются привить любовь к физическим нагрузкам, для общего поддержания себя в хорошей физической форме. Формируют отношение к своему здоровью и к здоровью окружаю-щих, как к ценности. Воспитывают у наших детей такие черты характера, как смелость, отзывчивость, коллективизм, исполнительность и честность. В отношении здоровья на уроках физкультуры уделяется внимание таким задачам, как: общее укрепление здоровья, поддерживание правильной осанки, профилактике и исправлению плоскостопия, профилактике заболе-ваний и стрессовых состояний, а также укрепление всестороннего физичес-кого развития и умственной работоспособности, развитие координации. Урок физической культуры в школе является ведущей формой организации учеб-ной работы. Он проводится по расписанию и с постоянным составом учеников. Учебная деятельность учителя и учащихся в значительной мере сосредоточивается на уроке. Вот почему качество подготовки учащихся во многом определяется уровнем проведения урока, его содержательной и методической наполненностью, его атмосферой. Урок физической культуры в школе решает задачи не только сохранения и укрепления здоровья, но и повышения уровня общительности, социальной активности ребенка.

В первом классе идет введение в школьную жизнь. На уроках физкультуры дети в основном обучаются различным спортивным играм и эстафетам. Теоретические занятия физкультурой в начальной школе проводятся в течении 3 – 5 мин. в рамках тематики текущего занятия. Для развития умений и навыков физкультуры проводятся строевые упражнения и физические упражнения, нацеленные на развития движений – это ходьба, бег, прыжки, метание, лазанье, упражнения в равновесии, простые акробатичес-кие и танцевальные движения, лыжи и плаванье. При проведении спортив-ных игр и эстафет преследуются следующие цели: закрепление сформиро-ванных двигательных умений, развитие координации, развитие общей выносливости и гибкости.На уроки физкультуры в начальной школе отво-дится три часа в неделю. Один из уроков по согласию с администрацией школы часто заменяют на хореографию или ритмику. Родители обязательно должны принести медицинские справки, так как на уроки допускаются только школьники, которые по состоянию здоровья относятся к основной или дополнительной группам. Остальные могут посещать занятия по лечеб-ной физкультуре. Обязательно у деток должна быть удобная

спортивная форма и обувь. Уроки физкультуры в начальной школе желательно проводить в игровой форме, так как это пробуждает интерес ребят к спорту. По теме «Легкая атлетика» лучше всего проводить подвижные игры с использованием бега, прыжков, метания мяча. Например, такие, как «Заяц без домика», «Попади в кольцо». Игр можно придумать множество. Задача уроков физкультуры в начальных классах научить малышню правильной технике бега. Необходимо начинать с ходьбы, постепенно увеличивая скорость. Усиленное внимание надо обратить на работу рук и ног при беге. В результате ребенок должен уметь пробежать дистанцию 30 метров и уложиться в нормативы. На уроках я обучаю деток технике прыжков, хотя это и не предусмотрено программой. Мы начинаем с простого – с подпрыгивания и мягкого приземления. После перепрыгивание. Смысл которого научить ребенка разбежаться, оттолкнуться одной ногой от заданного места и приземлиться на обе. Метание начинаем с бросков теннисного мяча. Тут главное отработать технику броска и научить попадать в мишень. Уроки физкультуры в началь-ной школе должны привить детям любовь к спорту и приучить их вести здоровый образ жизни. Очень важно выработать в учениках сознательную и ежедневную потребность в физических упражнениях как потребность в работе, еде, сне. Ведь не секрет, что есть школьники, стремящиеся получить освобождение от уроков физической культуры и вместо этого посмотреть любую телепередачу, а то и просто подольше поспать. Наши ученики должны знать, как и сколько заниматься, какими упражнениями и видами спорта. Надо научить этому с самого начала, чтобы дети не причинили вред здоровью, не перегрузили себя. Они должны понимать, что без желания, стремления выработать в себе силу воли и настойчивости, вряд ли можно стать сильным и выносливым. Все зависит только от них.

Литературы

1. Архипова Л.А. Методика преподавания физической культуре в начальной школе. Учебно-методическое пособие. М.: ТГУ, 2013. 264 с.
2. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. Учебник для институтов физической культуры. М. Физкультура и спорт, 1991. 544 с.
3. Цатурова К.А. История физической культуры зарубежных стран: Учеб.-метод. пособие. СПб.: ГАФК им. П.Ф. Лесгафта, 1999. 187 с.
4. Чаленко И.А. Современные уроки физкультуры в начальной школе. Ростов н/Д., 2003. 255 с.
5. И. Н. Усов "Здоровый ребёнок"справочник педиатра 2-е издание,Минск «Беларусь»1994 г.

ӘӨЖ 377(072)

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жақсиликова У.-106-18- тобының студенті
Ғылыми жетекші: Досбағанбетова А.Т.- ҚР Мәдениет саласының үздігі, доцент м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
Мұстапаева Т. Қ. - оқытушы
Қожа ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент

Резюме

В тезисе рассматривается формирование эстетической культуры учащихся через традиционную музыку.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік статусына ие болуы және өзгерген саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайында, оның болашақ ұрпақтарының тағдырына үлкен жауапкершілік жүктейді және педагогтар мен ғалымдардың алдына оқушы жастардың ұлттық рухани бүкіл жүйесін қайта қарау міндетін қояды.Эстетикалық тәрбие тұлғаны қалыптастырудың бір бағыты болып, тәрбиенің барлық салаларымен тығыз байланысты. Ол еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру, спорт т.б. тәрбиетүрлерімен қоянқолтық ұштасып жатады. Эстетикалық тәрбиенің міндеті – жас ұрпақты өмірдің барлық салаларындағы: адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркемөнердегі, табиғаттағы сұлулық пен әсемдікті көре білетін, ұға білетін, бақылай алатын және соларды өзі де жасай алатын азамат етіп тәрбиелеу. Ал, адам өмірі мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, пайдалануүшін жастардың сауатты, терең білімді болуы керек, тіпті, көркемөнер салаларын: әдебиетті, музыканы, сәулет өнерін, живописьті, кино мен театрды түсініп, оларда жаңға рухани азық, ләззат ала білу үшін де сезім-түйсігі ұшқыр, ақыл-ойы алғыр, білімді адам болуы керек.Еліміздегі эстетикалық тәрбиенің қалыптасуы мен даму үдерісіқазақ халқының сан ғасырлық тарихымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен, қалыптасқан салт-дәстүрлерімен және мәдениетімен тығыз байланысты. Еліміздің тұрғындарының сырт тұрпатында, қалыптасқан қарым-қатынастарында, киім-кешегі мен үй-жайларында, жасаған бұйымы мензаттарында, тілі мен өнер туындыларында – осы айтылғандардың бәрінде эстетикалық мәдениеттің, эстетикалық талғам мен іс-әрекеттердің ерекшеліктері мен ұстанымдары көрінетіні сөзсіз.Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысының зейін салуды, күн санап өсіруді талап ететін мәселесі. Біздің қоғам адамына тек қана өнерді емес, еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа қатынасын анықтайды.Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әдемілікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларына әсемдік құндылықтары бар қатар- құрбыларына, ересектерге, еліктейді. Балалардың өз еңбек іс- әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткені жөн.

Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады.Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары - әдебиет және өнер. Олар зор идеялық тәрбиелік роль атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді,жігерлендіреді,олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді. Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әр түрлі құралдар арқылы (әдебиетте – проза, поэзия; кесіндемеде-жанр, баталия, пейзаж; мүсінде -бюст, т.б; музыкада – симфония, оратория, ән) енгізіледі.Музыкалық-әстетикалық тәрбиенің дамуына тарихи- педагогикалық саяхат(Б.Ф.Асафьев, М.А.Балакирев, Д.Б.Кабалевский, С.И.Таниев және т.б.) мәселеленің күрделілігін, көп функционалдығын, көп жақтылығын көрсетеді.

Музыкалық өнердің тәрбиелік мүмкіндіктерін педагог- сазгерлер жан жақты қарастырған: діни тәрбиесінің құралы ретінде; тұтас тұлғаны тәрбиелеуде, оның дүниетанымын, адамгершілік келбетін қалыптастырудың мүмкіндігі ретінде; тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың, патриотизм, адамның оптимизмін тәрбиелеудің құралы ретінде. Шын мәнісінде мектептік музыкалық білім берудің екі жетекші бағыты қалыптасты: біріншісі-музыкалық (ноталық) сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған, екіншісі-тұлғаның музыкалық сауаттылығын тәрбиелеу.

Қазіргі бар музыкалық-эстетикалық тәрбиелеудің бағдарламаларын талдау жинақталған тәжірибені талдап, қоғамдақалыптасып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді есепке ала отырып жаңа жолдарды жасауды қажет етеді.С.Ұзақбаеваның пікірінше, эстетикалық тәрбиенің қалыптасып, дамуына қазақ халық ауыз әдебиеті поэтикалық және музыкалық шығармашылығы (мақал-мәтелдер, ертегі, аңыз- әңгімелер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпос, жыр, терме, айтыс, ән-күйлер) орасан үлкен рөл атқарады және бүгінгі күнге дейін атқарып та келеді . Ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп келген оның таңдамалы үлгілері өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралына айналды.

Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің мақсаты тұлғада дәстүрлі музыкалық өнер мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Оның құрамдас компоненттері мыналар: ауызша фольклор, аспаптық музыка, бейнелеу өнер, өлең айту шығармашылығы, би өнері, поэзия, көркемөнер кәсібі, қолөнер, костюмдер, салт- дәстүр, сәулетшілік және т.б. Дәстүрлі өнер мәдениетінде синкритикалық түрде тарихтан, ғылымнан, әстетикадан, педагогикадан т.б. білім баршылық және олар ішкі жағдаяттық сипатта болады.Қазақ халқының халық-аспаптық өнері – бұл ең алдымен домбыралық музыка – күй. Ол ұзақ эволюциядан өтіп, жанр ретінде қалыптасты және дыбыстық өнер құралдары, ерекше мәнерлілік арқылы қазақ халқы өмірінің көп жақты құбылыстарын өзінде көрсетіп және жүзеге асыра білді. А.И.Левшин, И.Г.Андреев, Ш.Уәлиханов, А.Эйхгорн, С.Г.Рыбаков және т.б. алғашқылардың бірі болып қазақ музыка аспаптарын, олардың құрылымын, дыбыс қатарларын, тембрын және ойын тәсілдерін сипаттады, күйлердің музыкалық тіліне, оның дамуына және эволюциясына ғылыми талдау берді.Қазақ халқының халық-аспаптық

өнері – бұл ең алдымен домбыралық музыка – күй. Ол ұзақ эволюциядан өтіп, жанр ретінде қалыптасты және дыбыстық өнер құралдары, ерекше мәнерлілік арқылы қазақ халқы өмірінің көп жақты құбылыстарын өзінде көрсетіп және жүзеге асыра білді. А.И.Левшин, И.Г.Андреев, Ш.Уәлиханов, А.Эйхгорн, С.Г.Рыбаков және т.б. алғашқылардың бірі болып қазақ музыка аспаптарын, олардың құрылымын, дыбыс қатарларын, тембрын және ойын тәсілдерін сипаттады, күйлердің музыкалық тіліне, оның дамуына және эволюциясына ғылыми талдау берді.Кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде (А.Жұбанов, Б.Ерзакович, П.Аравин, С.Зарухова, Н.Тифтикиди, Б.Каракулов, А.Мұхамбетова және т.б.) жаңа сапалы толықтыру, қазақ аспаптық өнерінің мазмұнына көп жақты талдау жүргізілді. Күйлердің жазылуы (А.В.Затаевич), олардың антология жасауы және оларды классификациялау кәсіптік композиторлерге және музыкант-педагогтерге бағалы жадығаттар болып табылады. Күйлердін тақырыптары жан-жақтылықпен және кеңдікпен ерекшеленеді. Ол өзіне патриотизмді және Отанға деген сүйіспеншілікті (Құрманғазы «Кішкентай», Д.Нұрпеисова «16 жыл»), шапқыншыларға қарсы күрес мотивтерін (халық күйі «Ел айрылған», Ықылас «Қамбар батыр»), лирикалық сюжеттерді (Сүгір «Аққу», Д.Нұрпеисова «Әсем қоңыр») ендіреді, олардақоғамдағы музыкалық өнердің рөлі көрсетілді (халық күйлері«Ақсақ құлан», «Тепен көк»)және т.б.М.Балтабаев өз еңбектерінде қазақтың халық-музыкалық шығармашылығын, соның ішінде аспаптық өнердің жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесінде орнын анықтауға ұмтылыс жасады Қазақтың дәстүрлі көркемөнер мәдениетінің жүйесінде халық арасында айтыс жанры үлкен орын алады. Оқушы жастарда эстетикалық білім, сезім және әрекетін жүзеге асырудың қазақ халқының айтыс өнерінің орны ерекше.«Айтыс» - қазақтың өзіне тән, төл сөзі. Оны ертеден айтысу, сөз жарысы, пікір таласы деген түсінікте қоданылып келеді. Жоғары поэтикалық техника, әсемдікті нақышына келтіріп бейнелейтін теңеулер, ұшқыр ойлар,шешендік нақыл сөздер т.б. көтерілген тақырыптың ерекшелігін, мәнін аша түседі.Музыка сабақтарында сәндік өнерге зейінді, сыйлаушылықты және қызығушылықты қалыптастырудың қажетті шарттары мыналар болып табылады: балаларда эмоционалдық тәжірибені жасау, бірізділікпен эмоционалдық қатынасты тереңдету, бұл қатынасты іс-әрекетте бекіту. Музыка сабақтарында көркемөнер шығармашылығының екі түрінің өзара әсері жүзеге асырылады, яғни сезім және көрінбейтін дыбыстардың аясы және заттық образдардың аясы –көру мен тыңдау патшалығы оқушылардың рухани дүниесін қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2010.– 5-8 б.
2. Балтабаев М.Х. Метолологические основы культурологи- ческого образования. / Культура и образование в XXI веке. Сбор. докладов. -Алматы, 2000. - с. 82-84.
3. Түсіпбаева М.Б. Ақын-жыраулар мұраларындағы эстетика-лық тәрбиеойлары (XYIII-XIXғғ.): Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. - Қарағанды, 2009. - 24 б.

4. Зейнуллина Ж.Е. Абай Құнанбаевтың музыкалық мұрала- ры арқылы студенттерге эстетикалық тәрбие беру: Пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Атырау, 2007. - 29 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. -106 б.

ӘӨЖ 37:001.895 (578)

ДАУЫС ТЕХНИКАСЫНА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Биналиев М. - 106-18 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Риксибаева А.Б.-магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

В данной статье рассматривается о упражнениях по технике голоса

Дауысыңызды жақсарту оңай көрінетініне қарағанда. Таңдау құрамында оны ашуға және реттеуге, сонымен қатар оны күшті және әдемі етуге көмектесетін қарапайым жаттығулар бар. Жақсы орнатылған дауыс тек кәсіби вокалистерге ғана қажет емес. Бұл қарым-қатынасты барынша тиімді пайдаланғысы келетіндерге қажет. Адамның дауысы тыңдаушыларға оның хабарының мағынасынан екі есе көп әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, жағымды дауысы бар адамдарды басқалар сәтті және тартымды деп қабылдайды. Алдымен басқалардың сізді қалай тыңдайтынын түсініңіз. Мұны істеу үшін дыбыс жазу студиясын модельдеуге болады. Сіздің сол алақаныңыз құлаққапқа айналады - оны сол жақ құлағыңызға «қабықпен» ұстаңыз, оң жағыңызда микрофон болады - аузыңыздан бірнеше сантиметр қашықтықта ұстаңыз. Тестті бастаңыз: әр түрлі сөздерді санап, айта біліңіз, дыбыспен ойнаңыз. Бұл жаттығуды тоғыз күн ішінде 5-10 минут жасаңыз. Осы уақыт ішінде сіздің дауысыңыздың қалай естілетінін түсінесіз және оны жақсартуға болады.

Дауысты ашу үшін сіз жұлдыруды босатып, негізгі жұмысты еріндер мен диафрагмаға аударуыңыз керек. Ол үшін «KYU-X» буындарын айтыңыз. Еріндеріңіздің айналасындағы «Кью», «Х» - оларды кең күлімсіреп созыңыз. 30 қайталаудан кейін қысқа сөйлеуге тырысыңыз. Сіз байламдар аз тартылғанын сезесіз, ал еріндер сіздің бұйрықтарыңызды жақсы орындайды. Төмендегі жаттығулар бойынша көрсетуге болады:

№1 жаттығу. Біз тік тұрамыз, шынтақ төмен. Біз қысқа шулы тыныс аламыз - қолдарымыз жұдырыққа түйілді. Ауаны кез-келген түрде шығарғанда (мұрын немесе ауыз арқылы) алақаныңызды ашыңыз. Бір циклға 4 тыныс кіреді. 4-5 секундтан кейін үзіліс болады. Барлығы 24 цикл қажет, олардың әрқайсысында 4 демалу - дем шығару.

- дем шығару кезінде бақылаудың қажеті жоқ - шулы тыныс алудың негізгі екпіні
- шабытта немесе жарамдылық кезінде ауаның кешігуі болмауы керек,

- егер сізде бас айналу сезілсе, онда жаттығуды отыру кезінде орындауға болады (артқы жағы түзу).

№2 жаттығу. Біз тік тұрамыз, алақандарымызды жұдырыққа түйіп, белге басамыз. Мұрыныңызбен қысқа, шулы тыныс алыңыз. Сонымен қатар, біз саусақтарымызды жұмсамай, жұдырығымызды еденге түсіреміз. Біз бастапқы позицияға ораламыз. Дем шығару тегін, қолдар бастапқы қалпына келеді.

Цикл - 8 қозғалыс. Содан кейін қысқа демалыстан кейін - 3 ... 5 секунд - және жаңа цикл басталады.

- шабыт кезінде иық белдеуінің аймағын сызып тастау керек,
- дем шығару кезінде аузыңызды кең ашудың қажеті жоқ,
- жаттығуды жату / отыру арқылы жасауға болады.

Дикция мен артикуляцияны жақсартуға арналған гимнастика

Дикция сөйлеудің нақтылығы мен сөздердің анықтығына жауап береді. Жақсы дыбысты қалай айтуға болады? Ол үшін артикуляциялық аппараттың қозғалмалы бөлігін жаттықтыру керек.

Дикцияны дамытуға арналған кез-келген жаттығу тыныс алу жаттығуларының жалғасы болып табылады.

Қарындашпен оқу жаттығуы! Қарындашты алдыңғы тістерімен, тіліне тигізбей алыңыз. Дыбыстарды дауыстап айтамыз, еріндер қатыспайды - к, г, й, н, л, д .. Содан кейін біз оларды жұмсарамыз. Содан кейін біз оларға дауысты дыбыстарды қосамыз. Біз кез-келген кітапты тістері бар қарындашпен дауыстап оқимыз. Екі-үш беттен дауыс беру керек. Мұны күн сайын жасау керек. Нақты дауыссыздар мен дауысты дыбыстардың тіркесуі! Жаттығу кезінде үш дауысты дыбысты бір дауысты дыбыспен айту керек. КТР дыбыстарын Y, O, E, I, A, U дауысты дыбыстарымен араластыру керек. (Мысал: KTPI-KTPO-KTPE-KTPI-KTPA-KTPU). Дауысты дыбыстардың реттілігін өзгертуге болады, бірақ соңғы дыбыс әрдайым дауысты дыбыс болып табылады.

Үнсіз дыбыстар әр түрлі болуы мүмкін - BGD, LRL, MLR. Дауысты дыбыстар өзгеріссіз қалады.

Дауыс күшін дамытатын гимнастика жаттығуы!

Дауыс күшін дамытатын жаттығулар адамға өз дыбысының динамикасын біркелкі өзгертуге көмектеседі.

Дауысты дамытуға арналған жаттығуларға мыналар кіреді.

- АМ-ОМ, УМ-ЭМ, ИМ-ИМ буындарын дауыстап айту керек. Сонымен қатар біріншісі қатты дауыстап, екіншісі тыныш болуы керек.
- «AI-AI», «OH-OH-OH», «HEY-HEY» буындарын дауыстап, қатты дыбыстап шығару керек.
- Иттің дауылына, тік ысқырыққа, ызылдаған араға, москитке еліктеу керек. Дыбыстар алдымен көтерілу ретімен айтылады, содан кейін қиялданған объект алдымен жақындап, одан кейін басқа жаққа кетсе, ыдырайды.
- Біз келесі буындарды музыкалық ауқымда дауыстап айтамыз: MA-MO-MU-ME-WE-MI. Алдымен тәртіппен, содан кейін қарсы бағытта.

Әр жаттығуды 3 рет жасау керек. Біркелкі тыныс алу өте маңызды.

Әдемі дауысты қалай дамыту керектігін енді білесіз. Күн сайын барлық жаттығуларды әдіс-тәсілмен орындау керек. Біздің ұсыныстарымыз сіздің жетістікке жетуге көмектеседі және сіздің сөйлеуіңіз бен тембріңіз қалағаныңыздай болады деп үміттенеміз. Адамның дауыс құралы өзінше бір күрделі жүйе. Дем алу жолдары – дауыс құралының бір бөлшегі болып табылады. Олар өкпе, дауыс дірілін көрсететін дауыс шымылдығы, жақтың ашылу, жабылу бұлшық еттері, барлық дауыс шығару құралдары бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ән орындау кезінде осы аталған дауыс құралдары жұмыс жасап тұрады. Баланың дауыс құралдары, ересек адамдарға қарағанда, әлдеқайда нәзік және үнемі даму үстінде болады. Сондықтанда, үнемі әдемі, нәзік бала дауысына қорғаныш керек.

Әдебиеттер:

1.Стулова Г.П. Хоровой класс: «Теория и практика вокальной работы в детском хоре». Стр. 35 – 41.
2.Дмитриев Л.Б. «Основы вокальной методики». Стр. 141 – 171. 290 – 300.

ӘОЖ:7.07-077

МАТЕРИАЛ ӨҢДЕУГЕ, БҰЙЫМДЫ КӨРКЕМДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

Қозытай А. Қ. 120-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются названия, связанные с обработкой материала, художественным оформлением изделия

Жүн өңдеуге байланысты атаулар. Ең алдымен жүн қырқу барысында жүннің ақ, қара, кер қызыл түсті түрлері бөлек-бөлек жиналады, салалы, қылшықты, қысқа, бауыр жүндер бөліп алынады. Одан әрі жүннің іртігін жазу, қайызғағынан арылту, шөп-шаламын тазалау, құмалағын түсіру, үлпілдетіп алу жұмыстары жалғасады. Бұл жүн дайындау шаралары жүн сабау деп аталатын тәсілмен орындалады. Жүн сабау киіз басу дайындығының үшінші басқышына жатады. Жинақтай айтқанда, киіз басуға жүн дайындау тоғыту (1-басқыш), қырқым (2-басқыш), жүн сабау (3-басқыш) деп аталатын үш басқыштан тұрады.

Іртігі жазылмайтын өте түйдектелген жерге қос қолдап сабау әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша екі қолдың кезектесіп істейтін ырғағы бір қолдың қимылына ауысып, екі қолдағы сабау бір мезгілде тулаққа тең соғылып, тең серпіліп, жүнді көпіртіп, жүн бірдей қалыпта суырылып, бірдей артқа көтеріліп отырады. Қос қолдап сабауды да сабаушылар бір ырғақпен тең орындайды. Қолөнерінде есіп сабау, көсіп сабау, көпіртіп сабау, т.б. секілді атаулар қолданылады [1].

Киіз бұйымдар дайындау технологиясына байланысты атаулар. Өңделген жүннен түрлі тәсілдерді қолдана отырып киіз жасап шығару ісін киіз басу деп атайды. Киіз басу үшін алдымен сабалған үлпілдек жүнді шиге салып, шыбықтап жаймалайды, яғни киіздің ішкі бетіне арналған жүн шабақталады.

Жүнді шыбықпен жаймалау шабақтау деп аталады. Екі адам атқаратын бұл жұмысты кей жерде жабдықтау дейді.

Осыдан кейін шабақталған жүннің үстіне бет тартылады, яғни киіздің оң жағына арналған неғұрлым таза, әдемі жүнді сол қолымен уыстап алып, әлгі шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып үзіп қалдырады. Бет тартуды бұрыннан машықтанған, жүн тартудың шебері деп танылған әйел ғана орындайды.

Киіз тебу – арасына жүн салынып оралған әрі сыртынан байланған шиді әлсін-әлсін ыстық су құя отырып, бір топ адамның домалатып тебуі. Бұларға қарама-қарсы бір немесе екі адам екі ұшы тұйықталған арқанмен шиді алға тартып, өзіне қарай домалата сүйрейді. Киізді тебушілерге қарама-қарсы тұрған адамды қой бастар дейді. Киіз әбден қатайғанша оны киіз басылып жатқан үйдің маңында домалатып, бір топ адам екі аяқпен кезек-кезек теуіп отырады. Мұндағы басты нәрсе: киіздің бойында тепкі тимеген жер қалып қоймауы керек. Олай етпеген жағдайда киіздің бір жері кірігіп, бір жері кірікпей босап, жүн сол қалпында да қалып қоюы мүмкін. Ондай жер кейін тесік болып қалады.

Қазақ тұрмысында киіз тебу бір ауылға ортақ іс болып саналған, өйткені бұл жұмысты бір-екі адамның атқаруы қиын. Киіз тебушілер домалатып тепкен киіздерін қадірлес отаулардың сыртына апарып, «қой басты, қой басты» деп әзілдейді. Ал ол үйдің иесі реті келсе қой сойып, болмаса қымызбен яки құрт-май алып шығып, киіз тебушілерді қонақ етә салтын жасайды.

Булау – киіздің тебуі жеткенде киіз оралған шиді шешіп, шиыршықталған киізді жазып, асты-үстін ауыстыра отырып 3-4 рет шиыршықтап бүктеп, екі басын түйістіріп көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдағаннан кейін үстін тонмен, күпімен жылылап жауып тастау. Бұл әдіс кірлеу деп те аталады, өйткені киізді булағанда кір су ағады.

Білектеу – булаудан шыққан киізді әрлі-берлі домалата отырып білекпен басу. Түр салу – шүйкеленген жүннен немесе арнайы дайындалған талдырмадан киіздің бетіне ою, өрнек басу. Түр салынған киіз текемет деп аталады. Яғни киіз бен текеметтің айырмасы киіздің оюлы немесе ою-өрнексіз басылуына байланысты. Киізге түр салып басуды текемет басу дейді. Текеметке салынатын түр яғни ою-өрнек екі түрлі жолмен салынады: 1) түр ойыстырып салу; 2) шүйкелеп түр салу. Түр ойыстырып салу – талдырмадан қиып алған оюды шабақталған жүннің немесе талдырманың үстіне салып, ыстық су шашып, әрі қарай киізше басу. Шүйкелеп түр салу – киіз бетіне ою-өрнек ретінде салынатын боялған немесе басқа түсті жүнді бөлектеп басып алмай-ақ (талдырма жасамай) сол жүн күйінде бет тартқанда шүйкелеп отырып бірге тарту [2].

Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» сыру сөзіне «арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі», ал сыры атауына «жиі етіп бастырып тігу» деген анықтама беріледі [3]. Демек, сырмақ атауының өзі оны дайындау технологиясынан

алынған. Сырмақтың пайда болуының тарихын шолу арқылы оның этномәдени мазмұнын ашып көрсетуге болады.

Киіздер мен текеметтер қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Дегенмен, қоғам дамуы мен тұрмыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне қарай бұл бұйымдардың осы күйінде кейде тазалыққа, тұтынуға тиімсіздігі байқала бастаған. Осыған орай адамдардың тұрмыс деңгейінің, талап-талғамының өсуінің әсерінен қолдануға ыңғайлы, жеңіл әрі көркем, көлемі шағын төсеніштер пайда болды. Сырмақтың пайда болуына о баста тұрмыста кездесетін қарапайым жағдайлар себеп болған тәрізді. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеніп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Зерттеушілердің айтуынша, мұндай сырмақтар алғашында, әрине, орта салынбай жасалды. Бүтін күйінде ығына қарай сырылуы, сондай-ақ сол кездегі таңба – белгілер, нанымдар бойынша оюлар түсірілді. Мәселен, ашамай +, х белгі, күн бейнесі, т.б. айналдыра сыру тәсілі қолданылды. Бірте-бірте қабатталған киіздердің жиектерін жөрмеу, төрт шетін бойлап, қабаттарын бекіте түсіп, сырудан түскен сызықтарға сәйкес сыру түсіру арқылы сырмақ ортасынан төртбұрыш шығарылған. Одан кейін сырмақ шеттерін нығайтып бекіту үшін жіп есіп алып, сырмақтың шетін жию пайда болды. Кейінірек ақ, қара түсті жүндерді пайдаланып, қарама-қарсы түстерді шабыстырып қолдану тәсілімен сырмақтың шетін жиектеу келіп шықты. Оның ішкі жағына да сәйкес жиек басып, су тарту арқылы сырмақтың бетіне төртбұрыштар түсіріліп, жиектердің ара-арасы сырылып отырды (шабыстырып қолдану – қарама-қарсы түстерді қиыстырып келтіру, жиектеу – түсті жіппен тігіп жиек салу, көмкеру, су тарту – оюды қатарлап орналастыру үшін яки алма-кезек түсіру үшін бүкіл ою тұлғасының желісін үзілдірмей, ұластырып салу. Су – бүкіл ою тұлғасының сабағы, желісі, өзегі [5].

Сырмаққа қатысты желі атауы жиірек қолданылады. Ал кесте өнерінде мұндай желіні су деп айтады. Қазақ сырмақтарының ою-өрнегі осы желі, яғни суы арқылы жасалады).

Әдебиеттер

1. Әбдіғаппарова Ұ.М. Ою-өрнектердің тәбиелік мәні. Оқу құралы. 2017 ж.
2. Қалыбекова А.А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов /- Изд. 2-е.- Алматы: БАУР, 2006. -363 с.
3.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8 том. 501 б.
4. Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы: оқу құралы - Алматы, 2016. - 141 б.
5. Саипов А. Болшақ мұғалімдердің көркемдік – шығармашылық даярлығынның теориясы және практикасы. Автореферат. 2015 ж.

ӘОЖ:37.07-077

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӘНДІК ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Егембердиев А.Т.-120-18к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Мұсақұлов Қ.Т. – PhD-доктор, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются теоретические основы приобщения старшеклассников к декоративному ремеслу

Сәндік-қолданбалы өнер оқушылардың кәсіби бағдарлануына, ұлттық өнер мен қолөнер негізінде біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Шығармашылық меңгеру деңгейі-білім алушының мақсат іздеуде нәтижеге жету үшін әдістер мен тәсілдерді өз бетінше табу және зерделеу қабілеті. Оқушылар әртүрлі материалдардан жасалған өндіріс технологиясымен, ою-өрнектің мағынасымен, орналасуымен, түсінің сәйкестігімен, тарихымен, өндіріс технологиясымен таныса алады. Әр түрлі өнер заттарын жасауға, ой-өрісін, іскерлігін және дағдыларын арттыруға, қазақ халқының өнерін санаға сіңіруге, бар заттың қадір-қасиетін тануға көмек көрсетеді. Өнердің барлық түрлерімен таныстырады, сұлулық әлемін өзіне тән бейнелі әдістермен ашады. Қазақ халқының дәстүрлі өнерлерінің көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, тарихын, өру технологиясын зерделейді.

Кәзіргі таңда ұлт мәдениетін инновациялық жол мен дамыту, халық ауыз әдебиетін, сөз өнерін, қол өнерін, саз, әуендерінің үдірістерін зерттеу біздің міндетіміз, халықтық, мемлекеттік іс.

Заманымыз бен уақыт ағымының бір тоғысқа келіп, тарихи ұлттық сана мен танымның оянып, мәдени мұраны халықтық салт-дәстүрді, қазақ сәндік қолданбалы өнерінің тек үй тұрмысында халық шаруашылығында тәжірибе жүзінде ғана қолданбай оның көлемінің кең екенінің негізінің теориясын оқып зерттейтін дәлелдейтін, уақыты келді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда өнер ғылымынан тәжірибесі мол, өнердің теориясының негізін зерттеуші ғалымдарының білім, ғылым деңгейінің кемеліне келіп, тыныс көздерінің молайып биік шыңын көрсеткен Марғулан Әлікей, Байжігітов Болат, С.Қасиманов, М. Мұқанов [1,2,3,4] т.б. Мәдени мұраны, сәндік-көркемдік эстетикалық танымды дамыту өнер-тануды, бағалау – бейнелеу, кескіндеме, сәндік қолданбалы қол өнер бағыттарын, композициялық құралымын, шикі заттарының түрін, сәндік әсемдігін барынша айқындап көрсететін, дәлелдейтін өнер туындылары, қолдан жасалған шығарма бұйымдары, заттарының өздері. Өнер заттарының бітім эстетикалық сұлулық әсерлері мен бірге – пішінін, түр сипатын, композициялық көркемдігін және тәжірибе іс жүзінде тұрмыста қолдану саласының бір – бірімен ажыраспас тұтастығы байқауға болады.

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылый отырықшылдыққа ауысып, егінмен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалған бұйымдардың түрі сан алуан. Мысалға киіз үй сүйегі (ағаш), адалбақан (киім ілгіш) ат ерлері, ағш төсек, ыдыстар(астау, табақ, тегене тостаған, қасық, ожау), күбі, ағаш шелек, келі-келсап жәнеде үй жиһаздары – сандық, кебеже, жүн аяқ сынды заттарды пайдаланған. Қазіргі заман талабына сай бұл бұйымдардың көбі қолданыстан шығып мұражайларда да тұр.

Сурет 1. Ағаштан жасалған бұйымдар

Адамды адам қылған еңбек – деген сөз рас себебі адам баласының даму сатысы еңбек және іс тығыз байланысты. Мындаған жылдар өту конында, адамның интелектуал еңбек пен іс әрекет, қол өнердің дамуына, адам баласын өнер жолына жетектеді. Мысалы ертедегі адамдардың жасалған тас қаруларын алатын болсақ, бұнда да біз өнердің бір түрін көре аламыз. Әрине уақыттың адамбаласы әр ұлтқа бөлініп, жеке бір жер бетін мекендеді. Әр ұлттық өздеріне тән. Мәдениеті, тілі және де өнері пайда болды. Сол көптеген ұлт арасында біздің ата – бабаларымыз өсір сүрген. Қазақ халқының қол өнерінің даму тариғын, республика жерін мендеген тайпалардан біле аламыз. Олар сақ, үйсін, қыншақ ғұн қарлұқ және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдиниетімен төркіндестігінің айғығы. Жалпы бұл тайпалардың барлығы темірден, ағаштан, күмістен тағы да басқа заттардан түрлі әшекелі бұйымдар мен күнделікті өмірде қажет ететін заттар жасаған. Міне осындай қорқынмен дамыған қолөнер жолы ғасырлар ағытымен дамып XIX ғасырға да жетті . Бұл процеске әр кезеңде Қазақстан жеріне жаң – жақтын келген көшпелі халықтардың, содай-ақ Оңтүстік-Сібір, Орта-Азия, мен орыс халқының мәдениеті де жер етті.

Қазақстан көне мәдениет өлкесі. Ерте замандардан-ақ оны мекен етушілер мал бағып, егін салумен шұғылдана жүріп, өзіндік өрнегі мол, өнерін, мәдениетін қалыптастырады. Қазақ халқының қолөнері санау ескі заман тарихымен бірге өсіп. Біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Халық шығармашылығының қандай түрі болсада халық өмірі мен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, кәсібімен тығыз байланысты болады.

«Өресі биік, өрісі кең» өнер атаулының қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқыда өзінің көне замандардан бері

келе жатқан тамаша тарихымен және бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. өнердің түрі көп. Бізді қоршаған өміріміздің барлығы өнер. Ал қандайда болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін халық. Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің тамаша үлгілері атадан балаға мұра болып біздің заманымызғада жетті. Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден көптеген саяхатшылармен коллекционерлердің ғана емес, ғалым этнографтар, археологтар мен суретшілердің де көңілін аударып келеді.

Дүние жүзінде әр халық ата-баба мұраларын, халық өнерін сақтап қалуы парыз. Атадан балаға мұра болатын қолөнерін жалғастырушы шеберлер әрқашанда халық арасында құрметті. Қолөнер бұйымдарын дүниеге алып келу көптеген уақытты және еңбекті, шыдамдылықты қажет етеді.

Еңбек адамның іскерлігімен ой-өрісін ғана өсіріп қоймай оның адамгершілігін, дүниеге көзқарасын қалыптастырып, рухани сезімін байытады. Еңбек-өнер өрісі-өмір жемісің-дегендей еңбек пен өнердің егіз екенін айтқан жөн. Өнердің қай түрі болмасын қажымай, талмай еңбектенуді талап етеді.

Қол өнер заттарының өмірде тұрмыста қолданудан басқа да, эстетикалық әсемдік сипаты, көркемдік бейнелері, туынды образдарының көрерменге тұтынушыға шынайы беретін әсері айғақ. Бұның бәрін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу, ажырату біздің ғалымдардың, өнер теориясының тарихын зертеушілерінің, практикалық тәжірибе негізінде суретші-шебер мамандарының үлес еншісінде - Х. Арғынбаев, Дәркенбай Шоқпар ұлы т.б.

Әдебиеттер

1. Марғулан Әлікей. Казахское народное прикладное искусство, 1–3 т.,1986-90;
2. Байжігітов Болат. Қазақтың қолөнер тарихы. Алматы: Экономика, 2012. - 263 б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері [Мәтін] / С. Қасиманов, - Алматы : Қазақстан, 1969 . - 245, [2] б., [12] п. сурет .
4. Мұқанов М. Өнер туралы. [Мәтін]. 2013.
5. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы : Қайнар, 2005. - 215 б. - 9965-9325-9-Х
6. Дәркенбай Шоқпар ұлы. Альбом, Алматы, 2005.

ӘОЖ 371:373.01

ӨНЕРДЕГІ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУ

Өмір А.Б.- 120-17тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы

Махмуд А.-магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article examines the development of students ' creative activity on the basis of one of the achievements of modern science in art

Жаңа ғасыр басында ұлттық және жалпы адами құндылықтарға бағдарланған демократиялық реформалардың іске асырылуы, барлық мәдениет салаларының жаңаруы, Қазақстанның рухани әлеуетінің, ұлттық көркем салт-

дәстүрлердің қайта жаңғыруы әлеуметтік-мәдени қайта құру жұмыстарына белсене қатысатын шығармашыл тұлғаны «қазіргі қоғамға ықпалдастырылған және қоғамды жетілдіруге бағытталған адам мен азаматты қалыптастыруға» әлеуметтік тұрғыдан тапсырыс туындатып отыр [1, 7б].

Шешілетін ғылыми-әдістемелік мәселенің заманауи жәй күйін бағалау: оқушыларды көркем еңбек сабағында визуалды өнерге үйрету, қазақ халқының қоржын жасау технологиясымен байланыстырылып қарастырылды және оларды көркемдеп әрлеу ерекшеліктері ескерілді. ҚР «Білім туралы» Заңында «...қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде, толассыз ақпараттық ағындар, қоғамдық идеалдардың деформациялануы, агрессиялық көріністердің жиі етек алуы жағдайында мектеп қана ұрпағымыздың ішкі әлемін өзгертуге және оның жасампаз күштерін оятуға қабілетті» - деп берілген [2, 28б]. Осы тұрғыдан қарағанда оқушыларды Визуальды өнеріне баулу қашанда кезек күттірмейтін міндет екені айдан анық. Абай атамыз өзінің отыз үшінші қара сөзінде өнер туралы былайша тұжырым жасайды: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал өнерін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол». Бұл қара сөзінде ұлы ойшыл өнерді, жалпы өнер адамын қазақтың қастерлі адамы деп әулиеге теңейді. Мысалы, өнерлі адамдардың қолымен жасалған әдемі заттарды киелі деп қастерлеп, төрге қойып, оны өзінің соңынан ерген балаларына, немерелеріне мұра қылып қалдырып отыратыны белгілі. Бұл дәстүр елімізде ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Соңғы уақытта Елбасымыздың қолдауымен халқымыздың мәдени құндылықтарына ерекше көңіл бөлініп, қомақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын да өнерге деген оң көзқарастың бір айғағы деп санауға болады. Егемен еліміздің керегесі бекіп, дамыған отыз мемлекеттің қатарына енуді межелегенде өнерді де қалыс қалдыруға әсте болмайды. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде «Визуальды өнері» мен «Технология» пәндері біріктіріліп, ол «Көркем еңбек» пәні ретінде 1,2,5,7-сыныптарда 2017 оқу жылынан бастап жүргізіліп келеді. Осы орайда бір мәселе туындайды. Біріншіден, ешбір жоғары оқу орнында «Көркем еңбек» мамандарын дайындамайды әлі мамандық классификаторы да дайындалған жоқ. Екіншіден, қазіргі кезде мектептерде көркем еңбек пәнінен қай мамандық иесі сабақ беріп келеді? «Визуальды өнер және сызу» мұғалімі ме? Әлде «Технология» пәні мұғалімі сабақ бере ме? Үшіншіден, неге «Көркем еңбек» пәнін оқу үдерісіне енгізу барысында осы пәнді оқытатын мамандар дайындап алу қажеттігі қарастырылмаған? Төртіншіден, «Көркем еңбек» пәнінде берілген мәліметтерде өзімізге белгілі Визуальды өнері салалары – графика, сәндік қол өнері, зергерлік өнер, кескіндеме, дизайн, мүсін т.б. жайындағы мәліметтерде Қазақстан Визуальды өнері мәселелерін зерттеген ғалымдар, атақты қазақ суретшілерінің шығармалары жайында өте аз мағлұмат берілген [3, 18б].

Қазіргі әрекеттегі материалдық және рухани өндіріс салаларының бәрі қоғамдық мәні бар құндылықтарды жасай алатын, эстетикалық тұрғыда жетілген мамандарды талап етеді. Өйткені, өндірілетін отандық әрбір тауар

өзінің көркемдігімен, сазды үйлесімділігімен, адам сезіміне беретін әсерімен тартымды болуы керек. Мысалы, 2017 жылы оқу үдерісінде 7 - сыныптың «Көркем еңбек» пәні оқулығымен танысқанда мынандай ойға келдік. Әлемде «Визуальды өнер», «Көркем білім» деген атаумен мектепте, колледжде, ЖОО-да мамандық бойынша дәріс беріп, мамандар дайындап келеді. Кезінде ғұлама ғалым, академик Ә. Марғұлан қазақ өнерінің ой-өрісін саралап, тылсым дүниесіне терең ғылыми талдау жасап берді. «Әр халықтың әдемілікке, сұлулыққа, өнерге деген көзқарасын бұзуға ешкімнің қақысы жоқ. Қазақ халқының салт-дәстүрі көшпелі болғанымен, өнері көшпелі болған емес. Өнерде өзіндік қолтаңбасы жоқ халық өледі», деген болатын Әлекең. Біз визуальды өнерін уақыт өткен сайын менсінбей, өшіретін болсақ, халықтың өнердегі қолтаңбасының өшері анық. Бұл – академиктің айтқаны ақиқатқа айналады деген сөз. Демек визуальды өнерді білу, баланы жастайынан баулу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттер қояды.

Көркемдік жағынан ұлттық өнерді үйретуде келесі талаптарды ескеруіміз керек: - халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәрбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын дүниетанымын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптасытыру; - жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу;

- ұлттық қолөнері және рухани-мәдени байлығымызды танып-білуге тәрбиелеу. Өз отанының және халқының қолөнер мұраларын танып, жетік меңгеру. Еліміздің өркениетті елдер қатарынан алдыңғы орындарды иеленуге ұмтылуы жағдайында жас ұрпақты жан-жақты дамыта тәрбиелеу қажеттігі арта түседі. Мұны жүзеге асырудың бір жолы олардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру болып табылады. Өйткені оқушының көркемдік жағынан дамуы тәрбиенің құрамдас бөліктерінің барлығымен сабақтастықта, өзара байланыста жүзеге асырылады. Әсіресе, бұл сәндік-қолданбалы өнерді үйрету үдерісінен айқын көрінеді. Жас жеткіншектерге ұлттық өнердің қыры мен сырын игерте отырып, олардың эстетикалық сезімталдығын, ой-қиялын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін шыңдау, балалардың өзі өмір сүретін ортасына сұлулық әкелуге деген құштарлығын, туған халқының көркем-мәдени мұраларына, эстетикалық дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік қатынастарын тәрбиелеуге зор мүмкіндік туғызады. Сол себептен біз зерттеу жұмысымызды «Көркем еңбек сабағында оқушыларды визуалды өнерге үйретудің дидактикалық негіздері» деп таңдап алдық. Мұндағы дидактика нені оқыту керек, қалай оқыту керек, не үшін оқыту керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Дидактика - педагогиканың маңызды саласы. Дидактика (didaktikas - оқытушы, didasko - оқушы) ұғымы грек тілінен алынған, оқыту немесе үйрету деген сөз. Бұл ұғымды чех педагогы Я. А. Коменский пайдаланып, 1657 жылы өзінің «Ұлы дидактика» еңбегін жарыққа шығарды.

«Үйрету» сөзі біздің зерттеу тақырыбымызда кездеседі. Зерттеуіміздің дидактикалық негізі оқыту үдерісінің табысты болуына бағыттайды: біріншіден, мұғалімнің өз пәнінен теориялық және практикалық дайындығына, оқу үдерісін ұйымдастыра және басқара білуіне; екіншіден, білім дағдысына, жоғары мәдениеттілігіне, ғалым мен жаңартылған білім мазмұнының жетістіктеріне пайдалана білуіне; үшіншіден, мұғалім мен оқушылар арасындағы адамгершілік өзара қатынас және бірлікке шақырады.

І тоқсанда сабақ жоспары «Визуалды өнер» бөлімі бойынша өткізіледі. Оқушылар заманауи бағытта сурет салу жолдарын меңгерді. Бөлімнің соңында әр оқушы өз жұмыстарын презентациялады, барлық жұмыстардан көрме ұйымдастырылды. Жалпы орта білім беретін бастауыш сыныпқа арналған интеграцияланған бағдарламада екі біріктірілген пәннен білім берудегі оқу бағдарламасы негізгі ережені нақты түсіндіреді. Оқу жылындағы білім беру үрдісін ұйымдастыру мен тарату мазмұны мен қойылатын талаптарын жоспарлау нәтижесі, нақты міндеттер береді. Интеграция – дегеніміз (латын тілінен integratio) – қалпына келтіру, толықтыру, ал (integer) – толық, бүтін деген ұғымды білдіреді және де жеке дифференциалданған бөліктердің атқаратын жүйесін, ғылымдағы байланысты, яғни пәндердің бір-біріне жақындығын, ұқсастығын білдіреді. «Көркем еңбек» пәні оқушылардың технологиялық мәдениетін, техникалық-технологиялық құзыреттілік жүйесін, еңбекке баулу, кәсіби өзін-өзі анықтау, жүзеге асыру негіздерін қалыптастыру және шығармашығын дамытуда басты орын алады.

Әдебиеттер

1. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж.
2. Көркем еңбек. 5 сыныпқа арналған оқулық. – Аламты: Ронд, 2003, -16 б.
3. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. – Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2016. – 58 б.
4. Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау. Әдістемелік құрал. –Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2015. – 41 б.

ӘОЖ:7.07-077

ЭСКИЗДІК ГРАФИКА НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК-ЖОБАЛЫҚ ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТУ

Гайный А.Ғ.- 120-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы
Елшибекова А.Т. -магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы развития художественно-проектного мышления учащихся на основе эскизной графики

Білім беру үдерісінде объективті әлемді танудағы тәжірибелік ұғым – оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісін дамытудың маңызды алғы шарты екені белгілі. Әлемді түсініп қабылдай алу үшін адам тек қана, табиғаттағы заттың ерекшелігін тауып қана қоймай, сонымен қатар шынайылықты танып, жаңа ақиқатты құру үшін мүмкіндіктерді, амалдарды, оларды өзгерту тәсілдерін қарастыратыны анық [1].

Қазіргі заманғы эскиздік графика – адам суретшілік іскерлігінің, әрі теориялық ойлау қабілетінің негізінде қалыптасқан сала. Сұлулық және функционалдық заңдылық нәтижесінде жасалынған бұйым эскиздік графика туындысы болып табылады. Қазіргі графика заттық бұйымдарды сәндеудің барлық талабына жауап бере алады, сондықтан киім жобалауына да тікелей қатысы бар.

Тапсырыс бойынша жұмыс жасайтын немесе өз коллекциясын жасайтын кез-келген костюм суретшісі әрқашан эскизді қабылдау мен түпкілікті нәтиженің айырмашылығына тап болады. Тіпті ең жоғары сапалы эскиз киімдегі маталар элементтерінің өзара әрекеттесуін шартты түрде жеткізеді. Кейде тапсырыс берушіге шығатын өнімді жеткізу өте қиын. Көптеген пішіндер суретшіге эскиздің соңғы сатысында соңғы өнімді анық көруге мүмкіндік береді. Мұнда бізге графика көмекке келеді.

«Графика» термині кескін әдісі ұғымын анықтаумен қатар, қолдану аясын белгілеудің мағынасын білдіріп, кеңістіктік өнер саласына таралды. Графика сызыққа негізделген өнер немесе қара және ақ өнер ретінде анықталды.

Графика қазіргі уақытта контур сызықтарын, заттарды бейнелеу өнері ретінде түсініледі. Кейде графикте түрлі-түсті дақтарды қолдануға рұқсат етіледі. Оның бағытына, қалыңдығына және пішініне байланысты жеке сызықтар сияқты көрінуі немесе қатты даққа біріктірілуі мүмкін. Экспрессивті графикалық құралдардың әртүрлі комбинациялары объектілердің көлемдік-пластикалық және кеңістіктік қасиеттерін, қоршаған ортаның сипаттамаларын және т.б. бере алады. Станоктық графика сурет пен баспа графикасын қамтиды, оның мүмкіндіктері полиграфияның дамуымен ашылды. Графикалық өнердің ең ежелгі түрі-сурет, оның шығу тегі қарапайым үңгір суреттерінде және ежелгі вазада көрінеді, онда кескіннің негізі сызық пен силуэт болып табылады [2].

Эскиз-бұл көркем шығарманың, құрылымның, механизмнің жоспарын алдын-ала бекітетін ұғым. Эскиздік дизайн-бұл болашақ өнімнің, ғимараттың немесе интерьердің тұжырымдамасы, идеясы ретінде дамитын кезең.

Эскиздік жобалаудың нәтижесі сызбалардың, схемалардың, суреттердің және т. б. жиынтығы болып табылады. Осы үш ұғымды біріктіріп қарастыру ғылыми тұрғыдан қыруар зерттеуді қажет етеді. Сондықтан біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын *«Эскиздік графика негізінде оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісін дамыту»* -деп таңдап алдық.

Тәжірибелік және теориялық біліммен қатар шығармашылық білімге тартылған тәжірибеге сүйеніп, солар арқылы адамның шығармашылық ойы дамып, үнемі жаңарып, отыратыны сөзсіз. Сондықтан, шығармашылық

маңызды мәселелерінің бірі білімді өзектендіру болып табылады. Мұндағы негізгі маңыздылық оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісі мен икемділігі, дағдымен қатар белсенді өмірлік бағыты айқындалады.

Оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісін дамытуда тікелей қоршаған орта және әлеуметтік жағдай әсер етеді. Кез-келген пән мұғалімі сабақ түсіндіргенде: тақырып бойынша барлық оқушыға бірдей ақпарат береді, бірақ әр оқушы өзінше қабылдайды. Сыныпта отырған әр баланың психикалық көңіл-күйі бір қалыпта болуы мүмкін емес. Сондықтан да мұғалімге түсетін салмақ, сабақта қанша оқушы бола тұра, олардың қызығушылығын, бар ынталарын бір арнаға шоғырландырып, мидағы басқа ойларды ыдыратып жіберуде. Әрине бұл айтуға ғана оңай, дегенмен өз маман иесі жұмысына мығым болса, оқушылар соғұрлым білімге, өнерге жақын болады. Бұл оқушылардың ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді.

Себебі, көркемдік – жобалық ойдың басты міндетінің бірі – абстракт түрінде дараланбайтын көркемдік бейненің нақты жемісі болатын көркемдік ойды жандандыру болып табылады.

Көркемдік - жобалық ой-өріс тек қана оқып үйрену үдерісінде ғана емес, ол шығармашылық іс-әрекеттің арқасында жоба жұмыстарын орындауда дамитыны белгілі. Сонымен, көркемдік - жобалық ойдың қалыптасуының маңызды бөлігі елестету болып табылады. Көрнекті психолог С.П.Рубинштейн: «Елестету арқылы жеке бағыттылықтың барлық түрі мен деңгейі көрінеді, олар елестетудің әр-түрлі деңгейін тудыруы мүмкін» – деп тұжырымдайды [3].

Эмоциялық елестету әр адамға туғаннан тән, ал, суретшінің елестетуі-тіпті жоғары деңгейде болуы шарт. Суретшінің эмоциялық жады бай болған сайын ол өзінің айналасында болып жатқан оқиғаларға қатты алаңдайды, оның тудырған көркем шығармасы әсерлі болып шығады. Суретшінің шығармашылық іс-әрекетіне мүмкіндік туғызу үшін осы эмоциялық күйге кіруге үнемі көмектесіп отырған ләзім, бұл тек мейірімділік, ашықтық, түсіністікпен әрдайым қолдау ғана мүмкін екені белгілі көркемдік туындыны сезіну, қабылдау, бір нәрсе туралы елестету барысында туындайтын ассоциативтік қатардың нәтижесі болып табылады. Б.П. Юсовтің пікірінше әр суретшінің өзіндік реңктік қабылдау «палитрасы», өзіндік қабылдануы бар, сондықтан, сол бір тақырыпты әркім өзінше сомдайтыны рас [4].

Ал, эскиздік графика негізінде оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісін дамытуда композициялық – ізденіс жұмыстарының рөлі өте маңызды екенін айтқымыз келеді. Көркемдік бейнені құруда мәнерлеп бейнелеу амалдарымен жұмыс барысында, әр оқушының жаңа жекелік, өзіндік өзгешеліктері пайда бола бастайды.

Зерттеу мәселесі бойынша бірқатар ізденушілерді жұмыстарына талдау жасалды. Талдаулар оқушының ұсақ қол моторикасы графикалық эскиздер негізінде дамып, есте сақтау қабілетінің дамуына көп септігін тигізетін, қазақ халқының керемет қол өнері туралы түсініктерін терең дамыту мақсатында және киім үлгілерін әзірлеуге ықпал ететін, оқушылардың көркемдік ой-өрісін

жоғары деңгейде тиімді елестетуге куә бола алады. Онсыз оқушылардың көркемдік-жобалық ой-өрісінің дамуы мүмкін емес екені анық.

Әдебиеттер

1. 12 жылдық мектепте оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2016. –146 б.
2. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2017. –191 б. (бірлестікте: Нұрмұханова Г.Е.).
3.Рубинштейн Н.С. Основы общей психологии СПб: Питер Ком. 2012-362 с.
4. Юсов Б.П. Взаимосвязь культурогенных факторов в формировании современного художественного мышления учителя образовательной области. «Искусство» Избранные труды по истории, психологии художественного образования и политхудожественного восприятия детей. - М: Компания Спутник – 2014-253 с.

ӘОЖ 371:373.01

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ШЕБЕРЛІККЕ БАУЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Айнабек А.- 120-17тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева А.Е.-п.ғ.к., доцент м.а.
Куланова Ф.А магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article deals with the possibilities of introducing high school students to the skill in the lessons of art work

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейімді, өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Осы орайда білім саласындағы кез келген пән, қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық.

Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым. Ұлы данышпан Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» деген сөзі осыны дәлеледесе керек. Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің мәні зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата-бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш. Сол себепті жалпы білім беретін орта мектептерде бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет.

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ұстанымдар: тәрбиелеу, ғылымилық, саналылық пен белсенділік, түсініктілік пен шамаға лайықтылық, білімнің берік болуы, көрнектілік, жан-жақты даму, теорияны практикамен байланыстыру және жүйелілік пен бірізділік ұстанымдары. Тәрбиелеу принципі – оқыту процесі сияқты, тәрбиелеудің де маңызы өте зор. Балаларды оқыта отырып тәрбиелеу ол барлық білім беретін

орындары ұстанатын қағида. Тәрбиелік принципіне сүйене отырып, көркем еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларды тек қана дағдысы мен икемін қалыптастырып қоймай, сонымен қатар түсініктерін, заңдарды, терминдерді және әрбір оқулық тапсырмаларын кеңінен және жан-жақты қарастырады.

Сонымен қатар сабақта мұғалім баланың эстетикалық тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің сабақтарында оқушылардың жоғары да аталған дағдылары мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтауға бағытталған қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар, олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін анықтау мен жетілдіруге жүйелі түрде бақылау мен бағалау жасауға сапалы бағалау құралы болып табылады.

«Көркем еңбек» пәннің оқу бағдарламасындағы анықталған оқыту мақсаттары бейнелеу өнері пәнінің оқу материалдары өте басым икемделіп берілген. «Көркем еңбек» кіріктірілген пәннің білім беру мазмұны еңбек үдерісіне бағытталуы керек еді. «Бейнелеу өнері» пәнінің оқу материалдары «Көркем еңбек» оқу бағдарламасында оқушылардың жасалатын өнімдердің көркемдік және эстетикалық жақтарын қамтуға бағытталған.

Көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті қолдану бұл өте маңызды нәрсе себебі мұғалім өз пәні бойынша толық меңгермесе ол көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті қолдана алмайды.

Кәсіби шеберлікті пайдалану мақсатында оқушыларымызға халқымыздың ұлттық асыл мұраларын әрі қарай дамыта отырып, жастарға нақтылы тәлім-тәрбие беру.Осыған орай оқушылардықазақтың көне заманнан бергі кебеже, төсек, жастық ағаш,жүк аяқ, тұс киіз,кілем сияқты жабдықтары төсенетін бұйымдары:алаша, киіз, текемет,сырмақ,тулақ,құрақ көрпеше, бөстек тұтынатын заттар:аяқ қап, кесе қап, тұлып, қоржын, ыдыс-аяқтар,ағаш тостақ, қасық, ағаш аяқ,ожау, қол диірмен, және киім кешек, ер тұрман т.с.с.Халық ұсталары түрмыстағы бұйымдарды жасап, оны әсемдеу үшін қалыптау, зерлеу, кестелеу,күмістеу, тоқымалау, құю,шеку, өру, бұрау, қақтау,оюластыру, дәнекерлеу сияқты әдістерді жақсы біліп, өз жұмыстарына қолданғандарын түсіндіру.

Көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті пайдалану бұл мұғалім шеберлердің түрлі жасаған бұйымдарды безендіру үшін ұлттық ою-өрнек үлгілерін жақсы біліп, оны түрлі сәнді бұйымдарға пайдалатындығы туралы оқушыларға көптеген мәліметтерді беріп отыру.

Көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті қолдану бұл өте маңызды нәрсе себебі мұғалім өз пәні бойынша толық меңгермесе ол көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті қолдана алмайды.

Кәсіби шеберлікті пайдалану мақсатында оқушыларымызға халқымыздың ұлттық асыл мұраларын әрі қарай дамыта отырып, жастарға нақтылы тәлім-тәрбие беру.Осыған орай оқушылардықазақтың көне заманнан бергі кебеже, төсек, жастық ағаш,жүк аяқ, тұс киіз,кілем сияқты жабдықтары төсенетін бұйымдары:алаша, киіз, текемет,сырмақ,тулақ,құрақ көрпеше, бөстек

тұтынатын заттар:аяқ қап, кесе қап, тұлып, қоржын, ыдыс-аяқтар,ағаш тостақ, қасық, ағаш аяқ,ожау, қол диірмен, және киім кешек, ер тұрман т.с.с.

Халық ұсталары түрмыстағы бұйымдарды жасап, оны әсемдеу үшін қалыптау, зерлеу, кестелеу,күмістеу, тоқымалау, құю,шеку, өру, бұрау, қақтау,оюластыру, дәнекерлеу сияқты әдістерді жақсы біліп, өз жұмыстарына қолданғандарын түсіндіру.

Көркем еңбек сабағында кәсіби шеберлікті пайдалану бұл мұғалім шеберлердің түрлі жасаған бұйымдарды безендіру үшін ұлттық ою-өрнек үлгілерін жақсы біліп, оны түрлі сәнді бұйымдарға пайдалатындығы туралы оқушыларға көптеген мәліметтерді беріп отыру.Шеберлік білімі жаңа материалдармен жұмыс істеудің маңызды бөлігі ретінде саналады.

Әдебиеттер

1 Основы педагогического мастерство: Учеб. пособие / Под ред. И. А. Зязюна. - М.: Просвещение, 1989. - 302 с.

2 Сағытаев Т.С. Педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы. - Қарағанды: КарМУ, 1996. - 124 б.

3 Аманқұлов К.І. Педагогикалық практика барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіптік шеберлігін қалыптастыру: дисс. ... пед. ғыл. канд.: 13. 00. 08. – Алматы, 2004. - 131 б.

5 Көркем еңбек білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірлеген оқу бағдарламасы. – Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2016. – 58

ӘОЖ 371:373.01

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Кетпенбай Г. - 120-17тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева А.Е.-п.ғ.к., доцент м.а.
Полатбек.Л. магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article deals with improving the logical abilities of students in vocational education

Мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Оқушылар мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңді оқушының ойлауы нақты – бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Логика дүниені танудағы абстрактілі ойлаудың формалары мен заңдары жөніндегі білімдер жиыны. Логиканың негізгі мақсаты мен зерттеу пәні танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру. Дұрыс ойлау анықтылығымен, бірізділігімен, дәлелділігімен

ерекшеленеді, мұндай дәл ерекшеліктер логикалық ойлауға үйренгенде ғана қалыптасады.

Оқыту мен оқу әрекетінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, баланың ақыл-ойының дамуында зор рөл атқаратындығы белгілі. Ал оқыту барысында ақыл-ойдың интеллектінің дамуы, «оқи алуға үйрену» бүгінгі күннің басты талабы. Оқушылардың оқу әрекеті – ол орындайтын әрекеттердің жетекшісі, негізгісі. Оқу әрекеті арқылы осы кезеңге тән психологиялық жаңа құрылымдар теориялық сана және ойлау қалыптасады. Олармен байланысты рефлексия, талдау, жинақтау сияқты психикалық қабілеттер дамиды.

Мектепте бұл қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкіндігі мол. Енді ол мұғалімнің басшылығымен әр түрлі тапсырмаларды шеше отырып, қарапайым теориялық білімдерді меңгере бастайды.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту – білімді , дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсатты бағытталған түрде басқару, оқушылардың танымының қажетті әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз ету, танымдық қажеттіліктерді тәрбиелеу және соның негізінде гуманистік көзқарас, пайдалы еңбекке әдеттенуді үйрету. Сонымен, оқыту үрдісіндегі оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес ол белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі деп В.В.Давыдовтың «Бастауыш сынып оқушысының психикалық дамуы» атты еңбегінде айтылған.

Логикалық ойлауды дамыта оқытуды негіздеу үшін «логикалық ойлау» ұғымын терең түсіну, бұл ұғым және олармен байланысты мәселелер психологиялық, педагогикалық оқу әдістемелік әдебиеттерді және ғылыми зерттеу жұмыстарын қарап шығып, «логикалық ойлауды дамыту» ұғымы «ойлауды дамыту» ұғымын қамтиды деген пікірге келдік. «Ойлау логиканың заңдылықтары мен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді.» дейді В.И.Кириллова

Ойлау қабілетінің педагогикалық анықтамасы үшін ойлау түрлері туралы бұрынғы мәселенің әдіснамалық маңызы бар. «Ойлау шындықтың жалпы бейнесі ретінде әрқашан мазмұнды. Ойлаудың мазмұны адамның танымдық белсенділігінің бағытталуына, таңдалуына, әлеуметтік шарттарға байланысты жүргізілетін іс-әрекеттің қажеттіліктері ман сарынына байланысты болады.Дегенмен, бірыңғай ойлау үрдісін нақты мазмұнға байланысты әрбір жаңа мазмұнды ойлаудың «ерекше» түрі деп бөлуге болмайды. Ойлау әрбір жеке мазмұнды ойлаудың үрдісін нақты мазмұнға байланысты әрбір жаңа мазмұнды ойлаудың «ерекше» түрі деп бөлуге болмайды. Ойлау әрбір жеке пәнге бөлінбейді» дейді С.Балтаұлы өзінің «Жалпы психология» еңбегінде. Сонымен логика – дұрыс ойлау заңдары мен формалалары туралы философиялық ғылым. Логика объектісі болып табылатын ойлау формалары туралы философиялық ғылым. Логика объектісі болып табылатын ойлау формалары дегенде ең алдымен нені түсіну қажеттігін қарастырамыз. Ойлау формасы немесе логикалық форма дегеніміз – құрылымы мен оның элементтері

байланысының амалы. Адам қай тілде сөйлемесін, олар барлық жерде бір формада әрі бірдей ойлайды.

Ойлаудың негізгі формалары: *ұғым, пайымдау және ой тұжырымы*. Ойлаудың неғұрлым қарапайым формасы – сөз және сөз тіркестері арқылы білдіретін ұғым. Ал, пайымдау - ойымызды білдіруіміздің неғұрлым күрделі формасы. Біздің ойлау қызметіміздің ең күрделі түрі – ой тұжырымы оны білім алу формасы деп атауға болады.

Ұғым – деген сөздің өз «ұғу» деген етістікпен бір түбірлес болып табылады. Біздің қандай да бір нәрсе не құбылыс туралы біліміз болса, оның қасиеті туралы басқа нәрселермен қатынасын білген жағдайда ғана оны басқалардан ажыратамыз және сол нәрсе туралы ұғымымыз болады. Ұғым – нәрсенің аздыкөптімәнді белгілерін бейнелейтін ойдың формасы. Сөйлеу тілімізде ұғымдар сөзбен, сөз тіркестерімен беріледі. Мысалы, «оқулық», «тәрбие», «тазалық әдіптіліктің белгісі» және т.с.с. Н.И. Кондаковтың «Логикалық сөздігінде» ұғымды былай анықтайды. «Ұғым – зерттелетін объектінің жалпы, сонымен бірге мәнді белгілері, негізгі ой түйіні болатын барлық айрықша сипаттары туралы түснік, мәліметтердің жиынтығы туралы пайымдар».

М.Жұмабаев ұғым ойдың ғана ісі, сондықтан оны ойда ғана қалыптастыруға болады. Ұғым көп заттардың ортақ сандарын алып жия білу, басқаша айтқанда, зат туралы ой. Ұғымды қалыптастыру үшін алдымен бір тектес заттардың әрқайсысына тән дербес белгілерін алып тастап, дерексіздендіріп, олардың бәріне ортақ бірлігін көрсететін жалпы белгілерін анықтап алу қажет. Ұғым туралы өз ойын жалғастыра келе Мағжан Жұмабаев – заттардың белгілерін олардың өзінен бөліп алып, жеке бір зат сияқты туралы ұғымды жалаңаш ұғым деп атайды.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың ең басты құралы - оқыту. Оқыту үдерісі, тәрбие үдерісі секілді педагогиканың аса бір маңызды саласы. Оның ғылыми анықтамасы – дидактика немесе оқыту теориясы деп аталады. Дидактиканың зерттейтін пәні – ол білім беру мен оқытудың теориясы мен тәжірибесі, басқаша айтқанда, білім беру мен оқытудың теориясы мен тәжірибесі, басқаша айтқанда білім беру мен оқыту үдерісінің заңдылықтары мен ерекшеліктері. Оқыту білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертіп, оқушыларды дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыратын, олардың дүниетанымы мен шығармашылық күш-қайраты және қабілетін шығдап дамытатын үдеріс. Дидактикалық үдерісінің мәнін түсіну үшін «оқу» және «оқу үдерісі» түсініктерінің мән-мағынасын ажыратып алған жөн. Кейде бұл категориялар теңдестіріле қарасытырылады. Іс жүзінде олай емес. «Оқу» түсінігі құбылысты білдіреді, ал «оқу үдерісі» бұл үдерістің уақыт және кеңістікте дамуы, оның кезеңдерінің бірізді ауысып баруы. Ұзақ уақыттар желісінде оқу процесі негізінен оқыту қызметі ретінде қарастырылды, яғни мұғалім жұмысы деп есептелінді. Уақыт өтумен бұл түсінікке кең мағына беріліп, оқушы іс-әрекеттеріне ерекше назар аударылатын болды. Оқу процесі

бірнеше қызметтерді – білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және ұйымдастыру атқарады. Бұлардың бәрі кешенді іске қосылады, алайда, тәжірибелік іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру, оқу міндеттерін тиімді жоспарлау үшін олардың әрбірін өз алдына қарастырған жөн.

Әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагоикалық технология. Оқу құралы. Жазушы , 2004. - 208б.

2.Момынбаев Б.К. Психолого-педагогические и дидактические основы формирования личности будущего специалиста. - Алматы: Ғылым, 2000.- 266 с.

3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер сту-денттеріне арналған оқу құралы. - Алматы, 2000. - 384 б.

4. Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология - основной путь реформирования образования. – Алматы, 2000. - С. 89 - 92.

ӘОЖ: 378:811:37.035.6

ҚОЛӨНЕР ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Назарматова З.Л– 120-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Саймбетова Ж.Т. – PhD доктор, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме:

В статье рассматриваются творчество и традиции казахского народа, ремесла которого развивались и формировались веками.

"Шебердің қолы алтын", - дейді атам қазақ. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі - оның қолөнері. Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп, түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға қалған мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі өнер.Ол арқылы біз үлкен рухани эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағамыз.Өзге халықтар сияқты қазақтың да қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибелері бар.Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі, өнерлі болып өсіруін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап үйретіп келген[1].

Дәстүрлі қолөнерімізді дамытып, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берудің маңызы зор. Бүгінгі қолөнердің халық қажетін өтейтін тамаша үлгілер көп-ақ . Осындай мәдени мұраны көне деп қарамай, оны байырғы байлығымыз деп бағалап, халқымыздың тұрмысына,қажетіне тиімді пайдаланып, сол жолда оқушыларды эстетикалық жағынан тәрбиелеп, он саусағынан өнер тамған қыздар тәрбиелеу басты мақсатымыз халық өнерін игеруге,үйренуге деген қыздардың ұмтылысы көңілге керемет сезім ұялатады. Сондай-ақ көшпелі өмірге бейімделіп,мал бағумен айналысқан ата-бабамыздың қолөнердегі шикізаты жүн болған,және ши тоқып, бұйымына жаратқан.Әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұмытылмай келе жатқан өнері. Оның өмір тұрмысының көрінісі, заманы көшінен қалып қоймай қай кездеде халық қажетіне жараған.

«Өнер көзі халықта» алдымен өнерді халықтан үйреніп,көне мұрасын жаңғыртып, ізденіп іске асыру перзенттік парызымыз деп түсіну керек. Осыған орай қазіргі қоғамымыздың талабы- қолөнер дүниелерін топтастырып, жинақтап, жүйелеп заман талабына сай түрлендіріп тұтыну. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие ісіне ерекше мән беріліп отыр.

Себебі, қазір жас- өспірімдердің ой-өрісі тарылып, еш нәрсеге мән бермей, қызықпай, қылмыс жасауы көбейіп отыр. Біздің қазақ халқы « Қыз- үйдің құты» – деп, ерте дәуірден – ақ қызды ес білгеннен баста, әр түрлі өнерге баулып, ерекше тәрбиелеп өсіру, дәстүр тарихынан мәлім.

Қазақ халқының ұлттық өнерін дәріптеу, келешек ұрпаққа өнер туындылары арқылы эстетикалық талғамын бейнелеу. Халық қолөнері – дүние жүзінің әр халқына тән ғасырлар мұрасы. Ұлттық өнердің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына үлкен әсерін тигізетін жайт көп ғасырларға созылған көшпелі өмір.Қолөнер- атадан- балаға мирас болып келе жатқаан асыл мұра десек, қазіргі таңда жас ұрпақты ата-бабаларымыздың сәндік қолданбалы қолөнер түрлерімен , халық шеберлерінің тамаша шығармаларымен таныстыра отырып, ұлттық қолөнерге баулу басты міндет.

Ата- бабамыздың қалдырған бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей жаңа өмірдің талабына лайық туынды жасау мүмкін емес. Атадан-балаға жалғасып келе жатқаан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, рухани сән-салтанатымызды тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілерімен еніп , шәкірттергеее жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр.Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақ-тан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген — қолөнері.Киіз басу, сырмақ басу, текемет, алаша, шым-ши, аяққап, құрақ көрпе және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінгедейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін үйрету баланы еңбек сүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең мазмұны сан қилы ерекшеліктермен болашақ жастарға рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интелектуалдық тұрғыда әсер етіп олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз.Сәндік қолөнерге үйреткенде белгілі шеберлердің туындыларына талдау жасап, мүмкіндігі болса еңбектерін көрсетіп, мұражайларды аралатып немесе шеберлердің жеке көрмелеріне апарып, шәкірттердің қызығушылығымен ой-өрісін ояту қажет деп санаймыз.

Қазақ халқының қолөнерін дамытып, оны әлемдік дәрежеге шығарған, еліміздің мақтанышына айналған, арттарына ешпес мұра қалдырған көптеген шеберлерге тоқталуға болады. Олар ер-тұрман шеберлері Зайсан жағасының, Шығыс елінің мақтанышы болған Нәби Кәрібаев, Жетісу аймағына ұсталығы

мен зергерлігі танымал Жәмәли Тараубайұлы, Баянаула, Қаркаралы, Ертіс өңіріне зергерлік өнерімен аты шыққан Құлмағамбет Байпақұлы, зергерлер Әбдікәрім Есалин, ағайынды Мақат, Қадыр Байжановтар, Жезқазған, Үлытау аймағына аты танымал зергер Д. Садықов, Байман Алтаяқов, Тор-гай, Жетіқара ауылына атағы мен ұсталығы дарыған Ж. Жұмабаев, F. Аманов, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе аймағына күмбез, сәулет өнерлерін дамытқан, солардың майталман шеберлері атанған Мүқаш, Елеш, Бейімбет, Сахи Байтаниязов, Назархан Екпенбетовті, Семей, Аякоз, Шұбартау өңіріне әйгілі үйші, ерші атанган Әмірғазы Жа-қыпұлын, үста Оразбай Мүқайұлын атауға болады [2,3].

Мен қолөнердің әрбір саласына тоқтауды мақсат етпедім. Қазақ өнері — бай, классикалық негіздегі іргелі өнер. Оның бәрін қамту мүмкін емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысымен салыстырып, ұлттық өнерді сүюге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбеккер, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелейді, шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы.

Әдебиеттер:

1. МББ аты: «www.bilim-all.kz_Білім алл» - ақпараттық агентігі.
2. Артамонов М.И., Сокровища саков, М., 1973;
3. Арғынбаев К., Қазақ халқының қолөнері, А., 1987.

ӘОЖ 371:373.01

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДА ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Балғабай О.- 120-18ктобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева А.Е.-п.ғ.к., доцент м.а.

Куланова Ф.А магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article discusses the possibilities of increasing the cognitive and creative activity of students in the introduction to the craft

Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар аясында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне, рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр. Сондай қажеттіліктің бірі.»Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шуағы өшеді»-Әуезов айтқанындай, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсіру - педагогтардің қазіргі кездегі кезек күттірмейтін мәселесі.

Сол себепті қазіргі таңда жастарды халықтық тәрбиенің негізінде оқыту, ұлттық өнердің өркендеуіне жол ашу қажеттілігі туып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының бұл заңында: «Ұлттық және жалпы адамды қалыптастыруға,

дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керектігі белгіленген[3,4].

Қазіргі жағдайда мектепте оқушылардың білімін, таным қызығушылығын, шығармашылық іс-әрекетін рухани дамуын арттыруда жаңа технологияларды қолдануда [5].

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, эстетикалық талғамдарын, ептілік, икемділік, ұқыптылық, тазалық қабілеттерін дамытуға еңбекке баулу сабақтарының орны ерекше.

Қыз балаларды, ұлттық өнерге тән кесте тігу, киім тігу,түрлі түске боялған түстерді пайдаланып маталардан құрақ құрау және киіз үй жабдықтары басқұр тігу т.б. сияқты көркемдік істерге араластыру, туған халқының тұрмысында кең таралған, қазірде кең қолданылып келе жатқан сәндік бұйым үлгілерімен мақсатты түрде таныстыру Бұйымдардың әсемдік нақышы туралы оқушылардың өз ойын пайымдай білуге баулу олардың эстетикалық талғамын кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырудың бірден-бір әдісі.

Оқушыларды таным әрекеті және шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мен дамыту мәселесінің психологиялық аспектілерін отандық психолог-ғалымдар Ж.Аймауытов, Ә.Алдамұратов, С.Қ.Бердібаева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Жақыпов, М.Мұқанов, Ж.Намазбаева, К.Оразбекова, Т.Тәжібаев, және т.б. зерделеген.

Аталмыш ғалымдардың педагогикалық зерттеулерінде оқушылардың танымдық қызуғышылығын, таным әрекетінің белсенділігіне арттыру мәселелерін айқындап, жеке тұлғаны дамытуға болатыны қарастырылған.

Дегенмен, оқушылардың танымдық әрекеті мен белсенділігін арттыруда оқыту үдерісінің, сондай-ақ көркем еңбек пәнінде қолөнерге баулуда танымдық белсенділігін арттырудың мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігін жетілдіру жолдары әлі терең зерттелмей келеді.

Оқушылардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында оқушылар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарын терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Оқушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімдердің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты.

Оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетінің дамуына ең тиімді де, қолайлы кезең бола отырып, олардың танымдық іс – әрекеттерінің психологиялық негізі қалыптасатын және елестету, армандау мен ойлау амалдары: талдау сияқты көзқарастары жоғары дәрежеде дамуына жағдай жасалу қажет.

Осыған орай оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі – өзіндік жұмыс пен өздігінен білім алу жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық жәнге әдістемелік тәсілдерін қазіргі заман талаптарына сәйкес жетілдіру болып отыр.

Жоғарғы сыныптардағы қазіргі бағдарлама мен оқулықтар мұғалімдерге оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстары кеңінен ұйымдастыруға мол мүмкіндік береді. Мұғалімдердің әр сабақта оқушыларға өздігінен жұмыс істетіп, олардың интеллектуалдық белсенділігін еңбек сүйгіштігін және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтіндей жұмыс жүргізуіне мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенді іс – әрекеттік сезіміңн оята отырып, оларды басқара білу. Ол біріншіден, тек дайын ақпаратты фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушыларды өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың іс – әрекетіне деген мұғалімнің іс – әрекетіне көзқарасын өзгертуді талап етеді. Яғни, мұғалім оқушылардың өзі белсенді жасампаз күш болатын, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде көркем еңбек сабағында орындағанын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруге дайындығын, жаңа білімді енгізіп, оны тұжырымдаған және оларға сүйенген, алынған білімді қорытып, бір жүйеге келтірген кезде көрініп отыруы керек.

Әрине, мұндай күрделі ой – өрісінің жүйелі қалыптасуына тікелей басшылық ететін, оқушы әрекетінің дамуы мен қалыптасуына жетекшілік жасайтын оқушылардың білімді шығармашылықпен игеруіне жетелейтін, оның амал – тәсілдерін үйретететін мектептегі басты тұлға мұғалім әрекеті өз шәкірттерінің әрекеті тарапынан қолдау тапқанда ғана өзінің нәтижелі жемісін бермек. Екі әрекет бірін – бірі қолдаусыз дұрыс нәтижеге жеткізуі мүмкін емес.

Өзіндік жұмысының тиімділігі – мұғалімнің осы әрекетті дұрыс жоспарлау біліктілігіне байланысты болады. Тәжірибеден өз бетінше ізденуді, оқушылардың өзіндік жұмысын ебін тауып ұйымдастыра алатын, керек кезінде жағдайлар туғызып, олардың басты міндетін өз бетінше шешуге құштарландыра алатын мұғалімнің оқытуда ең жақсы нәтижеге жететіндігін көруге болады.

Іздену арқылы басты мәселелерді жете біліп, зерттеу, жинақтау, оны насихаттау, іске асыру, оқу және тәрбие жұмысын одан әрі жақсарта берудің сарқылмас көзі. Бұл жұмысқа мұғалімдер жұртшылығы белсенділікпен қатысып, зор үлес қосуға тиіс.

Оқу-танымдық белсенділік - оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсінү үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет.

Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларды ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректік, зейінділік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Сабақта олардың қызығушылығын тудыруда әр түрлі көрнекіліктерді қолдану, ойын әрекеті арқылы олардың танымдық белсенділігін арттырумызға болатыны белгілі болды. Көркем еңбек сабағында әр түрлі технологиялар қолданылды.

Оқушылардың танымы - өзіне тән ерекшелігі бар күрделі үдеріс. Танымдық әрекеттің негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі артады.

Яғни, танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға , білімге деген ынта – ықыласының, қызығушылығының, құштарлығының ерекше көрінісі болып табылды.

Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін мұғалім сол пәнге жан – жақты жетіктігін аңғарту қажет. Оқушының өзіндік ынта – ықыласы болмаса, ол сол пәнді жан – жақты меңгере алмайды. Оқу еңбегінің қиындығына төзімділік танытқан оқушы ғана өзіндік белсенділігін дамыта алады.

Әдебиеттер

1.ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж.

2. Көркем еңбек. 5 сыныпқа арналған оқулық. – Аламты: Ронд, 2003, -16 б.

3.Талызина Н.Ф.Управление процессом усвоения знаний- М.: МГУ,1975-343 с.

4. Скаткин М.Н. Активизация познавателной деятельности учащихся в обучении. Материалы науч.конф. по дидактике.-М.: Учпедгиз, 1954-208

ӘОЖ 371:373.01

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҚОЛ ӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ӘШЕКЕЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ТАЛҒАМЫН АРТТЫРУ

Балтабай- 120-18к тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева А.Е.-п.ғ.к., доцент м.а.

Куланова Ф.А магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article discusses the increase in the artistic taste of students when teaching the decoration of handmade products in the lessons of artistic work.

Ұлтымыздың мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, оның қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, көркемдік тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы - бүгінгі оқушы тұлғасын қалыптастыру. Ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен

көркемдік тәрбие берудің басты құралда-рының бірі - халықтық қолданбалы өнер екендігі белгілі.

Халықтық қолданбалы өнер - ата-бабаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан өнер түрі. Бұл жерде, этнопедагогиканың озық үлгілерімен оқушыларға халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлтық тәрбие беруді жүзеге асыруда - технология сабағының орны ерекше. Қазақ халқының қолданбалы өнер туындылары мейлі, ол мұражайларда, мейлі көрмеде тұрсын, күнделікті тұрмыс қажетін өтеп жатсын, оны халқымыздың өткен тарихымен, мәдени құнды мұрасымен, салт-дәстүрімен жалғастыратын дәнекер күш деп қарауымыз керек. Себебі, онда көркемдік тәрбиені жүзеге асырудың амал-жолдары, талап-тілектері, үлгі-өнегелері, әдіс-тәсілдері орын алған. Жас ұрпақтың көркемдік тәрбиесі халық қанша өмір сүріп келе жатса, сонша сол халықтың көкейкесті мәселесі болып келеді.

Р.Қ.Дүйсенбінова мектептің оқу-тәрбие үрдісіне қазақ этнопедагогикасын ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздерін жүйелесе, Қ.Бөлеев қазақ этнопедагогикасы оқушыларға көркемдік тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді дайындауда теориялық негіз болатындығын дәлелдейді. Әйтсе де қазақтың қолданбалы өнер туындыларын мектептерде бала тәрбиесінде пайдалануға байланысты іргелі зерттеулер аз. Бұл салада сәндік-қолданбалы өнерін оқытудың теориялық негізі мен әдістемелік, тәжірибелік мәселелері Ұ.Әбдіғаппарова, К. Ералин, Е.Асылханов, Ж.Балкенов, Б.Ижанов, т.б еңбектерінде; ТМД елдері көлемінде қолданбалы өнердің кейбір түрлерін жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мәселесі А.С.Хворостов, В.В.Ершова, Н.Невзорова, А.П.Гапбаров т.б. еңбектерінде зерттелгенін атауға болады. Алайда, мектеп жағдайында көркем еңбек сабақтарында халықтық қолданбалы өнер арқылы оқушыларға ұлттық тәр-бие беру мәселесі әлі күнге дейін өз дәрежесінде көрініс таппағандығын, оқу бағдарламалары мен оқу-лықтарға және оқу-тәрбие жұмысына жасаған талдау бұл мәселеге аса назар аударылмағандығын дәлелдеп, осы уақытқа дейін оның оқу-тәрбие үрдісінде әлеуеті жеткілікті ескерілмей келгендігін көрсетті. Бұның бәрі біз көтеріп отырған технология сабағында оқушыларға көркемдік тәрбие беру жан-жақты шешімі табылмаған мәселе екендігін және тәрбие теориясы мен практикасында бүгінге дейін шешімін таппай отырған-дығын айғақтайды. Қазіргі нарықтық қатынастарға көшуге байланысты қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, мектеп оқушыларына көркемдік тәрбие беруді барынша дамытуға деген қоғам қажеттілігі мен педаго-гикалық теорияда қазіргі жағдайдағы мектеп практикасында шешімін табуы арасында қарама-қайшылық айқын көрінеді.

Халықтық қолданбалы өнердің педагогикалық ғылымда оқушы тұлға-сын қалыптастыру мен көркемдік тәрбие берудегі мүмкіндіктерінің әлі де жан-жақты толық зерттелуі қажеттілігі мен пайда болған қайшылық негізінде

оқушыларға көркем еңбек сабағында халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру зерттеу жұмысымыздың негізгі мәселесін туғызды.

Мектептегі көркемдік тәрбие еңбек тәрбиесімен тығыз байланыста әрі саяси идеялық және адамгершілік тұрғыда өзара тәуелді. Ол, сабақтарда ғылым негіздерін оқуда және мектептен тыс жұмыс үрдісінде жүзеге асырылады. Соңғы жылдары оқытудың модульдік көркем еңбек сы, сондай-ақ профессор Ж.Караевтың оқытуды дербестендіру мен дифференцияцалау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық, компьютерлік-ақпараттық көркем еңбек сы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр. Қарастырылған оқытудың жаңартылған жүйесін көркемдік тәрбие берудің мақсаттары ретінде мектеп-тердегі көркем еңбек сабақтарында енгізетін болсақ, білімді демокра-тияландыруға және ізгілендіруге, оқыту сапасын арттыруға болатыны ақиқат. Оқушылардың көркем шығармашылыққа деген белсенділігін арттыру барысында біз ең алдымен көркем еңбек сабағында халықтық қолданбалы өнердің алатын орнын анықтап алуға тиістіміз және оқушының сана-сезімін, ойын, ұлттық және еңбек тәрбиесін, еңбекке баулу мәселелерін бір-бірімен өзара байланыста қарастыруымыз керек. Себебі, қазіргі мектептерде халықтық қолдан-балы өнерді мектеп бағдарламасына ендіруде әлі де болса шабандық байқалады, олар тұтас емес, жеке элемент ретінде ғана көрініс алады. Біздің негізгі мақсатымыз көркемдік тәрбие беру үрдісін ұрпақ игілігіне айналдыру және оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы ізгілік қасиеттерді дарыту; халықтық қолданбалы өнердегі көркемдік тәрбиеге жаңаша көзқарас және көркем еңбек сабақтарында рухани ізгілік қасиеттердің жоғары болуы мен оқушы тұлғасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын ғылыми дәйектілікті дәлелдеу; оқушыларға көркем еңбек сабақтарында халқымыздың қолданбалы өнері арқылы көркемдік тәрбие беруде олардың көркемдік қабілетін, мәдени деңгейін, ұлттық көзқарасын реттеп, қазіргі қоғамның талабына сай келтіруге әрекет жасау; халықтық өнер дәстүрі арқылы мағлұматтар ғана беру емес, оқушылардың эстетикалық талабын өтеу, әсемдік әлеміне, қолданбалы өнердің айрықша қасиетіне дағдыландыру, ұлттық рухта тәрбиелеу.

Ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерде көркемдік тәрбие ұғымына бірқатар сипаттамалар мен анықтамалар берілген. Олар мазмұндық жағынын бірін-бірі толықтыра түседі. Ғалымдардың жалпы көркемдік тәрбие туралы ой-тұжырымдарын қолдай отырып, оларды негізге аламыз және бұл ұғымға: «’көркем еңбек сабақтарында оқушыларға көркемдік тәрбие беру дегеніміз - оқу үрдісінде халықтық қолданбалы өнерді жасау жолдарын игеру арқылы білім, біліктілік, дағдыны меңгеру мен этнопедагогика негізінде оқушылардың ізгілік қасиеттері, дүниетанымы, ой-өрісінің өсуі және ұлттық танымы мен шығармашылық қабілетінің қалыптасуы» – деп, өз түсінігімізді береміз.

Көркем еңбек сабақтарында оқушы мұғалімнің басшылығымен қолданбалы өнер туралы ғылыми түсініктерді ұғынып, бағдарлама көлеміндегі мағлұматтарды, шығармашылық іскерлікті меңгереді. және сол түсініктерді

меңгеру арқылы оқушының ойы, ұлттық таным түсінігі, эстетикалық талғамы қалыптасады және дүниеге көзқарасы, ұлттық сана-сезімі дамиды. Оның деңгейі әр оқушының даму ерекшеліктеріне, қабілетіне байланысты болады Бұл оқушының іс-әрекетінде көркем-шығармашылық өздігінен ізденуі және сабақтан тыс жұмыстар арқылы жалғасын табады. Соған сәйкес, оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдаланудың мазмұндық өзара байланысын көрсете отырып, оқушыларға көркем еңбек сабақтарында халықтық қолданбалы өнер арқылы оқушыларға көркемдік тәрбие берудің көрсеткіштері мен өлшемдерін бердік.

Оқытудың дәстүрлі жүйесінде оқушыға берілетін білім іскерлік пен дағдыны меңгерту көзделсе, оқытудың жаңа көркем еңбек сында бұған қоса оқушының тұлғасын қалыптастыруда өзін-өзі дамытуы мен ұлттық танымын қалыптастыру өріс алып отыр.

Әдебиеттер

1. Сатқанов О.С. Көркем еңбек :12-жылдық жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған (байқау нұсқа). - Алматы : Алматыкітап, 2003. - 32 с
2. Қараев Ж.А. Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі педагоггикалық көркем еңбек сы. - Алматы, 2007 ж.
3.Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование // Вестник КарГУ:Сер.Педагогика. - 2005. - №3. - С.193-196
4. Әмірғазин Қ. Қазақ қол өнері. – Алматы: «Дайк-Парк», 2004

ӘӨЖ

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІМЕН ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Жусанова Фатима студент
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы п.ғ.к., доцент
ОҚМПУ Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматриваются классификация казахских национальных игр.

Бүгінгі таңда өсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың жан-жақты қалыптасып өсіп-өнуіне жағымды әср етуші факторлардың бірі - ол ұлттық ойындар болып табылады.

Көне заманнан бері жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бізге мирас болып жеткен және біз қарастырып отырған ұлттық ойындарды қазіргі таңда біздің жас ұрпақтарымыздың өмір жолына енгізу және де бұл мәселені білім беру аясында баланың жан-жақты болып өсуіне жақсы әсер ететінін көрсете отырып оны жүзеге асыру көп зерттеулерді талап ететін өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын ұлттық ойындар арқылы дамытудың негізгі мақсаты олардың денсаулығының мықты болуын, бүкіл денесінің келісті өсуін, жас ерекшеліктеріне қарай дамуын, аурулардан қорғану дағдыларының артуын, өмірге деген белсенділігін, еңбек жұмысының жақсаруын, психологиялық мінез құлқының дамуын қамтамасыз ету. Ал дене

тәрбиесінің мақсатына келетін болсақ дене жаттығулары арқылы ойын іс-әрекетін ұйымдастыру, жеке тұлғаның қозғалыс, дене мүмкіндіктерін дамыту, шыдамдылық, жылдамдық, күштілік сапасын дамыту. Ұлттық ойындармен дене жаттығуларын дамытып, жасөспірімдерде ойындардағы қимыл-қозғалыстарға қызығушылығын қалыптастырып тәрбиелеу.

Дене тәрбиесіндегі ұлттық ойындар жасөспірімдерге көтеріңкі көңіл сыйласа, екінші жағынан олардың қимыл әрекетіне де пайдасы зор. Мектептерде дене тәрбиесі сабағындағы дене жаттығу барысында ұлттық ойындар рухани және имандылық тәрбиесіне де өз әсерін тигізеді, себебі әр ұлттың дәстүрінде келе жатқан дене шынықтыру жүйесіндегі ұлттық ойындар балалардың өсіп жетілуіне, ұлттық сана сезімін оятуға пайдалылығы ерекше.

Жас ұрпақ тәрбиелеуде оның ішінде дене тәрбиесі бағытында өзінің ең қолайлы тәрбие құралдардың бірі екендігін дәлелдеп келе жатқан ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлері қазіргі Егемен Қазақстан халқының болашағының жарқын болуы үшін атқарылып жатқан істердің ішінде өзінің пайдалы жақтарымен көрінуде. Пайдалы жақтарына: ұлттық ойындар арқылы халықтың тарихи қалыптасқан салт- дәстүрлерін жеткізуші ретінде көрініс табуы, ұлттық тілді дамыту ісінде қажеттілігі, барлық жастағы адамдардың денесін шынықтыру істеріндегі пайдалылығы, салауатты өмір сүруді насихаттауы, спортшылар дайындау жағынан маңыздылығымен ерекшеленеді.

Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс - тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық - батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық,т.б құрылыстарға мән берілуі - халық данышпандылығының белгісі. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді: 1.Жалпы ойындар; 2.Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар; 3.Ашық алаңқайдағы ойындар; 4.Қыс мезгіліндегі ойындар; 5.Демалыс ойындары; 6.Ат үстіндегі ойындар; 7.Аттракциондық - көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық козғалғыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды» [1].

Қазіргі XXI ғасырда жер бетіндегі барлық елдерде адамдар денсаулығының нашарлауы, ауыру түрлерінің көбейуі, қоршаған табиғаттың ластануы барлық елдерді алаңдатуда. Осы келеңсіз жағдайларды болдырмау, алдын алу мақсаты үшін көптеген дәрі-дәрмектер түрлері жасалынып, денсаулықты сақтаудың басқа да жолдары қарастырылуда. Осы шаралардың ішінде денсаулықты дене тәрбиесі арқылы шынықтыру әсіресе ұлттық ойындарды қолдау арқылы іске асыру өзінің тиімділігімен ерекшеленуде.

Қазақтың ұлттық ойындары төрт түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден калыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер

ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең - жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширыктырып, шынықтырады. Этнограф - ғалымдардың пайымдауынша, бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мынжылдыкта - ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалак, қуыршақ, асык ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашык қарекеттерінен бастау алады.

1.Аңға байланысты ойындар: ақсерек - көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше карғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

2. Малға байланысты ойындар: асау көк, бура - қотан, көксиыр, соқыртеке, түйе мен бота.

3.Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяк, аккала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, ала - күшік, алты - бакан, арқан аттау, аркан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мастек, асық, аттамак, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяк, батпырауык, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, карше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяк, тапшы, кімнің дауысы, таяк жүгірту, тепе - теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хан калай?

4.Зеректілікті,ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспак, бағана өрмелеу, балтам шөп, бөріктастамақ, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық сандық, орын тап, отырмақ, санамак, сұрақ - жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты - ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике [2].

Халык ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану окушылардың ой - өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл - ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып қоршаған адамдардың іс - әрекетін еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен кызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың енбекке деген қарым - қатынасы мен кабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз - адамның ақыл - ойын дамытатын, қызыктыра отырып ойдан ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін

ғажайып нәрсе. Сондықтан ол адамның ақыл - ойы, парасаты ұлттық салт - сананы сіңіру аркылы баии түседі.

Қазіргі қайта өркендеу, ұлттық мәдениет пен салт-сананың жаңғыру кезеңінде баспа беттерінде ұлттық ойындар, оларды қолдану жөнінде жазылған бірсыпыра мақалалар, құнды еңбектер пайда бола бастады. Солардың ішінде Е.Сағындықовтың (1991 ж.) «Қазақтың ұлттық ойындары» [3] атты оқу құралында халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының бірі және халық педагогикасының құрамды бір бөлігі ұлттық ойындардың тууы, дамуы, олардың ауыз әдебиетіндегі үлгілері, қазақтың ұлттық ойындарының зерттелуі мен жиналуы, олардың жинаушылары туралы сөз болады. Автор қазақтың ұлттық ойындарының тақырыбына, мазмұнына және ондағы көзделген мақсатына байланысты негізінен үш салаға топтастырып қарастырған. Олар: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары, дене шынықтыру, спорт ойындары және оймен келетін ойындар екеніне, олардың баланы тәрбиелеудегі маңызына тоқталған. Ол халық педагогикасының құрамдас бөлігі екенін, оларды ана-тілі, математика, дене-тәрбиесі сабақтарында және ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында үзіліс кездерінде, ұзартылған күн топтарында, ертеңгіліктер мен кештерде пайдаланудың әдістемесі жасалған.

Біздің халқымыздың ұлттық ойындары біздің тұрмысымыз бен байланысты және өткен мен бүгінгіні байланыстыратын байлығымыз. Бұл туралы В.А.Сухомлинский былай дейді: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын - дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз - ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» [4].

Ойын - тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Кез-келген қазақ халқының ұлттық ойындарының тәрбиелік мақсаттары бар. Мысалы: “Асық” ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке,ептілікке үйретсе, доппен ойын бүкіл дененің тұтас қимылдап, шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін: «қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау» деп, мазмұнына қарай оларды «тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар», ал жас ерекшеліктеріне байланысты «спорттық ойындар» деп бөледі.

Ойын – халықты рухани әдептілікке, әділеттілікке баулитын тәрбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін-мазмұнын түсініп, ойын кезінде қызбалыққа, дөрекілікке салынбай, әр ойынның тәртібіне әдеппен, қызыға қарап, мәдениетті түрде ойнау қажеттігіне көңіл бөлініп отырған.

Қорыта келе, барлық ұлттық ойындардың жіктелуімен топтастырудың негізгі бағыты ағзаны ойын арқылы шынықтыру және дене еңбегімен шұғылдану денсаулықты сақтап, оны нығайта түседі. Ол организмнің жұмысқа қабілеттілігін арттырып, оның қорғану – бейімделу реакциясын ынталандырады. Дене жаттығулары организмді алдын-ала сақтандырып қана

қоймай, сонымен қатар әртүрлі ауруларды ойдағыдай емдеуде маңызды роль атқарады.

Әдебиеттер:

1.Б.Төтенаев Қазақтың ұлттық ойындары Алматы, 1994
2. М.Балғымбаев Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері Алматы, 1985
3. Е.Сағындықов – Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1991 ж
4. В.А. Сухомлинский Избранные педагогические сочинения. В 3-х томах. Т.1.– М.: Педагогика, 1979. – 560 с.

ӘӨЖ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Ібішбай Ұлданай студент
Кульбаев Сейтбек Қашымұлы п.ғ.к., доцент
ОҚМПУ Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматриваются ведение здорового образа жизни-залог здоровья.

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан- 2030» бағдарламасында біздің еліміздің азаматтарының дендері сау болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек, сонда ғана дұрыс қоғам құрамыз» деп айтқанындай қазіргі мектептің аса маңызды міндеттерінің бірі − оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, әсіресе олардың денсаулығын нығайту [1].

Мектеп барлық кезде де оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысының негіздерін, оның мөлшері мен заңдылықтарын сақтау туралы сезімдерін дарытып және дамытып келеді. Себебі оқушылардың әр түрлі аурулармен ауырмауын қадағалауда және салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектептің орны ерекше.

Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын мақсатты түрде қалыптастыру, бұл оқушылардың денсаулығын қорғау мен нығайту, организмді шыңдау, оқушылардың өздерінің денсаулығын жақсарту мен нығайтуға деген жауапкершілігін арттыру сияқты міндеттерін ұғындыру мәселелерінің шешуін табуды қажет етеді.

Мамандардың пікірінше, «аурудың басты себептері санитарлық - індет жағдайының қанағаттанғысыздығы мен мектептегі оқушылар санының көптігі, оқу еңбегі жүктемелерінің сақталмауы, оқушылар тамақтануының қанағаттанғысыздығы, медициналық қызмет көрсету деңгейінің төмендігі...» Оқушылардың денсаулық жағдайына әсер ететін басты себеп, олардың отбасындағы әл-ауқатының төмендігі, ерекше түрде мұндай жағдайлар ауылдық жерлер мен тозығы жеткен, болашағы жоқ қалаларда орын тепкен.

Адамзат денсаулықты сақтау мен нығайту проблемасын тануға әрқашан да ұмтылып келді, себебі денсаулықсыз толыққанды өмір сүру мүмкін емес. Денсаулық жақсы болған кезде оны сезіне білмейміз, ал денсаулықты жоғалтып алған кезде ауру күйі пайда болады да, ауру ағзаның жайсыз күйі туралы үнемі белгі беріп отырады.

Француз философы мен ағартушысы М.Монтень денсаулықтың құндылығын нақты анықтап берді: «Денсаулық дегеніміз - бағалы да құнды зат, ол жалғыз ғана болғандықтан, ол үшін уақытты да, күшті де, еңбек пен барлық жақсылық атаулыны аямау қажет, тіпті ол үшін өз өміріңнің бір бөлшегін де құрбан етуге болады, себебі онсыз өмір төзімсіздік пен қорлыққа толы.» [2].

Бүгінгі күні денсаулықтың өмір салтына қатысты екендігі ешқандай күмән келтірмейді. Н.М. Амосов «Преодоление старости» кітабында барлық елдегі кең тараған ауруларды талдай келе былай деп жазады: «Менің ойымша, аурулардың ең басты себебі - өмір салтының дұрыс болмауы: дұрыс тамақтанбау, шынығудың болмауы, физикалық жаттықпаушылық, психикалық жүктемелер, күйзелісті дене шынықтырумен алмастырмау т.б. Мұндай мінез-құлықтық факторлар аясындағы барлық сыртқы зияндылықтар денсаулыққа кері әсер етеді, осылардың салдарынан адамдарда аурулар асқынады да өлімге апарып соғады» [3].

Қазіргі заманғы адам денсаулығының жағдайы қаншалықты оның өз денсаулығына құндылық деп қарауына қатысты болса, міне осы тұрғыда оның өмір салты бүтіндей анықталады. Сондықтан да денсаулықтың, салауатты өмір салтының мөлшерлері мен қағидаларын сақтау қажеттілігін туғызу – қоғамды толық сауықтырудың маңызды жолы, денсаулық қажеттілігі мен салауатты өмір салты неғұрлым ерте қалыптасса, соғұрлым сарындылық та, салауатты өмір салтының қажеттілігі мен оған әдеттену де тезірек қалыптасады.

Оқушы тәрбие субьектісі ретінде қоғамдық сананы реттеуші, өз мінез-құлқының сарыны мен стимулын қалыптастырушы, мінез-құлқы мен қылықтарын саналы жасайтын жеке тұлғаны білдіреді Бірте-бірте жеке тұлғалық қасиеттер, қажеттіліктер мен өз бетінше әсерлерге, қарым-қатынасқа, өзара әрекетке талдау жасайтын белсенді өмір ұстанымы қалыптасады. Өзінің алдына саналы түрде өзін-өзі жетілдіру үшін, өзін-өзі тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін мақсат қоя білудің мүмкіндігі туады. Мектеп жасында баланың өзін-өзі тиянақтауы, сондай-ақ, бірте-бірте, қоғамдық қатынастарға саналы түрде еніп, шығармашылықтық, әлеуметтік, интеллектуалдық және эмоционалдық белсенділігін арттыру жолымен жүзеге асады. Тап осы кезеңде - оқушының жеке тұлғалық қалыптасуы мен дамуы кезеңінде денсаулықты сақтау мен нығайтудың, салауатты өмір сүру дағдысының өмір бойы сақталатын олардың мөлшерлері мен қағидаларын сақтаудың қажеттіліктері қалыптасады.

Денсаулықты сақтау мен нығайту бұрыннан дене тәрбиесімен және спортпен қаншалықты байланыстырылса, әдебиеттерге жасалған шолу, берілген мәселені шешуде көптеген жұмыстар оқушыларды дене тәрбиесі аспектісінде, оны дене тәрбиелік-спорттық қызметке қоса отырып шешуге арналған.

Спорт түрлерімен айналысу барысында оқушылар өзінің денсаулығына қамқорлық жасауды жеке тұлғаның маңызды мақсаты екендігін сезіндіруге тырысу қажет.

Спортпен шұғылданған адамның дені сау, мидың жұмыс істеу қабілеті артып, өмірге деген көз қарасы ерекше болатыны бәрімізге мәлім. Салауатты өмір салтын ұстанып біз өз өмірімізді екі есе ұзартамыз. Дәл қазіргі уақытта спорт бізге өте қажет дүние екенін ұққандаймыз.

Жастарымыздың алға қарай жылжуын, дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдалану қажет. Спорт – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Спорт сөзінің мағынасы өте кең. Дене тәрбиесі оның бір бөлшегі, нақты айтқанда алғашқы баспалдағы. Спортпен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, өмірге деген көзқарасы ерекше болады. Бірінші байлық – денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт.

Қазақстан мемлекетінің атын дүние жүзіне паш ету арқылы біз алдыға қарай дамып келеміз. Елбасымыздың бастамасымен елімізде көптеген спорттық ареналар, стадиондар, спорттық кешендер, сауықтыру орталықтары ашылып жатыр. Болашақ ұрпақтарымыздың салауатты өмір салтын үйретуге, Қазақстанның спорт саласын дамытуға, көк байрағымызды биікке көтеретін болашақ чемпиондарымызды дайындайтын, соңғы үлгідегі спорт кешендеріміз бар деп нақты айта аламыз.

Мен бала кезден спортқа жақын болдым деп айта аламын. Мектепке оқып жүрген кезде тоғызқұмалақ, волейбол жарыстарына қатысатынмын. Таңертең жаттығу жасап, денемді шынықтырып, содан соң басқа жұмыстарыма кірісетінмін. Спорт жайлы тақырып қозғалса жерлесім, марқұм Бекзат Саттарханов есіме түседі. Себебі жалындап тұрған шағында жұлдыздай жарқ етіп, қайта сөнді. Бекзат ағамның Сидней олимпиадасындағы жеңісі, бүкіл қазақ халқының жеңісі еді.

Әрбір адам өзінің қабілетіне байланысты спорт түрімен айналысады. «Денсаулығың мықты болу үшін өзіңнің күшің болуы қажет, оны ешнәрсемен ауыстыруға болмайды» деп академик Н.М.Амосов бекер айтпаған екен.

Ия, денсаулығымыз болмаса біз ешкім емеспіз. Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы біз өз денсаулығымызды қалыптастырамыз.

Әдебиеттері:

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 265 б.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты белсенді ету. //Валеология, 2006. №2. – Б.3-4.

3. Амосов Н.М. Здоровье для себя лично // Физкультура в школе, 2000. - №4–С.2.

4. Акбердиева Д.Ф. Формирование здорового образа жизни учащихся средствами спортивной деятельности: автореф. дис.канд.наук. //-Шымкент, 2004.- 30 с.

ӘӨЖ 130.2 (574)

ӨМІР МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдумуминова Жайна, Астаева Сымбат – 1101-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются философские взгляды посредством языковой культуры как системы восприятия и выражения картины мира.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі өзіндік бірегей орнының нығаюы, оның бәсекеге ең қабілетті деген 30 елдің қатарына енуге деген ынта-ықыласы мәдени-тілдік алыс-берісті арттыру ісіне, яғни, ақпараттық қоғам қалыптастыру ісіне тәуелді. Өркениетті елдің өрісін танытатын ақпараттық қоғам ҒТР-дың, БАҚ-тың күрделенуі, ғаламтордың дүниеге келуі, жаһандану үрдістерінің, мәдениеттер сұхбаттастығының заңды нәтижесі болып табылады. Қоғамда жүріп жатқан терең өзгерістер, геосаяси және қоғамдық-саяси жағдайдың өршуі, біздің заманның өзегін жарып шыққан кереғарлықтар мәдениет түрінің өзгеруіне алып келе жатқандығы баршамызға белгілі. XX ғ. соңына қарай тарих үдерісі, тілдің бұрынғыдан тезірек жаңарып отыруы ұрпақтардың бірін-бірі түсінуін қиындата бастады. «Түсіну» термині мынадай екі мағынаны білдіреді: а) танымдық, санаткерлік фактор ретін; ә) біріге сезіну, қосыла қобалжу ретін. Түсінудің күрделілігі қобалжу мен мінез-құлыққа байланысты. Жаңа ақпарат адам ойына ондағы белгілі нәрсемен байланыстырыла сіңіріліп, алынған жаңа білім мен тәжірибе білім жүйесіне қосылады. Соның негізінде, материалды іріктеу, байыту, жіктеу жүзеге асырылады. Мәдениет тілі мәселесі – түсіну мәселесі, мәдени сұхбат тиімділігі мәселесі. Демек, түрлі дәуірлер мәдениеттері арасындағы сұхбаттың «тік бағытталғандығы», бір мезгілде өмір сүріп отырған түрлі мәдениеттердің бір-бірімен «көлденең бағытталған» мәдени сұхбаты болып табылады. Мәдени сұхбат үрдісі аясында ұлттық мәдениеттің жаңғыруы өзге мәдениеттер даярлаған мол мұраны жатсынбай, сіңіре білу қабілетіне барып тіреледі. Мәдениет тілі мәселесін өзекті мәселе деп есептеуге мынадай үш негіз бар: 1) мәдениет тілі мәселесі – мәдениеттің мән-мазмұны мәселесі. XVII-XVIII ғ.ғ. мәдениетті «құдайсыздандыру» басталып, болмысты мәнді ету үлесі зердеге тиді. Зерде мен рационалды бастама адам өмірі мен адамзатты ұйымдастырғанымен, оның мән-мағынасын түсіне алмады. Ағартушылықтың прогресс мұратының дағдарысы жаңа мән іздеуге мәжбүр етті. Осы ізденістер мәдениетке, оның құндылықтарына алып келді. Ол дүниелерді мәдениет тілдерінің жүйесін білмей тұрып игеру мүмкін емес; 2) мәдениет тілі адам өмірінің түрлі қырларының (психологиялық, эстетикалық және т.б.) басын біріктіреді. Бірақ, өмірдегі оқиға мәдениеттің құбылысы болу үшін ол мәтінге айналуы тиіс. Тіл – мәдениет жүйесінің мәйегі, яғни, тіл арқылы ғана адам көзқарастар, бағалаулар, құндылықтарды қабыл алады, бойына сіңіреді. Осылайша, мәдениет тілі – мәдениетті сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәсілі болып табылады; 3) мәдениет тілін түсіну мен игеру адамға еркіндік

сыйлайды, өзін-өзі бағалау қабілетін тудырады, таңдау мүмкіншілігін береді, адамның мәдени контекске кірігуіне жол ашады. Сөйтіп, мәдениеттегі өзінің орнын сезінуге көмектеседі және күрделі әлеуметтік құрылымдардың арасында жол табуға ықпалын тигізеді.

Мәдениет тілінің мәні – біздің қол жеткізе аларлық әлемді түсінуіміздің сол әлемді қабылдауды мүмкін ететін білім жүйесі. Сондықтан, мәдениет тілі мәселесі – тек ғылымның негізгі мәселесі ғана емес, адамзат болмысының мәселесі. Себебі, ұлы философ В.Гумбольдт «тілдер – адамның өз қиялы мен өз әлемін енгізіп қойған иероглифтері» [1, 216 б.] – деп айтқанындай, тілдердің көптүрлілігі арқылы бізге әлемнің байлығы, ондағы біздің танитынымыздың алуан түрлілігі ашылады, сөйтіп, біз үшін адам болмысы кеңейе түседі. Өйткені, тілдер бізге айқын, тиімді белгілер арқылы ойлау мен қабылдаудың түрлі тәсілдерін береді. Баршамызға белгілі, құр бос сөз жоқ. Әрбір сөз – не құттықтау, не мақтау, не сұлулық, не қасірет, не жамандық, не өтірік, не шындық болады. Сондықтан, ойдағы сөзді жеткізуші тіл – мәдениет өнімі, мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің шарты. Тілдің түбегейлі мәні – оның адам өмірінің барлық негіздерін бір уыста ұстап, біртұтас күйінде паш ететіндігінде. Өмір мен ғылымдағы мәдениет тілінің өзекті мәселелері туралы баяндағанда лингвомәдениеттанулық құбылыс ретінде аударманы жан-жақты қарастыру барысында «белгі», «таңба», «тіл», «мәтін», «дискурс» және т.б. сынды бірін-бірі туындата өрбитін ұғымдарға тоқталу керек. Мысалы, аударма мәселесі тілмен, тілдің көптүрлілігімен тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің мәйегі, әрі мәдени аударылуды мүмкін етуші құрал. «Тіл дегеніміз не?» деген сұрақ басқаларға қарағанда бүгінгі күннің рухани жағдаятын анықтайтын сұрақ. Тілге деген түрлі көзқарастың қалыптасуы оны объективациялауға, яғни, оны ізденіс пәні ретінде алуға деген талпыныстан туындаған. Әйгілі философ Л.Витгенштейннің пікірінше, тіл туралы сұрақтың тереңін ақыл-ойдың қарауына түгелдей сыйғызып жіберу мүмкін емес. «Логикалық-философиялық трактаттар» [2, 41 б.] атты еңбегінде, кемел таза тіл іздестіріп, соның мүмкіншілігін негіздеген. Бұл еңбегі қатты сынға түскен. «Айтып жеткізілуі мүмкін емес дүние жайлы үндемеген жөн екен» деп, біраз уақытқа дейін үн-түнсіз жүрген кезі болды. Кейінірек, тілге деген бастапқы ұстанымын түбегейлі өзгертіп, «таза» тіл іздеу орнына күнделікті пайдаланыстағы «тазартылмаған» тілді қарастыруған [3, 554 б.]. Нәтижесінде, ол «еш қоспасыз стерильденген» таза тіл болмасына көзі жетіп, тілішілік контексті ғана емес, сонымен бірге, тілден тысқары жатқан контекстіні де ескеру керектігін айтты. Л.Витгенштейн тілді пайдалану барысындағы мағына концепциясын туындатты. Сөйтіп, өткен ғасырда (XX ғ.) жаппай тілді философиялық тұрғыдан зерттеу басталды. Сол зерттеулерді топтап, мынадай 3 кезеңге бөлуге болады: 1) Тіл – ойдың негізгі құралы. Сондықтан, тілді оның логикалық мәніне сай пайдалану таным туралығын береді; 2) Тіл – ойдан тысқары, трансценденталды әлем. Сондықтан, тілді түсініксіз мағыналардан ажырату таза ойлауға әкелуі тиіс; 3) Тіл ойдан

бұрын болған құрылым, ендеше, тіл категориялары ой категорияларын анықтайды.

Адамзат тарихының өн бойында орасан көп белгі-таңбалар жасалынды, оларсыз адам әрекетін көзге елестету мүмкін емес. Адам үшін сол белгілер, таңбаларды игеру, білу оның басқа адамдармен қатынасқа кіресілі, тиесілі екендігін танытады. Өздігінен бір де бір таңба құнды емес, ешбір мәні жоқ, тек қана ол нақты бір белгілер жүйесіне ену арқылы және өзара қатынас құруы арқылы бағалы. Мысалы, сәлемдесуге арналған белгілер жүйесі бар. Біздер қол алысып, кеуде қағысамыз, біреулер – тәжім етіп, иіледі және т.с.с. Осындағы қол алысу, кеуде қағысу, тәж ету өздігінен ешқандай құндылық емес, бірақ, адамдар арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан алғанда олар үшін аса маңызды рәсім. Яғни, барлық таңбалар жүйесі біріге келіп, белгілі-бір социумның белгілі-бір кезеңдегі мәдениетін құрастырады. Әрбір таңбаға белгілі-бір мағына беріліп, әр таңба өзінің функциясы мен мазмұнына ие. Белгіге айналған әлем – аударылған әлем, ол өзінің түпкі нұсқасы мен түпкі жүйесінен мүлдем бөлек жүйеге, жаңа шындыққа айналдырылған әлем. Белгі-таңба бүгіндері тек лингвистиканың ғана емес, сонымен қатар, тәсілдемелік негіз ететін философияның да орталық ұғымы. Белгілер – адамзат мәдениетінің тіршілік ету формасы. Оған дәлел, мысалы, дүние жүзіне аты әйгілі қазіргі заман философы Жак Деррида «Грамматология жайында» [4, 481 б.] деген үлкен шығармасында «таңба» сөзін қолданады. «Белгі» мен «таңба» өзара бір-бірімен етене байланысты ұғымдар. Тілдің таңбалық сипаты туралы мәселенің тарихы ұзақ. Алайда, бұл мәселенің кең көлемде қойылуы Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» деген кітабының жарыққа шыққан кезінен басталады. Ол тілді таңбалар жүйесі деп есептеп, оны таңбалардың кез келген жүйесімен қатар қойып, солармен барабар деп қарайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені, адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы, әрі оны талдаушы және пайдаланушы. Ф. де Соссюрдің терминологиясы бойынша, сөздің мынадай екі жағы бар: 1) таңбалаушы, 2) таңбаланушы [5, 19 б.].

Тілдің белгілік табиғатына қатысты философиялық дискурс құру, жалпылама ой-шолу жасау барысында тілдің өзін ұмыт қалдырмас үшін тілді философиялық қырынан зерделесек, *«тілді модельдеуші жүйе»* деуге болады. Модель дегеніміз белгілі бір интеллектуалдық құрылым немесе шынайы әлемнің қандай да бір бөлігі. Модель – формализацияланған жүйе, оның құрылымы басқа бір жүйенің құрылымына ұқсас, изоморфты. Мәдениет моделі оның аумақты да күрделі жүйесін түгелдей дерлік көз алдына елестетпейді, қайта мәдениеттің нақты қырын, оның атқаратын қызметін суреттейді.

Әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. -Москва, 2016. -451 с.

2. Витгенштейн Л. Логико-философский трактат // Философские работы: В 2-х ч. -Москва, 2011. -Ч.I.

3. Витгенштейн Л. Философские исследования // Языки как образ мира. -Москва, 2019.

4. Деррида Ж. О грамматологии / Пер. с фр. -Москва, 2013.

5. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики // Лингвистика XX века: система и структура языка. -Москва, 2015.

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Рысқұлбек Ә.Н. – М1403-19 тобының магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены развитие творческих способностей школьников на уроках музыки

Бүгінгі мектеп қабырғасындағы жас жеткіншек ертеңгі ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Музыка өнері әрбір оқушыны әсемдік әлеміне үйретіп қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге табиғи жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі, қазіргі өркенниетті заманымыздың талабы және заңдылығы болуыкерек. [1]

Тәрбиедегі басты мақсат - қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болды. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы мен мәдени деңгейін жоғарылату – қазіргі уақытта басты міндет болып есептеліп отыр.

Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т.б. мәселелерді көтере келіп, эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми талдаулар жасады. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу

арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді», т.б. өзгерісін бақылап, сезінуге үйретеді. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Оқушы өз жауабын жолдастарының жауаптарымен салыстыра отырып, пікірінің дұрыстығына немесе жаңсақтығына көз жеткізеді. Сол арқылы оның музыка жөніндегі ойы мен талғамы қалыптасады. Музыка шығарманы талдау әңгімелесу әдісі арқылы жүргізіледі. Көркемдік құралын, көркем бейнелердің жасалу жолдарын сабақтың тақырыбы ретінде алынған белгілі бір мәселе төңірегінде талдау оқушы танымын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына жол ашады.[2]

Музыка сабақтарында балалар жан-жақты даму барысында алдына көптеген мақсаттар қоя біледі. Дәлірек айтсақ, балаларды музыканы тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Жан-жақты музыкалық даму баланың ішкі дүниесін байытады, сонымен қатар музыка өнерін терең және толық қабылдатып қана қоймайды, айналадағы дүниеге, өмірге, адамдарға деген көзқарасын өзгертеді. Ән айту, музыка тыңдау, музыка әдебиеттерімен танысу, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері. Музыкалық шығармашылық ән айту, тыңдау, музыкалық сауаттылық және музыкалық ырғақ педагогикалық процестермен байланыста болса ғана, шығармашылық белсенділік нәтижелі болады. Үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстар оқушыларды барынша көбірек қамтуды, олардың танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны қызықтыратындай тақырып пен музыкалық материал таңдап алғаны жөн. ұйымдастыру алдында біршама дайындық әңгіме жүргізіледі. Музыка сабағында да ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді есті білуге үйретуге болады. Бастауышта оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка сабағында да ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте мұғалім сабақ алдында не сабақты қорытындылар сәтте пайдаланады. Ойын-балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді. Ойын-әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, жүйелі жүргізілген ойындар кезінде төмендегідей ойындар жүргізілді. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық дискомфорт жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Әуенді тап!», “Шатасқан нотолар”, “Кім немесе не үні екенін тап”, “Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла”, «Музыка арқылы менің эмоцияларым”, “Көңіл-күйді көрсет”, “Әнді тап”, “Музыкалы-мимикалық гимнастика” т.б. Ойындық өзара әрекет - бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. [3]

Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылдық даралығын дамыту, баланың бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты бағыттары. Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттарудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!»-деп жазады Ж.Аймауытов. Мектептегі Сондай ойындардың бірі-«Ойлан, тап!» жұмбақ ойыны. Жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады.

Музыкалық-дидактикалық ойын. Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз. Тоқсан бойынша тыңдалған әндер мен күйлерді тыңдатып, сазгерлер мен шығармаларының аттарын ажырата білуге дағдыландыру. Сонымен бірге орындалу ерекшеліктеріне (қандай музыкалық аспапта немесе әнді кім орындады т.б.) көңіл бөлу. Ойынды түрлі көрнекіліктер (карточкалар, таблицалар т.б.) пайдалану арқылы өткізу. Музыка сабағында әрбір оқушының жеке тұлғалық (психологиялық, мінез-құлық, қабілет, мүмкіндік т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі музыкалық-дидактикалық ойындар қатарын таңдап алған жөн. Бұл ойындар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында негіз болатын оның өзін-өзі сезінуі, психикалық процестерінің дамуына бағытталып, сабақ үстінде, сергіту сәттерінде және сабақтан тыс кездерде жүргізілді. Жеке тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталған ойындардан «Сақина», “Үндемес”, “Отырып-отырып жалықтым”, “Ертегі құрастырамыз”, “Ақындар бізде қонақта”, “Судан балық аулайық”, “Би”, “Алма теру”, “Сазгерлер” т.б .

Қабылдауды дамытуға арналған ойындардан «Әуенге не жетіспейді?», «Не бейнеленгенін анықта?», «Аспаптарды боя», «Шығарма әуенін сызықтар арқылы беру» т.б.

Есті дамытуға арналған ойындардан «Тыңда да таны», «Әуенді есте сақта» т.б.
Ойлауды дамытуға арналған ойындардан «Төртіншісі артық», «Музыканы салыстыр», «Әуенді аяқтау», «Артық нотаны тап», «Әуен құра» т.б.
Зейінді дамытуға арналған ойындардан «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Алақан шапалақтау», «Рұқсат етілмейтін қимыл», «Ұшты-ұшты» және тағы да басқа көптеген ойындар өткізілді.
Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі-білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр. Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.
Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.[4]

Қортындылай келе, музыка сабағында мектеп оқушылары әртүрлі музыкалық аспаптардың әуендерін тыңдаған кезде, оның ой-өрісі, қиялы дамиды, шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Музыкалық аспаптарда ойнау барысында оқушылардың эстетикалық және қабылдау сезімдері жетіледі. Бұл сезімдер ерік, есте сақтау қасиеттерінің қалыптасуы мен шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқыту. Алматы., 2002ж. [1]
2.Пернебек Момынұлы Музыкалы-эстетикалық тәрбие. Алматы ., 2000. [2]
3.Ғизатов Б.Ғ.Мектептегі ән музыка сабағы. Алматы., 1968ж. [3]
4.Сағынтаев П. Шәндібаева А. Бастауыш сыныптарда оқушыларға музыкалық эстетикалық тәрбие беру әдістері. Алматы., Рауан баспасы 1996ж.[4]

ӘОЖ37.022

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Әбдіқұл М.С. – 123-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әбішева Л.П. – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Еліміз егеменді мемлекет болғалы бері барлық салаларда ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Мұндай өзгерістерден білім беру саласы да тыс қалған жоқ. Қазіргі білім беру саласы әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін, парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған [1].

Іс-әрекеттің айрықша түрлерінің бірі ұлттық ойын болып табылады. Ұлттық ойын оқу әрекетіне тән бірқатар қасиеттерге ие екендігі белгілі. Мұны мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттауына мақсатталуы айқын көрсетеді [2].

Ұлттық ойындарды мақсатты пайдалану мәселесі қандай да бір деңгейде бастауыш оқушыларына тәрбие беру теориясы мен оқыту тәжірибесінде шешімін тапқан. Әлеуметтік педагогикалық ғылымның аталған саласына Л.А. Венгер, В.В. Давыдов, А.В. Запорожец, Н.Н. Подьяков, А.П. Усова, Д.Б. Эльконин және тағы да басқа ғалымдар өздерінің елеулі үлестерін қосты.

Қазіргі кезде көбінесе, ұлттық ойынды екінші қатарға шығару байқалады. Ұлттық ойын игерілген білімдер мен дағдыларды бекітуге арналған құрал ретінде ғана мойындалды. Кейбір зерттеулер мен әдістемелік әдебиеттерде оқыту үрдісіндегі ұлттық ойындарды пайдалану ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық ойын мен оқу іс-әрекеттерінің өзара байланысы жеткілікті айқындалмағаны еместігі байқалады.

Ұлттық ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білуі, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ұлттық ойын үстінде қалыптасады. Ұлттық ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Ұлттық ойын үстінде өмірдің өзіндегідей қуанып, ренжиді. Сондықтан мұғалім баланы әлеуметтік педагогикалық жұмыста талабын шаттандыратындай, ұлттық ойын оятатындай, іскерлігін дамытатындай болу керек. Оқушылардың белсенділігін, саналы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, қиындықты жену, төзімділікке баулуды үйрету - мұғалімнің міндеті.

Жоғарыда айтылғандарды төмендегі суреттен нақтылауға болады:



Сурет 1 – Ойынның дамыту аймақтары

Әлеуметтік педагогикалық жұмыста ұлттық ойынды дұрыс колдану үшін ұстазға ұлттық ойындардың мазмұны мен өткізілу әдістемесін жете білу, әр бір тақырыпқа байланысты оқу жылының басында оқу жоспарына енгізу, ұлттық ойынның тәрбиелік және танымдық мақсатын аша білу, ұлттық ойын арқылы баланы танымына әсер етіп, даму барысына үнемі зерттеу жүргізу талаптары қойылады.

Адамзат тәжірибесінде ұлттық ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- Ұлттық ойын сауық;
- Комумуникативтік немесе қарым - қатынастық;
- Диагностикалық (ұлттық ойын барысында өзін - өзі тану);
- Коррекциялық (өзін - өзі түзету);
- Әлеметтендіру.

Ұлттық ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ұлттық ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ұлттық ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ұлттық ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ұлттық ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ұлттық ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ұлттық ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ұлттық ойыннан қиын ұлттық ойынға көшу.
- Міндетті түрде ұлттық ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бөбекжайда дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметтерінде түрлі топтарға яғни, сол

жастағыларға лайықты: «Санамақ», «Соқыр теке», «Ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі ортаңғы жас тобы оқушыларына: «Тақия тастамақ», «Арқан тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге»; Ересек, мектепалды даярлық топтарға «Көкпар», «Қыз қуу», «Асық ату», «Хан талапай», «Тенге алу», «Орамал тастамақ», «Ұшты-ұшты» т.б. ойындарын қолдануға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке дағдыландырады.

Мұндай ұлттық ойындар жан - жақты дамытып, білімді толық игеруге көмектеседі.

Оқу үрдісінде кеңінен қоладынылатын ұлттық ойынның тағы бір түрі ол - дамытушы ұлттық ойындар. Дамытушы ұлттық ойындардың маңызы балалардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік дағдыны қалыптьастыру. Дамытушы ұлттық ойындарға қойылатын бірінші талап - баланың танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

А) балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;

Ә) баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;

Б) білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;

В) ұлттық ойын барысында балаға жаңа білім, білік дағдылардың қайнар көзіне жеткізу;

Г) баланың ұлттық ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

